

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2004

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.
Нұрпейісов Ә.К.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Хикаялық дастандар



FOLIANT

ББК 82.3 (2 каз)
Б12

«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:
Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б., Тұрғанбаев А.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:
Әзібаева Б. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Қорабай С.,
Рақышева Ж. (*жауапты шығарушы*)

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған:
Әзібаева Бақытжан, *филология ғылымдарының докторы*

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2004.
Т. 4: Хикаялық дастандар. — 2004. — 328 бет, суретті.

ISBN 9965-619-75-1

«Бабалар сөзі» сериясының төртінші томына «Қисса Хатымтай жомарт», «Хикаят дастан Хатымтай», «Қисса Қасым жомарт» атты хикаялық дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05)-04}$ ББК 82.3 (2 каз)

ISBN 9965-619-75-1 (т. 4)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2004
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2004

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады. Ол варианттар бір томда жинақталмаса, ғылыми жұмыстардың барысына қарай кейінгі томдарда басылады.

Әрбір том ғылыми қосымшалармен толығып отырады. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кіреді.

«Бабалар сөзі» атты серияның төртінші томы алғашқылары тәрізді хикаялық дастандарға арналды.

Хикаялық дастандар — дастандық эпосымыздың өте көлемді, маңызды, бай саласы. Олардың басым көпшілігі XIX ғасырда туындап, 1917 жылға дейін араб әрпінде кітап болып жарық көрді, қолжазба күйінде сақталып тұрғандары да аз емес.

Өкінішке орай, бұл туындылар XX ғасырдың соңғы онжылдығында ғана дастандық эпостың басқа түрлерінен ажыратылып жүйеленіп, олардың жанрлық нышандары сипатталып, хикаялық [новеллалық] деп жіктеліп, бірнеше үлгілері көпшілікке арналған жинақтарда жарияланды.

Ұсынылып отырған томға үш дастан енгізіліп отыр, олар: «Қисса Хатымтай жомарт», «Хикаят дастан Хатымтай», «Қисса Қасым жомарт». Бұл дастандарға сақилығымен, кеңпейілдігімен белгілі болған Хатымтай жомарт пен Қасым жомарттың атына байланысты туған аңыз-әңгімелер арқау болған.

Томды дайындау барысында XIX ғ. аяғында, XX ғ. басында араб әрпінде кітап болып шыққан дүниелерді дұрыс тану үшін мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жалпыға ортақ жазу нормаларына және контекске сәйкес түзетіліп отырды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер жақшаға алынып берілді.

Томға еніп отырған шығармалардың тілі мен сөз саптау мәнері дастандық эпостың кітаби үлгілеріне тән. Мұнда араб, парсы сөздері жиі кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңында арнайы сөздікте топтастырылды. Сонымен бірге мәтіндерде көне түркілік формалар сақталғанын айтып кеткен лазым, мысалы: *тірік; таң атқаш; көргеш; тілей-дурмін; абзал-дур; бағырым; бірлән, білән, илә, илән; бар-сәна*, т. б. Олар еш өзгертусіз берілді. Демек, түпнұсқаның сөз қолданысы толық сақталынды.

1897 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Қисса Хатымтай жомарт» атты шағын дастан, сондай-ақ, 1913 жылы Қазан қаласында орналасқан Домбровский баспаханасынан кітап болып шыққан өте көлемді «Хикаят дастан Хатымтай» мәтіні Қазан төңкерісінен кейін бірінші рет оқырманға ұсынылып отыр. Ал «Қисса Қасым жомарт» Кеңес дәуірінде бір-ақ рет көпшілікке арналған жинақта біраз түзетулермен, редакцияға ұшырап жарияланған.

Томға енген мәтіндер түпнұсқадан дайындалып, еш өзгеріссіз беріліп отыр.

Томның көлемі — 20,5 б.т.



МӘТІНДЕР



قصه خاتم طای جومارت

Қисса Хатымтай жомарт

Бисмиллаһир-рахман ир-рахим

Дүнияда Хатымтай болған екен,
Тұрған жері Арабстан болған екен.
Бұ дағы Пайғамбар Расул Алладан
Аз бұрын жомарттық қылған екен.

Хатымның заманында болған екен,
Қара арғымақ бір аты болған екен.
Бұл аттың айтайын сипаттарын,
Рағаддай ауазы болған екен.

Бұл арғымақ тым қара сұлу болған,
Жүргенде тым жылдам жорға болған.
Жорғасын салдырғанда арғымақтың
Ескен жел артынан кейін қалған.

Осындай тым жақсы жүгірік еді,
Суға кірсе балықтай жүзер еді.
Кісінесе білерсің көк күлтірей,
Осындай бір дана айғыр еді.

Хатымтай тым дана, жомарт болған,
Жомарттығы әр қалада мәшһүр болған.
Бірқатар жомарттығы Хатымтайдың
Үрімнің патшасына мағлұм болған.

Падиша хазіретіне есітілген,
Хатымтайдан жомарт жоқ мәсли болған.

Қарасаң арғымағы бір дүлдүлдей,
Мұндай жорға дүнияда бір болма[ған].

Осындай мадақты патша хазіреті
Есітіп уәзіріне бір сөз салды.
Айтыпты падиша хазіреті:
— Тілеймін Хатымнан осы атты.

Егерде ихсан қылып бере қалса,
Рас екен Хатымның жомарттығы.
Егерде бермесе бұ атты,
Бос екен жомарт де[ген] ауазы.
Осылайша бір дана уәзіріне
Хатымға барарға бұйрық салды.

Бұл уәзір тым дана зерек екен,
Қасына он кісі жолдас еткен [екен].
Осылайша елші болып барғанында
Қыс болып қар, жаңғыр жауған екен.

Қабила Тайға елші жетті,
Хатымтай ауылына келіп жетті.
Осында елші де рахат көріп,
Қанша нығметпенен хұдұр етті.

Осында Хатымтай қонақтарға
Бір атты бауыздады ет асарға.
Еттерін елшілер жеп болғаш,
Алтындар ихсан етті бұ заттарға.

Осылайша елшілер қонақ болды,
Бір күн өтіп екінші күн және болды.
Осында уәзір де сөйлей берді,
Падиша хазіретінің айтқан сөзді.

Уәзір айтты: — Келгенім сізге, тақсыр,
Сұлтаным атыңды сұрайды — бер.
Хатымтай бұ сөзді есіте салып,
Маст кәби бихұзыр болады бір.

Хатымтай осында бір айтады:
— Бұрын неге айтпадың бұл хабарды,
Жорғамды басы бүтін саған беріп,
Шат қылар едім мен көңілімді.

Уай, дариға, аяулы бұл жорғамды,
Кәбап қылдым сіз үшін бұ дүлдүлді.
Қазанға асарға сіз қонаққа
Кеше кеш сойып едім ол дүлдүлді.

Өткен күн сіз қонақ болған уақыт
Қой-түйемнен бірісі де қорамда жоқ.
Сіздерге ет асарға бір қарадан
Көзіме бұ жорға көрінді құп.

Осында тұрды да елші айтты:
— Соймасқа керек еді арғымақты,
Еттен басқа болса да нәрсеменен
Сыйласаң болар еді біз қонақты.

Хатымтай осында жауап берген:
— Ет жемей қонағым бір жатудан,
Ол жорғам қанша қимат болса дағы,
Артық көрдім қонағым бір тойғаннан.

Жарандар, дүнияда мен істерім,
Мәшһүр болсын дүнияда бәнім намым.
Атымның мәшһүрлігін тілемеймін,
Тілеймін дүнияда өзім намым.

Хатымтай осылайша сөзді тамам етті,
Елшілерге алтын менен киім берді.
Және де жолдарына аттар беріп,
Ұзатып қонақтарын құрмет етті.

Үрімнің падишасы мұны есітті,
Жорға сойып сыйлағанын һәм есітті.
Алтын киім, жылқы беріп ұзатқанын
Біле салып падиша тахсин етті.

Және де құлақ салың, ей, жарандар,
Хатымның мұндай ғажап қиссасы бар.
Бір заман Йеменнен келген уақыт
Тән-жанменен жомарттық қылғаны бар.

Бір әкім болған екен ол Йеменде,
Баяғы Хатым жомарт заманында.
Бұ әкім һәм және жомарт болған,
Сонда да жетпеген Хатымтайға.

Неге десең, Хатымтай бай болған,
Мұндай жомарт дүнияда бек аз болған.
Дүнияда мысалы Хатымтайдың
Бір жоқ деген сөздері рас болған.

Хатым айтқандай жомарт бопты,
Қолдары ақша шашқан жаңғыр кәби.
Мұны естіп Йеменнің ол әкімі
Ойлаған Хатымнан болам сақи.

Егерде Хатымды біреу айтса,
Жомарт деп мәжілісте мақтай қойса,
Бұ әкім осында хасад менен
Ыза болып көңілінен ашу ете.

Ол әкім хасаддан бір айтыпты:
— Хатымды не үшін мақтайсыз? — депті.
Мендей мемлекетке сұлтан емес,
Далада бір жатқан ғаріп, — депті.

Бұ әкім сарайында мәжіліс қылды,
Мәжілісінде һәр кісіні құрмет етті.
Һәр адамның халіне лайық болған,
Мәжілісте өзі жүріп тағзым етті.

Бұ мәжілісте арадан біреу тұрып,
Хатымды мақтады дұға қылып.
Кейбіреу мәжілістен тұра салып,
Хатымды сөйледі жаман қылып.

Мәжіліс қылған ол әкім тұра келді,
Хатымға тым қатты хасад қылды.
«Хатымның қанын төгіп кел», — деп,
Сол жерде біреуді тағин қылды.

— Неге десең, Хатымның заманында
Жомарттықта жете алмайым мен анларға.
Заманымда ол Хатым тірік болса,
Жомарттықпенен қалмайды атым мұнда.

Мұнан соң Балажой біреу кетті,
Тай қабиласының осында жолын тұтты.
Көріссе Хатымды өлтірмек болып,
Осылайша өзінен қиял етті.

Балажой осылайша барады енді,
Тай деген руға жетеді енді.
Хатымның ауылын білмегеннен,
Бір әдемі жігітке ұшырап сұрады енді.

Бұ жігіт Балажойға қарсы келді,
Ашық жүзді достықты izһар қылды.
Балажой бұ жігітті жақсы көріп,
Екеуі осында тамыр болды.

Балажой Хатымды білмеп еді,
Бұ жігіт Хатымтайдың өзі еді.
Сұлу бетті бір жігіт болған екен,
Ғалым, ақыл және де тәтті тілді.

Балажойды бұ жігіт қонақ етті,
Үйіне алып барып құрмет етті.
Балажойға құрметті қыла тұрып,
Құсыр еттім деп және де ғұзыр етті.

Осылайша Балажойдың көңілін алды,
Ізетті, құрметті қатты қылды.
Балажойдың мұратын білмегеннен,
Туысқандай өзіне тамыр қылды.

Бір кеше сахар уақты болып еді,
Балажойдың қолдарын келіп өпті.
— Қанша күндер біздерде қонақ бол, — деп,
Құрметті қылайын және, — депті.

Көңілдегідей құрметті қыла алмадым, —
Хатымтай айтады, — ай-а, жаным.
Балажой айтады ол жігітке:
— Рұқсат бер енді бізге, әй, қарағым.

Неге десең, бір үлкен керегім бар,
Іздеген дүниеде мұратым бар.
Хатымтай айтады Балажойға:
— Керегіңді бізге де айтқыл зинһар.

Мұратыңды егерде маған айтсаң,
Керегіңді табарға жәһд етсем.
Көңілім сол уақыт болар еді,
Керегіңді осынан тауып кетсең.

Балажой естіді Хатымтайдан
Осындай сөздерді шын көңілден.
Балажой айтады Хатымтайға:
— Сырымды айтайын көңілімден.

Тілеймін сіздерден енді мұнда,
Һешкімге сырымды зинһар етпе.
Йеменнің әкімінің бұйрығыменен
Хатымды ізденіп келдім мұнда.

Әй, жігіт, Хатымды сұрайын енді,
Ауылы қайда Хатымның, айтың енді.
Хош құлықты Хатымтай күлімсіреп:
— Сұраудан мұрат не мұнда, — деді.

Балажой айтады сырларыны:
— Естіді Йеменнің падишаһы,
Жіберді біздерді бұл орынға,
Хатымның кесіп кел деп басыны.

Білмеймін бұ іске қандай себеп,
Кеткенін падишаның ашу қылып.
Осылайша жіберді бізді мұнда,
Хатымның басыны талап қылып.

Балажой айтады ол жігітке:
— Тілеймін Хатымды білдірмекке,
Хатымның мекенін бір айтсаңыз,
Болады ынтымақтық бұ достықта.

Хатымтай осында мұны есітті,
Күлімсіреп Балажойға енді деді:
— Хатым деген іздегенің мен боламын,
Қылышыңменен басымды кел, кес! — деді.

Тәнімнен басымды айырып ал,
Тілеуің болып осыдан патшаға бар,
Басымды кесе салып қараңғыда,
Байқамастан жылдам-ақ кетіп-ақ қал.

Егерде кетпесең жылдам мұнан,
Таң атқаш кетсеңіз егер мұнан,
Туған-туысқаным келе салып,
Бір зарар қылмасын сізге деймін.

Мұнан соң Балажой сырдан кетті,
Хатымның басыны ортаға қойды.
Хатымның осындай халін көріп,
Айғай салып осында жылап қойды.

Балажой Хатымды білгеннен соң,
Сасып қалды бұ жерде көргеннен соң.
Балажой бұ жерде жылай-жылай,
Қолын өпті Хатымның білгеннен соң.

Қылышын Балажой шығарды енді,
Шығарып бір жерге қойып еді.
Хатым да басын қойып түрегелді,
«Кесіңіз басымды» деп рұқсат берді.

Балажой Хатымға мұнда айтты:
— Қылышты қоймаспын саған, — депті.
Сеніңдей шарифтің ұжудына
Жәбір етпек біздерге обал, — депті.

Осылай деп Хатымның екі көзін,
Балажой келіп өпті мұнда өзін.
Мұнан кейін құшақтасып бір көрісіп,
Тұтты енді осында Йемен жолын.

Балажой Йеменге қайтып келді,
Халіні падиша сұрап білді.
— Не үшін Хатымның бір басыны
Кеспейін[ше] Йеменге қайттың? — деді.

Барғанда Хатымның ауылына
Төбелес қылды, муәли, сенга.
Сонда Хатымды жеңе алмайын,
Құры бос қайттың ба енді мұнда?

Осында Балажой жауап айтты,
Падишаның қасында тағзым етті.
Хатымның дұғаменен сәнасынан
Падишаға сөйледі мұнда енді.

Балажой айтыпты падишаға:
— Хатымды таптым мен бұл дүнияда,
Өнерлі, хош мінез, сұлу жүзді,
Осылайша таптым оны Тай елінде.

Ол Хатым тым жақсы жомарт екен,
Ақылды, тәмизлі дана екен.
Және де айтайын бір сипатын
Балуандықта біздерден абзал екен.

Хатымның жомарттық ауыр жүгі,
Екі қат ілді менің арқама.
Осындай бір дана жомарт екен,
Қояды қандай болса нығметтері.

Осылайша Балажой көп айтады,
Көргенін хазірет патшаға сөйлейді.
Мұндан соң Йеменнің падишаһы
Хатымға бұ жерде дұға етті.

Мұндан соң Йеменнің падишаһы
Мөһірлеп уәзірге ақша берді.
Ақшаны қалтаға махкам қылып,
Хатымның атына ихсан қылды.

— Ақшаны Хатымға алып бар, — деді,
Біздерден сәлемді сөйле, — деді.
Хатымның шүһрәті өз басына
Лайық-дүр не қылса да енді, — деді.

Мақтауға ол Хатым лайық екен,
Жомарттығы дүниеде рас екен.
Соның үшін бұ хатты ол Хатымға
Мөһірлеп есіміне ирсал етем.

Пайғамбар Расул Алла заманында,
Сахабалар Тай қабиласына барғанында,
Қабыл етпеген олардың кейбіреуі
Иманды андарке барғанында.

Олардан бірталай болған кісі,
Сахабалар қолына асир түсті.
Осында Пайғамбар Расул Алла
Қылышпенен кесерге бұйрық етті.

Тұтқын түскендердің арасында,
Бір қыз болған олардың ортасында.
Бұл қыз жалыныпты сахабаға:
— Мұсылмандар өлтірмесін бұ майданда.

Пайғамбар Расулдан тілей-дүрмін,
Азат қылсын, Хатымның қызы-дүрмін.
Сонда Пайғамбардың қасына келіп,
Айтыпты: — Азат қыл, Хатымның қызы-дүрмін.

Менің әкем дүнияда жомарт болған,
Пақырға бірталай азық болған.
Қысылған талайын азат қылған,
Тілеймін, иә, тақсыр, мен де сізден.

Мұндан соң пайғамбар Расул Алла:
— Зінжірді қолынан алың, — депті.
Зарарды қылмайын осы қызға,
Азат қылың осында қазір, — депті.

Пайғамбар Расулдың бұйрығыменен
Зінжірді алдылар қол-аяғынан.
Осылайша Хатымның ол қызыны
Сахаба бәрі де азат қылған.

Бұ қызды бұйрықпенен азат қылғаш,
Басқасын алдылар қарсы болғаш.
Мұндан соң Хатымның әлгі қызы
Жалладқа зар қылған мұны көргеш.

Қыз айтыпты осында ол жалладқа:
— Қылышты ұрыңыз менің басқа.
Тұқымым осында өліп қалса,
Абзал-дүр қылышты ұрған басқа.

Осылайша сөйлейді Хатым қызы:
— Достарым қалай болса мұнда, — дейді.
Көрейін достарым көргенін,
Өлейін анлар һәм өлсе, — дейді.

Осылай деп бұ қыздың сөйлегені
Пайғамбар құлағына есітілді.
Мұндан соң Пайғамбар Расул Алла
Бұ қыздан басқасын да азат қылды.

Тамам.

حکایت داستان خاتم طای

Хикаят дастан Хатымтай

Бисмиллаһир-рахман ир-рахим

Әуелі сөз бастайын бисмилладан,
Білмейді сөз тағрифын іс қылмаған.
Мұнафиқ, жол білмеген бейшаралар
Аһл болған адамды мысқылдаған.

Қате ғой деп бисмилла салмай қойма,
Әр сөздің зейінменен түбін ойла.
Қазақта аһл сүннет уә әл-жамағат,
Өнерін қазақтың да тегі жойма.

Қолыма қалам алып жаздым нұсқа,
Лұғат, сөзді білмейді зейіні қысқа.
Тәртіптеп кітап сөзін тәржіме еттім,
Алтынды араластырмай жез бен мысқа.

Қолыма хат жазбаққа алдым сия,
Шариғат жолында жорынғы тисе.
Көрген соң қызыққаннан жаза салдым,
Лұғаты ауыр кітаптан Османия.

Бұ кітап нәсір екен, назым емес,
Нұсқа қылған кітабым жазым емес.
Көрген соң бәйіт қылып шығарсам деп,
Бір азырақ көңіліме салдым кеңес.

Білерсіз нәсілімді — Алтай Қарпық,
Ат мінер бай баласы жалын тартып.

Біразырақ тауарих оқып едім,
Білуші қызыққандай тамаша артық.

Мұны жазған шайырдың Есжан аты,
Нұрбай ибн Алтай асыл заты.
Ғибрат көргендерге бола ма деп,
Есжанның тәржімелеп жазған хаты.

Құдайым бір азырақ берген ғылым,
Қараөткел зиратында жалғыз інім.
Тоғыз жүз тоғызыншы миладиде
Қазанға бастыруға жібергенім.

Енді Хатымтайға келелім

Тоқтасын риуаятқа жазған қалам,
Бар екен Басырада бір патша адам.
Хатымтай деп айтады оның атын,
Жазайын хикаясын енді тамам.

Сақи екен заманында Хатымтайың,
Қайыршыға ақшаны қылар дайын.
Хазірет Адамнан кейінгіде,
Сақи деп мәшһүр қылған осындайын.

Хатымнан сақи патша өтпес еді,
Сақи болсаң дәулетің кетпес еді.
Хатымның сақилығын мұнан аңла,
Келген адам нәумиз боп кетпес еді.

Шығыс пенен батыстан барады екен,
Жыл басында бір қисап алады екен.
«Айтқанымнан кем қылмай бересіз», — деп,
Мың тілланы қағазға салады екен.

Һәр жұрттан пақыр-міскін келсе керек,
Дидарын падишаның көрсе керек.
Мың тілладан кем ихсан етпес еді,
Күнінде қанша болса берсе керек.

Аты екен уәзірінің Сағид Әмин,
Қағазсыз айтқан сөзді жаңыламын.
«Мың тілладан кем ихсан қылмайсыз», — деп,
Тапсырып қойған екен қазыналарын.

Сағид Әминге тапсырған мұның бәрін,
Кім бұзар падишаның айтқандарын.
«Жыл басында қисапты бересіз», — деп,
Сандыққа салдырады қағаздарын.

Қағаз жазсам талады екі көзім,
Нәсірден назым қылып жазған өзім.
Бұл қисап бұл төртіппен тұра тұрсын,
Хикаясын айтатын келді кезім.

* * *

Бір жігіт Басырада Жәнид атты,
Өзі қатар жігіттен салтанатты.
Атасы дүнияда бай кісі екен,
Атасы өліп, көп дәулет бұған қапты.

Атасынан сонша мал қалған екен,
Бұ дүния опасы жоқ, жалған екен.
Ғейіш-ғишрат жолына сарып қылып,
Ойын менен күлкіге салған екен.

Күннен-күнге дәулеті кері кетті,
Достары айтты: — Әй, шәлби, саған нетті?
Үгіт айтқан кісінің тілін алмай,
Ақырында сол малдың бәрі бітті.

Күннен-күнге жоқшылық хәдден асты,
Ақша менен мал бітіп жаман састы.
Бізге де кесапаты тиеді деп,
Өзі қатар достарының бәрі қашты.

Бейшара жүдә ғаріп, кедей болды,
Қайғы мен қасіретке көңілі толды.

Ішінен нала болып, аһы ұрып,
Байғұстың күннен-күнге жүзі солды.

Мал бітіп, сабыр-қарар қыла алмады,
Бейшара не қыларын біле алмады.
Әуелгі ғишраты еске түсіп,
Диуана, мәжнүн боп жүре алмады.

Көңіліне пікір қылып мұны ойлайды,
Иә өлтірер, иә зындан, — тірі қоймайды.
Патшаның мөһіріндей мөһір жасап,
Салыстырса айырып еш болмайды.

Жазуына салыпты жазуларын,
Тартқан кедей болып малдың зарын.
Қазынашыдан алады мың тілланы,
Бір түнде сарп қылады соның бәрін.

Бұзықтық күннен-күнге жаман болды,
Ақша алып фалшы мөрмен қалта толды.
Құр далаға мал шашып жұмсама деп,
Қанша адам көрсетсе де бұған жолды.

Ертең және орнынан тұрды дейді,
Қазынашы Сағидке барды дейді.
Хатымның мөһіріндей мөһірменен
Тағы да мың тілланы алды дейді.

Берген соң мың тілланы алды дейді,
Қайта бұзық орынға барды дейді.
Ғейіш-ғишрат, зауық қылып жұмсайын деп,
Қайта бұзық ойынға салды дейді.

Және ертесі базарға барған екен,
Мың тілланы қалтаға салған екен.
Сөзімді ұзын қылмай қысқартайын,
Қырық күнде қырық мың тілла алған екен.

* * *

Әлқисса, Сағид бір күн ойына алды,
Мөһір басқан қағазға назар салды.
Хатымның жазуынан айыра алмай,
Мұнша малды қайтеді деп қайран қалды.

Қағазбен ақша алады күнде барып,
Береді Сағид Әмин де қайран қалып.
«Япырым-ау, таусылмайтын неткен мал», — деп,
Хабарсыз жұрт сөйлесер ойына алып.

Патшаның қисап алған күні өтті,
Және қисап алатын күні жетті.
Ұлық-кішік уәзірдің бәрін жинап,
Майданға құрған екен алтын тақты.

Біреуінің хақысы бар бір адамда,
Кім хақысыз жүреді бұ жалғанда.
Хақына жетпеген жан қалмайды,
Алдына падишаның со барғанда.

Әділдікпен сұрайды жұриат бәрін,
Ьеш адамға қылмайды қаһарларын.
Бір адамды жіберіп шақырған соң,
Сағид Әмин алып келді сандықтарын.

Сағид Әмин де ойына алған екен,
Бұ дүние опасы жоқ, жалған екен.
Жәнидтің алып барған мөһірлерін
Ішіне бір сандықтың салған екен.

Дәулеті Хатымтайдың сондай мол-ды,
Сақилық патшалықпен көңілі толды.
Патша мен Сағид Әминнің қисабынан
Үш жүз алпыс тезкире артық болды.

Үш жүз алпыс тезкире артық болды,
Сағид Әминнің ішіне қайғы толды.

Осынша мал қисаптан кем шықты деп,
Хатым патша зияда паришан болды.

Хатым патша жан-жаққа мойнын бұрған,
Бар ма екен бұ шаһарда жүрген-тұрған.
Патшаның ахуалын көргеннен соң,
Жиылған жанның бәрі қарап тұрған.

Сағид Әмин көтерді енді басын,
Құдайым қабыл қылды көзде жасын.
Патшаның қаһарынан қорыққанынан,
Тамағынан өткізбей ішкен асын.

— Сағид Әмин, сен енді қапа болма,
Назар қып көзіңді сал оңды-солға.
Өтірік мөһір басып кім алады,
Алып кел сол адамды, түссе қолға.

Сағид Әмин қорқудан енді кетті,
— Падиша, қаһарыңды төкпе, — депті.
Бір жігіт күнде мөһір келтірді, — деп,
Жәнидтің ахуалын баян етті.

— Бір жігіт пайда болды маған, — деді,
Күнде кеп ақша алады тамам, — деді.
Ішіне мың алтыннан жазылады,
Мен аламын мөһірлі қағаз, — деді.

Мың тілладан беремін келген сайын,
Жүзіне бір қараймын берген сайын.
Қолындағы мөһірді көргеннен соң,
Күніне мың тілладан қылдым дайын.

Сол екен, енді ойласам, мұның өзі,
Нәпәс һауа секілді айтқан сөзі.
Атасы жас күнінде опат еткен,
Ақшаны алған осы екен, келді кезі.

Патша әмір етті: — Алып кел, — деп,
Қай жаққа кетсе дағы тауып кел, — деп.
Бір кісіні жібереді сол арада,
Оның жүрген жеріне барып кел деп.

Шақырушы барды да, алып келді,
Шақырушы барған соң аттай желді.
Бейшара ғаріп жаннан үміт үзіп,
Өлемін деп байлайды енді белді.

Хатым айтты: — Ей, адам, бері қара,
Қылмаймын өтірік мен саған жала.
Бұ хаттар сенікі ме, расын айт,
Көңіліңді олай-бұлай қылма ала.

О дағы жалған демей, «бәлі» деді,
— Неге жалған айтайын, әли, — деді.
Бұ қиянат менен-дүр, падишаһым,
Сөзімнің ғалаты жоқ, дәлі, — деді.

Ол жігіт мойнына алғаннан соң,
Мойнына алмай азапқа қалмаған соң.
Көріп отыр жамиғ халықтың бәрі,
Хақиқат мойнына алғаннан соң.

Падиша уәзірлерге қарайды енді:
— Көрдіңіз, уәзірлерім, талайды енді.
Патшаға қиянат қылғандарға,
Айтыңыз, қандай жаза жарайды енді?

Ешкім айтпас күнәсін кешіңіз деп,
«Тірідей кебін тонын пішіңіз», — деп.
Сол уақытта бас уәзір мұны айтады,
«Екі қолын қарынан кесіңіз», — деп.

Сақи болған дәулеттің молыменен,
Құдай жолдас қылмасын долыменен.
Екінші уәзірден сұрағанда,
О да жүрді ананың жолыменен.

Үшінші уәзір айтады «біліңіз» деп,
— Терісін пара-пара тіліңіз, — деп.
Терісін бітеу сойып саман тығып,
Бір ағаштың басына іліңіз, — деп.

Байғұс ғаріп со жерде өлмек болды,
Құданың не салғанын көрмек болды.
Уәзірлер иттифақ қылғаннан соң,
Жазасын сол арада бермек болды.

Бейшара ғазиз жаннан үміт үзді,
Әр уәзірге бір қарап көзін сүзді.
«Өзің жәрдем етпесең, әй, Құдай-а,
Айырып алар кісі жоқ, енді бізді».

Ішінен жалбарынып дұға қылды,
Тәубесін Хақ Тағала қабыл қылды.
— Менің сен қаһарымнан қорықпадың, — деп,
Мархабатпен сөз айтты бұған енді.

— Тақсыр хан, үмітім көп өзіңізден,
Бұ жерде ғалат шықпас сөзіміздең.
Не өлтір, не рақым, — өзіңіз біл,
Бұзықтық һеш қалмады енді бізден.

Бейшара сүйдеп айтып хамұш болды,
Уәзірлер көрсеткен бұрын жолды.
Көңіліне Құдай салып Хатымтайдың,
Мархабат қылмаққа көңіліне енді.

Хатымтай уәзірлерге қарайды енді:
— Көрдіңіз, уәзірлерім, қалай-ды енді.
Сіздер мұның өлімін еп көрдіңіз,
Менің бұл мұратыма жарай ма енді?

Патша қылды бір істі ойына алып,
Жиылған жұрттың бәрі қайран қалып:
— Сен ғаріпті малменен қарық қылайын,
Жазуменен ақша ал күнде барып.

Жәнид сонда орнынан тұрады енді,
Патшаның дәулетіне дұға қылады енді.
Патша бұйрығымен көп мал алып,
Жүктетіп өз үйіне барады енді.

Ғаріптің бұ малменен көңілі тынсын,
Жамағат, қандырайын құлақ құрышын.
Тағы да Хатымтайдан сөз айтайын,
Жәнид, ел мұныменен тұра тұрсын.

Жарандар мұны көріп қайран қалды,
Мұндай сақи болмас деп ойына алды.
— Дүниеде мұндай сақи көрдің бе? — деп,
Жиылған халайыққа назар салды.

Сол жақтан бір уәзір түрегелді,
Патшаға сөз айтпаққа көңіліне енді.
— Тақсыр хан, пендеңізге изн берсең,
Бір сақидан хабарды берем енді.

Ат мінер бай баласы жалын тартып,
Жалған айтпа мойныңа күнәні артып.
Тақсыр хан, бір патшаны көріп едім,
Он есе сақилығы сенен артық.

Бұл сөзбен падишаның көңлін басқан,
Ол жерде жақсы-жаман араласқан.
— Ең аз берсем, беремін бір мың алтын,
Кім еді сақилығы менен асқан?

Уәзір айтты: — Падишам, сөзім тыңда,
Рас, сізден сақи жоқ әр кез мұнда.
Рей деген шаһарда бір қыз патша,
Ондай сақи көрмедім бұ жалғанда.

Ол қыздың сақилығын бізден сұра,
Рұқсатыңмен айтайын, тақсыр, тура.
«Шаа Алла» дегенге әр күніне,
Әр сұраса береді бір мың күрре.

Күніне он сұраса, он мың тілла,
Әр күнде жүз сұраса, жүз мың тілла.
Мың тілладан кем ихсан етпес еді,
Сақилығың сондай ма сенің мұнда?

Хатымтай сонда тұрып қайғыланды,
Сөзіне уәзірінің қаһарланды.
«Таусылмайтын неткен мал кез болған», — деп,
Хатымтай бір көрмекке көңілі барды.

Хатымтай сонда айтады: — Барамын, — деп,
Сол қызды бір мәртебе көремін, — деп.
Әгар сенің бұл сөзің жалған болса,
Жазаңды келгеннен соң беремін, — деп.

Бұл сөзге куә болды жиылған көп,
Патша отыр даярланып барамын деп.
— Әгар менің бұл сөзім жалған болса,
Әрне қылсаң өлімге ризамын, — деп.

Патша қайтып сұрайды уәзірден:
— Бұ сөзді жаңа естідім, жаным, сізден.
Алыс пенен жақынын баян әйла,
Неше күнде барамыз біздің жерден.

Жұрт сонда: — Тоқта, — дейді, бармаңыз, — деп,
Жол жүріп машақатқа қалмаңыз, — деп.
Не уақиға болса да біліп келсін,
Сенімді бір адамды жалдаңыз, — деп.

Раст-сәна қиын-дүр жүрген ерге,
Жанның бәрі кіреді қара жерге.
Не қылса да бір сапар қыламын деп,
«Неше күн?» деп қарайды уәзірге.

Шаһарымыз егесіз болар мұңлық,
Болмайды патшаларда жалған құлық.
Уәзір де не айтты сонда тұрып:
— Ол шаһар бұл арадан тоқсан күндік.

Хатымтай сол шаһарға барады енді,
Құданың не салғанын көреді енді.
Бас уәзірін орнына патша қылып,
Ісінің бәрін тапсырып қояды енді.

Жұрт тарқады өзінің жерлеріне,
Ат шомылар көп шапса терлеріне.
«Япырым-ай, таусылмайтын неткен мал», — деп,
Сол қыздың ғажап қылар бергеніне.

Ойына бір хикаят келеді енді,
Хатшы қағаз жазса аттай желді.
Хазірет Әбубәкірдің жомарттығын
Хатымтай қайтер еді көрсе енді.

Айтайын ол кісінің жомарттығын,
Жанында қалдырмайды жалғыз пұлын.
Миянына бір қара пота тұтып,
Құдай үшін сарп қылар қалған малын.

Хатымтай оны көрсе қайтер еді,
«Рас, жомарт екен» деп айтар еді.
Әгарда жомарттығын көзі көрсе,
Һәлак боп дүниеден қайтар еді.

Тәңірінің хазірет Әли Арысланы,
Әлсіздерге әр жерде болысқаны.
Ол кісі де жомарттық көп қылыпты,
Құданың бір жаратқан данышпаны.

Жігіттер, малың болса басқа теппе,
Өтірік жаннан қоспақ маған еп пе?!
Хазірет Әлидің жомарттығын
Хикаят қып айтайын енді көпке.

* * *

Йемен деген шаһарда бір падиша,
Бір қызы бар шырайлы, белі қылша.

Дүниеде теңдесі жоқ сұлу екен,
Толықсып он төртінен туған айша.

Бір жігіт бар сол қызға ғашық екен,
Арасы жер мен көктей қашық екен.
Ғашықтық күннен-күнге дерт болады,
Бірақ өзі ғайырдайын пасық екен.

Сол қызды көру білән ғашық болған,
Ішіне ғашық болып, қайғы толған.
Жігіттің ғашықтығын патша біліп,
Жұмсады Мәдинаға Құдай ұрған.

— Әлидің басын ап кел анда барып,
Қызыма ғашық болған сен бір ғаріп.
Әли басын алып келіп алдыма сал,
Күйеу болып тұрасың қызымды алып.

Бейшара жоқ демеді, «жарар» деді,
Бұ құлың қайда айдасаң барар еді.
— Мәдинадан Әлидің басын алам,
Иә болмаса, басымды алар, — деді.

Қиссаны көп оқыған жатқа алады,
Бейшара уәде қылып аттанады.
«Басын ап кел, саған қыз берем» дегеннен соң,
Көңілі ап келгендей шаттанады.

Енді іздеп келеді Мәдинаға,
Жігіттер, бейнамазды адам деме.
Алдынан хазірет Әли қарсы келіп:
— Ей, жігіт, бұ шаһарға келдің неге?

Жұмысын сол жігіт[тің] біледі енді,
Көңіліне жомарттығы кіреді енді.
Керек болса, басымды берейін деп,
Бір азырақ сөйлесіп тұрады енді.

Жігітке «басым кес» деп жата қалды,
Ол дағы кесемін деп көңіліне алды.
«Ғазиз жанын мен үшін пида қылды,
Кесем бе, қоям ба», — деп қайран қалды.

Не қылса да кеспеді Әли басын,
Мұсылман боп төгеді көзден жасын.
— Әй, тақсыр, иман арди қылыңыз, — деп,
Әлидің аяғына қойды басын.

Өлімнен хазірет Әли азат болды,
Көңіліне бейшараның иман толды.
«Қызын алып беремін патшаның», — деп
Екеуі сапар қылып жүрмек болды.

Екеуі сапар шығып кетті дейді,
Йеменге бір күндері жетті дейді.
Сол қызын падишаның алып беріп,
Бейшараның көңілін шат етті дейді.

Хатым да көрген жоқ ондай сақи,
Сақи боп қияметке қалған аты.
Мысал болып кіріскен арасына
Айтылды осылайша сөздің заты.

Бала үйретіп мінеді асау тайға,
Бес-алты ауыз хикаят айттық жайға.
Ер Әли осыменен тұра тұрсын,
Дастанымыз кесіледі Хатымтайға.

* * *

Хатымтай сапар қылып жүреді енді,
Көп қаражат беліне түйеді енді.
Уәделесіп әлгі уәзірді
Біреуге кепілдікке береді енді.

Падиша уәделесіп сапар жүрді,
Үстіне дәруішәна киім киді.

Жол мехнат, машақат көргеннен соң,
Өзі қылған ісіне өкінді енді.

Сол қайғы-қасіретпенен жүреді енді,
Көп керуен жол үстінде көреді енді.
Бұған жолдас болатын болды кезі,
Құданың не салғанын көреді енді.

Хатымтай сол керуенге келеді енді,
Сәлемді бір-біріне береді енді.
Бір-бірінің ахуалын сұрасқан соң,
Бұлармен ашына болып жүреді енді.

Сұрайды Хатымтайдың бұлар жайын:
— Жолықтың жол үстінде бізге дайын.
— Мен де бір жаһан кезген дәруішпін, — деп
Оларға бұл сөзді айтты Хатымтайың.

Тарихтан өлең қылған мен бір надан,
Бар екен базаркенде бір пір адам.
— Бұл бір өзі шөлістан, жолбарысы көп,
Бұл жолға жалғыз неге бастың қадам?

Жанның бәрі Алланың құлы, — дейді,
Көп болар саудагердің пұлы, — дейді.
Ұғыры мен арыстанның хикаятын
Бұрын естіп көріп пе ең мұны, — дейді.

Ол пір кісінің айтқан хикаяты

— Әй, тақсыр, бұрын естіп көргенім жоқ,
Бұ жолда жалғыз бұрын жүргенім жоқ.
Ұғырының хикаятын мен естиін,
Құп тыңдайын, әй, қожа, айтыңыз, — деп.

Айтады қожа: — Мұқаддам бір керуен,
О дағы арыстанды жермен жүрген.
Бір уақыт арыстанның даусын естіп,
Баршасының көңіліне қорқу кірген.

Жүктерін бір араға үйеді енді,
Жетелеп алып кетті түйелерді.
Бұ жүкті біз келгенше сақтай тұр деп,
Бір адамды күзетші қояды енді.

Бір уақыт кеш болды, түн жамылып,
Бір жағынан тұрды ұғыры келіп.
Арыстан жүк шетіне келген кезде,
Күзетші ұйықтамайды нағыра ұрып.

Бір күзетші бар ғой деп ұғыры білді,
Арыстан о да қорқып қарап тұрды.
Әлгі ұғыры құшқан арыстанды,
Бір шұбар тай екен деп қияс қылды.

Ұғыры тұр жолбарыстың арқасында,
Тұрған соң қайдан білсін тай қасында.
Танымай тай екен деп ойына алды,
Сасқан соң қараңғыда байқасын ба.

Қайда болса мықты екен мұның өзі,
Қуанғаннан ұғырының айтқан сөзі.
Арыстанды жылқы деп қияс қылды,
Қараңғыда танымай екі көзі.

Өзі жүйрік тай екен және шұбар,
Үстіне ұғыры мінген ұмар-жұмар.
Малдан артық қолыма тай кірді деп,
Таң атқанша көруге болды құмар.

Арыстан жаман қорқып енді қашты,
Бір бөле кез болды деп жаман састы.
Бір жүйрік жорға шұбар тай екен деп,
Құлағынан бек тұтып мықтап басты.

Жолбарыс қорыққанынан қашып кетті,
Ұғыры мықтап құлағын басып кетті.
Атқан оқтай зырқырап бара жатыр,
Шұбардың жүйріктігі асып кетті.

Таң атып шұбар тайға көзін салған,
Жолбарысты көрген соң қайран қалған.
Көңіліне қорқу кіріп бара жатса,
Жолбарыс бір ағашқа жетіп барған.

Ұғыры байғұс шықты ағашқа кез келген соң,
Арыстан болдырады терлеген соң.
Ағаштың саясында жата қалды,
Қимылдауға шамасы келмеген соң.

Арыстан бейтап болып есін танды,
Саяда бір азырақ дамыл алды.
Ахуалын пікірлеп жатыр еді,
Бір маймұн арыстанға назар салды.

Келді де арыстанға сәлем берді,
Жолбарыстың халсізін маймұн көрді.
— Адамның халі-жайы белгілі еді,
Бір адамнан осынша қорықтың енді.

— Ей, маймұн, мұнша сұрап не қыласың,
Мұнда тұрсаң адамға көрінесің.
Көрінбестен жылдам кет бұл арадан,
Кетпесең бір бәлеге жолығасың.

Маймұн тұрды бұл сөзге қайран қалып,
Сыртынан жолықпастан қаһарланып.
— Тұрған жерін бір көрсет қай арада,
Сол адамнан келейін өшіңді алып.

— Ей, маймұн, сен сөйлеме жалған, — деді,
Маңайыма жолама әрмен, — деді.
Өз обалың өзіңе, барсаң, әне,
Күзетші мен, асла, барман, — деді.

Тіл алмай сол ұғырыға маймұн барды,
Ағаштағы адамға көзін салды.
Қалайша өлтірем деп тұрғанында,
О да көріп бір шыбық кесіп алды.

Ол ағаштың басына байлап тұзақ,
Арыстан ол да жатыр кетпей ұзап.
Салбыратып тұрғанда хасиесін,
Тұзақты соған салды бұрап-бұрап.

Маймұнның хасиесіне тұзақ салды,
Хасиесінен сыпырылып төмен барды.
Жолбарыстың тілін еш алмағанға
Өкініп ғаріп маймұн қайран қалды.

Тұзақты бір ағашқа байлап қойды,
Және бір шыбық алып әбден сойды.
Қимылдаса хасиесі үзілгендей,
Таяқты көбірек жеп әбден тойды.

Аузы-мұрны қан болып маймұн ғаріп,
Құтылады таяқтан өліп-талып.
Тұзақтан әзер шығып арыстанға
Айтуға ұялады енді барып.

Сәт болмаса таяқтан өлді маймұн,
Мехнат-машақатқа көнді маймұн.
Ақылы кейде келіп, кейде кетіп,
Арыстанның қасына келді маймұн.

Асад айтты: — Ей, бәдбахт, надан, — деді,
Құп жазаңды берді ме адам, — деді.
Насихатымды алмадың ғибрат қылып,
Сен түгіл, не көрсетті маған, — деді.

Жолықтың бір бәлеге өзің барып,
Құтылып жаңа келдің өліп-талып.
Жаныңның қалғанына шүкірлік қыл,
Мен де саған айтпадым өзім барып.

Арыстан маймұнменен жүдеп кетті,
Арада бір азырақ уақыт өтті.
Ұғыры дағы ағаштан түсіп алып,
О дағы өз жөніне қайтып кетті.

Қожаның хикаяты болды тамам,
Жол мехнатын көреді жүрген адам.
Арыстан хикаятын есіттіңіз,
Хатымтай жолға қарай басты қадам.

* * *

Қожамен жолдас болып кетті дейді,
Арада неше күндер өтті дейді.
Сапарда үш ай тамам болғанында,
Бір күні Рей шаһарына жетті дейді.

Жол жүрген азық сол үш айға,
— Бұрын келіп көріп пе ең үшбу жайға,
Шаһарда өзі жомарт қыз патша, — деп
Базарқан сонда айтты Хатымтайға.

— Шаһарға бұрын келіп көрген емен,
Қыз падиша жомартты көрген емен.
Бұрын да жомарттығын естіп едім,
Есітіп жомарттығын тағы сенен.

— Бұрын келіп көрмесең үшбу жайды,
Арапта естуші едік Хатымтайды.
Сақилығы Хатымнан ғалиб шығар,
Патшалығы Хатымнан қалыспайды.

Рейге сау-саламат жетті бұлар,
Дәруіштің айтқан сөзі көңілге ұнар.
Мадақтап қыз патшаның жомарттығын,
Шаһардың қақпасынан кірді бұлар.

Дәруішпен хош айтысты келгеннен соң,
Неше күн жолдас болып жүргеннен соң.
Ол күні шаршап келіп дамыл алды,
Бір жерден пәтер тауып кіргеннен соң.

Хатымтай енді ертең тұрды дейді,
Шаһардың тамашасын көрді дейді.

Зейнетті сонша биік шаһар екен,
Көшелерін аралап жүрді дейді.

Хатымтай бір-екі үш күн дамыл алған,
Рейдің байлығына қайран қалған.
Шаһардың әдетінше қаһуаға
Ішейін деп шәрбатты енді барған.

Хатымтай пәтеріне қайтып келді,
Тұрып патша сарайына келді енді.
Әлемді тамаша қып отыр екен,
Хүкіміне көндіріп тамам елді.

Хатымтай патша алдына келді енді,
Әдеп еркін жөнімен тұрады енді.
Пақырлық қияпатта бір дәруіш
Падиша Хатымтайды көреді енді.

«Һуа дост пақырмын» деп келе қалды,
«Шаа Алла» дегенге құрметке алды.
— Сол пақырға апарып беріңіз, — деп,
Бір кесеге мың дана алтын салды.

Хатымтай садақасын алды дейді,
Қайтадан пәтеріне барды дейді.
Кеседегі алтынды санайын деп,
Алтынды алып ортаға салды дейді.

Хатымның тағы бір іс көңіліне енді,
Банудың сарайына және келді.
Әуелгіден зияда артығырақ,
«Иә, Алла, һуа дост» деп қарап тұрды.

Падишаның алдындағы қызметкері,
Сөйлейді сол жердегі адамдары.
— Мың тілланы бір алып және келдің,
Таусылып нағып қалды соның бәрі.

Падиша қызметкерге әмір қылды,
Және тағы бір кесе алтын берді.
Тағы да мың тілланы алғаннан соң,
Өзінің пәтеріне қайтып келді.

Отырмай пәтеріне, және келді,
Бану да келген сайын бере берді.
Ертеңнен кешке дейін дамыл алмай,
«Шаа Алла» деді де келе берді.

Хатымтай сапар қылған жолды дейді,
Ақшаға жан қалтасы толды дейді.
Мың тілладан бір тілла кем бермеген,
Санағанда қырық күрре болды дейді.

Хатымтай пәтеріне қайтып келді,
Уәзірінің айтқан сөзі көңіліне енді.
Малының көптігіне қайран қалып,
— Біздерден сақылығы артық болды.

Қыз патша енді ойлайды ойды дейді,
Хатымтай бұл сөзбенен болды дейді.
«Енді келсе сол дәруіш, алып кел», — деп,
Сарайына күзетші қойды дейді.

Падиша мұны айтып тұра тұрсын,
Сөзіммен қандырайын құлақ құрышын.
Жаңылмай айтқан сөзді тыңдап отыр,
Хатымтай тарапынан бір кеп өрсін.

Хатымтай біразырақ дамыл алған,
Таусылмайтын көп мал деп қайран қалған.
Банудың сақылығын сынамаққа,
«Шаа Алла» деп тағы барған.

Көрген соң күзетшілер ұстап алды,
Патшаның құзырына алып барды.
«Кешегі дәруішті алып келдік» деп,
Біреуі падишаға хабар салды.

— Дәруішті өз алдыма шақыр, — деді,
— Сізді патша шақырып жатыр, — деді.
Тахтысының қасына сандал қойып,
— Әй, дәруіш, — деді сұлтан, — отыр, — деді.

Ізет-құрмет қылады Хатымтайға,
Дәруіштің шамасы жоқ қимылдауға.
— Әй, дәруіш, сізден сұрар сауалым бар,
Не жұмысқа келдіңіз біздің жайға?

Жауап бер сұрайтұғын сөзімізге,
Дәруіштік нышан жоқ өзіңізде.
Не жұмысқа келдіңіз, тура сөйле,
Биік адам көріндің көзімізге.

Дәруіштікке ұқсамас жүрісіңіз,
Бар ма еді бұл шаһарда білісіңіз.
Неше рет келдіңіз алдымызға,
Бізде біраз бар шығар жұмысыңыз?

Бір кәлима Хатымнан есітің

— Арада сапар қылдым үш-төрт айды,
Бұрын келіп көрмедім үшбу жайды.
Басыра деген шаһарда падишамын,
Есімім менің, ей, бану, Хатымтай-ды.

Қыз естіп орнынан түрегелді,
[Асыл] зат адам екенін енді білді.
— Мархаба, хош келдіңіз! — деді дағы,
Бұрынғыдан зияда ізет қылды.

Келеді қыз падиша сөзге дейді,
— Не жұмыспен келдіңіз бізге? — дейді.
«Шаа Алла» дегенге мөһір басып,
Сағид Әминге беретін сіз бе? — дейді.

Хатым тұғры сөйлеп «бәлі» дейді,
— Бұл күнде Басырада әли, — дейді.

Бір адам себеп болып мұнда келдім,
Жәнид әл-Жәнид екен намы, — дейді.

Сол адам себебінен мұнда келдім,
Падиша, сүйдеріңді жаңа көрдім.
«Қылған қайыр, ихсан хусусында,
Менен сақи һеш адам бар ма?!» — дедім.

Сонда бір уәзірім түрегелді,
Алдымда түрегеліп жауап берді.
«Өзі қыз бір патша бар үшбу күнде,
Сақилығы артық-дүр сізден», — деді.

Сөзіне уәзірдің ердім, — дейді,
Біреуге кепілдікке бердім, — дейді.
Сөзіне оның нанбай келіп едім,
Айтқанынан зияда көрдім, — дейді.

Менің сізден сұрайтын жауабым сол,
Өзің сақи, патшасың, дәулетің мол.
Рақым әйлап шат қылың хатірімді,
Таусылмайтын неткен мал осынша ол?

Сонда қыз Хатымтайға жауап айлар:
— Маған да баян қылған рауаилар.
Неше жылдар көңілімнен һеш кетпейді,
Менің бір естімеген ахуалым бар.

Соны біліп келіңіз тамам, — [деді],
Хақиқатын баян қыл маған, — деді.
Таусылмайтын бұ малдың ахуалын,
Келген соң, мен де айтайын саған, — деді.

Хатымтай біразырақ пікір қылды,
Қыздың баян қылмасын енді білді.
— Қолымнан келген қадар іс қылайын,
Дертіңді баян қыл, — деп жауап сұрды.

Қыз айтты: — Иә, Хатымтай, тыңла, — деді,
Сөзімді менің айтқан аңла, — деді.
Қандалусия шаһарында бір жігіт бар,
Мәлік болған ұлық-дүр малға, — деді.

Малы көп осынша бай неткен адам,
Қызметкер есігінде қанша қадам.
Өз көзіммен бір көріп келер едім,
Затым аурат болған соң, не-дүр шамам?!

Һәр күні бұстанға барады екен,
Мың тіллалық жауһарды алады екен.
Ол жауһарды ұн қылып ұшырады,
Көрген адам ғажапқа қалады екен.

Әгар аурат болмасам барар едім,
Асылын өз көзім көрер едім,
Жауһардың түгесілмес ахуалын,
Хабарды мен де сізге берер едім.

Хатымтай жүрмек болды жапан түзге,
— Қылайын бір қызметті енді сізге.
Қандалусия бұл жерден қанша күндік,
Баян қыл жолын, суын енді бізге.

Қыз айтты: — Бұл арадан үш айлық жол,
Әгар* захматы, машақаты [десең] мол,
Қатты айтып, сірә, сізді зорламаймын,
Барар-бармас ықтияр өзіңізде ол.

Хатымтай «жоқ, барам» деп даярланды,
Жолын, суын білетін татар бар-ды.
Татардан жолын, суын бәрін сұрап,
Тәфсіл[ін] бір қағазға жазып алды.

Хатымтай рұқсат алып түрегелді,
Баршасы дұға қылып рұқсат берді.

* Түпнұсқада осылай жазылған

Патшаға, аһл диуан[ға] уағда қылып,
Өзінің пәтеріне қайтып келді.

Қылады көпті көрген жанның тынышын,
Азырақ қандырайын құлақ құрышын.
Келеді дастанымыз Хатымтайға,
Қыз патша көз-құлақ боп тұратын.

Хатымтай қайтып келді пәтеріне,
Бірталай қайғы түсті хатіріне.
Бұл жерден тоқсан күндік сапар екен,
Өзіне қиын болды жетеріне.

Хатымтай сапар қылды енді дейді,
Құдай басқа салған соң көнді дейді.
Бірнеше күн жол жүріп екі арада,
Қыздың айтқан шаһарына келді дейді.

Шаһарға жеткеніне шүкір етті,
Жолда көрген қайғының бәрі кетті.
Бір жерден пәтер тауып алды дағы,
Ол кеше сол пәтерде қарар етті.

Ерте тұрып аралап қалаларын,
Тамаша қып қарайды соның бәрін.
Ғажайып үлкен шаһар болғаннан соң,
Шаддадтың тамаша етті қылғандарын.

Ол кеше тағы қонды пәтерінде,
Һәр түрлі ойлар түсіп хатіріне.
Мұның патша екенін кім біледі,
Ешкімді танымайды жат елінде.

Ертеменен орнынан және тұрды,
Тұрған соң кідірместен базар келді.
Базар аузы ашылған уақтысы екен,
Бір көшеге келді де қарап тұрды.

Бір заманда соңыра біреу келді,
Хатым тұрған сол көше дүкен еді.
Өзі қара сақалды таза жігіт,
Дүкен ашып отырып қарар қылды.

Делдалбасы бір биік жерге шықты,
Шыққан соң қол көтеріп дұға қыпты.
Біразда қылған дұға тамам болды,
Жиылған жанның бәрі «әумин» деді.

Ол жігіт бір делдалды шақырады,
Хатымтай тамаша қып отырады.
Қолына бір жауһарды берді дағы,
— Бағасы үшбу жауһар не тұрады?

Һәркім алып жауһарды тамаша етті,
Бес-алты жүз тіллаға баға жетті.
Біреу үй деп, біреу бүй десе де,
Ақыры мың тіллаға баға жетті.

Жауһарды өз егесі қолына алды,
Делдалдардың қолына ақша салды.
Жауһарды күлдей қылып аспанға атты,
Жиылған жұрттың бәрі қайран қалды.

Хатымтай көріп тұрды бұл жұмысын,
Өзі тамаша қып қылған ісін.
«Қолына мұнша жауһар қайдан түскен,
Мен де сұрап білейін бір мағынасын».

Хатымтай соған қарап жүреді енді,
Бұл жігіт не жарамды, көзі көрді.
Өзі надан, ақымақ һеш көрінбейді,
Бір азырақ тұрды да назар қылды.

Ол жігіт дүкен жауып атқа мінді,
Хатымтай да ілесіп бірге жүрді.
Жылдамырақ жүгіріп алдын алып,
«Һуа дост, иә, Алла» деп қарап тұрды.

Жігіт оған бір уыс ақша берді,
— Дәруіштік нышаны бар баста, — деді.
— Мен сізден ақша қайыр сұрамаймын,
Сұрайтын сауалым бар басқа, — деді.

Сауалыңыз бар болса, мақұл, — деді,
Бұ кеше қонақ болып жатың, — деді.
Бұ жігіт алып келіп қонақ үйге,
— Деде сұлтан, бұл үйде отыр, — деді.

Біраздан соң көтерді тағам алып,
Хатымтайдың көңілі қарар алып.
Мейманды жалғыз неге отырғызсын,
Отырды мырза дағы бірге барып.

— Деде сұлтан, қай жерде тұрағыңыз?
Бізден жауап тоқтатып сұрадыңыз.
Білгенімше жауапты мен берейін,
Өз басымда немене мұрадыңыз?

Хатым айтты: — Иә, жаным, тыңда, — деді,
Тұрағым Басырада онда, — деді.
Басырада Хатымтай падишамын,
Бір қажет үшін келдім мұнда, — деді.

Мен естіп Басырадан бастым қадам,
Жұмысымды айтайын енді саған.
Жауһардың ада болмас ахуалын
Бастан-аяқ баян қыл енді маған.

Өзім патша, Басырада — тұрағымыз,
Жауапты бізден бұрын сұрадыңыз.
Қолыңа мұнша жауһар қайдан түсті,
Біздің сізден сұрайтын мұрадымыз.

Жігіт айтты: — Иә, Хатым, сөзім тыңда,
Сіз дағы қажет үшін келдің мұнда.
Менің де үлкен қатты бір дертім бар,
Һәр түрлі жан жаратқан Құдауанда.

Сондай бір үлкен қатты қасіретім бар,
Кеше-күндіз көп ойлап боламын зар.
Сол қайғыдан қуантып шат қылыңыз,
Аман-есен сақтаса сізді Жаппар.

Сен дағы мұратыңа жетер едің,
Көңіліңді раушан етер едің.
Жауһардың ахуалын менен естіп,
Жеріңе сау-саламат кетер едің.

Хатымтай бұл жауапты естіп алды,
Сапар жүріп қинаған ғаріп жанды.
Бұ дағы бір тарапқа айдады деп,
Не қылса да бармаққа көңілі барды.

— Қара жер өлгеннен соң тұрағымыз,
Бір қиын жауап бізден сұрадыңыз.
Бұл дертіңнің мағынасын білейінші,
Сіздің тағы немене мұрадыңыз.

— Менің айтар жауабым сізге, — деді,
Шаһарын Табарстан ізде, — деді.
Бұл жерден үш айлық жол Табарстан,
Сол жайдан хабар келтір бізге, — деді.

Анда барсаң көрерсің соқыр араб,
Көзін соқыр қылыпты Құдай қалап.
Еңсесіне бір сәлле ұрдырады,
Һәркімге ақша беріп қарап-қарап.

Ұрғанына мәз болып қалады екен,
Һәркім ұрып бір тілла алады екен.
«Ма йастахақ» дейді екен ұрған сайын,
Көрген адам тамаша қалады екен.

«Ма йастахақ» дегеннің мағынасы не,
Ұрған сайын береді ақша неге?
Менің қатты қасіретім соны білмек,
Сөзімді олай-бұлай ғалат деме.

Хатым айтты: — Басырадан Рейге келдім,
Қыз патша бар екен, оны көрдім.
О дағы қажетімді шығармады,
Алысқа жұмсаған соң қайран болдым.

Мен дағы дабысыңа келдім, — деді,
Бек жақсы дидарыңды көрдім, — деді.
Инсабыңыз осы ма маған қылған,
Қиын мүшкіл машақат бердің, — деді.

— Сөзімнің мен айтайын тұғырасын,
Менің сізге тапсырған бір жұмысым.
Хатымтай, намыңызды естіп жүруші едік,
Тілдерде дастан болған, дәруішім.

Рас, сен сол Хатымтай болсаң демен,
Менің айтқан сөзіме көнсең демен.
Рәд етпей арабтан жауап ап кел,
Жомарттықтан бас тартпа өлсең демен.

Хатымтай, жомарт болсаң шапқыларсың,
Уағда айтқан сөзіңде зап тұрарсың.
Екеуміздің хабарды алып барып,
Қыздың дағы көңілін шат қыларсың.

Хатымтай рәд қылмай: — Жарар, — деді,
Жомартың қайда айдаса барар, — деді.
Алланың ирадасы осы шығар,
Һәр істі Құдай басқа салар, — деді.

Ол кеше жаyһар фаруш қонақ қылды,
Екеуі таң атқанша сұхбат құрды.
Табарстан жұртына барайын деп,
Сабах болысымен ерте тұрды.

Хатымтай жүрмек болып сапар түзге,
Жомарт қой, көне қалды айтқан сөзге.
— Жолын, суын қағазға жазайын, — деп,
Тауып бер білетұғын адам бізге.

Бір адам тауып берді білетұғын,
Жолымен талай сапар жүретұғын.
— Атаммен жолдас болып талай барған,
Бұ дағы жолын, суын көретұғын.

Қағазға жолын, суын жазып алды,
Көңілінде алыс қой деп қайран қалды.
Бұлармен уағда қып қош айтысып,
Өзінің пәтеріне қайтып барды.

Ертемен тұрды дағы түсті жолға,
Иә, Рабби, қиын ісім өзің оңда.
Хатымның жомарттығын һәркім білген,
Ұялып, ылажы жоқ, жүрді зорға.

Хатымтай жолға түсіп жүріп кетті,
Арада һәрбір қиын күндер өтті.
Аптаптың ыстығына шыдай алмай,
Бір дарақтың түбіне келіп жетті.

Азырақ көлеңкелеп дамыл алды,
Жан-жаққа олай-бұлай көзін салды.
Арыстанға мінген бір жігітті
Көрген соң, зәресі ұшып қайран қалды.

Қорыққанынан біразырақ есін танды,
Уағда үшін қинаған ғаріп жанды.
Бейшара мәжнүн сипат маст болып,
Ақылын өз басына жиып алды.

Ол жігіт Хатымтайға назар салған,
Нағып жүрген дәруіш деп қайран қалған.
Бұл өзі маст болған дәруіш қой деп,
Қасына жолықпаққа енді барған.

— Әй, дәруіш, нағып жүрсің мұнда? — деді,
Мастлықтан ақылың тең бе, — деді.
Дертім бар үлкен қатты өз басымда,
Сөзімді һимматпенен тыңда, — деді.

— Әй, жігіт, кез болдың ғой маған, — деді,
Мен де қазір жолықтым саған, — деді.
Үлкен қатты дертіңнің себебі не,
Бастан-аяқ баян қыл маған, — деді.

— Атым — Салыс, сұрасаң енді, — деді,
Басыма үлкен бәле келді, — деді.
Бір ағамның қызына ғашық едім,
Бір-бір баян қылайын жөнді, — деді.

Екеуміз ғашық едік жасымыздан,
Жолықса кетпейтұғын қасымыздан.
Барлық малым ғарық болды дарияға,
Сондай қатты дерт кешті басымыздан.

Сол қызды бір жігітке берді, — деді,
Менің малым жоқтығын көрді, — деді.
Иә тірі, иә өлетін күнім бүгін,
Қазір алып кетеді енді, — деді.

Айдаһардай гүрілдеп тұрып алды,
Хатымтай мұны көріп қайран қалды.
Бір қыз үшін тәрік қылма ғазиз басың,
Опасыз қатындардан мысал бар-ды.

Қатынның мысалы

— Бір насихат айтайын, жігіт жаным,
Жаныңнан соң не керек жиған малың.
Хазірет Исаның заманында
Бір жігіттің айтайын ахуалын.

— Бір жар үшін жанымды қинайын мен,
Басымды олай-бұлай бұрмайын мен.
Қыз бен жігіт екеуі не қылыпты,
Айта бер хикаятын тындайын мен.

Хатым айтты: — Сөзімді тыңла, — деді,
Қыз үшін көңіліңді бұрма, — деді.

Сен сияқты бір жігіт сол уақыт
О дағы ғашық болған қызға, — деді.

Екі ғашық мұрадына жетті, — деді,
Арада неше күндер өтті, — деді,
— Көзім нұры, қуанышым, сен болмасаң,
Тірлік маған харам, — депті деді.

— Бірақ енді ерлерде опа болмас,
Менің айтқан сөзімде қата болмас.
Мен өлген соң біреудің қызын алып,
Төсегіме жатарсың көңілің толғаш.

Жігіт айтты: — Мен нағып ұмытайын,
Өлімге сенен бұрын болсақ дайын.
Қайсымыз бұрын өлсек ұмытпалық,
Қыз да айтып ырза қылды сөйтіп байын.

Екісі ықырар боп тұрды соған,
Көңілін алаң қылмайды оған-бұған.
Әуелі қатынына ажал жетіп-жетіп,
Мазарының басында зар жылаған.

Екі жыл мазарында тұрады енді,
Ата-анасы насихат қылады енді.
Олардың насихаты пайда бермей,
Зар жылап моласында жүреді енді.

Бір күні хазіреті Иса ол казардан,
Маст болған жігіт көрді ол мазардан.
«Молада зар жылаған неткен жан?» — деп,
Жігіттің жанына кеп сауал қылған.

Жігіт сонда Исаны көреді енді,
Қыздың өлген хабарын береді енді.
Хазірет Иса сол жерде дұға қылып,
Қыз тіріліп қабірден тұрады енді.

— Пайғамбар жәрдем қылды маған, — деді,
Екі жыл қасірет шектім тамам, — деді.
Жалаңаш үйге сені апарам ба,
Киім алып келейін саған, — деді.

Жүгіріп үйге таман жігіт кетті,
Арада бірер сағат уақыт өтті.
Ол кеткен соң бір жігіт душар болып,
Қызды көріп жан-ділден қабыл етті.

Қыз дағы ол жігітті қабыл етті,
Бұрынғы өз күйеуі естен кетті.
Қыз бен жігіт қосылып кетіп қалды,
Киімді алып өз байы ол да жетті.

Жігіт келсе молаға, қатын кеткен,
Артынан бұ да көріп қуып жеткен.
Екеуі айдаһардай күркіресіп,
Біріне-бірі ұмтылып хамлә еткен.

Екеуі айдалада төбелесіп,
Есітіп елі келді аһыласып.
Қанша адам ұрыстан өліп қалды,
Зорға айырар араға Иса түсіп.

Әуелгі жігіт келіп: — Нәби Алла,
Мен сізге қата қылдым әуелгіде.
Үшбу қыздың хақына бір дұға қыл,
Қабіріне көмілсін өліп және.

Сол жерде нәби Алла дұға қылды,
Қыз өліп қабіріне қайта кірді.
Өзінің кәсібіне мұқид болып,
Қыздан көрген қасіреттен көңілі тынды.

Әй, Салыс, менің айтқан насихатым,
Басың түгіл, аяқпен тең бе қатын.
Ашуыңды бас дағы, сабыр әйла,
Қатын үшін тәрік етпе жігіт басың.

— Әй, дәруіш, ұрыспаққа болдым дайын,
Өлсем болар қара жер қазір жайым.
«Зер қадірін зергер білер» деген сөз бар,
Бұ дәруіш қайдан білсін ғашық жайын.

Сол сөзді айтып жан-жаққа көзін салды,
Көзін салса көріпті ғашық жарды.
— Әй, дәруіш, һимматыңды жолдас қыл деп,
Аждаһадай шақырып қаһарланды.

Алұрып дәст шөбін қолына алды,
Қызды алған жігітке жетіп барды.
Олар да жетпіс шақты адам екен,
Ақыры қызды жеңіп тартып алды.

Қызды алып дәруішке қайтып келді,
Дәруіш дағы ерлігін көзі көрді.
— Бұ кеше біздің үйге мейман болың,
Мен дағы алашағым алдым, — дейді.

Бір молданы шақырып неке қылды,
Ол кеше қызды құшып көңілі тынды.
Ертең және кешегі жігіт келіп,
Қызға берген малдарын талап қылды.

Хатымтай мың тілланы оған берді,
О дағы ақша алған соң, көңілі тынды.
Дәруіштің жомарттығын көзі көріп,
Хатымның дәулетіне дұға қылды.

— Әй, жігіт, білесің бе біздің жайды,
Жанның бәрін халық қылған бір Құдай-ды.
Басыра шаһарында падишамын,
Менің атым, сұрасаң — Хатымтай-ды.

Хатымтай сол жігітке қонады енді,
Екеуі сұхбатта болады енді.
Ертең ерте жігітпен қош айтысып,
Табарстан жолына жүреді енді.

Қайда деп Табарстан жүріп кетті,
Арада неше мәнзил күндер өтті.
Машақат кейде шегіп, кейде шекпей,
Табарстан шаһарына келіп жетті.

Шаһардың келіп кірді қапуынан,
Һәр түрлі нышаны бар ақырзаман.
Хатымтай көргеннен соң қайран қалды,
Шаддад патша тастардан бина қылған.

Хатымтай сол шаһарға қайран қалған,
Біреуден пәтер сұрап тауып алған.
Екі көзі бірдей жоқ бір адамның
Ол мұнда бар ма екен деп сауал қылған:

— «Ма йастахақ» дейді екен айтқан сөзі,
Не себептен көр болған екі көзі?
Һәм ұрдырып, һәм ақша береді екен,
Ақшасы толып жатқан неткен өзі?

Ол кісі айтты: — Сөзіңіз жалған емес,
Һешкім сұрап жауапты алған емес.
Һәр ұрғанға бір тілла ақша беріп,
Бейшара таяқ жеуден қалған емес.

Онымен қош айтысып және жүрді,
Соқырдың үйіне кеп қонақ болды.
Сұхбат сөздерінің арасында,
«Ма йастахақ» демектен сауал сұрды.

Араб айтты: — Ей, Хатым, сөзім тыңла,
Көретұғын көзім жоқ менің мұнда.
Естімекке бір үлкен мүшкүлім бар,
Ойымнан һеш кетпейді күнде-түнде.

Бабыл деген шаһарға барсаң, — деді,
Менің айтқан сөзіме нансаң, — деді,
Сол Бабыл шаһарында бар азаншы,
Бір жауап сонан барып алсаң, — деді.

Біресе мұнараға, біресе үйге
Шығады да түседі күндіз-түнде.
Не екенін себебінің ешкім білмес,
Құдайым салып қойған сондай күйге.

Хабар келтір Бабылға барыңыз да,
Құдайым қуат бергей жаныңызға.
Барыңыз жеріңізге сау-саламат,
Менен келіп хабарды алыңыз да.

Арабтан бұл жауапты естіп алған,
Бабылдың уәлаятын сауал қылған.
Арабпен уағда қып қош айтысып,
Ылажсыз жүріп кетті налан-гөриан.

Асығып аққан судай жүріп кетті,
— Бұл іс менің басыма келді, — депті.
Ол бәдбахт уәзірді өлтірем деп,
Сыртынан уәзірмен болды кекті.

Ол менің һауралығыма себеп етті,
Қыз дағы бір жауапты берсе нетті.
Амалы жоқ саргардан үш ай жүріп,
Бабыл деген шаһарға келіп жетті.

Бабылдың шаһарына келді дейді,
Бір жерден пәтер тауып енді дейді.
Ол түні пәтерінде дамыл алып,
Ерте және орнынан тұрды дейді.

Шаһардың әр жерін тамаша етті,
Қасына азаншының келіп жетті.
Хатымтай өз жұмысын білдірген соң,
Тағы да азаншыға сауал етті:

— Мұнараға шығасың және төмен,
Естімекке ынтызар келемін мен.
Біз ғаріпке мархабат болар еді,
Бұл ісіңнің білдірсең себебінен.

Молда айтады: — Иә, Хатым, сөзім тыңда,
Бір ескіше адам бар Бадахшанда.
Қаһқаһа әйла бір күліп, бір жылайды,
Сондай бір іс кез қылған Құдауанда.

Бейшара кейде күліп, кейде жылап,
Естімекке құмармын көңілім тілеп.
Амалы жоқ бір хабар келтірмекке,
Хатымтай барайын деп қылды ирақ.

Ол кеше азаншыда болды қонақ,
Ол пірден Бадахшанның жолын сұрап.
Асан-дүр жүрмегіне жолы жақсы,
Мәнзилі Бадахшанның тоқсан қонақ.

Пірменен уағда қып кетті дейді,
Неше дария-сулардан өтті дейді.
Зияда битап болып екі арада,
Неше түрлі захмат шекті дейді.

Арада неше мәнзил күндер өтті,
Қайтпаққа да азырақ көңілі кетті.
Тоқсан мәнзил жол жүріп екі арада,
Бадахшан шаһарына келіп жетті.

Хатым сонда қинап ғаріп жанды,
Жолдастары көрсетіп Бадахшанды.
Ішіне Бадахшанның кіргеннен соң,
Азырақ тамаша етіп қайран қалды.

Хатымтай ол шаһарды жақтырмапты,
Ол кеше бір арада дамыл апты.
Бұл шаһарда көп тұрмақ жарамас деп,
Аралап ескішені келіп тапты.

Келді де ескішеге сәлем берді,
Сәлемін Хатымтайдың әлік алды.
Зар-зар етіп жылады, әрең қойып,
Хатымтай мұны көріп қайран қалды.

Ескіше біраздан соң тағы күлді,
Хатымтай сабыр қылмай сауал қылды:
— Бізге мұның асылын білдіріңіз,
Бір күліп, бір жыламақ себебі не-ді?

Ескіше айтты: — Иә, дәруіш, сөзім тыңда,
Бабылдан Бадахшанға келдің мұнда.
Менің де үлкен ғаріп бір дертім бар,
Бір хабарын біліп кел барып анда.

Көңілі Хатымтайдың болды битап,
Не бәлеге жолықтым, иә, Раббым Хақ.
Көңілінде өлм-қайғы болып айтты,
«Мұрадың не-дүр сенің, білдіріп бақ».

Ескіше айтты: — Иә, дәуріш, тыңда сөзім,
Осы жолмен жүрерсің сенің өзің.
Бір биабан кез болар, алыс емес,
Жолмен жүрсең көреді екі көзің.

Ол жапанда жігіт бар бір наужуан,
Үйір болмай қашады адамдардан.
Тәкрарлап сұрасаңыз себеп не-дүр,
Жолдас болып жүреді киікпенен.

Ерінбей биабанға барып келсең,
Сол жігітті көзіңмен көріп келсең.
Бар сырымды айтайын мен де саған,
Хақиқат бір хабарын алып келсең.

Хатымтай сонымен жүріп кетті,
Арада біразырақ күндер өтті.
Бірнеше күн жол жүріп екі арада,
Жапандағы жігітке келіп жетті.

Тоқтамай биабанға келіп жетті,
Сөйлесіп жігітпенен сауал етті:
— Адамзаттан қашасың не себеп-дүр?
Мұның сырын баян қыл маған, — деді.

— Мен сырымды айтпаймын саған, — деді,
Мың пәре тілесең де тамам, — деді.
Келіпсің сонша жерден менің үшін,
Бос жібермек не рауа маған, — деді.

Енді жүрсең жетерсің Хорасанға,
Бір шайхы бар көрерсің, барсаң анда.
Әгар барсаң, сәлем айт енді бізден,
Сырымды естіп қайтасың барсаң анда.

Жігітпен хош айтысып жүрді және,
Бет алып жүріп кетті Хорасанға.
Бір адамнан Хатымтай сауал қылып,
Шайхының келіп тұрды сомғасына.

Рұқсат алды үйіне келе қалып,
Сәлем берді шайхының қолын алып.
«Отыр» деп Хатымтайға жер көрсетті,
Шайхыға отырады назар салып.

Шайхыға назар салып отырады,
Айбатынан ұжуды қалтырады.
Шайхы бір кереметті адам еді,
— Иә, Хатым, хош келдің? — деп сөз сұрады.

Иә, Хатым, көп машақат шектің, — деді,
Уәсил боп мұрадыңа жеттің, — деді.
Мұнша көп машақатқа салған қызды,
Себеп боп оны саған қостым, — деді.

Бұл сөзді естіген соң қуанады,
Шайхының аяғына жығылады.
Шайхының аяғына басын қойып,
Орнында қарар қылып отырады.

Жолықтың биабанға келе жатып,
Қызығын бұл жалғанның кеткен сатып.
Сырын баян қылыңыз дегенінде,
Мейман бол бүгін біздің үйде жатып.

Таң атқан соң орнынан түрегелді,
Шайхыға көп жалынып ғұзыр қылды.
Мұның айтқан ниязын қабыл қылып,
Шайхы бастап жауапты береді енді.

Шайхы айтты: — Иә, Хатым, сөзім тыңда,
Алыстан машақатпен келдің мұнда.
Көріпсіз биабанда ол жігітті,
Ол жігіттің өзі бір патшазада.

Біздің бір баһшат мысал бақшамыз бар,
Ішінде бұлбұл құстар сайрап тұрар.
Бір хауыз бар ішінде тылсым еткен,
Симианша түрлі ғажайыптар.

Бір кеткен тылсымменен хауыз нұсқа,
Ол хауызға бір адам басын сұқса.
Неше түрлі көреді ғажайыптар,
Ішінде біраз тұрып сүңгіп шықса.

Есітіп бұл хабарды шаһизада,
Дарун-ділден ғашық боп келді және.
Хауызды бір көрмекке ынтық болып,
Бакамид қызмет қылды екі сәна.

Бір күні шаһзадаға жауап қылдым:
— Бір мұрадың бар шығар енді білдім.
Көңіліңдегі дертіңді білдір маған,
Бізге кеп екі сәна қызмет қылдың.

Аннан соң шаһизада қылды кәлим,
Барлық сырын әшкере қылып тамам.
Аяғыма бас ұрып жығылады,
«Хауызға бір түссем» деп шаһизада.

— Хауызыңызда бір ғұсыл қылсам, — деді,
Ғұсыл қылып көңілім тынсам, — деді,
Ғұсыл етіп пәк болып алғаннан соң,
Атамның тақтына мінсем, — деді.

Жігіттің ахуалын көрдім, — дейді,
Мен дағы оның дертін білдім, — дейді.
— Ей, жаным, бұл судан фарық бол [деп],
Жігітке көп насихат қылдым, — дейді.

Ей, жаным, бұл судан фарық бол,
Көп надамат шегерсің, айтқаным сол.
Аждаһалар жұтады десем дағы,
Сөзімді һешбір бауар қылмады ол.

Жігітті зар паришан көрдім, — дейді,
Көңіліндегі зар сырын білдім, — дейді.
Енді обал-жазығың өзіңе, — деп,
Шаһзадаға рұқсат бердім, — дейді.

Шаһзада орнынан тұрды барып,
Шайхының қуанғаннан қолын алып.
Хауыздың келіп тұрдық кенеріне,
Тамаша қылып тұрды мұнша халық.

Жуанның тамашамен өнеріне,
Хауыздың келіп едік кенеріне.
Үстіндегі киімін тастамаққа
Шаһзада пиғыл ұрды кемеріне.

Киімінің бәрін де шешіп алды,
Қарнына пота белбеу орай салды.
Паришан мұны көрген жанның бәрі,
Хауыздың басына кеп даярланды.

Насихат тағы да айттым: — Сөзімді ұқ,
Сөзімді естіп отыр жиылған көп.
Паришан қасіреттен құтылмассың,
Ғұмырдың өткенінше саргардан боп.

Қасымда зар жылады көрген адам,
Машақатын бәрін де айттым тамам.
«Бұл хауыз бір дария» десем дағы,
Ғашықтығын айтады онан жаман.

Насихат құлаққа алмай менің сөзім,
Хауыздан айырмайды екі көзін.
Біздермен уағда қып хош айтысып,
Ол хикмет дариясына салды өзін.

Біз қалдық су басында тамаша қып,
Жолығар бәлекетке әлдене ғып.
Шаһзада суға сүңгіп кетіп еді,
Бейшара не көреді судан шығып.

Судан басын шығарды шаһизада,
Бау-бақша көрінеді айдалада.
Бұлбұл құстар сайраған гүл-гүлістан,
Көзіне көрінгені әлденеме.

Бір тау тұр дүниені орап алған,
Шаһзада тауды көріп қайран қалған.
Аспанға басы жеткен тау екен деп,
Сол тауға тамаша қып назар салған.

Жүреді тауға таман қайран қалып,
Тау басына шығайын деп енді барып.
Жалаңаш келе жатыр шаһизада,
Киімінің бәрі де анда қалып.

Тауға таман келеді шаһизада,
Ешбір қарар қылмайды бір арада.
Бесінде бір кенерге келіп еді,
Ақшамғаше жүреді тауға және.

Сонда да жете алмайды тауға тіпті,
Жаһанды зұлмат қаптап қараңғы етті.
Сададан қауіп етіп дамыл алмай,
Жарым түнде ол тауға келіп жетті.

Шаһзада тауға жетіп шүкір қылды,
Отырып төңірекке назар салды.
Көзіне шаһзаданың от көрініп,
Адам жаққан от па деп пікір қылды.

«Адам болса барайын отқа таман,
От жаққан бұл арада неткен адам.
Бастан-аяқ дертімді тамам қылып,
Бір миқдар киім болса сұрап алам».

Сөйтіп отқа келеді шаһизада,
От жаққан екі зәңгі ол арада.
Қолында өткір алмас қылышы бар,
Адамқор екеуі де жүзіқара.

Жақындап шаһизада отқа келді,
Ағаштың жапырағындай тітіреді.
Ылажсыз, амалы жоқ зорға келіп,
Отырған зәңгілерге сәлем берді.

Зәңгілер шаһзаданы көреді енді,
Жейтін аңы екенін біледі енді.
Ертеден ынтызар болған аңымыз деп,
Отырғыл деп ишарат қылады енді.

Ылажсыз отырады нашар болып,
Қайғы мен қасіретке іші толып.
Шайхының насихатын алмағанға
Пұшайман отырады ғапыл болып.

— Әммеше пайда не бұған мысал бір нақыл айтұрлар кім. Хикаят:

Ілгері заманда бір көл бар еді. Ол көлдің ішінде бір балықлар мекен қылған. Күн-түн анда жүрерлер еді. Бір жыл аспаннан жаңбыр жаумады, ол көлде су бітіп, аз болмаққа бастады. Сөйте-сөйте көлдің суы зияда аз болды.

Әмма көлде отан тұтқан үш балықтың бірі айтты: — Әй, қардаштар, көрерміз бұл ұлық көлдің суы азайды. Бір күн бұ көлде су аз қалып, саядылар балық аулап, бізді тұтпаққа бастар. Ол заман ақыл таппақ күш болар, бір-бірімізге жауап берер қиын болар. Ол саяд дағы біздерді үйіне пенде етіп дүнияға келмегендей қылып, ұжудымызды пара-пара қылса керек. Енді бір ақыл жасамақ лазым-дұр.

Және де ол екі балық оған жауап берділер: — Кім саған мәжнүндік пайда болмыш, — деді. — Мұнда мұнша заманнан бері саядылар ау құрған емес. Уа бұ көлдің бойына бір адам келген емес. Мұнда саядының ісі не?! Уа әгар келсе қамымыз не, — деп жүре берді. Әмма балықтың бірі және айтты: — Рас, бұл көлде саядының ісі жоқ, ләкин келер болса, ол заман бір айла қылармыз, — деп жүре берді. Хош, енді ол бір балық дахи барып өзіні жасыратын бір жер пайда етіп сиынды.

Нақаһ бір уақыт ол көлдің суы таусылды. Бір күн саядылар ол көлге ау салды. Чон ол балықтар ол халді көрділер. Әуелгі балық мұнша заманнан бері қатер қылған жеріне барып жасырынды. Ол саяд келгенінде бір жерді пайда еттірем деген балық мың бөлаун айла[мен] өзін бір тарапқа атып, мың бөлаун бірлә саядының қолынан құтылды. Әмма ол ғапыл балық чон бұ халді көріп нашар болып, қазаға ырза деп аушының қолына түсті. Ол екісі құтылды.

Хош, назымға келелім.

Шаһзада соған ұқсап ғапыл болды,
Қазаға риза, бөлеге сабыр қылды.
Кіріптар, құтылуға шарасы жоқ,
Құл жүріп дүниядан мойын солды.

Зәңгінің бірі айтты мұны көріп,
— Кез болды несібіме өзі келіп.
Кәуап қылып мен жейін бұл адамды,
Тауып ал несібеңді сен де тұрып.

Зәңгі хұнхар біреуі сонда тұрып,
Қолына қылыш алды нағыра ұрып:
— Әй, не сенің айтқан сөзің,
Мен мұнан құр қалам ба бірге жүріп?

Қылыш алып тұрады айғай сала-ақ,
Менің де ризығым бірге талап.
Қылышпен пара-пара қылайын деп,
Зәңгі хұнхар ұмтылды бұған қарап.

Біреуі де ұмтылды оған қарап,
Ұмтылды қолына қылыш ала-ақ.
«Бар енді несібеңді тауып ал», — деп,
Қылышпен ұра берді бара сала-ақ.

Екеуі қылыштасып ұрысады,
Сарылып айдаһардай жұлысады.
Оңды-солдан лақтыр[ып] қылыш сілтеп,
Жын етіп бір-біріне тұрысады.

Қылышпен бірін-бірі шапты дейді,
Денесінен қаны судай ақты дейді.
Бірін-бірі қылышпен тураған соң,
Жан беріп екеуі де жатты дейді.

Шаһзада мұны көріп шүкір қылды,
Зәңгілердің аузынан халас болды.
Халас болып шаттанып шаһизада,
Ол кеше сол арада қарар қылды.

Зәңгілердің киімін киіп алды,
Зияда битап еді, ұйықтап қалды.
Ұйықтап қалса, таң атып қалған екен.
Көзін ашып жан-жаққа назар салды.

Шаһзада назар салып отырады,
Шәрінен зәңгілердің құтылады.
Сабах садық раушан болғанынша
Азырақ қарар қылып тоқырады.

Бар еді зәңгілердің қатындары,
Кешігіп келмей қалды қожалары.
«Не бәлеге жолығып кешікті екен,
Екеуі еді бұл таудың қасқырлары».

Сүйдеп екі қатын да тұрып кеткен,
Қасына шаһзаданың келіп жеткен.
Бұрыннан қатындар да білуші еді,
Бұл тауды екі зәңгі мекен еткен.

Көреді шаһзаданы екі қатын,
Аузына алып зәңгінің пасық атын.
Қанға қарық мұнарадай құлап жатыр,
Бұл төрізді көреді келіп жақын.

Қожасын екі қатын көрді дейді,
Бетін жыртып, шаштарын жұлды дейді.
— Қожамызды өлтірді бұл набікар,
Бізде қатыл етерміз оны, — дейді.

Қатынның бірі айтты енді сонда:
— Ей, надан, менің айтқан сөзім тыңда.
Сенің еріңді өлтірсе не қам жейсің,
Бұл жігіттің өзі бір палуанзада.

Ей, надан, сен білмейсің, не сөйлейсің,
Сенің еріңді өлтірсе не қам жейсің.
Тіпті, сірә, ынсабың жоқ па сенің,
Бұл жігіттен кегімді алам дейсің.

Сенің еріңді өлтірсе несі кетер,
Өлтірем деп таласпа құры бекер.
Үш-төрт бала үйімде жетім қалды,
Жетім қалған балаға қызмет етер.

Ол бір қатын айтады: — Ей, набікар,
Жетім қалса балаңның несі кетер?
Тірі саған қатылымды берем бе? — деп,
Сол жерде екі қатын ұрыс етер.

Оянды шаһизада ашып көзін,
Қатындардың қасында көрді өзін.
Қылыштасып, ұрысып жүр екі қатын,
Бірі-бірінің жаратпай айтқан сөзін.

Көздерін шаһизада ашты дейді,
Көрген соң есі кетіп басты дейді.
Бұл жерде тұрсам мені өлтірер деп,
Бет түзеп бір атырапқа қашты дейді.

Ышқынып шаһизада қашты дейді,
Екі қатын артынан түсті дейді.
Шаһзада медет тілеп келе жатса,
Алдынан бір арыстан шықты дейді.

Шаһзада оны көріп састы дейді,
Арыстан көріп аузын ашты дейді.
Ол арыстан құйрығын иіп алып,
Топырақты ауаға шашты дейді.

Тоқтаса өлтіреді қатын келіп,
Арыстаннан қорқады тағы көріп.
Пұшайман боп жанынан үміт үзді,
Шайхының насихаты көңіліне еніп.

Жетеді шаһзадаға қатын келіп,
Арыстан назар қылды мұны көріп.
Қолындағы қылышын көргеннен соң,
Ұмтылды қатындарға дұшпан біліп.

Қатынның біреуіне атылады,
Жалтарып бір жағынан құтылады.
Арыстанның атылған жердің тасы,
Ауаға ұшты бұрқырап топырағы.

Қатындар азар құтылған есі кетіп,
Тиғменен бір салды енді жетіп.
Арыстан ақырады жаралы боп,
Арқасынан кетіпті қылыш өтіп.

Қатынды паралады сол арада,
Бір қатынға ұмтылды тағы және.
Ол дағы қылышпенен бір салғанда,
Арыстанға түсірді тағы жара.

Көрініп арыстанның шыбын жаны,
Ашуменен паралайды оны дағы.
Арыстанның жарасы зияда боп,
Жан тәсілім қылады өзі тағы.

Шаһзада сәждеде шүкір етті дейді,
Үш бәледен құтылдым депті дейді.
Бұлардан құтылғанға шүкірлік қып,
Бір тарапты бет алып кетті дейді.

Тоқтамай шаһзада бір араға,
Жолда неше жолығып миуаларға.
Көрінген миуалардан жеді дағы,
Захмат шегіп тоқтамай жүрді және.

Ол күні жүрді тоқтамай шаһизада,
Намазшамда жетеді бір араға.
Ол кеше сол арада дамыл алып,
Сабах садық атқан соң жүрді және.

Шаһзада келе жатып тауды көрді,
Бәледен құтылдым деп шүкір қылды.
Көрінген сол тауға тұғры келіп,
Ішіне не де болса келіп кірді.

Шаһзада тау ішіне кіреді енді,
Машақатпен аралап жүреді енді.
Біразырақ ілгері жүріп еді,
Жеті басты жалмауыз көреді енді.

Бейшара үміт үзді шыбын жаннан,
Айдаһар тартайын деп демін салған.
Демімен аузына келтіре алмай,
Аузынан бір от шығып қаһарланған.

Тау-тастан бәрі жанды от тұтасып,
Құтылады шаһзада енді қашып.
Ол тау-тас қап-қара боп жанғаннан соң,
Айдаһар о да жанды қара басып.

Шат болып шаһзада жүріп кетті дейді,
Бір жақсы жай табылса депті дейді.
Күн батқанша көп мәнзил жер алады,
Намазшамда бір жерге жетті дейді.

Жалғыздық еске түсіп жылайды енді,
Көздің жасын көл қылып бұлайды енді.
Ата-ана, ел-жұрты еске түсіп,
Не де болса [сол жерде] қарар қылды.

Жатады қарар қылып сол қияда,
Машақат ойына алып шаһизада,
Азырақ таңға жақын жүріп еді,
Бір әтеш үні келді тағы және.

Шаһзада сол жүргеннен жүріп кетті,
Таң атқанша бірталай уақыт өтті.
Таң атқанша асығып жүріп еді,
Бақшаға жаннат мысал келіп жетті.

Бір гүлістан бақ шарбақ болды заһир,
Шаһизада бейшара бұл бір пақыр.
Шекер мысал ғажайып миуалары,
Бақшаға шаһизада келеді ақыр.

Ішіне ол бақтың кірді барып,
Жан-жаққа шақырады көзін салып.
Келген-кеткен еш адам болмаған соң,
Миуадан асай берді аузына алып.

Жаңадан тіріледі шаһизада,
Құлағына бір әуез келеді және.
— Миуаларды жегенді тұтыңыз, — деп,
Бір адам келе жатыр айғай сала.

Төңірекке қарайды шаһизада,
Аузындағы миуасын қоя сала.
Менен басқа кім бар деп тұрғанында,
Қорқады бір адамды көре сала.

Көрген соң бұл адамды тұрды дейді,
Қолында ағашы бар көрді дейді.
Бейшара шаһзаданы көз аштырмай,
Бір-екі ағашпенен ұрды дейді.

Және айтты: — Бейәдеп, харамзада,
Мен мұны мехнат шегіп, қылдым қала.
Қуат-күшім сарп қылып бағып жүрсем,
Сиырша асай бердің келе сала.

Далада жүре алмайтын қорқақпысың,
Бойыңда ынсабың жоқ тентекпісің?
Есекше баққа кіріп харап еттің,
Болмаса меніменен ортақпысың?

Бағбан біраз ұрысып болады енді,
Көңіліне қайғы-азар береді енді.
Шаһзада болса енді ғаріп,
Сөйлейтін бұған кезек келеді енді.

— Бейкүнә мен ғаріпті ұрдың неге,
Мен дағы бағыңызға келдім жаңа.
Амандық біразырақ бере тұрып,
Бағбан, мені де бір сөйлет-сәна.

— Ай, ата, менің айтқан сөзім тыңда,
Мен дағы бір хикметпен келдім мұнда.
Ұрдың, ұрыстың жетерлік азарладың,
Менің де дастанымнан сауал сұра.

Неше түрлі бәлелер көрдім, — дейді,
Бет алып бір тарапқа жүрдім, — дейді.
Айдаһар мен зәңгіден құтылған соң,
Кез болып бағыңызға кірдім, — дейді.

Қуандым бұл бақты көргеннен соң,
Халас болдым, ішіне кіргеннен соң.
Төгілген миуалардан біраз жедім,
Сұрайтұғын еш адам болмаған соң.

Сөзін естіп тыңдады пірдің өзі,
Хош келді шаһзаданың айтқан сөзі.
Мехнатын шаһзаданың естіген соң,
Қимайды енді ұрысуға пірдің көзі.

Бағбан мұны естіп есіркеді,
— Көп мехнат көріпсің, — деп қайран болды.
Неше түрлі бәлелерге жолықтың? — деп,
Машақатын бастан сұрайды енді.

— Машақатым қылайын сізге баян,
Көрген бәле, мехнат өзіме аян.
Әгар менің мың аузым болса дағы,
Халім келіп айта алман бәрін тамам.

Бабылда падишаның баласы едім,
Көзінің ағы менен қарасы едім.
Құданың ғажап хикмет ирадасымен
Мұнда кеп бағбаннан таяқ жедім.

Қазаға риза, бәлеге сабыр қылды,
Тезіне төмен қарап басын иді.
Енді менің қолымнан не келер, — деп,
Мұңайып шаһизада хамұш болды.

Бағбан мұның сырын естіп білді,
Халіне шаһзаданың іші күйді.
— Ол бәледен құтылдың, шүкір қыл, — деп,
Ғаріп көңілін аулап дұға қылды.

Ол қауіп-қатерден кеттің, — дейді,
Саламат бұл жайларға жеттің, — дейді.
Харамилер қолынан халас болдың,
Жар болып өзі саған бақытың, — деді.

Қам жеме енді келдің, балам, — дейді,
Бір тарапы мағмұр адам, — дейді.
Жол тауып келе алмайды бұл араға,
Қауіп жоқ зәңгілерден саған, — дейді.

Қауіп жоқ зәңгілерден енді, балам,
Бір хүкім тылсым қылған жолың тамам.
Сен дағы һеш жаққа кете алмайсың,
Мағынасын бұл мақамның қылдым баян.

Неше түрлі захмат көрдің, — дейді,
Сабыр қыл, бұл мақамға келдің, — дейді.
Бұл бақтың боласың қызметінде,
Мен де бір ақсақалды болдым, — дейді.

Өзің көрген таулардың арғы жағы,
Мысалы жоқ бір қалаға шаһар бағы.
Шаһардың іші толы көңіл ашар,
Дүниеде теңдесі жоқ қыздары бар.

Падиша қыз жатады тақтысына,
Түнде халық салады аш құсына.
Бір жігіт қақпасында түнде жатса,
Қай қыздың кез болады бақтысына.

Таңертең қыздар тұрар өз орнынан,
Қызды көрсе таниды бұрымынан.
Күнде бір қыз ашады дарбазаны,
Өздері дәстүр қылған бұрынынан.

Бір жігітті дарбазадан тауып алар,
Жетелеп қолдарынан алып барар.
Бірісінде ғейіш-ғишрат қылғаннан соң,
Қыздан жігіт айырылып ғаріп болар.

Мұны дәстүр өздері рәсім қылған,
Ол жерге жоламайды мұны білген.
Неше жылдай саргардан машақатта,
Диуана [боп] құр жүрер дүниеден.

Ол шаһардың мен сырын айттым, балам,
Машақатын қалдырмай қылдым тамам.
Саргардан боп бәлеге жолығарсың,
Ол айтқанға көңіліңді қылсаң алаң.

Бағбан қыздың жайын баян қылды,
Шаһзада өсиетін қабыл көрді.
Түрегеліп қолын алды бағбанның,
Өзіне ықыласымен пәдар білді.

Бұ дағы «балам» деді мұны көріп,
Бұ да қызмет қылады іші еріп.
Нығметтер жидырып үйретеді,
Ө деп, бұ деп қызметтен тәлім беріп.

Біреуі ұғыл, біреуі ата депті,
Көңілінен біразырақ қайғы кетті.
Жаннат мысал гүлістанды аралап,
Пірменен бірге жүріп тамаша етті.

Уәлхасыл, шаһизада бұл мақамда,
Ақшамғаше ғишрат қылған анда.
— Жәннат мысал мақамда ирам әйла,
Әй, ұғыл, бұ ағаштар саясында.

Мен шаһарға барайын енді, балам,
Бұл мақамның жайларын қылдым тамам.
Мен де, балам, келермін таң атқан соң,
Бұ сифада жата бер болмай алаң.

Пір дағы «қош, балам» деп кетті дейді,
Түн ортасы мезгілі өтті дейді.
Шаһардың қақпасына жетейін деп,
Көңіліне шаһзада кепті дейді:

— Ол пірдің тыңламай-ақ насихатын,
Басыма уқұбаттар келді жақын.
Дарбазаның түбінде бір жатайын,
Бақытыма кез болады қайсы қатын.

Тұрады шаһзада: — Барайын, — деп,
Бірісіне ғейіш-ғишрат қылайын, — деп.
Бір жолы қызық көрейін не де болса,
Соңғысын және тағы көрейін, — деп.

Орнынан шаһизада тұрды дейді,
Шаһардың жолын тауып жүрді дейді.
Бір ғажайып қала-дүр буружы бар,
Қапуларын бәнд еткен көрді дейді.

Дарбазасы берік екен келді көріп,
Біразырақ жатады ұйқы келіп.
Ұйқысынан оянса шаһизада,
Күн шығып қалған екен раушан болып.

Өңшең қыздар жанынан тұрады енді,
Бір-біріне разы болады енді.
Ол күні патша қызы кезегі екен,
Аузына дарбазаның келеді енді.

Бұйырып дарбазаны ашты дейді,
Патша қызы ілгері басты дейді.
Назар қып шаһзаданы бір көргеннен,
Қыз көріп қайран болып масты дейді.

Қыздар кеп атырабын орап алды,
Патша қызы болып қайран қалды.
Шаһзада әдеппен тұра келіп,
Мойнын бұрып бұ дағы назар салды.

Қыздар келді қасына шаһзаданың:
— Әй, жуан, жары болды бақытың сенің.
Мені білсең, бұлардың патшасымын,
Сені маған кез қылды бақытым менің.

Сүйдеп келіп қолынан тұтты дейді,
Шаһзаданың көңілі де кетті дейді.
Ғажайып неше түрлі мұнақышты
Бір гүлістан сарайға елітті дейді.

Мұны көрген адам хошы кетер,
Шаһзада мұрадына қашан жетер.
Іші сондай шаһардың қызықтығы,
Әр түрлі бұлбұл құстар паруаз етер.

Қуанып бұл жайларға келдім нағып,
Отырды жан-жағына енді бағып.
Бұрын көрген машақат-қасіреттерін
Баян қылып айтады қызға жағып.

Бір үйге шаһзаданы кіргізді енді,
Көңілін шаһзаданың тұрғызды енді.
Басқа қыздар алдында қызмет қылып,
Алтын тақтың үстіне мінгізді енді.

Қыздар келді алдына тамақ алып,
Патша қыз отырады қайран қалып.
Тамақ жеп дастарханды жиғаннан соң,
Шаһзаданың мойнына қолын салып.

Қол бағлап қыздар қызмет етті дейді,
Шаһзада бұл нәубетке жетті дейді.
Қыздардың бәріне де изн беріп,
Пері сипат ол қыздар кетті дейді.

Бұл үйде шаһзада мен бану қалды,
Шаһзада қызды көріп назар салды.
Оңаша үйде екеуі болғаннан соң,
Қыздың ол мойнына қолын салды.

Қалай болып жатса да үй оңаша,
Екеуі сүйіседі мұрадынша.
Бір-бірінің мойнына қолын салып,
Көңілінің қалай қылып сұрауынша.

Сүйісіп бірін-бірі қарық қылды,
Шаһзада жатайын деп ирақ қылды.
«Сұлтаным, амандық» деп қыз жалынды,
Шаһзада ана жерін талап қылды.

— Неше қиын машақат шектім, — дейді,
Һәрбір қатер жерлерден кештім, — дейді.
Дәрмен[сіз] бағырым чон ғаріп болып,
Қазір кеп уисалыңа жеттім, — дейді.

Қыздан жігіт айырмас екі көзін,
Жігіттің қыз естіп айтқан сөзін.
Бұлбұл кәби наз қылып «сұлтаным» деп,
Сопылыққа салады енді өзін.

— Садақа сенен кетсін уисалымыз,
Қырық күн әдет қылған уағдамыз.
Парһизкарлық қыласың оған дейін,
Қырық күннен соң болады мұрадымыз.

Асықпа оған дейін, сабыр сақта,
Менің айтқан сөзімді қабыл әйла.
Асыққан мұрадына жетпейтұғын,
Қыз жалынып айтады енді сонда.

Ұмтылып шаһзадаға өнер бітер,
Қыз айтады: — Асықпа құр бекер.
Әншейін ғейіш-ғишрат зауық қылайық,
Жақындап қырық күн деген әлі-ақ өтер.

Талапкер шаһизада енді дейді,
Уисалынан басқаға көнді дейді.
Ол қызға шаһзаданың ғашықтығы
Күннен-күнге зияда болды дейді.

Уисалын жалынса да берер емес,
Уисалын сұрағанға көнер емес.
Уисалына келгенде жанаспайды,
Байқады шаһизада, болар емес.

Қыз тоқтатты уисалын енді бермей,
Жалынған шаһзаданың сөзіне ермей.
Уисалын бермеген соң кеше-күндіз,
Жатады шаһизада ұйқы көрмей.

Шаһзада айтады енді тұрып,
Қызға қарап айтады мойнын бұрып.
— Әгар бүгін жетпесем мұрадыма,
Өлермін, — деп айтады хитап қылып.

— Сұлтаным, амандық бер маған, — дейді,
Біраз күн сабыр қылдың тамам, — дейді.
Енді біраз тағы да сабыр қылсаң,
Захматтан кетерсің аман, — дейді.

Шаһзада үй дегенге болар емес,
Қыздың айтқан сөзіне көнер емес.
Нашар болып итағат көрсетеді,
Құтылмаққа шамасы келер емес.

Қыз айтты шаһзадаға сонда тұрып:
— Азырақ шыдамадың сабыр қылып,
Жетерсің зауық қылып мұрадыңа,
Сол хауызға барып кел, ғұсыл қылып.

Бұл қыздан жылы жауап көрді дейді,
Жығылып аяғына енді дейді.
— Сұлтаным, мен ғаріпті шат қылдың, — деп,
Хауыздың кенеріне келді дейді.

Ол хауыз келіп көрсе моуж ұрған,
Басына шаһизада келіп тұрған.
— Киімдерін шешіңдер үстінен, — деп,
Қыз сонда жариаларға бұйрық қылған.

Хауызға жариалар да жетті дейді,
Үстінен киімдерін шешті дейді.
Баяд көби баданы әшкере боп,
Патша қызы тамаша етті дейді.

Бағда миянына пота байлап,
Түседі шаһизада суға бойлап.
— Әпендім, хауызға түс, көрелік, — деп,
Қыздар күліп айтады түбін ойлап.

Қуантып қыз айтады хитап қылып:
— Қайтып кел, шаһизада, ғұсыл қылып.
Ғұмырымызды бір жерде кешірелік,
Ғейіш-ғишрат қылалық дәурен сүріп.

Үшбу сөз құлағына жақты дейді,
Көңілі шаһзаданың шат-ды дейді.
Қыздың айтқан сөзіне маст болып,
Өзін-өзі хауызға атты дейді.

Шаһзада суға түсіп батты дейді,
Қыздар күліп тамаша етті дейді.
Алақан бір-біріне шапалақтап,
Дертмене дүниеден ол шекті дейді.

Шаһзада сүңгіп кетті суға түсіп,
Басын судан шығарды көзін ашып.
Назар қылса, баяғы жамағаттар
Тарқамай отыр екен жиылысып.

Бір сүңгіп шаһзада судан шықты,
Шайхыға бақшадағы көзі түсті.
Әлгі көрген қыздың бірі де жоқ,
Қиял деп көңіліне алды мұндай істі.

Киімдерін киінді шаһизада,
Көздерінен қан ағып рауана.
Халінен шаһзаданың сауал қылдық:
— Не хикметке жолықтың бұл арада?

— Сұлтаным, мен түскелі қанша болды?
Бұл дүние бір қиял, — деп зар еңіреді.
Мен айттым: — Бір минуттың мықдарындай,
Аһ ұрып бір тарапқа жүре берді.

Биабанның мағынасы осы, тыңда,
Осындай істер көрген шаһизада.
Киікпенен дауами жолдас болып,
Неше жылдар жүреді биабанда.

Хауызға ұқсар дүниеге келіп-кетпек,
Бір минут мықдарындай дүние өтпек.
Ақылы бар адамдар байқамай ма,
Бұл дүние баршаға бір түпке жетпек.

Ахуалы шаһзаданың осы болды,
Елден қашты, хайуандар досы болды.
Дауами биабанда жүреді деп,
Шайхы сөзін түгесіп хамұш болды.

Шайхының сөзі тамам болғаны

Хатымтай бұл кәлимді тыңдап алды,
Ісіне дүниенің қайран қалды.
Қызбенен ғейіш-ғишрат қыламын деп,
Бейшара шаһизада ғапыл қалды.

Шайхы айтты: — Иә, ұғыл, сөзім тыңда,
Кісіге қайыр қылсаң рия қылма.
Көңілінде зәрра қадар рия болса,
Өзіңе пайдасы жоқ әр кез анда.

Не іс қылсаң қыласың Алла үшін,
Зәрра қадар нәрсеге келсе күшің.
Мақшарда пайдасы жоқ, бәлки зарар,
Риялыққа кетпесін қылған ісің.

Жәнид әл-Жәнид дегенге қайыр қылдың,
Өзіңді сақилыққа заһир білдің.
Бұл малды кім берді деп ойламадың,
Қаст етіп өз жаныңа жәбір қылдың.

Мұнша мал қазынаға салдың, — дейді,
Бір қыздан және хабар алдың, — дейді.
Дүниеде мендей сақи жан бар ма деп,
Өзіңді ғұрұрлыққа салдың, — дейді.

Өзіңді сонша сақи көрдің, — дейді,
Сақи қыз падишаға келдің, — дейді.
Ол қызды жұфұтлыққа қабыл әйла,
Мен оны саған һиммат қылдым, — дейді.

О дағы риза болар саған келіп,
Шайхы қол көтерді дұға қылып.
Бұл жайға келгенінше әлм шектің,
Дүниеде неше түрлі захмат көріп.

Енді жүрсең барарсың Бадахшанға,
Жолында жолығарсың биабанға.

Дүниеде есінен тастамасын,
Қолың тұтып сәлем айт барсаң анда.

Хатым тұрып шайхының қолын өпті,
— Мұрадым толып жатыр менің, — депті.
Шайхымен ары-бері қош айтысып,
Бадахшан тарапына жүріп кетті.

Хатымтай: — Көп машақат шектім, — деді,
Шайхыдан хабар естіп кеттім, — деді.
О дағы бір алысқа жұмсамады,
Іздеген мұрадыма жеттім, — деді.

Біледі көпті көрген асыл жайын,
Қисса оқып сіздерге қылдым дайын.
Шайхымен амандасып жүріп кетті
Бадахшан тарапына Хатымтайың.

Хатымтай соны ойлап жүріп кетті,
Арада неше мәнзил күндер өтті.
Күндіз-түні жол жүріп дамыл алмай,
Шаһзада жүрген жерге келіп жетті.

Хатымтай мұны көрді қайран қалып,
Жүр екен шаһизада зікір салып.
Өзі де сәлем беріп халін сұрап,
Және шайхы сәлемін айтты барып.

Айырылып және жүрді шаһзададан,
Азырақ пікір ойлап дүниеден.
Бірнеше күн жол жүріп ақыр бір күн
Бір қалға көрінеді Бадахшаннан.

Көрген соң қуанады Бадахшанды,
Жолда жүріп қиналған ғаріп жан-ды.
Өзі шаршап зияда битап еді,
Бір азырақ бір жерде дамыл алды.

Тағы жүрді орнынан тұрып дейді,
Ескішеге қарата жүріп дейді.
«Биабанның ахуалынан хабар беріп,
Оның сырын да алармын біліп», — дейді.

Ескішеге келді де берді сәлем,
Сәлемнен соң амандық қылды кәлим.
— Хош келдің, иә, Хатымтай, сафа келдің,
Бұ жолдың машақатын көрдің тамам.

Мархаба, аман-есен келдің, — дейді,
Машақатқа мен себеп болдым, — дейді.
Иншалла, жеттің бе мұрадыңа,
Жолда қанша мехнаттар көрдің, — дейді.

Хатым айтты: — Иә, кісі, тыңда сөзім,
Машақаттар көп көрді менің көзім.
Көргенімді айтуға ниһаят жоқ,
Мен кеткелі қандайсың сенің өзің?

— Сен кеткелі паришан болдым, — дейді,
Машақатын көп көрдің жолдың, — дейді.
Ренжіттім алысқа бекер сілтеп,
Жүрмегіңе мен себеп болдым, — дейді.

Сен кеткен соң өкіндім пұшайман боп,
Артыңнан көп жер қудым қамыңды жеп.
Сен кеткелі гөриан қайғыдамын,
Мұнда бекер сырымды айтпадым деп.

Ол күндер қайғыменен өтті, — дейді,
Қайғымен өлер едім, — депті дейді.
Бихамдулла, саламат көргізді, — деп,
Түрегеп көздерінен өпті дейді.

Хатымтай да ол ерге іші еріп,
Ғажайыптар көп көрдім сапар жүріп.
Ахуалы меңземес һеш нәрсеге,
Биабаннан бастармын хабар беріп.

Хатымтайға айтады: — Мейман бол үйге жүріп,
Машақаттар көп көрдің түзде жүріп.
Бендеңіздің мүшкүлін кешеде қыл,
Биабан ахуалынан хабар беріп.

Түрегеліп дүкенін жапты барып,
Хатымтайды келеді үйіне алып.
Көһ Қаптан күн батып зұлмат қаптап,
Жаһан жүзі қараңғы көз байланып.

Неше түрлі тағамдар даяр етті,
Хатымтай шәрбат ішіп, тағам жепті.
Дастархан жиғаннан соң дұға қылып,
Биабан ахуалынан сауал етті.

Биабанның ахуалын есіткені

— Киікпен жолдас болып жүргенінен,
Биабанда саргардан болғанынан,
Халас қыл мүшкүлімнен хабар беріп,
Ол жігіттің машақат көргенінен.

Хатымтай сөз бастауға ыңғайланды,
Ескіше құлақ салып тыңдайды енді.
Шаһзада ахуалын естігенше,
Көңілін олай-бұлай бұрмайды енді.

Хатымтай сөз бастайды бастан-аяқ,
Ескіше отырады салып құлақ.
Адамдардан қашады, аңмен жолдас,
Ел-жұртынан айырылып жүрген саяқ.

Өзінің биабанға барғанынан,
Биабанның арманда қалғанынан.
Биабан тағы сілтеп Хорасанға,
Шайхыдан дәлел хабар алғанынан.

Шаһзада хабар естіп кеткендерін,
Суға түсіп машақат шеккендерін.

Баршасын бір-бір айтып баян қылды,
Шайхыға келіп қызмет еткендерін.

Хауызға келіп басын сұққандарын,
Ішіне бір-ақ сүңгіп шыққандарын.
Хауызға басын сұғып шыққанынша,
Арада бір минуттай өткендерін.

Бұл жауапты естіп Хатымтайдан,
Ахуалын естіп болды қайран.
Ғажайыптар көріпті машақат деп,
Өзінікін ұмытты дүниеден.

Хатым айтты: — Ей, дертменде дүниеде,
Дүние сарайына келсе бенде.
Мүптала дерт шекпеген адам болмас,
Өзің дағы дерттісің қияс қылма.

Кімде-кім дүниеге енді, — дейді,
Амалсыз машақаттар көрді, — дейді.
Мұнша жылдар машақат ахуалым,
Басыма уқұбаттар келді, — дейді.

Уәлаятымнан ауара түстім, — дейді,
Бұ жиһан сарайларын кештім, — дейді.
Дертсіз адам жоқ екен дүниеде,
Мен дағы бірталайды есіттім, — дейді.

Тәж-тағын тәрік қылған шаһизада,
Зікір салып жүреді биабанда.
Ахуалыңды баян қыл енді маған,
Жүретұғын жолым көп тағы және.

Ескіше шаһзаданың ахуалын есіткеннен кейін өз халін білдіре гені

Ескіше айтты: — Иә, Хатым, сөзім тыңда,
Атамыз бай кісі еді заманында.
Мысырдың шаһарында отан қылдық,
Малының білмеуші еді қисабын да.

Не қадар базарқандар келер еді,
Алдында қызметкердей тұрар еді.
Бір нәрсеге мұқтаж болып келсе,
Сұрап келген нәрсесін берер еді.

Тыңдатып алып отыр Хатымтайға,
Ортақтары бар еді қайсы жайда.
Мысырда бар еді дүкендері,
Менің де ғұмырым хош ғишраттарда.

Мал қанша хараж қылсам жетер еді,
Күнде қызық ғишратпен өтер еді.
Көңілім не тілесе соны қылып,
Ғұмырым зауықпенен кетер еді.

Ақшаға жаным тола сыймас еді,
Ата-анам білсе дағы тыймас еді.
Ақылы кіргеннен соң қояды деп,
Жалғыз бала болған соң қимас еді.

Мен жүрдім бұл зауқымды қызық көріп,
Ғейіш-ғишрат, зауықты күнде сүріп.
Атам бір күн ауырды хаста болып,
Көрсеттік бір тәбипті алып келіп.

Тәбип тамыр ұстады келгеннен соң,
Кім тоқтатар пимана толғаннан соң.
Келген тәбип һәр түрлі дәру қылды,
Тәбип қайтсін лажы болмаған соң.

Хикаят

Иә, Хатым, құлағың сал мына сөзге,
Бір хикаят айтайын енді сізге.
Хазірет Сүлеймен сол уақыт
Өсиет қылып кеткен сіз бен бізге.

Тақ Сүлеймен бір күні ауырыпты,
Ғұлама тәбиптерді жидырыпты.

Хаким Лұқпан ішінде, қанша тәбип
Тамыр тұтып ылажын білдіріпті.

Тамырында дауа жоқ Сүлейменге,
Тірі жүруі аз екен дүниеде.
Өлесің деп айтпақты қиын көріп:
— Сенің дертің дауасы, нәби Алла,

Адамсыз топырақты қаратыңыз,
Топырақтан бір-бір дақ түзетіңіз.
Ол бір дақтан су ішсең жазыласың,
Бойыңнан тазарады захматыңыз.

Сүлеймен тәбиптерден мұны көрді,
Не қуатты жындарға әмір қылды.
Мұхиттың ортасында бір аралдан
Бір қабде топырақты алып келді.

Тағы да көһ Қапқа жындар барып,
Оларға шаршау бар ма, өліп-талып,
Асып барып жетінші қалғасынан,
Бір таза топырақты келді алып.

Жеті жерден алыпты жеті бір дақ,
Тап дегенін алдырды Сүлеймен-ақ.
Қанша дауа қылса да жазыла ма,
Таянып келіп тұр ғой ажалы нақ.

Тақ Сүлеймен пайғамбар әмір қылды,
Шақырып бір адамды алып келді.
Алтын таба үстіне жеті жерге
Бір дақты басқа-басқа бөліп қойды.

Хұп латиф жеті бір дақ пайда болды,
Құзырына Сүлейменнің алып келді.
Баршасын көргеннен соң көңілі ұнатып,
Мұны істеген ұстаға инғам қылды.

Сүлеймен патшалығын асырыпты,
Дию, пері өзі келіп бас ұрыпты.
Топыраққа муәккіл періштені
Бір «Есім Ағзам» оқып шақыртыпты.

Ол періште алдына қазір келді,
Сүлеймен пайғамбарға дұға қылды.
— Шақырдың, нәби Алла, не жұмысқа,
Мұрады шарифіңіз не-дүр енді?

Сүлеймен ол мәліктен сауал қылды,
Ол періште және де жауап берді:
— Бұл бір дақ мағынасына шорқақпын, — деп,
Бір «Есім Ағзамнан» хабар берді.

— Ол «Есім Ағзамды» тіліңе сал,
Бір дақтың күнде бірін қолыңа ал.
Бір періште алдыңа қазір келіп,
Бір дақтан жауап берер ғажайыптар.

Адамзат халық болып жүрер, — деді,
Бір күні ажал жетіп өлер, — деді.
Ғарық болсын дарияға, отқа жансын,
Күзетші бір періште қояр, — деді.

Ол «Есімді» оқысаң өзі келіп,
Адамның топырағынан хабар беріп.
Ол мәлік өз жайына қайтып кетті,
Сүлейменге «Есімнен» тағлым беріп.

Бір дақтың күнде бірін қолына алды,
Сүлеймен ол «Есімді» зікір қылды.
Бір мәлік сол арада қазір келіп,
Бір дақтың ахуалынан сауал сұрды.

Ол мәлік Сүлейменге берді жауап:
— Саудагер бір кісі еді бұл топырақ.
Сіз — расул, топыраққа мен күзетші,
Дүниеде адамсыз болмайды дақ.

Кемесі суға ғарық болды, — дейді,
Ғарық болып дарияда өлді, — дейді.
Дарияның түбіне батып кеткен,
Әшкере жер жүзіне келді, — дейді.

Бұл бір даққа тіл берсін Хақ Тағала,
Сауалыңды бұлардан сұрап қара.
Бір дақтардан сауалды сұрағанда,
— Біз де өзіңдей адам [болдық] дүнияда.

Біз дағы дүниеде дәурен сүрдік,
Бу жаһан сарайына сыймас болдық.
Кейіміз патша, кейіміз бұқара боп,
Ажал жетіп қасіретте ақыр өлдік.

Дүниеден неше жандар өтті дейді,
Кезек-кезек ажалы жетті дейді.
Ғұмырымыз бір сағаттай болмады деп,
Қайтадан топырақ болып кетті дейді.

Сүлеймен бұл ахуалдарды көрді көзі,
«Ажал жетті маған» деп аңлады өзі.
«Адамсыз топырақтан су ішсең», — деп,
Ишарат тәбиптердің айтқан сөзі.

Ажалына дәрмен жоқ деген сөзі,
Жад қылып баршасына жетті көзі.
Енді кезек келеді дастаныма,
Сүлеймен сонымен тоқталды өзі.

Мақсұтқа қайттық

Бұл қиссаны жад қылған Есжан өзім,
Османлы кітабынан көрді көзім.
Сүлейменді осыған мысал қылып,
Хатымтай дастанына келді сөзім.

— Тәбиптер неше ылаж етті, — дейді,
Еш ылажын таба алмай кетті, — дейді.

Ажал мықтап жағасын ұстаған соң,
Қол жуып дүниеден өтті, — дейді.

Аз күннен соң және өлді анам, — дейді,
Біраз уақыт кешікпей заман, — дейді.
Ата-анамнан айрылып жалғыз қалдым,
Сонша малмен бір үйде тамам, — дейді.

Мысырдың харамилері маған келіп,
Бір қатынды мақтайды хабар беріп.
Ғейіш-ғишрат зауық қылып мен де жүрем,
Мені жолдан шығарды тағлым беріп.

Зауық қылып мен де қадам бастым, — дейді,
Ақшаны ауық-ауық шаштым, — дейді.
Қайда сұлу көрінсе зауық қылып,
Неше қыздың бәкірін аштым, — дейді.

Атамның достары келүр еді,
Менің мұндай екенім білүр еді.
Құлағыма кірмейді бірде-бірі,
О деп, бұ деп насихат берүр еді.

Бағзы достар келді: — Сұлтаным, — деп,
Екінші мұндай істі қылмаңыз, — деп.
Бұл малыңыз түгесілсе қиын болар,
Мұндай харам жолына жүрмеңіз, — деп.

Олардың насихатын алмадым мен,
Барлық малды харамға жалдадым мен.
Атамменен бұл малға ортақ па деп,
Ешбір ізгі жолына бармадым мен.

Атам малмен дүниеге келгені жоқ,
Өзімнің жігіттігім көңіліме тоқ.
Әгар бұл мал қолымнан дайық болса,
Мал жиылар бір кәсіп қылармын деп.

Ақыры сонша малдың бәрі бітті,
Ғейіш-ғишрат қылғаным түпке жетті.
Үй-мүлкі, киім-кешек, бәрін саттым,
Иә, Хатым, сонша малдың қайғысы өтті.

Иә, Хатым, мұнша малым бәрі кетті,
Харамилер бәрі де қашып бітті.
Талығымның шырағы қайта жанып,
Үндістаннан бір лалам душар етті.

Атамнан көп мал алып кеткен екен,
Сауданы Үндістанда еткен екен.
Дүниеде көп малға еге болып,
Атам өлген хабары жеткен екен.

Мархабат қып жылады мені көріп,
Халіме назар қылды іші еріп.
— Малыңды тауыспа [деп] бір насихат
Айтатын адам жоқ па тағлым беріп?

— Мың адам айтқан шығар тағлым беріп,
Ңешбіріне көнбедім тіліне еріп.
Атама жақын болған достарының
Насихат бәрі де айтты мені көріп.

Мен кеттім мал таусылып налан-гөриан,
Ол күнде бір ақшаға мұқтажбын [мен].
Сонша мал біткеніне іші күйіп,
Ол лалам мені көріп қалды қайран.

Зар жылап көзден жасын төкті, — дейді,
Сен өліп, атаң қалса еп-ті, — дейді.
Неше түрлі заһардай ащы сөзбен
Ңәрбірі азарлап сөкті, — дейді.

Сөгіп-сөгіп атамның берді малын:
— Маған қарыз болмасын, қолыңа алың.
Маған жақын бір жерден дүкен алып,
Дүкенге сал бұл малды шашпа, жаным.

Лалам берген дүкенге малды салдым,
Бірге барып біреуден сатып алдым.
Екі жыл алыс-беріс сауда қылып,
Бір күн лалам кетіп, мен жалғыз қалдым.

Екі жыл жолдас болған лалам, қані,
Нәпсі шайтан ғалбе қылды мені.
Бұрынғы ғейіш-ғишрат еске түсіп,
Ібіліс шайтан бір жолға бастағаны.

Нәпсі һауа еркіме қояр емес,
Қанша сабыр қылсам да болар емес.
Бір күн тұрып кеңестім қабырғаммен,
Бұл зауықтан ешбір нәрсе өнер емес.

«Бұ малды жоқ орынға жұмсамайын,
Қыз айттырып алайын, ақшам дайын.
Некаһлап алайын көңіл беріп,
Нәпсі һауа жолына қарамайын».

Бұ сөзді көңіліме мақұл көрдім,
Шүбһасыз достарыма хабар бердім.
— Бір сұлу қатын болса ескеріңдер,
Некаһлап алатұғын маған, — дедім.

Елден іздеп бір сұлу тапшы, — дедім,
Бір сұлу қыз бола ма, бақшы, — дедім.
Қасы қара, жүздері қызыл болсын,
Сондай сұлу болады жақсы, — дедім.

Қатындар қыз көрмекке кетті дейді,
Арада біраз уақыт өтті дейді.
«Бір сұлу қатын көрдім бір жайда», — деп,
Бір хабар біреуінен жетті дейді.

— Ол қатын дәл жиырма жаста, — дейді,
Байы өлген сапира, бос-ты, — дейді.
Тіліні алсаң соны ал, алаң болма,
Басқа қыз іздеуіңді таста, — дейді.

Жүзі сұлу, шырайлы жақсы, — дейді,
Соны алып көңіліңді басшы, — дейді.
Ондай сұлу қатын жоқ бұл Мысырда,
Айтқанымдай болмаса сөкші, — дейді.

— Сопы ма? — деп сұрадым тағы және,
Қатын айтты: — Тақуа, жаным бала.
Намаз оқып, дұғасын тамам қылар,
Менен басқа адамнан тағы сұра.

— Аса қатты мақтадың оны, — дедім,
Және сопы дедіңіз мұны, — дедім.
Бек сопысы шайтанның масқарасы,
Не де болса алайын соны, — дедім.

Кеңестім көршілерге хабар беріп,
Олар да куә болды сөзіме еріп.
Өзін һеш адамға есіттірмейді,
Қарамас намахрамға көзі көріп.

Жібердім бір кісіні жаушы қылып,
«Мен жағынан жауапты алшы біліп».
Қалың малын берген соң муазиндер,
Маған қосты қатынды некаһ қылып.

Қатынды алып мұратқа жеттім, — дейді,
Ағла зияпаттар еттім, — дейді.
Мақтауынан зияда артық көріп,
Қайран болып өзімнен кеттім, — дейді.

Жан-ділден ғашық болдым жүздеріне,
Сөйлеген тамаша етіп сөздеріне.
Күннен-күн ғашықтығым зияда боп,
Ынтық боп жәудіреген көздеріне.

Сол күні мұрадыма жеттім, — дейді,
Құшақтап көздерінен өптім, — дейді.
Қатынмен түні бойы зауық қылып,
Түрегеліп моншаға кеттім, — дейді.

Моншаға құйынған соң келдім және,
Алдыма тағам қойды дәмді, сірә.
Тамға арқасын сүйеніп тұрып еді,
Мен айттым: — Бірге жейік, бері қара.

Көзімді айырмаймын қарауымнан.
— Көзім нұры, дертімнің дәрменісің,
Жанымда отырсаңшы, бірге жейік,
Сенсіз менің ас өтпес тамағымнан.

— Қарамай жей беріңіз маған, — деді,
Тәрк әдептік болады жаман, — деді.
Қазір жалғыз өзіңіз жей беріңіз,
Соңыра мен де жермін тамам, — деді.

Ғашықтығым зияда болдым, — дейді,
Әдептік тағзымын көрдім, — дейді.
Аманат бір Құдаға тапсырдым деп,
Базарда дүкеніме келдім, — дейді.

Базардан үйге келдім дүкен жауып,
Алдымнан қарсы шықты хабар тауып.
Екеуіміз құшақтасып үйге кірдік,
Қылмаймын бұл ісінен һешбір қауіп.

Алдыма неше түрлі қойды тағам,
Ол бірге жемеген соң, болдым алаң.
«Тағамды бірге жейік отыр» десем,
Ғұзыр қып жалынады бұрынғыдан:

— Асла захмат шекпеңіз менің үшін,
Тағамды жалғыз жеуге келер күшім.
Иә, Хатым, ол мекердің айтқан сөзі,
Үшбу халмен келеді күндіз-кешім.

Иә, Хатым, тыңда айтқан сөзім, — дейді,
Көрмесем шыдамайды көзім, — дейді.
Жан-ділмен ғашық болам диуана боп,
Бір сағат көрмей тұрсам жүзін, — дейді.

Көрмесем бола жаздап диуана,
Сонша көңіл бекіттім мен де және.
О да сурет көрсетіп ықыласымен,
Бір жастыққа бас қойдық екі сәна.

Тағам бірге жемейді меніменен,
Қауіп қылып жүремін сонымменен.
Бір дерті мұның және бар шығар деп,
Пікір қылып жүремін сонымменен.

Бір төсекке бас қойдық екі сәна,
Менен басқа етпеді муамала.
Гүл реңді жүздеріне шат боламын,
Күннен-күнге ғашықтық боп зияда.

Көңілімнен кетпейді бұ дертім һеш,
Басыма миясар болды бұ суда-түс.
Уқабат бір жыл өтті тағы арадан,
Қайран болдым бұл іске ерте уа кеш.

Бұрын көңілім жоқ еді илағаны,
Бірге отырып тағамды жемегені.
«Бірге жесем тәрк әдеп боламын деп,
Соңыра жеймін дегені — не дегені».

Ойымнан еш кетпейді жүрген жерде,
— Бір қайғы-қасірет бар ма енді сенде?
Бірге же тағамды, не дертіңді айт,
Дәруіш пе едің, жағдайың білдір менде.

Үй деген сөз көңіліне жақпас, — дейді,
Бірге жейік дегенді ұқпас, — дейді.
Бұл сырыңды баян қыл маған десем,
Соңыра менің жүзіме бақпас, — дейді.

Бір сыры бар екенін білдім енді,
Қатынның ахуалын сездім енді.
Көңіліме тас басып сабыр қылдым,
Уасуасадан һеш шықпай жүрдім енді.

Бір күн қажы Мұртаза зияпаттар,
Зияпат қып шақырды халайықтар.
Нілдің бір кенерінде бір жақсы жай,
Мақам тұтқан бір түрлі ғажайыптар.

Бұл қажы Мұртазаның ол арада
Бір бағы болушы еді құп тамаша.
Мысырдың лайықты жері еді,
Ашыналарын шақырған ол тарапқа.

Ол мақамға құрдырып қойды шатыр,
Шақырған ашыналары барып жатыр.
Патшаларға лайық зияпат қып,
Халыққа ихсан, сақилық қылды заһир.

Олармен мен де бірге бардым, — дейді.
Нығметтерін фәрауан көрдім, — дейді.
Біреу өй деп, біреу бүй деп жатыр,
Мен де сөзге құлағым түрдім, — дейді.

Хикаяттар сөйлейді жиылған көп,
Біреу қатын жағынан айтады кеп.
Олардың айтқан сөзін есіткен соң,
Менің дағы көңіліме келді ғой дөп.

Менің де бір дертім бар көңіліме аян,
Бұл сырды не қылса да жұртқа жаям.
— Мен дағы мүпталамын бір дертке, — деп,
Оларға ахуалымды қылдым баян.

Іштерінен білетін қатынымды,
— Құр бекер жамандама қатыныңды.
Ол қатындай Мысырда бір қатын жоқ,
Дерттімін деп тауыспа ақылыңды.

Сен оның опасызын көрдің қайдан,
Сенің қатының хош жақсы жұмламыздан.
Құр далаға сөйлеме жалған айтып,
Жамандап қатыныңды қылдың әрмен.

Мен айттым: — Сөздеріңіз рас, — дедім,
Бір нәрсені қыламын қияс, — дедім.
Үлкен қатты менің бір мүшкүлім бар,
Сол мүшкілден қылыңыз халас, — дедім.

Қатын ап үйленгелі үш жыл болды,
Олар тыңлап отырды айтқан жолды.
Бірге тағам жемейді сонан бері,
Үлкен дерт боп ішіме қайғы толды.

Алдыма тағам қояр алуан-алуан,
Бірге тағам жемейді суфрадан.
Қанша тілек қылсам да қол сұнбайды,
Мұрады не екенін біле алман.

Ол маған жауап айтар сонда тұрып,
Әдеппенен айтады бетін бұрып.
— Зияда үлкен айып, ұят іс қой,
Ерменен тағам жемек бірге отырып.

— Рұқсат бердім, отыр қасымызда,
Ойнап-күліп бір жейік асымыз да.
Қабыл қылып қасымда отырмайды,
Сіздердің бар ма бұл іс басыңызда.

Олар бұ сөзді естіп болды қайран,
Мен айттым: — Бір пәресін қылдым баян.
Ұйқыдан оянғанда еті мұздай,
Үлкен дертім бірі осы, қылдым аян.

Және бір сыр қылайын сізге баян,
Сіздер мұның себебін ойлап қараң.
Мен айттым: күшпенен бір есінейді,
Естіген қайран болды онан жаман.

Олардың біреуі айтты: — Баралық біз,
Қажы Абданы оңаша алалық біз.
Ол кісі мұндай істі көп біледі,
Бұл сөзді сол кісіге салалық біз.

Шақырып қажы Абданы алып келдік,
Бұл сырды бастан-аяқ баян қылдық.
Біраз ойлап отырды қажы Абдан,
— Мұндай іс хабарыңда бар ма? — дедік.

Қажы айтты: — Шақырған соң келдім, — деді,
Бұл дертіңді көп ойлап көрдім, — деді.
Байқадым сенің айтқан ахуалыңды,
Мен бұған екі жауап білдім, — деді.

* * *

Бір хикаят айтайын сізге, — деді,
Бір адам келіп айтты бізге, — деді.
Рұмда оның көрген ахуалы
Дәлел келді осы айтқан сөзге, — деді.

Ол кісі айтты: — Рұмда жүргенімді,
Нақылын қылайын білгенімді.
Һауаның сұхбатында ойын ойнап,
Сол ойында айтайын көргенімді.

Бір күн ойын ойнадық енді барып,
Қапалы адам қалатын сапаланып.
Жасырынбақ ойнадық сол арада,
Жасырындым бір күбі тауып алып.

Көршінің қапусынан ендім, — деді,
Бақшаның бір жеріне келдім, — деді.
Ішінен бір күбіні тауып алып,
Сол күбінің ішіне кірдім, — деді.

Сиқыршы қатын келді түнде тұрып,
Қолына бір жыланды қамшы қылып.
Сол қораның иесі қатын еді,
Ол күбінің үстіне алды мініп.

Күбіге «һида» деді әфсүн оқып,
Күрілдеп күбі кетті аспанға ұшып.

Аспанда шарқ айналып келе жатыр,
Жасырынып келемін зәрем ұшып.

Күбі кетті аспанға шырқ айналып,
Мен де кеттім ішінде болып ғайып.
Жыланмен ұрғанында түтін шығып,
Ақыры бір мәнзилге енді барып.

Сиқыршы ол күбіден түсті, — деді,
Қыдырып бір тарапты кетті, — деді.
Күбіден басым шығарып сабыр қылып,
Жан-жағыма тамаша еттім, — деді.

Бір дарақ, үлкен ағаш көрдім, — деді,
Жас та болса миуадан тердім, — деді.
Ол күбіден шығуға қауіп қылып,
Қайтадан жасырынып кірдім, — деді.

Біраздан соң сиқыршы келді, — деді,
Әфсүн оқып күпке мінді, — деді.
Қауіп еттім бір бәлеге жолықтым деп,
Өзінің қорасына енді, — деді.

Ол сиқыршы күптен тұрып кетті,
О дағы қорыққанынан сабыр етті.
Жолдастары таба алмай отыр екен,
Бір уақта сәлем беріп кіріп кепті.

— Иә, бірадар, жақсы-хош келдің, — деді,
Түні бойы сен қайда едің? — деді.
Ол айтты: — Иә, бірадар, нелер көрдім,
Олар айтты: — Не нәрсе көрдің? — деді.

Ол жігіт көргендерін қылды баян,
Біраз миуа шығарды қойынынан.
Бұл миуа Үндістанның миуасы деп
Есітіп хадисімді қалды қайран.

Садық болса қатының тұрып кетер,
Бұл істен зәрра ғапыл болма бекер.
Ұйықтаған боп ояу жат төсегіңде,
Бір хабар өзі-дағы заһир етер.

Олар айтты: — Иә, қажы, және бір сөз,
Қатыны бірге өзімен тағам жемес.
«Тәрк әдептік болады» деп айтады екен,
Бұнысына не себеп болады кез?

Қажы айтты: — Бір себеп болады кез,
Жәдулер қасам беріп айтады сөз:
«Еріңмен бірге отырып тамақ жеме»,
Ерімен сол себептен тағам жемес.

Таралып ол мәжіліс өтті дейді,
Һәркім үйді-үйіне кетті дейді.
— Сен кеткелі көздерім қанға толды,
Жолыңа қарай-қарай, — депті дейді.

Кешіктің деп алдымнан қарсы жүрді,
Орныма ізетпенен отырғызды.
Әуелгіден зияда бой көрсетіп,
Қажы айтқан сездірмей үшбу сырды.

Сыр білдірмей мұғамле еттім, — дейді.
Айтқан сөзі жадымда көптің, — дейді.
Ей, әпендім, дертімнің дәрмені деп,
Құшақтап ләбтерінен өптім, — дейді.

Ақшам болып алдыма қойды тағам,
Не қылса да сөз естіп көңілім алаң.
Өзі отырмай шегініп кейін кетті,
«Тәрк әдеп боламын» деп онан жаман.

— Отыр, тағам бірге же меніменен,
Қылсаңшы аярлықты ебіменен.
Мені сен алдап жүрсің аярлық қып,
Мекера, ісім түссін сеніменен.

О дағы үндемеді, жаттым, — дейді,
Ұйықтаған боп көздерімді жаптым, — дейді.
Бір уақыт қатыным тұрып кетті,
Мен де артынан абайлап бақтым, — дейді.

Мен де артынан ілесе шықтым, — дейді,
Мен дағы дарбазадан кештім, — дейді.
Перғауын моласына бара жатыр,
Мен де артына адаспай түстім, — дейді.

Жиылған өңшең шайтан ол молаға,
Мен де келіп қарадым масқараға.
Өңшең жәду, шайтаннан тағлым алған,
Шәкірт болып әлейһи алинаға.

Оларға Ібіліс тағлым етті, — дейді,
Бәрі де тағлым алып кетті, — дейді.
Қараңғыда қатыным мені көрмей,
Бір мазарға алдымнан өтті, — дейді.

Бірдеме деп мазардың аузын ашты,
Ішін жарып, жүрегін алып қапты.
Онан бұрын төсекке келіп жаттым,
Аузы-мұрнын пәк қылып тазалапты.

Төсекке бұрын жаттым үйге келіп,
О да келді ілесе қойныма еніп.
Жүрегім орнында тоқтамады,
Қатынның қылған ісін көзім көріп.

Таң атып раушан болды жердің жүзі,
Түнде мені көрген жоқ қатын көзі.
Алдыма дастарханмен тағам қойып,
Шегініп кейін тұрды қатын өзі.

Мен дағы оған бүйдеп үндемейтін,
О да бұрын қатты сөз сөйлемейтін.
— Ей, күшік, бері отыр бірге жейік,
Мен диуананың бегі емес жалғыз жейтін.

— Сізбен бірге жемеймін мені десең,
Тіл алмайсың, сырымды сұрама десем.
Не үшін мені зорлайсың қылтың тиіп,
Тәрк әдептік боламын бірге жесем.

— Ей, мекер, сен немене дедің, — дедім,
Бұ кеше қайда барып едің, — дедім.
Перғауын моласына түнде барып,
Бір адамның жүрегін жедің, — дедім.

Сен келдің Ібілістен тағлым алып,
Кеттің сен, төсекте мен жалғыз қалып.
Менімен бірге жеуге әдебің бар,
Моладан жүрек жедің түнде барып.

Сені мен жүруші едім қызық біліп,
Мені алдап сен жүрсің мазақ қылып.
Адам етін жегенде арланбайсың,
Сені мен өлтірейін азап қылып.

Бұл жауапты естіп қатын сонда,
Шынымен жаңа келді азабына.
— Һәй, надан, айтпадым ба әуел баста,
Бұл сырдың асылын һеш менен сұрама.

Сен енді халіңді көр, надан, — деді,
Не қыламын көресің саған, — деді.
Қолына қолын ұрып пәнжелерін,
Көтеріп келе жатыр маған, — деді.

Қолдарына қарадым назар салып,
Көрген соң зәрем ұшты есім ауып.
Қолдары ділауардың найзасындай,
Жалынып зорға құтылдым ебін тауып.

Жалынған соң: — Амандық бердім, — деді,
Сенен мен көп жақсылық көрдім, — деді.
Талақ сал да бір жаққа көрінбей кет,
Болмаса өлтіретін ердім, — деді.

Онан мен өлерімді білдім, — дейді,
Жүзіне өп-өтірік күлдім, — дейді.
Мен сенен айрылмаймын, сұлтаным, — деп,
Өтірік жалынған боп көрдім, — дейді.

Ол малғұн жалынғанды білер емес,
Жалынды деп рақым қылар емес.
Қаһарланса қылатын астын-үстін,
Мысырды бір сағатқа қояр емес.

Мен бердім талақ оған енді барып,
Талақ беріп құтылдым аман қалып.
Қауіп қылып одан қорыққанымнан,
Мен келдім бұл шаһарға басымды алып.

— Иә, Хатым, менің айтқан сөзім тыңда,
Қол жуып дүниеден келдім мұнда.
Бұл уақта есікшілік кәсіп қылдым,
Жеткізер ризығым Құдауанда.

Менің мұнда екенім білмейді ол,
Білсе әгар өлтіруге үзбейді қол.
Бұл ара ол мекерге алыс емес,
Бір жылап, бір күлмегім себебі сол.

Қорқамын ол мекерден зәрем ұшып,
Қорыққаннан бұл диарға келдім көшіп.
Бағырыма құшқандай қуанамын,
Бұрынғы жақсылығы еске түсіп.

Иманды құл — Алланың досы, — дейді,
Көңілімнің еш келмейді хошы, — дейді.
Қылған ісі мекердің естен кетпей,
Бір күліп, бір жылауым осы, — дейді.

* * *

Иә, Хатым, менің сырым сол-ды, — дейді,
Қасірет һәр кез астам болды, — дейді.

Хамуш болып қылады сөзін тамам,
Қатын көрсем шошимын енді, — дейді.

Хатымтай бұл ахуалға құлақ салды,
Бұл сырды құлақ салып ұғып алды.
Қатынның мекерінен қасіретті,
Саргардан болыпсың деп қайран қалды.

Ескі фаруштың сырын ғажап білді,
Қол жайып ескі фарушқа дұға қылды.
Екі қиын мүшкүлім ашылды деп,
Хатымтай жүрісті ойлап талап қылды.

Лайық зияпаттар етті, — деді,
Сөйлесіп неше сөздер кешті, — деді.
Әгар менің диарым жақын болса,
Ихсан қылар едім депті, — дейді.

Сабах садық атқан соң тұрады енді,
Жүрмектің тарадытын қылады енді.
— Әй, бірадар, дұғадан ұмытпа, — деп,
Уағда хош айтысып жүреді енді.

Жүреді Табарстанның жолын тұтып,
Желден жылдам жүреді жолды өтіп.
Неше мәнзил жол алды аз заманда,
Жайға қарап жатқан жоқ жолдас күтіп.

Құданың «Есім шарифін» тілге салып,
Көрген қиын ісіне қайран қалып.
Табарстан жолымен келе жатыр,
Сағынып тәж-тақытын көңіліне алып.

Мұрад алдым Хорасан, Бадахшаннан,
Және мұрад алайын Табарстаннан.
Мұнараға бір шығып, түскенінің
Асылын және білсем муазиннен.

Жолда неше келеді таулар кешіп,
Өлімнен қауіп қылады зәресі ұшып.
Жолда неше ғаріптер ашына болып,
Һәрбір сөздер айтады еске түсіп.

Олар тыңдап Хатымның айтқан сөзін,
Құлақ қойып тыңдайды салып көзін.
Мұның бір патша екенін қайдан білсін,
Жиһан кезген саяхатшы біледі өзін.

Әлқисса, Хатымтай саях, ғалым болып, мұндай жаһан сарайын кезіп, сәйір уа тамаша етемін деп бұ бәйітті оқыды:

Кісі кенді ризасилә шығып төрк диар етпес,
Себепсіз ғаріптің қаһарын өзіне ықтияр етпес.
Оқып өз дертін ортаға салұр ерді.

Хатымтай о деп бұ деп келе жатыр,
Бір күні Табарстан болды заһир.
Гуя жүмла захматтан халас болып,
Зияда ғамден азат болды ақыр.

Қуанып Табарстанға жақын келді,
Кідірмей дарбазаның ішіне енді.
Аяғы тозаң болып, кеудесі ашық,
Белгілі азаншыға сәлем берді.

Ол азаншы сәлемін әлік алған,
— Иә, Хатым, хош келдің, — деп назар салған.
Іздеген мүшкүлімді біліп келсең,
Зияда бұл жаһанда болдың балуан.

Хатым айтты: — Алысқа ұзаттыңыз,
Зияда біздің көрген захматымыз.
Барғанымнан хабарды біліп келдім,
Ынтызармын жауапты бере алсаңыз.

— Бүгін біздің боларсыз қонағымыз,
Тыныққан соң есітерсіз жауабымыз.

Ұзақ жолдан келдіңіз арып-шаршап,
Нақыл қылсам таусылмас сауалымыз.

Жанына отырғызып ізет қылды,
Қасында ирам әйлап қарар қылды.
Мұнша неге кеш қалдың дегенінде,
Ол шайхыдан қайтқанын баян қылды.

Қожа бір-бір естіп қылды ғажап,
Дүкенде көп кешікпей сөйлесті аз-ақ.
Ақшам уақты болған соң сол арадан,
Хатымды ертіп жүрді дүкен жаба-ақ.

Азаншы Хатымтайды ертіп жүрді,
Жоғары отырғызып ізет қылды.
Неше алуан тағамдар әзір қылып,
Орталыққа раушан мом жандырды.

Хатымтай ішті, жеді тағамынан,
Отырып ескішені сауал қылған.
Қатынмен бірге көрген мажарасы
Әуелден ақырына қылды баян.

Тәржіме қылды деген бұ да бір ат,
Хатымтай бастан-аяқ қылады жад.
Естімеген сырларын естіген соң,
Көңілі азаншының болады шат.

Есітіп есікшіден мұнша кепті,
Ол дертін есікшінің ғажап етті.
— Иә, Хатым, тыңлағыл сөзімді, — деп,
Өзінің ахуалын баян етті.

— Сырымды мен айтайын әуел бастан,
Бұл шаһар өзің көрген Табарстан.
Атам үшбу мәсжидте азан айтты,
Атама бір ауру араласқан.

Бір күні атам ауырды хаста болып,
Тапсырды муазиндігін маған беріп.
Кәсібіміз мәсжидте азаншылық,
Қызметін қолдан қойма ада қылып.

Мәсжидте азан айтып жүрдім, — дейді,
Бір күні орнымнан тұрдым, — дейді.
Сабах садық екен деп қияс қылсам,
Байқасам түн ортасы білдім, — дейді.

Есігін мұнараның аштым, — дейді,
Жоғары жүріп қадам бастым, — дейді.
Мұнарада бір темжид оқиын, — деп,
Көңілімде ойлаған қасад, — дейді.

Басына мұнараның шықтым келіп,
Шошыдым бір ғажайып құсты көріп.
Ол құстың кәтталығы түйедей бар,
Мұнара жығылар деп қорқу кіріп.

Ол құсты тұтайын деп бастым қадам,
Хабарсыз бұл сырымнан ешбір адам.
Ақырын аңдаусызда келдім дағы,
Мықтап ұстап жабыстым аяғынан.

Құс ұшты менен қорқып мұнарадан,
Ілініп аяғында мен де барам.
Не болғаным білмедім, кете бердім,
Ақылымнан айрылып болдым қайран.

Не қыларым білмедім, енді састым,
Бір уақта есім жиып көзім аштым.
Мұхиттан да ары өтіп кеттім ғой, — деп,
Не екенін білмедім таудың, тастың.

Ол құстың аяғында кеттім шауып,
Алатұғын адам жоқ мені тауып.
Бір ойладым қолымнан жіберсем деп,
Жан тәтті екен, өлімнен қылдым қауіп.

Қайрат қылып аяғын жібермедім,
Құс та битап болғанын енді білдім.
Құс төмендеп аяғым жерге жетті,
Құдаға хамду фәрауан шүкір қылдым.

Құс аяғын қолымнан қоя бердім,
Тоқтамай ол арада тағы жүрдім.
Көрінді бір ғажайып мазарстан,
Жанына ол мазарға келіп жеттім.

Бір араб ол мазарға келіп жетті,
Бір панар қарсы алдымда заһир етті.
Асығып бір биік тас енді артына,
Жасырынып тұрмаққа көңілім кетті.

Назар салып мен көрдім шамға қарап,
Қасыма жақын келді бір қара араб.
Арқасындағы панарын жерге қойып,
Бір жерден тауып алды темір күрек.

Күрекпен бір ағаштың түбін қазған,
Кей адам сондай іспен жолдан азған.
Ағашты алып тастаса — асты қуыс,
Ішіне шаммен түсті араб жазған.

Молдалар хат жазады қағаз жайып,
Ол араб жерге кіріп болды ғайып.
Ол қуыста бір құббе есігі бар,
Мен де көрдім ақырын таңғажайып.

Құббені шаммен жарық етті, — дейді,
Мен де түзеп қарадым бетті, — дейді.
Сүмбіл шашты ішінде бір сұлу қыз,
Қызды көріп ақылым кетті, — дейді.

Қызды көріп мың жанмен қылдым мейіл,
Қызбен қылар ма еді деп көңілім сейіл.
Ол қыздың жанына кеп араб айтты,
«Назнин, маған көн» деп болып зейіл.

Өлтірсе де қыз сөзге көнер емес,
Арабтың сұрағанын берер емес.
Аузына келген сөзді сөйлей берді,
Арабтың һеш еркіне жүрер емес.

Қыз арабтың қолынан болды жаман,
Тіліне келген сөзді сөйлей берген.
Ол арабтың зияда ғадабы кеп,
Ол қызға қамшы алып болды мәриан.

Сонша ұрды ол қызды енді араб,
Қамшы кірді етіне тарап-тарап.
Қыз ақылсыз сол жерде болып қалды,
Панардың жарығымен тұрмын қарап.

Араб кетті алдына кесе қойып,
Тас артына сақтандым мен де келіп.
Ол құббенің аузын қайта жапты,
Сыртқы аузына тағы да топырақ шекіп.

Аузына белгі қылып ағаш тікті,
Бағда шамын алып қайтып кетті.
Өз дертімді ұмыттым қызды көріп,
Менің де есімді алып маст етті.

Ол қыздың махаббаты көңілімде бар,
Ішімнен аһ ұрып қыламын зар.
Қыз бен араб кім екен, қайдан жүр деп,
Ол түн мазарстанда қылдым қарар.

Ол түн өтіп орнымнан тұрдым, — дейді,
Бір жол тауып ілгері жүрдім, — дейді.
Бір төбенің үстінде назар қылсам,
Бір нәзік, үлкен шаһар көрдім, — дейді.

Бет түзеп ол шаһарға жүрдім, — дейді,
Шаһардың қақпасынан кірдім, — дейді.
Адамның ғаләбәсі атырапқа
Жайылған үлкен шаһар көрдім, — дейді.

Мұндай шаһар көрмедім ғұмырымда,
Көшесін араладым енді мен де.
Қайран қалып жүр едім бұ шаһарға,
Сауал қылдым біреуден бір арада.

Болады жазғытұрым әуел баһар,
Ол құстың аяғында көрдім хатар.
Тоқтатып ол адамнан сауал қылдым,
— Аты бұл шаһардың қандай шаһар?

— Һеш жөнін бұл шаһардың біліп пе едің,
Бұл жайды бұрын келіп көріп пе едің?
Сонда менің жүзіме қарап айтты:
— Жолымен бұл шаһардың жүріп пе едің?

Мен айттым: — Бұл шаһарды көргенім жоқ,
Бұрын естіп хабарын білгенім жоқ.
Ол кісі айтты: — Бұл кішік Самарқан-дүр,
Ғажайып бір шаһар-дүр бақшасы көп.

Сонда менен ол адам сұрады сөз:
— Сен қайдан келесің? — деп, бер жауапты тез.
— Келемін Табарстан шаһарынан,
Бұл жайға бір хикметпен жолықтым кез.

Ол кісі маған айтты: — Ей, диуана,
Маған сен жалған айттың, бермен қара.
Бұрын оқып тарихта көріп едім,
Табарстан қала бұл жерден отыз сәна.

Жеттің бе жиырмаға, жетпедің бе,
Жалған айтып сөзіңді айтпадың ба.
Маған сен осы арада жалған айттың,
Алысқа ұзап кеттің бе, кетпедің бе?

Мен дағы жауап қылмай жүре бердім,
Базарының ішіне кіре бердім.
Базарын тамаша қып келе жатып,
Бір делдал жар шақырған оны көрдім.

Делдалбасы кісінің құзырында
Отырды қол көтеріп қылып дұға.
Басқа делдал бәрі де «әумин» дейді,
Бір делдал ілгері кеп қылды нида.

— Он күн болды патшаның қызы ғайып,
Һәркім бір сахат хабар берсе тауып.
Ол адамға патша көп инғам етер,
Бұл іске жұрттың бәрі таңғажайып.

Бәлки патша өзіне күйеу етер,
Тауып берген кісінің несі кетер.
Кімде-кім естіп білсең хабарын бер,
Қызын алып, күйеу бол, жүрме бекер.

Делдалдың бұл ахуалын көрдім, — дейді,
«Бері кел» деп ишарат қылдым, — дейді.
Делдалдың енді бардым қарсы алдына,
Патшы қызы екенін білдім, — дейді.

Делдалды алып шықтым оңашаға,
— Ей, делдал, мені алып бар патшаға,
Патшаға айтатұғын мұрадым бар,
Алдыма делдал түсіп жүрді және.

Патшаның сарайына келдік, — дейді,
Ішкері рұқсатпенен кірдік, — дейді.
Патша мені кірсін деп шақырған соң,
Алдында әдеп қылып тұрдық, — дейді.

Патша жылап өлуге кепті, — дейді,
Көздері жасқа толып кетті, — дейді.
Мен дағы халін көріп рақым қылдым,
Түрегеп көздерімнен өпті, — дейді.

Патша айтты: — Дертіме бердің хабар,
Қызымнан бар ма маған хабар табар?
Мен айттым: — Қызыңыздан хабар білдім,
Менің және сізден бір тілегім бар.

Патша айтты: — Тілегіңді бердім, — дейді,
Не десең де сөзіңе ердім, — дейді.
Шат болып бауырына мені басты,
Сабыр қып ақшамғаша тұрдым, — дейді.

Жиырмадай жігіт ап енді жүрдім,
Һәрбіріне бір өткір қылыш бердім.
Мазарға кеп бір жерге жасырынды,
Өзім және бір жерді қарар қылдым.

Енді оған ынтызар болып тұрдым,
Машғаләсі намаян енді көрдім.
Араб келіп панарын жерге тікті,
Бұларға әзір бол деп әмір қылдым.

Ол ағашты жерінен қопарды енді,
Ол құббенің есігі көрінді енді.
«Баршаңыз бірден ұмтыл һұжұм қылып»,
Бұлар да қылыш алып нағыра ұрды.

Арабты қылышпенен ұра берді,
Араб тағы бұларды көзі көрді.
Мен дағы қоймашы деп айқай салдым,
Араб тағы бір көрре нағыра ұрды.

Темірмен о да ұрды келе сала,
Бұларды ұрып жыға жүзіқара.
Не пайда, ақырында көптік қылып
Арабты жығып, қылдық пара-пара.

Зәңгіден зақым жеді ол ділауар,
Бірнешесін зәңгі һәлак қылған шығар.
Патшаны қуантып «сүйінші ал» деп,
Жіберді падишаға енді бұлар.

Патшаның қатыны да қайғы етіп,
О да шат боп қуанды қайғы кетіп.
Патшаның әмірімен шаттық көріп,
Күббеден қызын алып келді жетіп.

Он күн, он түн патша қылды тойды,
Патшаға Құдай берген ақыл-ойды.
Сарайға мені алып кеп кіргізді де,
Өзіме тақдым беріп уәзір қылды.

Өзіме бір оңаша үй сарай берді,
Қыз өзіне келген соң некаһ қылды.
Қырық кеш, қырық күндіз тойын қылып,
Не қадар ойын-күлкі шаттық қылды.

Мені апарып кіргізді моншасына,
Күйеу болдым патшаның ханшасына.
Неше түрлі либасқа қарық қылды,
Ғажап қылдым дәулеттің соншасына.

Осынша ізет-құрмет көрдім, — дейді,
Мол дәулеттің ішіне кірдім, — дейді.
Дәулет пен бақ жар болса, мұндай болсын,
Ол құста захмат шегіп жүрдім, — дейді.

Ол күнде әзиз жаннан үміт кестім,
Не қадар мол дәулетке енді жеттім.
«Әгар да уәлаятым жақын болса,
Білер-ді кім екенім менің», — деппін.

Муазиндер алдымда некаһ қылып,
Сарай ішін раушан жарық қылып.
Қасымдағы кісілер таралған соң,
Төсекте қыз қойнына жаттым кіріп.

Патшаға күйеу болып жүрдім аман,
Ішінде Самарқанның неше заман.
Басқа уәзірлер бұ халді көргеннен соң,
Баршасы қастық ойлап маған жаман.

Баршасы кеңес қылған бір арада:
— Алыстан қаңғып келген уәлад зина.
Бағырымыз қан болды, бақытымыз жоқ,
Мұның дертін шегеміз не замана.

Бұл хариф түнеугі күн келді мұнда,
Бір хайла қылсақ керек бұған, сірә.
Диуана бізге лайық іс қылмады,
Һәм уәзір, күйеу болды патшамызға.

Біздерге қиын болды үшбу кісі,
Жақты ғой падишаға қылған ісі.
Құлыңнан біз де халас болар едік,
Жақпаса падишаға бір қылмысы.

Бірі айтты уәзірдің: — Білдім бұған,
Бір пікір қабыл болса ойлап соған.
Олар дағы сұрады: — Не ойладың? — деп,
Мұны қылсақ падиша бермес аман.

Бұл сөзді үйретелік қызға тамам,
Біздер де падишаға және айталық.
Мені араб сарайдан алған заман,
Жанында және бар-дүр десін адам.

Күйеуің ұғры-дүр, өзі жаман,
Харами-дүр күйеуің қас-дүр саған.
Тәж-тақытың бәрін де забут қылып,
Пұрсат тапса өзіңе бермес аман.

«Не білдің?» деп сұраса падиша бізден,
Біз сырды жасырмаймыз, тақсыр, сізден.
Қызыңызды сарайдан ұғырлап алып,
Және кеп сүйінші алды өзіңізден.

Бұл жігіт арабпенен жолдас екен,
Екеуі ұғырлық қылған сырлас екен.
Падиша, сақтанып жүр қас-ты сізге,
Бір әлм бәрімізге қылмаса екен.

Сүйдеп айтсақ падиша нанар, — деді,
Хақиқат қыздан сауал қылар, — деді.
Сөзді сүйтіп құялық бір араға,
Бір күн пұрсат айтатын болар, — деді.

Оңашасын күзетті енді олар,
Пұрсат тауып айтады енді бұлар.
Сіздердің сөздеріңіз аңланар деп,
Жаһан көрмей патшаның көзі тұнар.

— Бұл істен ол адамның жоқ хабары,
Ғалат сөйлеп болмаңыздар күнәһары.
Нақақ жерде біреудің қанын жүктеп,
Асы болып жүрмеңдер онан ары.

Олар және патшаға айтады сөз,
— Әгар, патша, бар болса рұқсатыңыз.
Ұрлағанда біреу ме, екеу ме деп,
Қызыңыздан мұның жайын сұратыңыз.

Патша сонда қызынан сауал айтар,
Қызы да «екі кісі» деп жауап айтар.
Патшаның екі көзі қанға толып,
Маған азап қылмақшы құры бекер.

Өлтірмекке жіберді уәзірлерін,
Малғұндар жанына алды жалладтарын.
Дүниенің ықпалын біз көрдік деп,
Маған тігіп келіпті қаһарларын.

Мен де үлкен бақшада жүрдім, — дейді,
Ішінде ғейіш-ғишрат қылдым, — дейді.
Бәшір атты біреумен дос-жар едім,
Қағаз ап Бәшір келді, көрдім, — дейді.

Қағаз беріп асығып шығып кетті,
Қағазды алып ақылым, есім кетті.
Бұлардың ахуалын білгеннен соң,
Енді ойладым: басыма ажал жетті.

Енді ойлап қашпаққа пікір еттім,
Бақшадан шынымды айтпай шығып кеттім.
Бұ күнде дос болса да қас қылар деп,
Қызметкерім бәрінен жүдә түстім.

Мен кеттім ұғырланып аттай желіп,
Бақшадан кететұғын жолды біліп.
Алды-артыма қарамай кете бердім,
Уәзірлер мені сұрай баққа келіп.

Артыма олар түсіп кетті, — дейді,
Қаштың деп бір нағыра етті, — дейді.
Олар атты, мен жаяу қашып келем,
Құтыларсың, бәлем деп жетті, — дейді.

Жақындап келіп қалды енді бұлар,
Хақтан өзге кім маған жәрдем қылар.
Жетсе маған амандық берер емес,
«Иә, Раббым, медет бер» деп қыламын зар.

Зар қылып келе жатып құсты көрдім,
Мені ап келген құс екен енді білдім.
Дүниеден бейхабар отыр екен,
Шат болып дәрмен істеп шүкір қылдым.

Бой ұрып құсқа таман кеттім, — дейді,
Ақырын кеп қасына жеттім, — дейді.
Махкам екі қолмен бірдей ұстап,
Алұрып аяғынан тұттым, — дейді.

Құс және менен үркіп ұшты, — дейді,
Көтеріліп ауаға кетті, — дейді.
Бақытың сенің жар болып, әй,набікар,
Халас болып құтылдың енді, — дейді.

Бұлар кетіп жөніне қайтып кетті,
Заһира ахуалымды мағлұм етті.
Сонша қатты құс ұшты менен үркіп,
Қалжырап мұрныма жаным жетті.

Екі қолым қалжырап көрдім зәбір,
Жіберсем деп ойладым көңілімде бір.
Сол уақыт қараңғы ақшам болды,
Жіберуге жан тәтті, қылдым сабыр.

Білмеймін есім кетіп тау мен тасты,
Білмеймін неше алыс жерден асты.
Шүкірлік қып аяғын қоя бердім,
Құс төмендеп, аяғым жерді басты.

Ол құс дағы зияда болды битап,
Мен ілгері жүріп кеттім, кейін құс қап.
Бір мазар ислам[и] кез болды да,
Сағынып нұр саиданы жаттым зарлап.

Зар жылап біраздан соң есім жидым,
Жарымнан айырылған соң енді күйдім.
Пұл бар ма деп жанымды тінтіп едім,
Мың алтыным бар екен, енді білдім.

Қуандым жанымда мың алтыным қалып,
Байыдым мол ақшаға енді жарып.
Түзеліп таң атқан соң тағы жүрдім,
Сол жерде, шүкірлік, ұйықтап алып.

Секіріп ол арадан кеттім, — дейді,
Бір төбеден ілгері өттім, — дейді.
Назар қылсам махкам буруждары
Муаззам бір шаһарға жеттім, — дейді.

Көп екен атырабында бақшалары,
Бақтары ниһаятсыз соның бәрі.
Қапудан енді ішкері кіріп көрдім,
Мысал тылсым еткен биналары.

Асыл тас істегені алуан-алуан,
Адамы көп ішінде мұхит болған.
— Бұл шаһардың аты не, не қала? — деп,
Мен бейшара біреуден сауал қылған.

Ол адам сұраған соң берді жауап:
— Мұны Орта Самарқан десе сауап.
— Кішік Самарқан бұ жерден не миқдар? — деп,
Ғажап қылдым ол ерден қайта сұрап.

— Тез жүрген тоқтамастан әгар адам,
Самарқан қырық жылдық жол бұл арадан.
Шаһарды тамаша қып келе жатсам,
Бір араға зияда халық жиылған.

Бір адамнан сауалды айттым және:
— Шыққан-көрген белгісіз бұл арада,
Бұл арада не бар? — деп сұрағанда,
Ол кісі айтты: — Бұл өзі қаһуахана.

Мен де барып қаһуа іштім, — дейді,
Қаһуада неше әуез естідім, — дейді.
Қаһуаның ақшасын берейін деп,
Белімнен кемерімді шештім, — дейді.

Қарасам, белімдегі алтыным жоқ,
Қарадым һәр жерімді о деп, бұ деп.
Қаһуашыға бір нәрсе кепіл қойып,
Мазардан іздеп келдім, түсірдім деп.

Мазардан алтынымды іздеп көрдім,
Қаһуашының қасына қайтып келдім.
Қаһуашы «не болды?» деп сауал қылды,
Қайғылы, халім нашар енді білдім.

— Алтыным таба алмадым іздеп барып,
Қайғылы әлм шектім алтын қалып.
— Бір адамға тапсырып жіберейін,
Сұрасаң тауып берер ақшаңды алып.

Сабыр қылып отырдым бір азырақ,
Зияда хабар естіп көңілім шат.
Мың тілла бір адамнан жоғалса,
Оны тауып беретін не деген зат.

Қарар қып қаһуада тұрдым енді,
Ақшамның жоқтығына олар сенді.
Сабыр қып қаһуада отыр едім,
Заманнан соң сақалды біреу келді.

— Хұсайын, бұ жігітті алшы, — деді,
Ғаріптің сауабына қалшы, — деді.
Ақшасын сұрап әпер бұ жігіттің,
Қажы Әли ағаға баршы, — деді.

Ол кісі мені жылдам алып жүрді,
— Ақшаң нағып түсті? — деп сауал қылды.
Көргенімді мен дағы баян қылдым,
Ол менің ахуалымды енді білді.

Әли қажы дегенге келді[к], — дейді,
Хұсайын келіп сәлем берді, — дейді.
Алтынымның жоқтығын естіген соң,
«Бері кел, байқайын» деп көрді, — дейді.

— Ғаріп боп қай арадан жеттің, — дейді,
Алтының қайда дайығ еттің? — дейді.
— Пәлен жерде мазарда жоғалттым, — деп,
Қожаға солай нақыл еттім, — дейді.

Қожа сонда аралап қалталарын,
Алдыма жамиғ қылды соның бәрін.
Кейі алтын, кейі күміс, кейі жауһар,
— Бақ, жігіт, мұнда бар ма алтындарың?

— Алтыным мұнда жоқ, — деп болдым бейхал,
Бір алтынды шығарып берді де: — Бар,
Бүгін мұны хараж қыл кепілмен[ен],
Ертең менен кел дағы алтыныңды ал.

Қажыға дұға қылып шығып кеттім,
Түп-тура қаһуаға келіп жеттім.
Қаһуаға келген соң ұйықтап қалдым,
Ап келген бір алтынды хараж еттім.

Ерте тұрып қажыға бардым, — дейді,
Түп-түгел алтынымды алдым, — дейді.
Мен дағы қажыға мың дұға қылып,
Бұ іске таңғажайып қалдым, — дейді.

Ол дәстүр бұл шаһардың әдеті екен,
Біраз күн пәтерді қылдым мекен.
Күндіз барып базардан қаһуа ішіп,
Кеш болғанда пәтерге қайтып кетем.

Бір күн достым бірі айтты: — Маған ерсең,
Бұ шаһар ахуалынан бейхабарсың.
Мұнда жүрсең сені мен үйлендірем,
Менің айтқан сөзімді мақұл көрсең.

Мен мақұл дегеннен соң алып келді,
Ұлық ахуалымнан сауал қылды.
Қыз бен қатын таңдатып, бір қатынды
Имамдар шақырып кеп некаһ қылды.

Пәлен жайда бір қожа өлген екен,
Өзі ғани, ақшалы болған екен.
Құрға тастап кез болды мен ғаріпке,
Қатыны артында тұл қалған екен.

Ол ұлық сарайына бардым, — дейді,
Некаһлап ол қатынды алдым, — дейді.
Қызметке қол бағлап тұр жариалар,
Мың жаныммен ғашық болып қалдым, — дейді.

Қатынменен жақындық еттім, — дейді,
Ділбардың гүл жүзінен өптім, — дейді.
Зияда түні бойы өбіп-құшып,
Моншаға ғұсыл үшін кеттім, — дейді.

Моншадан ғұсыл қылып қайттым және,
Көргенше ғашығымды көңілім ала.
Күніне бір алтыннан хараж қылып,
Бір күні ақша бітіп түсті сәна.

Белімдегі алтыным бітті, — дейді,
Паришан боп ақылым кетті, — дейді.
Өңі-түсім боз болып үйге келдім,
Қатын көріп икрам етті, — дейді.

Икрам-ізет қылып қарсы шықты,
Түсім көріп көңілімнен сауал етті.
— Түсің қашып паришан болып келдің,
Әгар сенің қажетің мал ма? — депті.

Мал үшін, ерім, қапа болмашы зар,
Дүкенімде жүз кисе ақшалық мал.
Ерім опат болғалы жабулы тұр,
Мен берейін дәптерін, қолыңа ал.

Қолыңа дәптер алып базарға бар,
Киседегі ақшаға көзіңді сал.
Кәсіп қылып сауда қыл ақшаменен,
Бірге алғаның бірге сат пайдасы [сол].

Ол қатын риза қылды көңілім тауып,
Ол кеше қатынменен қылдым зауық.
Намаз оқып дәптерін қолыма алдым,
Бустанға бармаққа көңілім ауып.

Базарға енді қадам бастым, — дейді,
Келдім де дүкен аузын аштым, — дейді.
Қасымдағы адамдар мүбәрәк деп,
Һәркімге сауда қылып саттым, — дейді.

Бірге алып, бірге саттым ақшаларын,
Қатынымның айтқанын қылдым бәрін.
Мыңға алып, мыңға саттым төкрар қып,
Бәрі соның ішінде хараждарым.

Харажымды әндиша қылдым мен де,
Бұ қадар сауда қылдым бустанда.
Ішкен-жеген, жұмсаған еске түсіп,
Әлм қайғы зияда көңілімде.

— Жыл басында қисапты алам, — деді,
Қатын сөзін алмайтын шарам жоқ-ты.
Бірге алған малымды екі қылсаң,
Саған ол малым болсын харам, — деді.

Нашар болып бір жылша қылдым сауда,
Жамағатпен тамаша қылдым бақта.
Бір-біріне қылатын қастығы жоқ,
Зауық-сапа, ғейіш-ғишрат қылдым анда.

Бәрі де адамының кішіпейіл,
Кішісі үлкеніне қылмас зейіл.
Үлкенінің кішісіне зорлығы жоқ,
Құдаға тәуекелшіл өзі бір ел.

Осындай ынсапты елді көрдім, — дейді,
Бір сәна сауда қылып жүрдім, — дейді.
Сауда қылып бір жылдың басы болды,
Қатынмен ғейіш-ғишрат қылдым, — дейді.

Қатын айтты: — Дертімнің дәрмені,
Ертең шақыр қажы Салих Мұстапаны.
Жиылған нұқұд-ақша алтын менен,
Алып кел дәптер менен нәрселерді.

Дәптердің мужабиінше қисап қылам,
Қисап қандай болады енді көрем.
Дәптер мен һәрне бәрін ап келіңіз,
Ахуал қандай болар енді білем.

Қатыным сүйдеп әмір етті, — дейді,
Менің де ақыл-есім кетті, — дейді.
Шерменде халім қандай болады деп,
Ол түнім қайғыменен өтті, — дейді.

Ішім қайғы-дертпенен тұрдым, — дейді,
Дүкенге қадам басып жүрдім, — дейді.
Дәптер менен нәрсенің бәрін алып,
Адамдарын шақырып келдім, — дейді.

Алтындарды бір жерге төктім, — дейді,
Ыңғайына қараймын көптің, — дейді.
Қатын қисап қылады дәптерменен,
Мен де қисап дәптерменен еттім, — дейді.

Бір ақша кем қылмады, не зияда,
Төгіліп жатқан ақша бізге пайда.
Мұны көріп зияда ғажап қылдым,
— Берекет берген, — деді, — Құдауанда.

Мен айттым: — Бірін алып бірге саттым,
Және де мыңын алып, мыңға саттым.
Жаңылып аузыма түсіп кетті,
«Бұл малдың берекеті қайдан?» деппін.

Көрдім сонда қатыным азан-қазан,
Қатын айқай салған соң кетті мазам.
— Ерім менің Аллаға асы болды,
Кәміл мұны өлтіріңіз деп қылды фаған.

Енді ойладым: басыма ажал жетер,
Достарымның бәрі де тіпті қатер.
Қолдарына жалаңаш қылыш алып,
Қатын болса тоқтамай фариад етер.

Қатын айтты: — Өлмегі болды уәжіп,
Өлтіруге тұрайын енді нағып.
Өлтіруде шүба жоқ, пара қылар,
Қашатұғын жағымды енді бағып.

Не қыларым біле алмай састым, — дейді,
Нардбандан төмен қарай бастым, — дейді.
Тез жүгіріп қақпадан шыққаннан соң,
Бет алып бір тарапты қаштым, — дейді.

Менен хабар алғанның бәрі дұшпан,
Артыма қылыш алып қуа шыққан.
Бұлардан құтылатын heш шара жоқ,
Хикмет Құда — бір хабар алдым құстан.

Ол құс тағы алдымнан болды пайда,
Халасқа себеп болды осындайда.
Ақырын кеп аяғынан махкам тұттым,
Жалладтар ұстайтұғын енді қайда.

«Набікар, құтылдың» деп қалды олар,
Құда біздей ғаріпке жары болар.
Құтылған соң Құдаға шүкірлік қып,
Күнәһыма мен қылдым астағыпар.

Құс байқұс менен үркіп енді састы,
Білмеймін көңілім ғамкін таудай тасты.
Құс ұшты кешке дейін ақшамғаша,
Құс төмендеп, аяғым жерді басты.

Құс аяғын қолымнан қоя бердім,
Һеш мағынасын білмеймін түскен жердің.
Қуанып оңды-солға назар қылып,
Бір ағашты, миуалық жерді көрдім.

Білмеймін түн ішінде кетер жолды,
Ағашты қарар қылдым, ерте болды.
Бұл жер кімнің жері деп түрегелдім,
Күн шығып жердің жүзі нұрға толды.

Мен дағы орынымнан түрегелдім,
Ол миуалық ағашқа назар қылдым.
Жатқан жерім бір баһшат бағы мысал,
Неше түрлі жемістер енді көрдім.

Қылыштан құтылғанға көңілім тоқ,
Тілмен мақтап айта алмас рахаты шоқ.
Неше бұлақ хауызды араладым,
Ғұмырымда мұндай мақам көргенім жоқ.

Су ішіп миуалардан жедім, — дейді,
Залымдардан құтылған едім, — дейді.
Залымдардың қолынан құтылғанға
Құдаға хамду, шүкір дедім, — дейді.

Күн батып ақшам болды көз байланып,
Бір жерде қарар қылдым енді айланып.
Бұл мақамның бар шығар егесі деп,
Ұйықтап қарар қылмадым һеш жайланып.

Шам жанып бір [кезде] болды жарық,
Бұл бақтың егесі екен, білдім анық.
Жасырынар бір жерді таба алмадым,
Иә, Хатым, оңды-солға назар салып.

Шам жағып жақынырақ келді бұлар,
Шам алдында жүр екен сұлу ділбар.
Ділбардың атырабын орап алған,
Жанында жүр биқисап жариалар.

Мен жатқан көшеге кеп енді бұлар,
Ұстағаны қолына алтын шамдар.
Мом жағып көшелерді жарық қылып,
Майданға неше асыл төседілер.

Майданға енді отырды қарар қылып,
Сахилар шарап берді енді жүріп.
Ол нұр саида бір кесе толтырып ап,
Мен жаққа назар салды мені біліп.

— Ол ғаріп бері мұнда келсін, — деді,
Біздің мәжілісімізді көрсін, — деді.
Мұнда алып кел ғаріпті жалғыз қоймай,
Бізбен бірге сұхбат қылсын, — деді.

Шақырған мәжілісіне келдім, — дейді,
Бір еркек жоқ, өңшең қыз көрдім, — дейді.
Қыздардың баршасына көзім салып,
Аяғына бас ұрып тұрдым, — дейді.

Хатирым бәрін сұрап алды қолға:
— Әй, ғаріп, қайдан келдің енді мұнда?
Бұ жолға захмат шегіп түстің қайдан,
Кімге таныс боласың біздің елде?

Бұ жаққа дәлел болып кез келдің сен,
Ап келіп бұл мақамнан хабар берген.
Менің көңілім тоқталып әмин болсын,
Халіңді баян әйла, білейін мен.

Мен айттым: — Не қыласың халім сұрап,
Бір бөлек хикаятым — дастан ұзақ.
Әгар айтсам мехнатым таусылмайды,
Дертімді шарх қылып айтсам мұрад.

Дерт илә хамұш болған қасіретті мен,
Биһұшпын, халім нашар, сұлтан хаубан.
Машақатты көп көрген дертмендені
Сөйлетіп не қыласың, бану жаһан.

Қыз сонда халім менің сұрды және,
Маған айтты: — Наужуан, бері қара.
Біздер сіздей ғаріпке жары боламыз,
Мархабат лайықтап ахуал сенга.

Есітіп ахуалыңды білер едім,
Халімше қызмет қылып көрер едім.
Осындай машақатқа нағып түстің,
Біржола сізбен мен де жүрер едім.

Мен айттым: — Жаһан кезген саудагер мен,
Дарияда ғарық болып малдан безген.
Тас ұрып кеме сынып халас болдым,
Ділбар күліп тоқтады үшбу сөзбен.

Қолындағы кесесін берді маған:
— Сен бір ғаріп задасың, әй, наужуан.
Менен алып ішіңіз бұл кесені,
Абхаят ішкендей қазір хадара илейна.

Рас, сіз де дүниеде жаһан кезген,
Біздей неше ділбарды көрдің көзден.
Сәйір қылдың дүниені тамаша етіп,
Бір сұлу көрдіңіз бе артық бізден?!

Әлемде мендей сұлу көрдің бе? — деп,
Зауық қылып һешбірімен жүрдің бе? — деп.
Өзінің сұлулығын арыз қылды,
Биназир мендей сұлу білдің бе? — деп.

Қыздарға назар салып көрдім қасад,
Бірінен-бірі сұлу, емес песет.
Мұндай жамал иесі[н] көрмеген соң,
Мәжнүн есім ауып тұрдым масат.

Қиылған қасы қара көрдім, — дейді,
Оларды тамаша етіп тұрдым, — дейді.
Ол қыздың кесесінен шарап ішіп,
Қайтадан өз қолына бердім, — дейді.

Ғашық болып көңілімді алды, — дейді,
Наз қып қолын мойныма салды, — дейді.
Шекердей қыздың лебі есімді алып,
Мен ғаріп биһұш болып қалдым, — дейді.

Қыздарға да кесемен берді шарап,
Қыздың қолы мойнымда, тұрмын қарап.
Қыздар да әдеппенен кесені ішіп,
Қазіргі қызметі тұр қыздың жарап.

Қыздың сүйдім құшақтап жүздерінен,
Қиылған қасы қара көздерінен.
Мысалы бақшадағы бір бұлбұл құс,
Уисалатын сұрадым өздерінен.

Қыз күліп жолатпады уисалатқа,
— Аяғыңа балта ұрма бекер-текке,
Сабыр қыл, — деп қолыма шарап берді,
Шыдай тұр, өзіңе-өзің зәбір етпе.

Жетпеген мұрадына несі қалды,
Сегіз қыз тәнбүрәсін қолына алды.
Алдыма кеп жүгініп отырды да,
Бұралып һәрбір түрлі күйге салды.

Көрсетті неше түрлі маған ойын,
Қыздардың ойынына салдым мойын.
Қыздар да тәнбүрәсін жерге қойды,
Мен де айттым қыздарға «енді қойың».

Ол қызға битап болдым көңілім кетіп,
Бәлки жаныма һәлак енді жетіп.
— Күндіз кетіп, келеміз кешке және,
Бір Құдаға аманат сізді айтып.

Қыз сонша мейірбандық етті, — дейді,
Күндіз баққа қоймаймыз бетті, — дейді.
Кешке және өзір бол бұ жерде, — деп,
Нығмет шарап беріп кетті, — дейді.

Ол қыздар кеткен жаққа көзім салдым,
Сол жерде болып ұйықтап қалдым.
Бір уақта оянсам күн шығыпты,
Иә, Хатым, халім нашар қайран қалдым.

Шараптан бір азырақ іштім, — дейді,
Қуат кіріп көңілімді аштым, — дейді.
Енді ақыл басыма жаңа кіріп,
Болуына қарадым кештің, — дейді.

Тағам жеп миуалардан тердім, — дейді,
Көңілімді ділбарға бердім, — дейді.
Уисалына талапкер болмадым, — деп,
Кеш болғанша асығып тұрдым, — дейді.

Кешке келсе ол қыздар, көрер едім,
Уисалына талапкер болұр едім.
Өзіме-өзім өкініп қиял қылып,
Түнгеше ынтызар боп тұрұр едім.

Әмма ол күн бір жылша ұзын болды,
Күн батып, түн әскері жерге толды.
Түн жамылып қараңғы болғаннан соң,
Мен қарап тұрмын қыздар кеткен жолды.

Бір уақта шам жанып болды жарық,
Һәр түрлі киімдерге мұстағриқ,
Хордың қызы секілді өңшең сұлу,
Жайына кеп отырды енді барып.

Ілтипат қып отырды оңды-солға,
Және сұрап хатырымды алды қолға.
Көңілімді аулап қасына шақырып ап:
— Шыныңды айт, қайдан түстің үшбу жолға.

Халіңді баян әйла, мойның бұрма,
Бейшара, шыныңды айт қарап тұрма.
Раст айтып асылын, тұғры сөйле,
Аяғыңа өз қолыңмен балта ұрма.

Мен айттым: — Мард адамда болмас жалған,
Ерлер іске өкініп қылмас арман.
О да қайтып сұрамай енді қойды,
Ол кеше және өптім ләбларынан.

Ол қыздан сонша рахат көрдім, — дейді,
Мың наздықпенен көңіл бұрдым, — дейді.
Ол қыздың уисалына харидар боп,
Енді жүзім жүзіне сұрдым, — дейді.

Уисалына харидар бола алмадым,
Көңілім тынып қызықты көре алмадым.
Сабах садық таянып жақын жетті,
Мұрадыма жетуді біле алмадым.

Қыздар келген жолына қайтып кетті,
Жалғыз тастап көңілімді қайғылы етті.
Бір заман рахатта ұйықтап едім,
Ah, зар-паришандық маған жетті.

* * *

Иә, Хатым, ұзартпайын қиссаны көп,
Мен жүрдім кеш болғанша ынтызар боп.
Келіп-кетіп жүреді кеш болғанда,
Уисалына талапкер болмадым, — деп.

Ақыры мұрадыма жете алмадым,
Ол қызды көзім қиып кете алмадым.

«Рас айт» деп сұрайды сауал менен,
Уисалынан сұрауға таба алмадым.

Мен де қабыл қылмадым шынымды айтып,
Күндіз болса кетеді қыздар қайтып.
— Бір насихат айтар ем саған, — деді,
Мен де шынымды айтпадым енді қайтып.

Қыз кетті, мен қылдым тамашаны,
Бір хауыз кенерінде енді мені
Бұ дертке кіріптар қылған құсты көріп,
Тұтайын деп ойладым енді оны.

Кешке қыздар келген соң көрсін, — дедім,
Құсты көріп тамаша қылсын, — дедім.
Бұл ғажап құсты көріп тамаша етсін,
Менің не болғанымды білсін, — дедім.

Көңіліме бұл сауданы алдым, — дейді,
Ақырын құсқа таман бардым, — дейді.
Хауыздың енді артынан жасырынып,
Абайсызда кәмандты салдым, — дейді.

Ол құстың мойнына аттым, — дейді,
Бір ұшын беліме бәнд еттім, — дейді.
Құс бір кәрре қанатын сілкіп ұшып,
Құспенен мен де бірге кеттім, — дейді.

Тұзақ ұшын қолменен шеше алмадым,
Ол құстың аяғынан түсе алмадым.
Аяғында асылып бірге кеттім,
Бұл ісіме мың кәрре пұшайманмын.

Бұл іске көп надамат қылдым, — дейді,
Құстан болған себепті білдім, — дейді.
Тұғры сөйле дегені перизаттың,
Бір хабары бар екен қыздың, — дейді.

Ол қыздың маған айтар бір хабары,
Деген сөзі ол құстың ахуалы.
Ол күн өтіп күн батып түн болғанша,
Өкінгенмен пайда жоқ, кеттім налы.

Ол құс қатты асығып ұшты, — дейді,
Неше тағы биабан кешті, — дейді.
Ңешбір жерде қарар қып тоқтамады,
Бастан енді ақылым кетті, — дейді.

Ақылым кейде келіп, кейде кетті,
Кәманд ұшы жаныма жыбыр етті.
Түн ортасы болғанда ол құс келіп,
Бір мұнара шарифке келіп жетті.

Бір мұнара шарифке жеттім, — дейді,
Шат болып мың шүкірлік еттім, — дейді.
Зияда шүкіршілік қып жылдамырақ,
Кәманд ұшын белімнен шештім, — дейді.

Құс тұрмай ұшып кетті ол арада,
Иә, Хатымтай, мен жаттым мұнарада.
Таң атқан соң қарасам — өз мұнарам,
Қайран болып ашаға түстім және.

Үйге келіп қақпаны ұрдым, — дейді,
Есік ашып ішкері кірдім, — дейді.
Ата-анам шат болып көзден өпті,
— Жаным, ұғыл, сен қайда жүрдің? — дейді.

Неше жылдан бері сен қайда жүрдің?
Біздерді сиях қылды сенің дертің.
Зар жылап ахуалым сұраған соң,
Бір-бірлеп ахуалымды айта бердім.

Наланмын ол заманнан бұл заманға,
Ол мәжілістің қиялы көңілімде.
Ол ділбардың нақышы көзден кетпей,
Қияс қып отырғандай мәжілісінде.

Иә, Хатымтай, ахуалым айттым сізге,
Осындай іс кез болған енді бізге.
Мұнараға шығатын себебім сол:
Ол құс қайтып көрінсе енді көзге

Аяғына қол ұрып кетер едім,
Ол жаннанның алдына жетер едім.
Қасіретті көңіліме бұл келеді,
Ол қызбен барып зауық етер едім.

Айтайын, иә, Хатымтай, тыңда зарды,
Әлде болса ол қызда көңілім бар-ды.
Неше көрре зауық қылдым, әмма көзім,
Көңілім бағы егесі қызда қалды.

Хатым бұл бейшарадан естіп жауап,
Есітіп ахуалын қылды ғажап.
— Басыңа көп тамаша келген екен,
Бір адам көреді іс осындай-ақ.

Ол кеше азаншыға қонды дейді,
Ахуалына паришан болды дейді.
Көп жүрген көп нәрсені біледі деп,
Ойлады жүретұғын жолды дейді.

Таң атқан соң орнынан тұрды дейді,
Азаншыға уағда қылды дейді.
Табарстан шаһарынан енді шығып,
Бабыл жолын бет алып жүрді дейді.

Ол күн ақшам болғанша кетті дейді,
Түн болғанда бір жерге жетті дейді.
Таң атқанша ол жерде қарар қылып,
Тағы және асығып кетті дейді.

Хатымтай сол кеткеннен кетті дейді,
Неше дәрбанд жерлерден өтті дейді.
Неше мәнзил жол жүріп екі арада,
Бір күн Бабыл шаһарына жетті дейді.

Ол күн тоқтап жатады бұл арада,
Таң атқан соң орнынан тұрды және.
Жұриат жиылғаны шаһарға кеп,
Қаһуашыға келеді бара сала.

Таныды қаһуашы келгеннен соң,
— Мархаба, хош келдің, — деп көргеннен соң,
Ізет-құрмет қылады Хатымтайға,
Бұрынғы ахуалын білгеннен соң.

Хатымтай қаһуа ішті бергеннен соң,
Жөн сұрап бұрын таныс болғаннан соң.
Араб та қаһуашыға сәлем берді,
Хатымтай жанына алды көргеннен соң.

Хатымтай қаһуасын қолына алып,
Арабтың жұмысына келді барып.
Хатымтай енді өзін білдіреді,
Ол да болып ек деп ашыналық.

— Табарстан шаһарына бардым, — деді,
Азаншыдан хабарды алдым, — деді.
Өзің шамашуршыға жіберіп ең,
Барып онан хабар алып келдім, — деді.

Араб та ізет-құрмет етті дейді,
— Біз үшін көп мехнат шектің, — дейді.
Жол мехнатын көп көрдің битап болып,
Біздің үйге мейман бол депті, — дейді.

Мүсәпірсіз, қонақ бол енді барып,
Қолымыздан келгенше іс қылалық.
Менің мүшкіл көңлімді раушан қып,
Қайтсаңыз хикаятым біліп алып.

Есітіп азаншының ахуалын,
Әуелден ақырына айтып бәрін.
Мен де естіп көңлімді тындырайын,
Енді нақыл қылайын көрген зарым.

Сөйлесіп қаһуашыдан шықты дейді,
Хатым қолын арабтың тұтты дейді.
Қожа Фасат дегеннің махалласында,
Арабтың үйлеріне кепті дейді.

Арабтың үйіне кеп болды қонақ,
Дұға қып отырады көңлі ұнап.
— Мархаба, иә, Хатымтай, хош келдің, — деп,
Қолға алды машақатын енді сұрап.

Сен де мұнда келдің бе хабар алып,
Бір хабар естімекке қайран қалып.
Менің де ахуалымды естіген соң,
Айтарсың жауһар фарушқа енді барып.

Есітіп жауһар фаруш ахуалын,
Қыздың да шығарарсың енді зарын.
Қыздың да ахуалын естіген соң,
Басырада орныңар көңілдерің.

Хатым да айтты: — Көңлімде мұрадым сол,
Бұ сапарда көп көрдім һәм ұзақ жол.
Көретұғын ісіміз көрдім бәрін,
Себебі азаншының мұнарада ол.

Дайым шығып түсетін мұнараға,
Бір құстың ахуалы болып пайда.
Ол арабтың ахуалын баян қылды,
Өзі естіген бойынша жоғарыда.

Әуелі мұнараға шыққанынан,
Отыз жылдық шаһарға жеткенінен.
Хикаят бір-бір айтып баян қылды,
Қызға кеп тағы да онан кеткенінен.

Құс келсе мұнараға тағы бір жол,
Және мені апарса қыздарға ол.
Тағы бір қызға барып қосылсам деп,
Мұнараға шығатын себебі сол.

Хатымтай айтып-айтып болды хамұш,
Көріпті шамашуршы осындай іс.
Қайран болды ғажайып көріпті деп,
Арабтың таңлауына болады хош.

Барыпты алыс жерге қаласынан,
Кетпейді ол қайғысы әлі есінен.
Неше түрлі мехнатқа жолығыпты,
Әлі ол құтылмапты бәлесінен.

Арабтың көрген ахуалын баян қылғаны

Иә, Хатымтай, айтайын сөзім тыңда,
Сөлде орамақ лайық маған мұнда.
Мұндай бәле басыма келді ғой деп,
Тамиғкәрлік жолынан қылады ah.

Сонда араб айтады қылып дастан,
Бастайды хикаятын әуел бастан.
— Тыңдаңыз, иә, Хатымтай, хикаятым,
Осындай бір іс өтті біздің бастан.

Пәдарым бұ шahарда кіре салған,
Кірешілік көп қылып дәмін алған.
Дайым жүріп Табарстан, Бадахшанға,
Көhістан, Күржістанға жүк апарған.

Жүк артқан екі қатар қатир малға,
Уәлхасыл, және барған Үндістанға.
Бұ жahан сарайында кезіп жүріп,
Неше көрре тамаша көрген анда.

Өзінің кәсібінен hеш қалмаған,
Өлімнен неше түрлі халас болған.
Неше жерде жолығып ұрыс қылып,
Дұшпанның бағырына дағы салған.

Нешелері өліпті ажал жетіп,
Үш жүз атты ұрсыпты хамлә етіп.

Паришан, налан қылып соның бәрін,
Жайылған һәр диарға аты кетіп.

Асуд Баблы демекші намы шыққан,
Басқа кірекештерден жүз алуан.
Жолда біреу сұраса сауал қылып,
«Подрятчик кім бұл байдың малын алған?».

Асуд Баблы дегенге адам тимес,
Ол керуенге һеш адам хамлә қылмас.
Сол пәдарым бір күні опат болды,
Бұ дүние һеш адамға ашына болмас.

Пәдарымның кәсібі маған қарап,
Мен де кіре жолына қылдым талап.
Пәдарымнан зияда асыл қылдым,
Бір-екі жыл ішінде атым тарап.

Үш жүз-төрт жүз кісімен қылдым ұрыс,
Бәріне жауап беріп қылдым харуш.
Қожа Асуд Баблыны ұмыттырып,
Бағдад, Үндістанға қылдым жүріс.

Бабылда қарар қылдым және келіп,
Біраз күн кіре шықпай анда тұрып.
Табарстан шаһарын іздеп шықтым,
Анда кіре болар деп талап қылып.

Азық алып қатынға уағда еттім.
Табарстан шаһарына жүріп кеттім,
Күн ыстық, тоқтамастан жүре-жүре,
Бір ағашты бұлаққа келіп жеттім.

Су басында қатирдан түстім, — дейді,
Азығымды қатирдан шештім, — дейді.
Қатирдың бәрін отқа қоя беріп,
Тағам жеп судан біраз іштім, — дейді.

Құдаға шүкірлік қып ол арада,
Дамыл алып отырып көрдім накаһ.
Қарсыдан бір ғажайып дәруіш көрдім,
Айбатты, тәрізі ұқсап мағрабиға.

Қасыма амандасты дәруіш келіп,
«Әй, жар һамадан, мархаба» деді көріп.
Қалайсың деп отырды халім сұрап,
Отыр деп ізет қылдым мен де тұрып.

Отыр деп ізет-құрмет қылдым, — дейді,
Жанында құрмет қылып тұрдым, — дейді.
— Мені қайдан білдің? — деп сұрағанда,
— Ғылымның себебінен білдім, — дейді.

— Жөніңді айт, бұл араға қайдан келдің?
Менімен бұл арада душар болдың.
— Бабылда кіре болмай үмітпенен,
Табарстан жолына енді жүрдім.

Дәруіш тағам шығарып жейік, — дейді,
Жөніміз сұрасалық дедік, — дейді.
Дәруіштің сақилығына қайран қалдым,
Ағаштың саясында едік, — дейді.

Дәруіш жөнін білдірді енді маған,
— Бір микдар жұмысым бар, жар һамадан.
Бірге екеуміз кетелік, ісім бітсін,
Керегіңше мал берем енді саған.

Мақұл көріп орнымнан тұрдым, — дейді,
Қатирдің басын жолға бұрдым, — дейді.
Һай дегеннен алдыма дәруіш түсті,
Мен де артынан дәруіштің жүрдім, — дейді.

Бір миқдар жер дәруішпен кеттік, — дейді,
Бадахшанның жолына жеттік, — дейді.
Мен айттым: — Жолымызды жаңылдық, — деп,
— Қандалусия жолына өттік, — дейді.

Ол айтты: — Бадахшанның жолы бізге
Керек емес, айтайын енді сізге,
Бұл жол мағқұл жүруге не қыласың,
Қауіп етіп біраз қорқу түсті көзге.

Жүрегімді тоқтаттым пікір қылып,
Дәруішпен кете бердім бірге жүріп.
Әгар тисе мың пара қыламын ғой,
Дәруішті мәгас сәрше қадар көріп.

Көлігімді жолына бұрдым, — дейді,
Дәруішті шыбын қадар көрдім, — дейді.
Қорыққандықты шығарып көңілімнен,
Дәруіштің және артынан жүрдім, — дейді.

Кей жолдың зағыпыран шөбі, — дейді,
Лалагүл, шайманзар көлі, — дейді.
Һәр тарапы наубаһар һәр гиаһы,
Гүлзар жасмині биад реңк көбі, — дейді.

Көңілі тірілгендей өлген адам,
Ол жерде бірер сағат қылдық ирам.
Бір азырақ сұхбат қылғаннан соң,
Тағы да жолымызға бастық қадам.

Екеуміз сол тәрізбен кеттік, — дейді,
Жолда неше сулардан өттік, — дейді.
Мың түрлі пәле, мехнат, қауіп қылып,
Неше қилы мехнат шектік, — дейді.

Осындай бастап жүрді дәруіш ол,
Жанымызды қолға алдық, қауіпті бір жол.
Машақаттан мұрадың не дегенде,
Әлм шекпе, жүре бер — жауабы сол.

Он алты күн жол жүріп кеттік, — дейді,
Қандалусия жолына жеттік, — дейді.
Ол жолменен һәрбірі жүргеннен соң,
Ол жолдан тағы бір күн өттік, — дейді.

Дәруіш бұ хал илә және жүрген,
Алдымызда ғажайып бір тау көрінген.
Адам ұғылы қарауға уәһім етер,
Фәлакке басы тиіп бұлтқа кірген.

Бұл тауды көріп қайран қалдым, — дейді,
Көп жерге сапар қылып бардым, — дейді.
Мұндай тау ғұмырымда көрмедім деп,
Көңіліме құп тамаша алдым, — дейді.

Ораған тау екен деп дүниені,
Мысалы көһ Қаптай көрдім оны.
Дәруіш таудың ішіне жүре берді,
Дәруішке тоқта дейтін шама қані.

Амалсыз енді артынан жүрдім нашар,
Сыр айтатын кісі емес көңіл ашар.
Мұрады не екенін біле алмадым,
Ылаж жоқ жүрмеймін деп енді қашар.

Қорқа-қорқа келемін тау ішіне,
Қауіп қылып келемін дәруішіме.
Бұл бір дертке кіріптар қылады деп,
Ғажап қылып келемін бұл кісіге.

Және тағы жеті күн кеттік, — дейді,
Неше қауіпті жерлерден өттік, — дейді.
Жүз тұтып үшбу тауға жүре-жүре,
Сегізінші күн бір жерге жеттік, — дейді.

Келген жерім уасиғ майдан жерлер,
Әскері бар ішінде жүз мың қадар.
Мың жедел ат шаптырған майдан іші,
Кенерінде ғажайып бір құббе бар.

Ол құббе мәрмәр тастан нышан берүр,
Бұ күн ұстаз қылған деп қияс қылұр.
Һәрбір түрлі тамаша тастары бар,
Ойлаймын мұндай жерде қайдан болұр.

Бұл құббеге тамаша қалдым қайран,
Бұрын дәруіш құббені көрген қайдан.
Ол дәруіш чон құббені көргеннен соң,
Жүз сүріп топыраққа хамду фәрауан.

Маған айтты: — Жолымыз бітті, — дейді,
Бұған шат бол бақытымыз жетті, — дейді.
Менің қасадым бұл еді мұрадымыз,
Мақсұтымыз намаян етті, — дейді.

Мақсұтыма жүз тұтып көрейін мен,
Не сурет көрсетеді айнаға дәурен.
Тәуекел қандай пайда болар екен,
Жайылсын, қатирді отқа қоя бер сен.

Мен дағы қатирді отқа қоя бердім,
Дәруіштің не қылса да соңына ердім.
Ол арада азырақ дамыл алып,
Дәруішпен бірге отырып тағам жедім.

Азырақ дамыл алып қылды қарар,
Дәруіш әлі берген жоқ маған хабар.
Дәруіш те бір жерде дамыл алды,
Мен де тұрып пісірдім қahуалар.

Дәруішпен тағам салдық енді ішке,
Қуат кіріп азырақ келдік күшке.
— Бұ биабан ифрит мекені ғой,
Мақсұтың не? — деп айттым дәруішке.

— Мақсұтың не-дүр, — дедім, — бұ құббеде,
Кім жапқан бұ құббені енді мұнда?
— Қазір сұрамақ лазым емес, — деді,
«Білермісің дәруіш?» деп сұрағанда.

Ол айтты: — Сен ғажайып көрерсің көп,
Қазына бұл жерде бай, өлшеусіз, — деп,
Бұл кеште мүшкіл іске қол ұрармын,
Қазына-байлық мен алармын, — деп.

Бір тылсым оқылады ашпақ үшін,
Барлық қаптарды әзірле енді сен.
Мұнан соң арқамда тұр әзір болып,
Не істесем дағы соны істеп сен.

Жақсы сөз, жаман сөзден тілің сақтан,
Бар сырын үйретейін әуел бастан.
Һешбір жауап сөйлеме, тіліңді тый,
Құббеге сол заманда қадам басқан.

Құббе аузы ашылып кірген заман,
Һәрне көріп үндесең болар жаман.
Тылсым басқа ахуал һеш алданба,
Сөйлеп әлек болсаң ісің тамам.

Мен құтылып кетермін амал қылып,
Тылсымның бәлесінен халас болып.
Бір айламен құтылып мен кетермін,
Жоқ жерде сен өлерсің һәлак болып.

Және айтты: — Құббеге кіргеннен соң,
Ішіндегі алтынды көргеннен соң,
Алтын мен жауһарға қабың толтыр,
Қоярсың қатираға жүк толған соң.

Алтынға көп қызықпа, жауһардан ал,
Жауһар алып толғанша қабыңа сал.
Дүние жүзі қараңғы болғаннан соң,
Әзірленді алуға бір қадар мал.

Балауыз екі шамды қолына алды,
Артымнан таяп жүр деп хабар салды.
Мен де жүрдім артынан ол дәруіштің
Күншығыс тарапынан енді барды.

Құббенің аузына енді кепті,
Лисанін оқымаққа тебіретті.
Ол қадар оқығанда нақ-ақ көрдім,
Бір ғажайып күрілдеп заһир етті.

Біраздан соң күрілдеп болды ғайып,
Қайран болып мен тұрмын таңғажайып.
Қаһармандар болса да аша алмайтын,
Дәруіш оны ашып тұр тылсым тауып.

Неше жыл ашылмаған есік аузы,
Күрілдеп қатты шыққан оның даусы.
Иә, Хатымтай, ол дәруіш не істеді?
Аяғын ілгерірек салды барып.

Бір адымын ілгері енді қойды,
Мен де тұрмын артында түзеп бойды.
Дем алмастан тоқтамай оқи берді,
Ьеш іске алаң қылмай енді ойды.

Құббенің тылсымменен аузын алған,
Бір есігі ашылып енді қалған.
Дауыстап бір қатты оқығанда,
Қарасам, жүзінде, әсте, қан қалмаған.

Көңілге өлім қаупі болды жара,
Дәруіштің еріндері пара-пара.
Пұшайман боп бұл жерге келгеніме,
Ішімнен мінәжат қып қылдым нала.

Пайда жоқ өкінгенмен бұған және,
Жан қадірін білмеген қара-сәна.
Дәруіш қатты тоқтамай оқып жатыр,
Ықылас көңілімнен қылдым дұға.

Мен дұғаға ішімнен болдым дайын,
Келмес ем бұрын білсем осындайын.
Дәруіш тұр аузы-аузына тимей оқып,
Мен көрдім тағы дертім боп зияда.

Бір заманнан соңыра алды қолым,
Дәруіштің ізі менің жүрер жолым.
«Әзір бол» деп ишарат қылып маған,
«Көрейін, сен де ер кісі болың».

Етегімді беліме мен де түрдім,
Дәруіш талмай оқып тұр енді көрдім.
Қақпадан енді ішкері адым салды,
Ишаратпен ішкері мен де жүрдім.

Бір уақытта қатты үн шықты, — дейді,
Шағыра жаздадым ақылым кетті, — дейді.
Дәруіш шамды қолынан жерге қойып,
Қолыменен аузымды тұтты, — дейді.

Ақылым кете жаздап болдым жаман,
Азап жүзін көрсетті дәруіш маған.
Ақылым және кіріп шамды алып,
Дәруіштің қолына бердім аман.

Дәруішті көрсеңіз бір өлік адам,
Асла жан тәнінде қан қалмаған.
Менің де жаным қылдай, зәрем жоқ,
Жүрекке өлім қаупі түсті жаман.

Алдымызда бір есік болды заһир,
Оқып тұрды алыстан дәруіш пақыр.
Атқан жайдың оғындай шарт-шұрт етіп,
Тылсыммен дәруіш ашты оны ақыр.

Назар сап бір ғажайып көрдім майдан,
Шам жанып тұр ішінде әлдеқайдан.
Алтын күміс үстінде бір қыз отыр,
Үстіне киген киім неше алуан.

Ол сұлу қыз қарайды бізге тұрып,
Қайран болдым ашықта қызды көріп.
Ол қыз жалғыз тұрған соң жаным аяп,
Жалғыз қыз не күнелтсін мұнда тұрып?

Пері қызы екен деп ойыма алдым,
Пікір қылып дәруішке назар салдым.
Асла қызға ілтипат қылмай оқыр,
Дәруіштің мұнысына қайран қалдым.

Дәруіш ғылым біліпті жалғыз Хақтан,
Көзінің ұшыменен маған баққан.
Маған айтқан дәруіш насихаты:
«Бұл қызға ғашық болмай, енді сақтан».

Қызды көріп ақылым кетті, — дейді,
Көңіліме паришанлық жетті, — дейді.
Қыз және көздерімен ишарат қып,
Қыз маған мың шиуәлар етті, — дейді.

— Мен сенікі болайын амандық бер,
Дәруішті қасындағы жоқ қылып көр.
Өзін сөйтіп көрсетті, қайран қалдым,
Мәңгі сенікі мен болайын дер.

Ол сұлуға мен назар салдым, — дейді,
Көзбен көріп қайран қалдым, — дейді.
Қарасам, дәруіш тұрмай оқып жатыр,
Ол қызға ішім ашып тұрдым, — дейді.

Алтын, күміс, жауһар бар һәр түрлі асыл,
Ішінде сол ғажайып нәрсе көрдім.
Алтынға алданбадым, таққа қарай
Дәруішпен тағы ілгері жүрдім.

Алтын таққа ұмтылды назар ұрып,
Алтын тақыт отырған қызды көріп.
Мойнын бұрып қасірет назар қылды,
Алтын тақтың үстінде өзі тұрып.

Менің көңлім паришан болды оған,
Дәруіш және ілгері басты қадам.
Ол қыз екі қолдарын көтеріп ап,
«Әй, әпендім, есендік берсең маған».

Қызды көріп көңліме түсті жара,
Көріп болды жүрегім пара-пара.
Қыз шекелін көрсетті амандық деп,
Бір қадам тағы ілгері жүрді және.

Қыздан және бұ халді көрдім, — дейді,
Дәруіш жүрсе, мен және жүрдім, — дейді.
Қарасам, дәруіш тұрмай оқып жатыр,
Ол қызға ішім ашып тұрдым, — дейді.

Дәруіш көзіменен бақты маған,
Ишарат қып «үндесең болар жаман».
Тілегі қабыл болмай басындағы,
Киімін лақтырды бізге таман.

Оған дәруіш алданбай басты қадам,
Әуелден үндеме деп қойған маған.
Басындағы топысын лақтырды,
«Соны алып риза бол» деп бізге таман.

Дәруіш оған қарамай және жүрді,
Ілгерірек жақындап адым ұрды.
Ишаратпен «мұны алып риза бол» деп,
Бар киімін шығарып және берді.

* * *

Әлхасил, дәруіш жүрді қызға таман,
Қызға жақын таянып басты қадам.
Бір-бір атып киімін бәрін берді,
Көздерінен қан ағып болды жаман.

Жалғыз-ақ аяғында киімі бар,
«Рәсуа әйлама» деп қылады зар.
Дәруіш оған алданбай және жүрді,
Қыз жалынып қылып тұр ишараттар.

Дәруіш тұр бұл сөзіне салмай құлақ,
Мен де жүрдім дәруішпен ілгерірек.
Қыздың мұнша тазруғын көргеннен соң,
Көңіліме келді менің мархабат.

Қайтейін, heш іс келмес енді менен,
Сөйлесем өлемін деп көңілімнен.

Неше адам көңілі тас болса дағы,
Ниязына мархабат қылар аслан.

Бұл сөзді көңліме алып дерттім, — дейді,
Соңы қандай болады деп тұрдым, — дейді.
Аяғындағы киімін тағы берді,
Оны байқап тағы да көрдім, — дейді.

Ұят жері ашылып қыздың енді,
Қыз ұялып дәруішке фариад қылды.
Дәруіш оған қарамай және ілгері,
Тақтының енді өзіне қадам ұрды.

Қадам ұрып жоғары шықты, — дейді,
Көңілдегі жеріне жетті, — дейді.
Жүре-жүре жоғары шыққаннан соң,
Накаһ көрдім бір улула құббе, — дейді.

Гоя замин уа заман шарқ аспан,
Бір-біріне қияс қылдым ұрғандай мен.
Ғажайып болат қақпа қозғалған соң,
Қауіп қылып ұжудымда қалмады қан.

Тұтар жерім қалмады, шамам кетті,
Аз-ақ қалдым ақылым енді кетті.
Ол тақтының үстінде өле жазып,
Сәл болмаса басыма ажал жетті.

Өле жаздап дәруішке қылдым назар,
Дәруіштің ұжудында не шама бар.
Дәруіштің еріндері пара-пара,
Қазанның жапырағындай боп тітірер.

Дәруіш түсі сары, көрсем, — дейді,
Жау көріп бір жұдырық ұрсам, — дейді.
Дүниеге жаны қайтып келер емес,
Мұны ойлап назар салып тұрсам, — дейді.

Тақтыға дәруіш қолын салды, — дейді,
Бір жауһар құты қолға алды, — дейді.
Бізге тұрған жалынып қызды көрдім,
Жығылып арқасынан қалды, — дейді.

Қыз жығылып қол жуды дүниеден,
Қыз тақтан құлағанда дүрілдеген.
Тылсымдардың тетігі сол қыз екен,
Қыз жығылды, қорқалық енді неден.

Суреті түзеліпті тартқан сымнан,
Екі есік ашылып көңлім тынған.
Ол қыздың түрі кетіп құлап қалды,
Дәруіш түсіп сәждеге шүкір қылған.

Дәруіш айтты: — Көрдің бе шама кетті,
Сәл болмаса, басыма ажал жетті.
Қандай күш тылсым ашпақ, қарап тұрма,
Алтынға қаптарыңды толтыр, — депті.

«Сұлтаным, құп болар» деп шықтым, — дейді,
Дәруіш айтқан сөзін ұқтым, — дейді.
Қатирмен қаптарымды алып келіп,
Алтын менен жауһарды тықтым, — дейді.

Алтын менен жауһарға көлік толды,
Қойныма алтын тықпаққа салдым қолды.
Жан қинап қатирларды артып алып,
Жүрмекке көңіліме алдым енді жолды.

Андан соңыра ол дәруіш енді барып,
Құлағын қыздың тұтты қолына алып.
Түзу қылып мінгізді тақытына,
Аспаптарын үстіне бәрін салып.

Түзетіп бұрынғыдай қызды қойды,
Әуелгідей түзетіп енді бойды.
Және әфсүн оқыды сонда дәруіш,
Қыз бізге қарамаққа қылды ойды.

Қатирларды шығардым мен де бұрып,
Тысқа шығып оқыды дәруіш тұрып.
Қақпа бәрі жабылып, бүтін болды,
Білмеймін не дегенін, тұрмын көріп.

Бітелді қақпа бәрі, қылдым ғажап,
Дәруішке жаптыңыз деп қылдым жауап.
Һәр надан келіп және ашпасын деп,
Сол себептен жаптым дер маған қарап.

Бекіліп қазір қақпа қалсын, — деді,
Бір кемел келіп әфсүн салсын, — деді.
Бір кемел және келіп аша қалса,
Ол да өз мұрадынша алсын, — деді.

Көрдің бе бұл тылсымға неттім, — деді,
Аз қалды өлім халге жеттім, — деді.
Өнеріне тахсин афарин қып,
Дәруішпен бірге ілесіп кеттім, — дейді.

Шайтан кіріп көңліме: — Неттің, — дейді,
Дәруішпен бірге захмат шектің, — дейді.
Көңіліме шайтан айтты: — Әй, бейшара,
Бесін уақыты бұл жерге жеттің, — дейді.

Дәруіш бірге кірдің мұнша көнге,
Мехнат көріп аз алсаң, енді жөн бе?
Мұнша әлм-қайғысын бірге көрдің,
Қойныңда алтын көп болса мың-ақ теңге.

Бұ қадар алтын алды жалғыз дәруіш,
Бір мың алтын бере ме, бермей ме һеш.
«Көңілде сұрағаным берсе мақұл,
Бермесе, қолым білеп қылармын күш.

Бір дәруіштің қолынан келеді не,
Мұнша алтынды дәруішке берем неге?»
Дәруіштің мағрифынан жүз қайтарып,
Қасына келіп айттым: — Сұлтан деде.

Жолы ұзақ Қандалусия неше қилы,
Жолында таулары бар неше қырлы.
Қанша мехнат-машақат бірлә көрдім,
Деде, маған бересің қандай сыйды?

Атын айтсаң, көңілім тынар, — дедім,
Көңіліңе қандай сөзім ұнар, — дедім.
Бұрынғы аталардың сөзі емес пе,
Құлақсыз, керең — жұқсыз шығар, — дедім.

Дәруіш айтты: — Сұрайсың хақыңа не,
Бұ қатирдың жүгіне ризасыз ба?
Қатирымды сұраймын үшбу не деп,
Бақытыма не болса да әлденеме.

Хош, енді соны алыңыз, разымын,
Ал соны, мехнат көрдің бірталай сен.
Ол қатирда не қадар алтын, жауһар,
Бір қатир жүк өзіңе болады тән.

Сенімен жолдас болып жүрдім, — дейді,
Жолы ұзақ Қандалусия көрдім, — дейді.
Сіздерге бір қатир жүк дүние малы,
Бақытыңа не шықса да бердім, — дейді.

Көңілімді алып ол дәруіш енді тындым,
Бір қатир жүк бермес деп қияс қылдым.
Тоя ма дүниеге адам ұғылы,
Дәруіш сақилығын енді білдім.

Сұлтаным, бұйырдыңыз құп тұр, — дедім,
Бір дәруіш адамсыз малың көп-дүр, — дедім.
Мұнша малды аласыз, патша емессіз,
Рұмның қазынасында жоқ-дүр, — дедім.

Дәруіш айтты: — Мұрадың не-дүр сенің,
Мен де айттым: — Мұрадым мал-дүр менің.
Үш қитардың бірін бер, екісін ал,
Дәруіш те солайша қып болды телім.

— Құп болады, берейін енді саған.
Қатирдың бір қитарын берді маған.
Біраз жер сонымен және кеттік,
Көңілімде уасуаса болды жаман.

— Деде сұлтан, тағам жеп отыралық,
Дәруіштен тағы малды көңілге алып.
Көп заман саяқ болып жүрген дәруіш,
Көңілімде не барын білді барып.

Менен қайыр келмесін енді білді,
Тағам жеп бірге, ығыма енді жүрді.
«Иә, Рабби, һәркімнің бер мұрадын», — деп,
Дәруіш осылайша дұға қылды.

Мен сонда айттым: — Таң қалдым, деде сұлтан,
Көңілімде мұрадымды білдің қайдан?
— Һәркімнің көңілдегі ниетіне,
Қайыр дұға қылмадым енді саған.

Араб айтты дәруішке: — Неттің, — деді,
Мен болмасам, малсыз сен кеттің, — деді.
Дәруіш сонда бұзылып арабқа айтты:
— Сені мен мал сахибы еттім, — деді.

Араб айтты: — Не қылдың маған, — деді,
Менің күшім пайда етті саған, — деді.
Менің күшім болмаса қайтер едің,
Малды жаяу тасыр ма едің таман, — деді.

Дәруіш қайран тамаша қалды дейді,
Бұл қитарда қанша мал бар-ды дейді.
«Жерін көрдім, тасырмын» дегенінде,
«Бар, тасы» деп қитарды алды дейді.

Дәруіш мұндай уақиға көрді дейді,
Аллаға енді жылап тұрды дейді.
«Алла берсін жазаңды» деді дағы,
Тұрмастан дәруіш жүре берді дейді.

Дәруіш енді қарамай аттай желді,
Арабтың көңіліне бір нәрсе келді.
Дәруішті шақырып ап тоқтатады,
Болса да не менімен тату болды.

Қыз қасынан бір құты алып еді,
Қойнына алып құтыны салып еді.
Ол құтыда көп алтын бар шығар деп,
Менің де көзім көріп қалып еді.

Оның үшін тоқтамай дәруіш кетті,
Дәруішке һәрне қылсам сабыр етті.
Артынан кеп: — Тұра тұр, деде сұлтан,
Ақылыма менің бір нәрсе кепті.

Әй, дәруіш, сен қарап көр мені, — дейді,
Саған келді қолымның ебі, — дейді.
Бір құты алып, қойныңа қойып едің,
Оны алмай жібермеймін сені, — дейді.

Дәруіш айтты: — Бұ тотия дәрісі-дүр,
Ашық көзге бір сүрсе қылады көр.
Ол махалда дәруіш йамин етті:
Көрмейтін көзге сүртсе көзі ашылар.

Араб айтты: — Көзіме сүртші, — дейді,
Жазғанды енді мехнат түртті дейді.
Артынан және сүртіп көзімді аш,
«Қайыр» деп енді көзге сүртті, — дейді.

Көрмейтін соқыр болды екі көзім,
Бұл істі әуел бастан қылған өзім.
«Жиырма-отыз жыл болмай көз ашпан», — деп,
Дәруіш осылайша айтты сөзін.

Сөзіме құлақ салмай тұрды дәруіш,
Көз ашпасқа көңілін бұрды дәруіш.
«Сенен алсын мұсылман ғибрат», — деп,
Еңсеме бір жұдырық ұрды дәруіш.

Білдім, дәруіш көзімді ашар емес,
Көз ашуға бір қадам басар емес.
Көзім соқыр болған соң неден қорықсын,
Менен қорқып дәруіш қашар емес.

«Әлейһи ма йастахақ» жауап болды,
«Бар енді» деп сілтеді маған жолды.
«Бір айналып көзіңді ашармын», — деп,
Сонша қатир мал алып көңілі толды.

Мың тілла ақша беріп айтты маған:
— Еңсеңе бір сәлле ұрар көрген адам,
Мойныңда ұрған кісінің хақы қалмас,
Алтынды бұзып-бұзып берсең оған.

Басқаға берсең, зahар сол-ды, — деді,
Көңілім қасіретке толды, — дейді.
Пайдасыз өзі сөйтіп кетіп қалды,
Менің көрген гөзәштім болды, — дейді.

Хатымтай естіген соң болды қайран,
Көп уақиға есітіп арабидан.
Азаншы да бейшара шерменде боп,
Артық мехнат көрген жоқ о да сенен.

Бір дәруіш сонша алтын ихсан қылған,
Құббеден бір қойнына құты салған.
Ол құтыдан тағы да дәме қыпсың,
Несі бар зорлық қылып сенен алған.

Хатымтай бастан-аяқ естіп білді,
Дәруіштің де ісіне тахсин қылды.
Тамиғыңның жазасын тауыпсың деп,
Бабылда тағы сол күн қарар қылды.

Хатымтай таң атқан соң түрегелді,
Кейде ғамкін, кей жерде күледі енді.
Бастан-аяқ ахуалын естіген соң,
Арабпен хош айтысып жүреді енді.

Хатымның жауһар фарушқа жөнелгені

Жауһар фаруш хабарын алайын деп,
Ахуалымды ортаға салайын деп,
Жауһар фаруш ахуалын естіген соң,
Қызға да хабар алып барайын деп.

Хатымға араб дұға етті дейді,
Есен-аман болыңыз депті дейді.
Мәселен жайдан шыққан оқтай болып,
«Қандалусия қайда?» деп кетті дейді.

Кеше-күндіз тоқтамай жүріп кетті,
Аз заманда неше мәнзил жерден өтті.
Жолдағы жолыққандар сөз сұраса,
— Жұмысың не, жүре бер, сенің, — депті.

Мен тақытымнан шыққалы үш жыл болды,
Кейде қызық, машақат көрдім жолды.
Сөзімді енді ұзартпай қысқартайын,
Қайтқан соң сау-саламат көңіл толды.

Хатымтай күндіз-кеше тынбай жүрді,
Ңеш адамға ілтипат қылмай жүрді.
Тоқсан күндік сапарды қырық күнде алып,
Қандалусия көрініп, көңілі тынды.

Қандалусия көрініп, болады шат,
Ғашыққа Бағдат шаһар емес ұзақ.
Ғашыққа алыс емес дегендейін,
Жаңа таққа мінгендейін жылдамырақ.

Жаһанға Ескендірдей патша болса,
Мысал ихраж алып көңілі толса.
Көңілі, сірә, ондай шат болмас еді,
Дүние қадар, дәулетке еге болса.

Көрген соң бұл шаһарды шүкір қылды,
Әлм-ғамнан халас боп көңілі тынды.

— Мақсұдыма жетермін мұнан кейін,
Енді жүрер Рейға жолым қалды.

Уәзірдің жауабы енді дейді,
Маған қанша захмат берді дейді.
Өзім де себеп болдым мардпын деп,
Көрмес едім деп, көңіліне келді дейді.

Жаһанда әрбір нәрсе өтті дейді,
Өлген өліп, келгендер кетті дейді.
Ұмытып көрген захмат машақатын,
Жауһар фарушқа жолықсам депті дейді.

Енді жауһар фарушқа барайын да,
Ахуалымды көңіліне салайын да.
Арабтың ахуалынан хабар беріп,
Онан және хабарды алайын да.

Мен келдім мардтықпенен жаһан кезіп,
Мың тіллалық жауһарды һәр күн езіп.
Мұрады не, бір ұрып жібереді,
Түгесілмес жауһарды білсем сезіп.

Сол сөзді айтып, ол таудан енді дейді,
Шаһардың қақпасына келді дейді.
Шәрбат сатқан дүкенге келіп еді,
Шәрбат іш деп кесені берді дейді.

Дүкенге кіргеннен соң шәрбат көрдім,
Жауһар фаруштың ханасын сауал қылдым.
Біразырақ ол жерде дамыл қылып,
Жүрмекке енді орнымнан түрегелдім.

Шәрбатшы хош айтысып енді қапты,
Жүре берді оң-солға қарамапты.
Көшеде жолыққаннан сұрай-сұрай,
Наужуанның ханасын іздеп тапты.

Күзетші есігінде тұрған ғұлам,
Ғұламға Хатым келіп берді сәлем.
«Мархаба, хош келдің» деп ізет-икрам,
Бір-бірі амандасып қылды кәлим.

Сұрады жауһар фарушты енді сонда,
Ғұлам айтты: — Сұлтаным жоғарыда,
Хатымға барыңыз деп изн берді,
Өзі жақындары сұхбатында.

Көрісейін деп нардбандан шықты дейді,
Қақпадан енді ішкері өтті дейді.
Жауһар фаруш отырған қарар қылып,
Алдына енді жақын кепті дейді.

Келіп жауһар фарушқа берді сәлем,
Хатымды о да танып қылды кәлим.
— Сафа келдің, хош келдің, иә, Хатым, — деп,
Сұрасты бір-бірінен есен-аман.

Келдіңіз алысқа ұзап мұнша заман,
Сапардың захматын көрдің һаман.
Сізді алыс сапарға жібердік деп,
Көрісіп халі-жайын білді тамам.

Хатымды қасына алып қылды назар,
Көріпсіз мұнша заман тамашалар.
Реңкіңіз бір басқа тағир боптыы,
Захмат көріпсіз деп тамашалар.

Жол жүріп Хатым келген ашып-арып,
Шам жағып үйдің іші болды жарық.
Тағам жеп, шәрбат ішіп отырды-ай,
Екеуі сұхбатын ортаға алып.

— Иә, Хатым, алыс жолға бардың, — дейді,
Талай істі көңілге алдың, — дейді.
Жауһар фаруш сұрайды Хатымтайдан:
Мұнша неге кешігіп қалдың? — дейді.

Алысқа захмат шегіп жүрдің текке,
Сізді ұзатып жіберген маған еп пе.
Қалай сіз захмат шектің жолда жүріп,
Бұл жағың алыс емес әлм шекпе.

— Сұлтаным, мен де әлм шектім, — дейді,
Арабтың шаһарына жеттім, — дейді.
Еңсесіне сәлде ұрып «ма йастахақ»,
Дегенінен сауалды еттім, — дейді.

Мені алысқа жұмсады сонда араб,
Мен кеттім жұмсаған соң аттай жарап.
Мұнараға бір шығып, бір түседі,
Ахуалынан хабар бер соған қарап.

Талап қылдым бармаққа енді сонда,
Бір молда азан айтқыш бар-дүр анда.
Молданың шығып түспек себебі не,
Ахуалын соның біліп келсең мұнда.

Мен де оған захмат шегіп бардым, — дейді,
Сөзімді құлағына салдым, — дейді.
О да мені жұмсады бір алысқа,
Есітіп тағы қайран қалдым, — дейді.

Бір есікші күледі, кейде жылап,
Жұмсаған соң мен кеттім алысқа ұзап.
Оған барып ахуалым арыз қылдым,
Жылаған, күлгенінің жайын сұрап.

О да күліп жұмсады Дағыстанға,
Жұмсаған соң амалсыз бардым және.
Бір адам бар киікпен дәйім жолдас,
Адамға аслан бір жанаса ма.

Сонан алып бір хабар берсең маған,
Себебі не екенін білсең тамам.
Сол биабан ахуалын біліп келсең,
Раст хабар берейін мен де саған.

Жолықтым енді барып биабанға,
Көрген соң биабанды қалдым таңға.
Себебін сұрағанда маған айтты,
Хабар сұрасаң енді бар Хорасанға.

Бір шайхы Хорасанда бар, — деп айтты,
Көргеніңді алдына сал, — деп айтты.
Барам десең Хорасан алыс емес,
Хабарды сол шайхыдан ал, — деп айтты.

Шайхыдан хабар сұра енді барып,
Мен кеттім Хорасанға, жігіт қалып.
Шайхыға барғаннан соң бері қайттым,
Хабарын биабанның біліп алып.

Хабарды бірден-бірге бердім, — дейді,
Мүшкүлін бәрінің де жетірдім, — дейді.
Мұнша заман жаһанды кезіп жүріп,
Бәрінен хабар алып келдім, — дейді.

Жауһар фаруш есітті мұның бәрін,
Зияда ғажап етті қылғандарын.
Еңсесіне сәллені неге ұрады,
Арабтың айтшы маған ахуалын.

Хатымтай бастан-аяқ айтты бәрін,
Дәруіш пенен арабтың қылғандарын.
Қазына ашып бұ қадар алтын, жауһар,
Мал алған дәруіш оқып тылсымдарын.

Ол қыздың құббесінен құты алған,
Құтыны араб және тартып алған.
Көзіне дәрі сүртіп соқыр болып,
Сол себептен арабқа сәлле ұрған.

«Ма йастахақ» демектің себебі бұл,
Соқыр бопты құты үшін дәруіштен ол.
Хикаят қып айтады соның бәрін,
Еңсеге сәлле ұрмақтың мағынасы сол.

Жауһар фаруш естіп болды тамам,
Естіп ғажап қылды болған заман.
— Иә, Хатымтай, тыңдаңыз, мен айтайын,
Менің атам — дәруіш деген адам.

Айтайын хикаятын, енді тыңда,
Атам ғалым молда еді заманында.
Ғылым хикмет өзінде маужуд еді,
Тылсымат білуші еді ғаят ағла.

Һәр ғылымда өнері Аплатондай,
Ғалымдығы дүниеде енді сондай.
Атамыз мен тумастан тылсым ашып,
Ол барып арабқа қылған мұндай.

Жауһар фаруш өзінің ахуалын баян қылғаны

Алтын менен жауһарды алған екен,
Бір үйге барып махкам салған екен.
Бәнд етіп есігіне халқа байлап,
Мен туғанша бекіліп қалған екен.

Біразда дүниеге келдім тамам,
Мен туып он бес жасқа бастым қадам.
Атамыз мұғалімге бергеннен соң,
Ғылым, әдеп үйрендім біраз заман.

Атам мені бір күні қасына алды,
Насихат әдеп айтып ойға салды.
Қылған іске пұшайман боласың деп,
Базарға енді мені алып барды.

Үйрендім Бадахшанда саде сату,
Бар ма деп кәсіп қылмай үйде жату.
Нәпсі ауа ішіне табиғ боп,
Жар-жора, құрбыменен жүрдім тату.

Насихат атам айтса тіл алмаймын,
Қадірін насихаттың біле алмаймын.

[Оның] сөзі кірмеді құлағыма,
Мен дағы зауық етпей жүре алмаймын.

Атамның насихатын тыңдамадым,
Сабыр қып не десе де үндемедім.
Жар-жора не айтса да қабыл қылам,
Атамның сөзін, сірә, жөн демедім.

Атаңның пайдасы жоқ енді сізге,
Сүйдеген құлақ салам айтқан сөзге.
«Хақ Тағала дүниеден атамды алса,
Құтылған соң рахат болар бізге».

Бір күн атам қолымды қолына алды,
Жасырып оңаша үйге алып барды.
Ол уақта білмеймін ненің барын,
Мынаған қарашы деп көзін салды.

Жоғары мен де қарап тұрдым, — дейді,
Байлаулы бір халқаны көрдім, — дейді.
«Ғұмырым аз қалды» деп атам айтты,
Бұл халқаны немене деп сұрадым, — дейді.

Мен өлгеннен соңыра, балам, саған,
Бұл малың пайда қылмас, бітер тамам.
Жоқ жерге малың сарып қыларсың сен,
Қасіретпенен жүрмессің есен-аман.

Ей, ұғылым, көзім нұры, тыңда сөзім,
Насихатым құп тыңда, көрер көзім.
Күнде өлгенше біржола өліп кеткіл,
Бәле кеп басыңа зар болсаң өзің.

Жіптің ұшын мойныңа ілмек қылып,
Скамия қоярсың оймен біліп.
Әлхасыл, өзіңді-өзің бір дар әйла,
Қор болғанша өліп кет көңіл тынып.

Атамды көңілімде жынды білдім,
Мал кетсе насихатың қабыл көрдім.
Бұ мал бітсе асылып өлермін деп,
Өсиетін қабыл қып аһыд қылдым.

Мен кеттім кәсібіме сауда қылып,
Атамыз бір күн жатты хаста болып.
Дертті болып зияда күннен-күнге,
Көрсеттім мәшһүр тәбип алып келіп.

Зияда күннен-күнге дертті болды,
Дәм бітіп пиманасы енді толды.
Бір күні айтты насихат көзін ашып,
Сөйлерге тілі шықпай жүзі солды.

— Ұмытпа насихатым, ұғлан, — деді,
Мен өліп енді қайтып тұрман, — деді.
Ұмытсаң менің айтқан әмірімді,
Ахирет хақың халал қылман, — деді.

Атамыз сүйдеп айтып жұмды көзін,
Қабыл қылдым насихат айтқан сөзін.
Атамның жақындары фариад қылып,
Хақ жуып кебіндедік енді өзін.

Жар-жора жолдас қылып алдым тауып,
Бау-бақшада зауық қылдым есім ауып.
Қисса ұзын болмасын, қысқартайын,
Малдың көбін бітірдім қылып зауық.

Зауық қылдым ғейіш-ғишратты көңліме алып,
Ойын, өлең, күлкіге жүрдім барып.
Атамның жақындары мені көрді,
Қылып жүрген ісіме қайран қалып.

Әлхасыл, һұжұм қылды бір күн маған:
— Біз насихат айталық енді саған.
Атаң сенің бір фазыл, кемел еді,
Қара қылды қақ жарған ғалым адам.

Олар айтқан сөзіне үндемедім,
Насихат айтқан сөзін жөн демедім.
Бұлар менің малыма ортақ па деп,
Надандықпен айтады деп тыңдамадым.

Малымның егесі ме енді бұлар,
Ғейіш-ғишрат, зауық қылсам көңілім тынар.
Әлхасыл, иә, Хатымтай, мені тыңда,
Мырзаңыз ақша қалмай енді сынар.

Малымның қолымдағы бәрі бітті,
Ойнап жүрген достарым бәрі кетті.
Көп ішіне кіретін хал қалмады,
Басыма кедейшілік енді жетті.

Үйдегі мүкәммалдың саттым бәрін,
Дүкенге алып мал салды арсызларың.
Бәрі де бір ағла қожа болып,
Оларды көрген сайын кетті арым.

Бағырым — қан, бұ халді көрдім енді,
Ес кіріп пәре-пәре болдым енді.
Халық жүзіне қарайтын хал қалмады,
Зияда паришан боп жүрдім енді.

Анам айтты: — Насихат тыңдамадың,
Енді сенің пайда етпес жылағаның.
Харамсыздар басыңа не көрсетті,
Атаңның сөзін ұғып жөн демедің.

Шашым болды бір қарыс енді менің,
Және қайта бай болшы келсе ебің.
Атамның айтқаны еске келіп,
Ғылымға артық екен білдім тегін.

Атам маһир һәр істі көрген екен,
Ахуалыма уқуф болған екен.
Рахматтар оқыдым пәдарыма,
Бұ малға зар боларым білген екен.

Жад етіп, енді жылап қылдым зар-зар,
Малымды қолдан алды харамилар.
Енді менің жанымда бір ақша жоқ,
Олар қожа бәрі болды базарқандар.

Бір күн көрдім Ысмағұл дәруіш деген,
Біздерге ас пісіріп, қызмет қылған.
Бір жерге сейіл қылып бармақ үшін,
Базардан күріш пенен май алып жүрген.

Бірге барар едім деп қыламын ah,
Ысмағұл мархабат қып: — Мұртаза аға,
Сайранға бірге жүріп зауық қылыңыз,
Қызмет қыл бізге тағам пісіргенде.

«Сұлтаным, құп болар» деп жүрдім бірге,
Неше заман шықпадым hешбір жерге.
— Сұлтаным, бір жақсылық қылдыңыз, — деп,
Барабар бірге келдік сайран жерге.

Сайранға Ысмағұлмен бірге келдім.
От жағып қызмет қылып аттай желдім.
Төсек төсеп, палау қып, қозы сойып,
Не болса да дәруішке қызмет қылдым.

Бір уақытта мырзалар келді бәрі,
Мендей мырза — олардың қызметкері.
Тәнбүрә, сырнай-керней күйін күйлеп,
Мәжіліс ойын-күлкі қылғандары.

Қисапсыз ойын ойнап, ішті шарап,
Алыстан құлақ салып тұрмын қарап.
Бір-біріне ұсынып ізет қылып,
Мәжілісін түзетіп отыр тарап.

Һай-hұй деген нағырасы көкке жетті,
Һәр түрлі ойын ойнап тамаша етті.
Асшы басы бір-екі тауық берді,
Мұны және пісіріп есім кетті.

Асшы басы қылмады сабыр-қарар,
— Мұртаза, тағам күзет енді жарар.
Шыңылардың әуезін біраз естіп,
Сен қарап тұр, қылайын тамашалар.

«Сұлтаным, құп болад» деп қалдым сонда,
Тамаша қылар хал жоқ онда-мұнда.
Жұмласы қол қусырып тұрушы еді,
Қайтармай әмірімді бір заманда.

Мен тұрмын тауық етін қылып буриян,
Ахуалымды жад қылып жылап құр жан.
Қызмет қылдым төмені асшы ма деп,
Бір заман бұған болып налан-гөриян.

Сабыр етіп бағырыма тастар ұрдым,
Ылажым жоқ бір заман қарап тұрдым.
Келдім де тағамдардың тұзын татып,
Астың дәмі кірмеген тұзсыз көрдім.

Тағамның бәрі бірдей тұзды бопты,
Тауықты піскенін көргем жоқ-ты.
Бір кесеге салдым да алып қойдым,
Тауық асқан қазанға жақпай отты.

Сабырсыз, қарарсыз боп қалдым, — дейді,
Біраз тамаша етпекке бардым, — дейді.
«Тауықтарға бір апат бола ма», — деп,
Алыстан назарымды салдым, — дейді.

Өзіме бұл тұрғаным пайда етпес,
Шынылардың әуезі естен кетпес.
Қараңыз, қаза келсе қандай келер,
Қанша пікір ойласаң ақыл жетпес.

Екі құс қанат жайып ұшып кепті,
Алып қойған тауыққа душар етті.
Менің тіпті бұлардан хабарым жоқ,
Аяғымен бүріп ап ұшып кетті.

Қорыққанымнан медет деп жалғыз Хақтан,
Көріп ақыл қалмады тауық жақтан.
Қашатұғын ылаж жоқ қолдан келіп,
Білдім енді пайда жоқ жыламақтан.

Қорыққанымнан паришан болдым, — дейді,
Ойынға неге барып тұрдым, — дейді.
Ойын сенің не теңің дедім дағы,
Өзіме-өзім тәсәил бердім, — дейді.

Өлеңнен шыңы тежеп болды, — дейді,
Саздарын енді жерге қойды, — дейді.
Ойынның қызығымен отырғандар
Тағамға жаңа салды ойды, — дейді.

Ысмағұл қайтып келді енді маған,
Тоқтамай жылағаным көрген заман.
Жыладың деп ахуалым сұраған соң,
Тауық пен тағам жайын қылдым тамам.

— Тауықты шайлақ ұшты бүріп алып,
Мен жылаймын ah ұрып соған налып.
Аспаз «қайғы шекпе» деді дағы,
Тағам қойды алдына алып барып.

Тағамға енді бұлар қолын салды,
Аузындағы тағамның дәмін алды.
Тағамның бәрі sahap болған екен,
Жейтұғын енді екі тауық қалды.

— Алып кел, енді жейік тауық кәні,
Аспаз жетіп келді көрдім әні.
— Мұртаза, сен де мұнда тұрмысың, — деп,
Тауықтарға жұмсады енді мені.

Тауықтың ахуалынан хабар берді,
Есітіп бәрі тысқа шығып келді.
— Ханадан сен де мұнда келіп пе ең, — деп,
Көресің шомлығыңнан енді болды.

Бүгінгі ойын-күлкіден құры қалып,
Бәрі ұрды оңнан-солдан ортаға алып.
Басым енді жарылып екі жерден,
Құтылдым таяғынан өліп-талып.

Шақырып: — Әй, аш көзді надан, — дейді,
Тауықты өзің жедің тамам, — дейді.
Өзің жеп тауықты құс ап кетті, — деп,
Артымнан ақырады маған, — дейді.

Бұлардың қолдарынан кеттім қашып,
Таяқ жеп бас жарылып енді сасып.
Қор болып, тірі жүргеннен өлмек артық,
Жіп алдым өлейін деп өзімді асып.

Қор болып дүниені енді сүйме,
Үсті-басым қан болып келдім үйге.
— Ей, ұғылым, не болды, — деп анам көрді
Менің түсіп келгенім мұндай күйге.

Анам айтты: — Ақылың кірмеді ғой,
Мен айттым: — Ақыл бүгін кіргені ғой.
Атамның өсиеті еске түскен,
Анам менің сырымды білмеді ғой.

Өсиет атам қылған үйге келдім,
Дүниеден өлерімді енді білдім.
Аяғымның астында скамия,
Жіптің ұшын мойныма ілмек қылдым.

Есікті енді артымнан жаптым, — дейді,
Әміріне бойсұнып Хақтың, — дейді.
Нәпсім емес, атамның өсиеті,
Аяғыммен тақтайды қақтым, — дейді.

Мойынымнан асылып алдым, — дейді,
Бұл саудаға басымды салдым, — дейді.
Бұлқынғанда жоғары жіп үзіліп,
Алтын, жауһар астында қалдым дейді.

Төгілді алтын-жауһар енді көрдім,
Сәжде шүкір қылып жүзім сүрдім.
Жауһардың ішінен бір қағаз тауып,
Жазулы қағаз екен назар қылдым.

Қағазда айтқан сөзі: «Жаным, ұғыл,
Үгітіме амал қыл, айтқаным бұл.
Бұ қадар дәулетке ие болғаннан соң,
Бәдастанда дүкенге саласың пұл.

Һәр күні мың тіллалық жауһар алып,
Жетпесе сынатасың көпке салып.
Мың тіллаға жеткенде, ұн қыласың,
Дұшпаныңның көзінше енді барып.

Дұшпаныңның көзінше жібер үріп,
Дұшпаның әлек болар көзі көріп».
Атамның айтқан сөзін естіген соң,
Анама хабар бердім үйге келіп.

Шат болып анам байғұс қуанды енді,
Көңіліміз кедейліктен жұбанды енді.
Адамның зәрра-қадар пайдасы жоқ,
Менің де көңілім шат боп уанды енді.

Дәулетке енді қарық боп қалдым, — дейді,
Лайықты киімдер алдым, — дейді.
Үй аспабын түзетіп бәрін енді,
Тұғры асир базарына бардым, — дейді.

Базардан құл-көнизак сатып алдым,
Бір күні Бәдастанға енді бардым.
Бір ашынаның отырып дүкенінде,
Жан-жаққа олай-бұлай көзім салдым.

Келген соң мені көріп ізет қылды,
Харамилар мені де көріп тұрды.
«Сол отырған Мұртаза емес пе?» — деп,
Бір-біріне көрсетіп хабар берді.

Алыстан сөз айтады біліп, — дейді,
Бір-бірінің қасына келіп, — дейді.
Тауық үшін жүзіне баға алмаймыз,
Ұрдың деп бір-бірінен көріп, — дейді.

Құлдармен келіп-кетіп жүрдім базар,
Алтын-жауһар дүкенде ашиялар.
Салып көңілім бұл жақтан тынғаннан соң,
Құлдарыма айттым: — Бір мұрадым бар.

Мені екі тауық үшін ұрды олар,
Менің де өш алмақта талабым бар.
Базардан жарым қылыш сатып алдым,
Олар да мақұл көріп енді жарар.

Құлдарға айттым: — Әзір тұр ағаш алып,
Тағамын жеп болғанша көзің салып.
Тағам жеп боп сұхбат қылып отырғанда,
Жарым қылышты алып кел бірің барып.

«Ну науки тышқан жеді қылышты», — деп,
Мен айтайын, көрейін қызықты деп.
Сіздерге ишарат қып мен тұрайын,
Маған сөз айтар екен, олар не деп.

Құлдарға пәрмендедім солай қылып,
Жолын көздеп отырдым бір күн келіп.
Харамидің бірі өтіп барады екен,
Шақырдым «әй, пәлен» деп оны көріп.

Ол көріп зорға ұялып келді маған,
«Сұлтаным» деп жалынды келген заман.
— Бәріңді мәртебеге жеткізіп ем,
Білерсіздер, не қыл[ам] енді саған.

Аяғыма жығылды ғұзыр қылып,
Хатырым сұрамадың бірің келіп.
Жақындығың осы ма, жарандығың,
Ахуалым сұрамадың бірің біліп.

— Ұят [деп] келмей жүрміз, сұлтанымыз,
Сізге дұрыс емес пе келгеніміз.
Мен айттым: — Хош, енді ол уақ өтіп кетті,
Мұсылманның баласы, ұмытамыз.

Жаттық болмас мұсылман баласында,
Һеш бөтен жоқ көңілімнің аласында.
Олардан жат болғалы дүниенің,
Зауық қызығын көрмедім қарасын да.

Сөзінің тағрифін көрдім, — дейді,
Сөзіне харамидің ердім, — дейді.
«Сұлтаным, келерміз» деп айтқаннан соң,
Екі алтын қолына бердім, — дейді.

Аяғыма жығылып ғұзыр етті,
— Күнәһым жоқ, ұрмадым сізді, — депті.
Сабыр қылып сырымды білдірмедім,
Менімен уағда қып қайтып кетті.

Иә, Хатым, ол харами енді барып,
Оларға ахуалымнан хабар салып.
Олар да қылғанына өкінеді,
Малымның көп тәрізін біліп алып.

Бір күн бара жатқанда мені көрді,
Құп сыйлап қолыма екі алтын берді.
Әуелгіден зияда мәлік аспабы,
Қасына шақырып ап жауап сұрды.

Жарандарға менен көп айтты сәлем,
«Көріселік, келсін» деп қылдым кәлим.
Қылған ісін бірінен-бірі көріп,
Қажы-шоуал, бұл істі сенен көрем.

Бірінен-бірі көріп енді, — дейді,
Жарасалық дегенге сенді, — дейді.
Әуелгіден зияда зауықтанып,
Тағы да мал үміт қып келді, — дейді.

Құлдарға айтып қойған сөзім мықты,
Жұмласы жиылып кеп ғұзыр қыпты.
Бұлардың жұмласына ғиззат қылып,
Қаһуашылар жам беріп қызмет етті.

Ұялып қылғанына әлм шекті,
— Көрініп хал сұрамақ сіздерге еп-ті.
Бәріңіз бейопасыз, — дегенімде,
«Әпендім» деп ғұзыр қып қолымды өпті.

— Қата қылдық, сіз — біздің сұлтанымыз,
Азар қылдық, ғапу қыл қылғанымыз.
Бірадарлар, кінәңді ғапу қылдым,
Маған келүр — лазым, білермісіз.

Сөзіміз енді болды басқа жақта,
Аудардық сөзімізді бір тарапқа.
Хал-ахуал сұрасып бір-бірімізден,
Ойнап-күліп отырдық сұхбатта.

Кегім бар көңілімде енді жаман,
Құлдар тұр даярланып бермес аман.
«Харамилар, маған не қылмадыңдар,
Бір нәрсе қыламын ғой енді саған».

Көңілімде мұны ойлап тұрған заман,
Қызметкерлер қарап тұр енді маған.
«Кегімді енді жылдам алайын» деп,
Құлдарға айттым: — Алып кел енді тағам.

Құлдар да алып келді қазір тағам,
Бұлар да көңліне алып енді жаман.
Білдірмей, бір-біріне ишарат қып,
Жейміз деп қарайды енді қабағынан.

Бұлар да көңліне алып отыр бір іс,
Жамандыққа жамандық қылса дұрыс.
Тағам жеп енді бұлар отырғанда
Бір жігіт алып келді жарым қылыш.

Қолына жарым қылыш алып келді,
Жарым қылыш екенін олар көрді.
Шақырып оған айттым: — Бұ темірге,
Жарымына не болды мұның енді?

Бұ қылышты зияда көремін, — деп,
Ғұлам айтты: — Сұлтаным, күнәһім жоқ.
Қазына ортасына қойып едім,
Жарымын тауысыпты бір тышқан жеп.

Бір тышқан қазынада пайда бопты,
Мәкүр темір жемекке әдет қыпты.
Әгар бүгін бармасам бүтін жейтін,
Сөзіме нанбас едің маған, — депті.

Оларға айттым: — Жігіттер, бұ қалай сөз,
Бұл уақытта сіздер де болдыңыз кез.
Кеше де бір темірді тышқан жеді,
Мырзалар, берші мұның жауабын сіз.

Кеше де бір темірді алып едім,
Апарып қазынаға салып едім.
Жарымынан артығын жеп қойыпты,
Ақылсыз көріп қайран қалып едім.

Олар менің сөзімді ұқты, — деді,
Бір-бірінің бетіне бақты, — деді.
— Бәлі, кеше үйінде Ысмағұлдың
Бір майлы қара балта жұтты, — деді.

Бірі айтты: — Есіттім, сатыр жеді,
Ол тышқан темір жемек әдеті еді.
Осындай сатыр балта жейді білем,
Мұның темір жейтіні рас, — деді.

Мен айттым: — Әй, жігіттер, алдадыңыз,
Растылық жолына бармадыңыз.
Тышқан темір жейді деп куә болдың,
Шайлақ алды дегенге нанбадыңыз.

Тауықты шайлақ алды деген едім,
Жалған жоқ сол сөзімде, бейкүнә едім.
Қаны, енді ұрыңдар, жігіттерім,
Күнәсіз мен де таяқ жеген едім.

Жігіттер енді hұжұм етті, — деді,
Басы-көзі демеді, бетті, — деді.
Басы-көзі жарылып жаралы боп,
Қақпадан зорға шығып кетті, — деді.

Құтылды енді кетіп қалып, — деді,
Үйлендім қыз айттырып алып, — деді.
Атамның насихатын қабыл қылдым.
Һәр күн ерте базарға барып, — деді.

Мың тіллалық жауһарды ұндай қылып,
Көзіне ұшырамын қарсы тұрып.
Жауһарды алмадық деп бұрын қолдан,
Он төрті өлді шатылып һәлак болып.

Хасадтың енді екеуі қалды, — деді,
Көңлімде әлі кегім бар-ды, — деді.
Екеуі және һәлак болғаннан соң,
Шашпаймын құры бекер малды, — деді.

Айтты: — Хақиқат жолдас жоқ дүниеде,
Жолдастың жарамдығын көрдім мен де.
Адам бар ма хақиқат қарайтұғын,
Бәрі қоңсы мал үшін осы күнде.

Арабпен менің атам барып, — деді,
Алтын, жауһар қазына алып, — деді.
Құббеден сондай қылып алып келіп,
Мен үшін қойған екен салып, — деді.

Хатым жауһар фаруштан есітіп сөз,
Қайран қалып сөзіне салады көз.
«Сондай фазыл адамның ұғлысың», — деп,
Жүретұғын сапарын ойлайды тез.

Хатымтай Рей шаһарына жөнелгені

Жауһар фарушқа нақлиат айтты дейді,
Уағында хош айтысып кетті дейді.
Ол күн Қандалусия шаһарынан
Бір күн Рей шаһарына жетті дейді.

Кеше келіп шаһарға кірді дейді,
Таң атқан соң орнынан тұрды дейді.
Патша диуан түзеп отырғанда,
Білдіріп өзін арыз қылды дейді.

Жасауылдар патшаға берді хабар,
Үш сәна өткендігі есінде бар.
— Бір дәруіш кеп мұрадын айтып еді,
Болып тұр сол көрмекке сізге ынтызар.

Падиша: — Мұнда шақыр, келсін, — деді,
Рұқсат бердім, бері жүрсін, — деді.
Жаушылар Хатымтайға және келді,
— Падиша сізді мұнда енсін, — деді.

Хатымтай махкамаға барды дейді,
Әдеп тәртіп жолына салды дейді.
Патша Хатымтайға ізет қылып,
Жоғары өз қасына алды дейді.

— Үш сәна мұнан бұрын кеттің, — деді,
Талай алыс жерлерге жеттің, — деді.
Мархаба, иә, Хатымтай, хош келдіңіз,
Қалайсыз, көп захмат шектің, — деді.

Мұғамлемен қатырын алды қолға,
Хатымтайды жұмсаған алыс жолға.
Аһл диуан бәрі де ізет қылып,
Амандасып отырды оңды-солға.

Патшаның икрамын олар көріп,
Баршасы отырады ізет қылып.

Бір уақта есін жиды қылып дұға,
Алдына дастархан мен тағам келіп.

Тағамдарын ішіп-жеп болды тамам,
Тағамға дұға қылып болған заман.
Қыз сонда Хатымтайдан сауал қылды:
— Естігенің баян қыл енді маған.

Хатымның естіген-білгенін баян қылғаны

Хатым сонда көргенін қылды аян,
Жігіттер, жан қысылса Хаққа таян.
Қыз қасында жүгініп отырды да,
Көргенін, естігенін қылды баян.

Әуел Рей шаһарынан шыққанынан,
Һәр шаһардан сөз естіп кеткенінен.
Естіп-көрген ахуалын баян қылды,
Қайтып келіп өзіне жеткенінен.

Көргенін Хатым айтып болды дейді,
— Хақиқат көп көріпсіз жолды, — дейді.
Хош жақсы тамашалар көріпсіз, — деп,
Қыз патша әдеппенен күлді дейді.

Жігіттер, қадыр десең Хаққа таян,
Пенденің қылған ісі өзіне аян.
Өзіне мұнша малдың кез болғанын,
Таусылмайтын себебін қылды баян.

Бәйіт

Дегенде қисса Мәжнүнки һәб бара-бар тамам болды,
Өзін жанып хикаят діл нашаде келдік біз-ә*.

Дегендейін, Хатымтай, сөзім тыңда,
Атамыз патша еді заманында.

* Айтқанда Мәжнүн қиссасы бірден аяқталды, тыңдаған соң оның әсерінен көңіліміз құлазыды.

Бұ шаһар ғаят мағмұр тоқшылық боп,
Таршылығы жоқ екен дүниеде.

Шаһарымыз дәулетке сонша мол-ды,
Бір арсыз сол уақта пайда болды.
Әуелі оң қол уәзірдің қазынасына
Бір түнде ұрламаққа салды қолды.

Малдың кеткен жеріне бара алмады,
Оның іздеп хабарын ала алмады.
Атамыз қазынасынан тілла берді,
Дерегін іздесе де таба алмады.

Сол қол уәзір қазынасын алды бір кеш,
Ол арсыздың хабарын білмеді һеш.
Малын алып соймаған үй қалмады,
Жыл өтті екі арада жиырма бес.

Ол қадар жұрт бәрі пақыр болды,
Атамның пиманасы ақыр болды.
Дәфін қылды ғұсыл қып жұрт жиылып,
Ғұмыры тамам болып атам өлді.

Падиша үшін ел жиылып кеткеш,
Менен басқа аулады болмады һеш.
Маған жұрт ықыласымен биғат берді,
Арсыз болса ұрлығын қояр емес.

Елдің бәрі пақыр боп нашар еді,
Арсыз болса мал ұрлап бисар еді.
Біреуде мал барлығын пайым қылса,
Ол кеше қазынасын ашар еді.

Бір кеше ұйықтамадым қылып нала,
Бүтін түн қайым болдым таһат ала.
Дұға қылдым: «Иә, Рабби, құдіретіңмен
Тез заманда қыла көр жүзін қара».

* * *

Иә, Хатым, Аһын деген бір шаһар еді,
Бір шайхы мұнда келіп кетер еді.
Ол шайхы жұма күні шаһарға кеп,
Халыққа уағыз-насихат айтар еді.

Жүз қадар ол шайхының мүридтері бар,
Жұмласы аяғына шарық киер.
Шайхының атын естіп қашатұғын
Құрт пенен жер жүзінде құмырсқалар.

Сондай шайхы өзі бір салих адам,
Бір күн амандасуға келді маған.
Мәселен бұл заманның хатабы еді,
Арсыздан шикаят қып келген заман.

— Ол арсыз халықтың бәрін қылды харап,
Бір һиммәт етсеңші дейм сізге қарап.
Дертменділер залымнан халас болсын,
Дұға қыл деп мен тұрмын сізден сұрап.

Һәр жерден мал іздейді дүниеқорлар,
Мал жоғалтқан адамдар қылады зар.
Һиммәт қыл дегенімде сонда айтады:
— Патшаһым, бір уақыты сағаты бар.

Иә, Хатымтай, ол арсыз — шайхы кәззап,
Ол шайхы алады екен жаннан безіп.
Бәріне жұма күні жар шақырттым,
Арсыздан хабар берсе біреу сезіп.

— Арсыздан хабар берсең бірің маған,
Ұлық ихсан қылар ем берген заман.
Бір адам кеп [деді]: — Оңаша болсын үйің,
Бір жасырын сөзім бар енді саған.

Ол кісі айтты: — Арсызды білдім, — дейді,
Бұл шаһарға мен бүгін келдім, — дейді.

Арсыздың ахуалын халықтан естіп,
Сізге келіп хабарын берем, — дейді.

Егер рұқсат берсеңіз маған, — дейді,
Басқа жұрт бұл ұрлықтан аман, — дейді.
Мен «сөйле» дегенімде: — Ұғры — шайхы,
Себебін енді айтайын саған, — дейді.

Шайхыны шақыртып ал енді мұнда,
Тәсбих пен сәлдесін қалдырма онда.
Тәсбих пенен сәлдесін ала келсін,
Бір хаста адам бар-ды қорамызда.

Шақыруға шайхыға жібер елші,
Сәлде, тәсбих, шайхыны алып келші.
Сәлде мен тәсбих келсе дертке дәрмен,
Дейді дағы екеуін де маған берші.

Тәсбих пенен сәлдені қолға салып,
Бір адамды қасыма ертіп алып,
Шайхының үйін білер адам болса,
Бір белгісін табармын енді барып.

Ол адам айтқанындай қылдым бәрін,
Ол кеше бір адам нәрселерін —
Ұрлатып бізге арыз қылған еді,
Бір кішік сандық, алтын тәсбихтарын.

Сандықтың кілтін енді қолына алды,
Тәсбих пенен сәлде, алтын бірге барды.
Қасына бір адамды және қостым,
Ол шайхы мүридтерімен мұнда қалды.

Ол адам шайхы үйіне бірге барды,
Қатынына барды да хабар салды.
— Үндістаннан келіпті бір базарқан,
Біздің шайхы отырып сонда қалды.

Үйіңіз оңаша ма, адам бар ма?
Сізге мен сөз айтпаймын адам барда.
Әпендінің сізге айтқан сәлемі бар,
Белгісі міне тәсбих, сәлдені ал да.

Кілт пен тәсбих, сәлдені қолыңа ал,
Бір кішкене сандық бар аузыңа сал.
Аузын ашып қарасаң ол сандықта,
Ішінде бір құп інжу тәсбих бар.

Ішіндегі тәсбихын берші, — депті,
Қайырлы уақыт сағаты енді жетті.
Хақ Тағала қатынның есін алып,
Тәсбих беріп «шайхыға сәлем» депті.

Шайхымен әңгімеде бірге қалдым,
Шаһарда бірер малдан хабар алдым.
Ол адам тәсбихты алып жетіп келді,
Шайхыға ишаратпен хабар салдым.

Менің әйел екенім білді, — дедім,
Және қайта ромал көрді, — дедім.
Арсыздың зияда жақының деп,
Хабарды сұхбаттасың деп берді, — дедім.

Сөзіне бауар қылмадым оған, — дедім,
Сіз де һиммәт қылдыңыз бұған, — дедім.
Мұнша мал бір адамнан шыға қалса,
Боп қалсын біреуіне айлаң, — дедім.

Бұл сөзден шайхы басын төмен салды,
Бір сұмдықты көңліне түйіп алды.
Өңі-түсі бұзылып дәруіштердің,
Шайхы алдап кетпекке көңлі барды.

Кетпекке енді көңіл етті, — дейді,
Жол сұрап мен де қылдым епті, — дейді.
Бір кітапта, сұлтаным, жазулы, — деп,
Байқайын қатарымнан [деп] кетті, — дейді.

Ол адам қойнынан тәсбихті алды,
Уәзірдің алдына алып салды.
Қожа Хұсрау тәсбихына назар салып,
«Тақсыр, тәсбих үшбу» деп қайран қалды.

Тәсбихты алып шайхыға бердім, — дейді,
Шайхы инкар ете алмады, көрдім, — дейді.
Шайхыны мүридтерімен енді қосып,
Жүмласын енді бәндке кердім, — дейді.

Шайхының үйіне адам барып келді,
Бәрінің ішіне от салып келді.
Қатыны, жариасы, нәрсесімен,
Бәрін де бірін қоймай алып келді.

Баршасын алып келді сиясатқа,
Жігіттер, ұрлық қылма, сиын Хаққа.
Шайхының мүридтерінен сұрағанда,
Бірі ықрар қылмады ұрлық жаққа.

Бұларға он жеті күн қылды азап,
Һәр күн біреу-бесеуден қылды салаб.
Сонда да һешбіреуі сыр айтпады,
Біреуі ықрар болмады бұған қарап.

Азапта жиырма күн тұрды, — дейді,
Шыдамай біреуі айтты сырды, — дейді.
Ол қалған арсыздардың мойындарын
Әлемге ғибрат үшін үзді, — дейді.

Шайхыны жер астына салдым, — дейді,
Мұнша жыл халықтан алған малдың, — дейді,
Көбінің сахибтары білінбеді,
Қисапсыз қазынаға алдым, — дейді.

«Шаа Алла» дегендер келеді мол,
Мың тілладан садақа алады ол.
Гуя ол малдан бірісі кеміген жоқ,
Ізетпен таусылмайтын себебі сол.

* * *

Хатым айтты: — Ол шайхыны қолға берген,
Айтпаққа оның сырын сізге келген.
Ол адам хазірет Қыдыр ма екен,
Шайхыдан саған келіп хабар берген.

Хатымға ол қыз патша жауап берді,
Құзырыма шақырттым айтқан ерді.
Ихсан көп мал беріп сауал қылдым,
«Мен Қыдыр емеспін» деп хабар берді.

— Басымнан бір іс өтіп көргенім бар,
Патшаһым, рұқсат беріп құлағың сал.
Мен дағы рұқсат беріп «сөйле» дедім,
Енді нақыл қылайын хабарыңа ал.

Бәйіт

Тыңларсың сәргозәшт діл паришаным бәнім,
Хикая нақыл етерім бір-бір әй, сұлтаным, бәнім.
— Сөзімді енді тыңда, падишаһым,
Бір қатын айттырып ап, қылдым қатын.
Қатыным өзі абид, заһид еді,
Кеше қайым тұрады, күндіз-сайым.

Таһажұд оқып, қылады ғибадатты,
Тілінен һеш жаман сөз шығармапты.
Тауықтың қоразына көрінбейді,
Бес-алты жыл бір ерде қызмет етті.

Тауықтарға жем берсе жүзін жауып,
Мұнысына мен болам таңғажайып.
— Не үшін мұндай қыласың, — дегенімде,
— Намахрам деп жүремін қылып қауіп.

Ұжмақты талап қылсаң, болма бахил,
Сақи пенде жаннатқа болар дахил.
Қуанып қатынымның сопысына,
Бағзы адамдарға қылдым нақыл.

Андан соң олар айтты: — Ей, бірадар,
Осындай сопылықтан берсе хабар.
Қатының русиенің ағласы екен,
Сұралық бізге берсең сүйіншілер.

— Сіздерге бұл сөзді айтпақ еп пе, — дедім,
Сыртынан айып қылма текке, — дедім.
Олардың сөзін естіп ашуландым,
Қатыныма бұһтан етпе, — дедім.

Олар айтты: — Бізге бақ, ей, бірадар,
Ыңғайлы һәр нәрсенің қолайы бар.
Бір күн үйге барғанда, қатыныңа
Бір жаққа барамын деп берші хабар.

Кетемін деп жасырын бір араға,
Сығалап біраз байқап қара-сәна.
Бір нәрсені сезерсің көзің көріп,
Сөзіміз біздің кетпес құр далаға.

Үйге кеп қатынымнан изн алдым,
Бір жаққа кетемін деп енді бардым.
Кеткен болып бір жерге жасырынып,
Сығалап бір арадан көзім салдым.

Қатын мені кетті деп қияс қылды,
Оңаша қалдым ғой деп көңілі тынды.
Қасы менен көзіне сүрме жағып,
Киініп зейнеттеніп тұра келді.

Бір жез леген бар еді даңғыр етті,
Қатыным тұрып барып есік ашты.
Бір жігіт ішкеріге кіріп келіп,
Екеуі қыла берді сұхбатты.

Әмма менің белімде бір қылыш бар,
Аңсызда отырғанда жүзқаралар,
Ұмтылып екеуін де қатыл еттім,
Ол кеше үйде қылдым енді қарар.

Ол кеше қарар етіп мұнда келдім,
Естіп шайхыны бұ халде көрдім.
Арсыз шайхы екенін мұнан аңлап,
Сонан соң сізге келіп хабар бердім.

Менің айтқан сөзіме нандың, — деді,
Сөзімді құлағыңа салдың, — деді.
Сен де менің сөзімді рәд қылмай,
Шайхыны енді қолға алдың, — деді.

Дұрыс қой ахуалы нанарлыққа,
Парыз ғой Қағба Алла барарлыққа.
Хатымтай ғейіш-ғишрат ол түн қылып,
Ертең қызды сұрайды халалдыққа.

Бану да қабыл көрді халалдыққа,
Бір жүйрік ат мінгізді жарарлыққа.
Қыздан изн алған соң ізет көріп,
Басыраға бет түзеді барарлыққа.

Бет түзеп Басыраға түсті жолға,
Жылдам жүрді қарамай оңды-солға.
Хатымның келуіне ынтызар боп,
Бану да сарайына келді зорға.

Бану да сарайына келді қайтып,
Қайғымен қасіреттің зарын тартып.
Қыз патша фарқатлә тұра тұрсын,
Естірейін тезірек Хатымды айтып.

Хатымтай әуел Рей барған еді,
Уәзірді қапасқа салған еді,
Хатымтайдың келгенін көзбен көріп,
Хабаршы уәзірге барған еді.

Бір кісі көз-құлақ боп Рей барған,
Хатымның келгенінен хабар алған.
Уәзірімен қуанып бұқарасы,
Хатымның келгеніне бәрі нанған.

Хатымтай Басыраға келді қайтып,
Қызбен көрген қызықтың бәрін айтып.
— Сөзің рас, уәзір ағзам, — деп,
Қуантады көңілін енді жай қып.

Хатымтай амандасты халқыменен,
Патшалық бұқаралық салтыменен.
— Бануды халалдыққа тіледім, — деп,
Қызбенен уағдалы шартыменен.

Уәзір әзірленіп тұрады енді,
Бір мүбәрәк сағатта Рей келді.
Уәзір ағзам Рейге жақын келіп,
Бануға бір адамнан хабар берді.

Бануға уәзір ағзам келіп қалып,
Бану да ел-халқынан рұқсат алып,
Қызды алып жөнелді Басыраға,
Хатымтайды қуантты бұрын барып.

Уәзір бануменен кепті дейді,
Қалған ғұмыр қызығымен өтті дейді.
Қырық кеше, қырық күндіз тойын қылып,
Екеуі де мұрадына жетті дейді.

Бір жұма кешесінде неке қылып,
Мұрадына жетеді көңілі тынып.
Хатымтай хикаяты осылайша,
Естігендер, қойыңыз дұға қылып.

Қызықпенен дүниеден өткен екен,
Һәркімге тағдырлы ажал жеткен екен.
Халінше дүниеде дәурен сүріп,
Хатымтай жомарт болып кеткен екен.

Патша өткен дүниеден ол Хатымтай,
Қатамды мағфу әйла, Құдайым-ай.
Мехнатпен бәйіт қылған «Хатымтайды»
Бастырсам болар еді көңілім жай.

Аллаға ғибадат қыл, болсаң ақыл,
Ықыласпен бой ұсынсаң, тәубең мақұл.
Оқыған фаһимына жетсінші деп,
Дастанын Хатымтайдың қылдым нақыл.

Таралды жер жүзіне ибн башар,
Иманы зағиф құлдар Хақтан қашар.
Дастаны Хатымтайдың бек тамаша,
Оқыған фаһимды құл, көңлің ашар.

Жарандар, мұсылман бол Хақты танып,
Бақиға күнәны артып кетпе налып.
Ислам бес парызын заһир қылып,
Жазылды бұл жеріне көңілге алып.

Айтылмыш бес парыздың әуали — иман,
Қадірлі Хақ қасында нәпсі тыйған.
Мойнындағы уәжібін ада қылса,
Харам емес дейді екен дүние жиған.

Иманнан соң екінші келді намаз,
Мағынасын бес парыздың қылдым ағаз.
Құданың әмірлерін бейжай қылып,
Өтіпті бізден бұрын қанша сабаз.

Салауаттан соң келеді енді саума,
Ұялма Хақ қасында қылып тәуба.
«Бес парыз не?» деп сұраса, жауабын бер,
Құры бекер алданбай нәпсі жауға.

Бес парыздың біреуі — зекет бермек,
Зекет берген кісінің соңына ермек.
Зекет беріп малдарын халалдаған,
Жәннатта ол малының ажарын көрмек.

Айтайын бес парыздың бірі — қажы,
Мойнына парыз емес малдың азы.
Сауап пенен обалды теңгереді,
Пайғамбар — шапағаттшы, Тәңірі — қазы.

Ақыры бес парызың болды тамам,
Аз жаздым, көп жазуға келмей шамам.
Хикаят көргеннен соң жаза салдым,
Иманын мен пақырдың қылғай аман.

Ахиреттің саудасы, міне, осындай,
Кейбір надан қорықпайды жан қысылмай.
Сауап ақша, мисли бірге барсын,
Сираттан құтылмайсың бір тосылмай.

Шығарған бұл бәйітті Сарымбайұлы,
Жаралған мақлұқат — Хақтың құлы.
Базарға барған адам тарықпайды,
Жанында қорынша болса пұлы.

Баршамыздың атамыз — хазірет Адам,
Ғылым, хикмет жұмласын білген тамам.
Баспашы әпенділер, бізден арыз,
Баспасын түзетіп бақ, келсе шамаң.

Қиссасы Хатымтайдың болды тамам,
Шариғатқа көп тырыс, келсе шамаң.
Малдан зекет бермесең, бейнамаз боп,
Күнәһ жоқ ахиретте онан жаман.

Бұл назымды шығарған Есжан пақыр,
Сорын ұрса, жер жүзі болар тақыр.
Кісіге күлетұғын шамамыз жоқ,
Күнәһіміз таудан үлкен толып жатыр.

Сөз таппақ қиын емес білген ерге,
Құдай білгіш жаратқан кемеңгерге.
Жарандар, партияны қыла берме,
Ұзамай-ақ кірерміз қара жерге.

Періште жан алмаққа келер дайын,
Өлгеннен соң, қара жер болар жайың.
Үшбу жазған қиссаның нұқсаны көп,
Нұқсанын кешіре гөр, иә, Құдайым.

Ішім пысты қағазды жаза-жаза,
Жан шығады, қай күні келсе қаза.
Мұсылманның баласы азап тартып,
Уқұбат жаһаннамнан болар таза.

Таммат тамам.

قصه قاسم جومارت

Қисса Қасым жомарт

Әлхамдулилла, Рабби-л-аламин деп,
Құдаға хамд, пайғамбарға дүрдім көп.
Құдаға хамд, пайғамбарға дүрден соң,
Пайғамбар, шариарды мақтайын бек.

Пайғамбар медет қылар жалбарынсам,
Халім нешік, сиынбай ғапыл қалсам.
Жәрдем, насрат біздерге, илһам берер,
Сонан кейін қолыма қалам алсам.

Құдайға сиынамын әуел бастап,
Білгенімнен қалдырмай бірін тастап.
Жәрдем, насрат қылыңдар мен асыға,
Пайғамбар шариарымен жамиғ асхаб.

Жәрдем қыл, шариар мен жамиғ асхаб,
Қожа Ахмет мың машайық жүрген бастап.
Әбілқасымнан өлеңге аудармаққа
Қағаз алдым, қолыма қалам ұстап.

Пендеге Құдай берген көрінбейді,
Һәр сөзім алтын сарай төріндей-ді.
Осындай жақсы сөздер кезігіп тұрса,
Жүсіпбек жазуына ерінбейді.

Ал енді мен сөйлейін сөздің басын,
Жаһанда жомарт болған Әбілқасым.
Мұндай қызық әңгіме дүниеде жоқ,
Осы отырған жамағат-жұрт тыңдасын.

Сөйлейін сол Қасымның әңгімесін,
Көп халайық сөзіме құлақ салсын.
Бұл қиссаға құлағың құрышы қанар,
Өзге сөзді естіп не қыласың.

Бағдатта Һарон Рашид патша өткен,
Сегіз шаһар үстінен үкім еткен.
Өзі жомарт, қаһарлы, ұлық патша,
Уақытында патша жоқ оған жеткен.

Һарон Рашид падиша салтанатты,
Қаһарлы, өзі жомарт, әділетті.
Бір уәзірі бар еді бек данышпан,
Кейде Жағыпар, кей уақта Фазыл атты.

Бір күн патша тасфуні келіп тұрды,
«Жағыпар уәзір тез мұнда келсін», — деді.
Патша шақырған соң жетіп келіп,
Тағзым бірлә алдында қарап тұрды.

Патша айтты: — Уәзір, бір сөзім бар,
Бұл дүние өзі үлкен, опасы тар.
Жомарттығым, әділдігім бәрі бірдей,
Менен өтер бұл күнде енді кім бар?!

Уәзір айтты: — Ей, тақсыр, тыңда сөзім,
Көп жұртты араладым менің өзім.
Басырада бір жігіт бар сізден артық,
Таң қаларсыз көрсеңіз оның жүзін.

Басырада бір жігіт бар Қасым атты,
Бау-шарбақ, мүкәммалы салтанатты.
Алтын, күміс, асыл тас, биқисап көп,
Қой орнына сояды арғымақты.

Үйі күміс, сыртына алтын жапқан,
Гауһардан һәр жеріне шеге қаққан.
Мейманына береді шекер мен бал,
Анасы ондай бала нағып тапқан?

Қасымға ғаріптері келеді екен,
Бәріне тамақ, киім береді екен.
Мейлі падиша, мейлі бай, мейлі пақыр,
Бәріне бірдей қызмет қылады екен.

Күнде мың қой сояды қарны ашқа,
Береді тонын шешіп жалаңашқа.
Жаяуға ат береді кімсің демей,
Тірі адам ондай болмас қарындасқа.

Береді келген жанның сұрағанын,
Көреді ғаріптердің жылағанын.
Дүниеде аямайды мал мен жанын,
Жомарттығын айтайын сіздерге оның.

Ңеш қабағын шытпайды жиылғанға,
Тегіс қызмет қылады тірі жанға.
Керегін бәрін тауып береді екен,
Дүниеде көпір, орыс, мұсылманға.

Елу есік бар екен бір дүкенде,
Қайыршы келеді екен күнде-күнде.
Бір кісі елу есіктен қайыр алып,
Есігінен құр кетпес һешбірі де.

Ғаріптер жатады екен күндіз-түнде,
Елу қайыр алады һәрбір күнде.
Тамағы тоқ, киімі бүтін болып,
Ғаріптер жатады бәрі сонда.

Ондай жанды көрмедім тірі жанда,
Жүзін көрген адамдар болар пенде.
Байлығы, жомарттығы асқан екен,
Ондай жан бола бермес бұл жаһанда.

Сіз оған теңелмейсіз, тақсыр ханым,
Сіз сұраған соң айтпасқа бар ма халім.
Қандай қылып мақтасам һеш қата жоқ,
Мұнан артық мақтауға жетпейді әлім.

Халифа сонда тұрып ашуланды,
Ақырып қаһарменен айғай салды.
«Менен артық жаһанда неткен жан?!» — деп,
Уәзірді өлтірмекке қылыш алды.

Фазылды өлтірем деп қылыш алды,
Зұбайда арыз қылып тілеп алды.
«Дарға мұны бір күні асармыз», — деп,
Он бір құлаш зынданға байлап салды.

«Зынданнан шығарма» деп үкім айтты,
Халифа ашуланып үйге қайтты.
Халифаның алдынан ханым шығып,
Сұрады: — Түсің қашып сізге нетті?

Әй, патша, түсің суық қалайынан?
Ішің толған сияқты уайымнан.
Бейне безгек кісідей қалшылдайсың,
Неліктен ашуландың, айтшы маған?

— Ей, ханым, мен айтайын саған бір сөз,
Құлақ салып сөзімді есітіңіз.
Тіпті дәмсіз мақтады бір адамды,
Хан болсақ та қарадай болмадық біз.

Қорлығына шыдамай ашуландым,
Ашуланып зынданға оны салдым.
Жомарттығын асырды тірі жаннан,
Сол сөзіне уәзірдің қайран қалдым.

Сол уәзірді кескілеп тілдірейін,
Терісіне саман тығып ілдірейін.
Өзімнен кейінгіге болсын сәнат,
Өзімнің патшалығым білдірейін.

Зұбайда сонда келіп қылды арыз,
— Менің айтқан арызымды құп тыңдаңыз.
Құдайым қандай жандар жаратқан жоқ,
Асылыққа жаратқан күнәһармыз.

Уәзірді ашуменен өлтірсеңіз,
Патшалықты жеріне келтірсеңіз,
Ол Қасым жомарттығы рас болса,
Тәңірі алдында, әй, тақсыр, не дерсіңіз?

Ол Қасым өзі жомарт, өзі бай-ды,
Жақсы қылып жаратқан бір Құдай-ды.
Қасымды әуел барып көрмейінше,
Өлтіргенің уәзірді жарамайды.

Ей, тақсыр, бір жолдаспен Басыраға жүр,
Анық өзің бар дағы көзіңмен көр.
Бейкүнә уәзіріңді өлтірмеңіз,
Һәрқашан өлтірсеңіз қолыңда тұр.

Алдыңда қызмет қылды көп жыл әділ,
Жақсылық, жамандығын бір көріп біл.
Сізге жалған сөйлесе өлтіріңіз,
Сүйексіз не сөйлемес бұл қызыл тіл.

Зынданда жата тұрсын ертелі-кеш,
Мұндай уәзір сіздерге табылмас һеш.
Айтқаныңдай ол Қасым бола қалса,
Зынданнан шығар дағы күнәсін кеш.

Бұл мәслихат ұнай ма, тақсыр, саған,
Айтты деп, тақсыр, қаһар қылма маған.
Айтқан сөзі Фазылдың рас болса,
Қайтіп жаза қыласың, тақсыр, оған?

Бұл жауапты падиша көреді еп,
— Қасымның мәні-жайын білейін, — деп.
Анық көзім жете алмас расына,
Бір адамды жіберсем біліп кел, — деп.

Бір адамды жіберсем білмек үшін,
Ол адамның білмеспін аслан ішін.
Уәзірмен иә қас шығар, иә дос шығар,
Бекерге қастық етер барған кісім.

Зүбайда, көндім айтқан сөзіңізге,
Ғұмыр берсін Құдайым өзіңізге.
Өзім барып көрейін Қасым жүзін,
Мұнан басқа ақыл жоқ енді бізге.

Саудагер порымынша киді киім,
Патшаның һешкім білмес ақыл-ойын.
Білдірмей һеш адамға жүріп кетті,
Бір жолдассыз жүрмегі тіпті қиын.

Бір жолдас қасына алып жүріп кетті,
Бес күнде Басыраға барып жетті.
— Алыс жолдан бір келген саудагерміз,
Сарайшыға түсемін, — деп хабар етті.

Сарайшыға айтады: — Ей, сарайбан,
Бір сарайды босатып берші маған.
Алатын жұрт қатарлы ақыңды ал,
Мейман болып бұл күні келдік саған.

Атын ұстап түсірді сарайына,
Бір ділда алушы еді бір айына.
«Менің патша екенімді білдірме», — деп
Халифа жалынады Құдайына.

Танымады сарайдың күзетшісі,
Сарайда танымады һешбір кісі.
Ол сарайға сан кісі түсіп жатыр,
Кімнің бар кімнің білән кімнің ісі?!

Сарайшы пәтеріне алып кірді,
Ілесіп күзетшіге патша жүрді.
Бір құжыраға кіргізіп халифаны,
Күзетші шықты дағы жүре берді.

Ол сарайдың иесі данышпан-ды,
Өзі зерек жан екен, өзі малды.
Сарайына көргелі келген екен,
Көрді де екі атты қайран қалды.

Екі ат тұр жарап қалған арыған ат,
Күзетшіні шақырды «кел мұндалап».
— Кім келді бұл сарайға алыс жерден,
Екеуі қатып қалған не қылған ат?

— Екі кісі мейман келіп жаңа түсті,
Жауырыны қақпақтай, өзі күшті.
Салтанаты патшадай, түсі суық,
Көрген соң сол кісіні зәрем ұшты.

— Сұралық қайдан келген мейман екен,
Қай жерлерді қылыпты бұлар мекен?
Көрісіп жөн-жайларын біз сұрайық,
Әлде бізге бұл мейман таныс па екен?

Сарайбан келе жатыр бір-бір басып,
Мейманға сәлем берді есік ашып.
Сарайбан халифаны таниды екен,
Көргеннен соң ол қалды қатты сасып.

— Келдім де көремін деп есік аштым,
Көрген соң, тақсыр, сізді қатты састым.
Нағып түстің, ей, тақсыр, мұндай күйге,
Сізбенен сасқанымнан амандастым.

Тағзым қылмай дұрыс емес амандасу,
Әдепсіздік қылды деп қылма ашу.
Пида болсын жолыңда мал мен басым,
Келгеніңе қылайын үлкен шашу.

— Бір себеппен мен келдім осы жаққа,
Біздің сырды білдірме халайыққа.
Бұл шаһарда бар дейді Қасым жомарт,
Ісі жаққан деседі оның Хаққа.

Ол Қасымды көрмекке көңіліміз бар,
Бір көруге Қасымды болдық құмар.
Жомарт дейді байлығы жаннан асқан,
Көрмек едім қай түрлі өнері бар.

— Ей, тақсыр, үйімізге мен барайын,
Кілем, көрпе, жастықтар мен алайын.
Астына кілем жайып, көрпе төсеп,
Мамық жастық басыңа мен салайын.

Халифа билеуші еді тамам елді,
Барды да кілем, көрпе алып келді.
Бал мен шекер, палау, ет, шай келтіріп,
Халифаның алдында аттай желді.

Сарайшы айтты: — Қасымдай һеш жігіт жоқ,
Жүзін көрген адамдар болады тоқ.
Ондай жомарт дүниеге келе бермес,
Ондай жанды жаһанда көргенім жоқ.

Неше дүкен толтырған асыл тасқа,
Алтын көп, жылқы, түйе,қойдан басқа.
Һәркімге ат пен түйе, шапан берген,
Ондай жомарт кім болар қарны ашқа.

Мұны естіп патшаның қашты қаны,
Сипатын тамаша етпек көріп оны.
Күні-түні жомарттық қылған болса,
Әзелде жомарт екен шыбын жаны.

Халифа атқа мініп жүріп кетті,
Кешке таман Қасымға барып жетті.
— Алыс жолдан келген бір мейман едім,
Қасымның мен үйіне қонам, — депті.

Қасым шығып патшаға сәлем берді,
Атын байлап үйіне алып кірді.
Екі-үш қабат бөлмеден өтіп келіп,
Бір кереует үстіне «отыр» деді.

Ол тақытқа отырғалы патша келді,
Һеш нәрсеге ол тақыт ұқсамайды.
Қараса, иә от емес, иә су емес,
Сынаптайын толықсып жалтылдайды.

Халифа ол тақытқа таң қалады,
Анық тіктеп қараса көз талады.
Отырғанда күй шықты тоғыз түрлі,
Сасқанынан Қасымға жалт қарады.

Тоқтап тұрды тақыты толқып барып,
Тоғыз түрлі тамаша ән-күй салып.
Дүниеде һеш нәрсеге ұқсата алмай,
Патша отыр бұған өте қайран қалып.

Падиша ойлап отыр талай ойды,
Алдына неше алуан тағам қойды.
Дастарханға қырық түрлі тағам салып,
Бір кісіге алып келіп бие сойды.

Ет піскенше жүз түрлі тағам келді,
Қасым патша жүзіне қарай берді.
Дастарханға отырып мәслихат қып:
— Мейманым, жөніңді айт, кімсіз? — деді.

— Шаһарымыз Бағдатта, саудагермін
Мал алып сатып жүрген һәр шаһардан.
Кешегі күн Басыраға келіп едім,
Аз мәслихат үміт қып сіздей ерден.

Ақық, жақұт, зүбәржат табақ пен аяқтары,
Мұзайан, мұрассиғ гүл түсті шараптары.
Пағпур шыны қолында сауыттар бар,
Патшаға соны берді жариалары.

Қасым тысқа сол уақыт шығып кетті,
Бір ағаш, бір тоты құс алып кепті.
Жапырақтары зұмраддан лағыл ағаш,
Басына тоты құсты қондырыпты.

Қасымның бір қолында алтын шыбық,
Ол шыбықпен тотыны қойды ұрып.
Тоты сонда қанатын көтеріп еді,
Дүниені қаптап кетті жақсы иіс шығып.

Қасына тағы қойды бір топ ағаш,
Өзі алтын, жапырағы ақ гауһар тас.
Екі бұлбұл басында қонып отыр,
Сайрайды неше алуан ол сандуғаш.

Бұлбұлдар сайрап отыр қанат қағып,
Халифа қайран болды оған бағып.
Көрген жанда бір қайғы қалар емес,
Ұсталар істеді екен мұны нағып.

Бұлбұл сайрап, тоты құс ойнап тұрды,
Жауһар алтын ағаш жайнап тұрды.
Халифа тамаша әйлап көз айырмай,
Бұлардың һәрқайсысына қарап тұрды.

Екі сағат сайратты бұлбұлдарды,
Халифа тамаша етті көріп оны.
Екі сағаттан соң бұларды алып кетті,
Халифа қапа болып күйді жаны.

Бұларды ап кеткен соң қапа болды,
Қапалықтан ішіне қайғы толды.
«Жомарт болса бұларды қояр еді», — деп,
Ашуланып патшаның жүзі солды.

Падиша қапа болды осыған бек,
Тағы біраз ойнатып қоймайды деп.
«Мен қарағаш тез үйден ап кеткені,
Қорықты ғой осы мені сұрайды», — деп.

Онан соң бір ұғыл келді домбыра алып,
Қасында бір қыз келді әнін салып.
Ұғыл домбыра шертеді қыран салып,
Падиша қарап тұрды қайран қалып.

Бұлбұл, тоты есінен шығып кетті,
Қызық бар мұнан артық десе нетті.
Ұғыл мен қыздың өнерін көргеннен соң,
Патшаның ішінен дерті кетті.

Патшаға домбыра шерткен ұғыл бала,
Ән салған он төрт жаста бір қыз бала.
Екі сұлу баланы көргеннен соң,
Падишаның ақылы кетті және.

Құралайдың көздеріндей көздері оның,
Бал шекерден тәтті екен сөздері оның.
Мұндай сұлу балалар көрген емес,
Сабыры қалар емес көрген жанның.

Мойны ұзын алманың сабағынан,
Ішкен асы көрінер тамағынан.
Саусақтары күмістен, тырнағы алтын,
Гүл төгіліп тұрады қабағынан.

Тал шыбықтай бойы бар, белі нәзік,
Таба алсам жақсы қылып мақтайын бек.
Бозбалаша балалардың көркін жазса,
Мыңнан бірін қағазға болмас жазып.

Ұғыл-қыздың бетінен күн көрінген,
Үстіне інжу-жауһар киім киген.
Жақұт тастан қолында бір кесе бар,
Толған шарап патшаға соны берген.

Шарапты ішіп, кесені қайтып берді,
Ұғыл бала тағзым қылып алып тұрды.
Әбден таусып кесені қайтып берсе,
Ішпегендей тағы да толып тұрды.

Патшаға қайтып берді тағы да өзін,
Ол кесенің айтайын қызық сөзін.
Ішіп болса, толып тұр әуелгідей,
Падиша қайран қалып салды көзін.

Қызмет қылған ұғыл-қыз екі бала,
Қасымды жомарт қылған Хақ Тағала.
Патшаның қалған суын алып кетті,
Көңіліне халифаның түсті сана.

Халифа қапа болып ойлады ойды,
«Бұларын неге мұнан алып қойды?»
Жағыпарға ашуланды мұнда отырып,
«Үйге барғаш қылам деп саған тойды.

Сонша өтірік мақтады мұның несін,
Бір көрсетіп кетеді әрнемесін.
Осынша бір жаһілге әуре қылған,
Фазылдың қылармын бір әңгімесін».

Сол уақта жетіп келді және бір қыз,
Оған қыздан пар келмес бірері жүз.
Қыз қолында жұдырықтай бір құты бар,
Құтының тамашасын айталық біз.

Қыз тұрды ол құтыны тық-тық қағып,
Тары саулап ішінен тұрды ағып.
Әлгі ашуы есінен шығып кетті,
Халифа қайран болды оған бағып.

Ол сұлу қыз құтыны қағып тұрды,
Тары саулап ішінен ағып тұрды.
Жұдырықтай құтыдан аққан тары
Он бес амбар сарайды лық толтырды.

Қасым тұр қол қусырып қарсы алдында,
Бір ләуте сұрады қыз тағы да.
Піл тісінен амал тәркиб қылған,
Бір ләуте ап келді Қасым анда.

Сонда қыз ләуте[ні] қолына алды,
Түрлі шиуә музыкия күйге салды.
Маһир сынды ажырай нағматыны
Қыз баслағаш халифа таңға қалды.

Һарон Рашид отырды қайран қалып,
Жарианың маһаратына көзін салып.
— Бәрәк Алла, Қасымжан! — деді патша,
Қасым сонда шығарды ертіп алып.

Қасым ертіп жарианы шығып кетті,
— Мейманым, жататұғын уақыт жетті.
Алтын тақыт үстіне төсек салып,
— Мейманжан, төсегіңе жатқын, — депті.

Алтын тақыт үстіне төсек салды,
Халифа төсегіне жатып қалды.
Мейманын төсегіне жатқызған соң,
«Хош, мейман!» деп Қасым да кетіп қалды.

Ертең тұрып оқыды таң намазды,
Көрмейсің Қасым сынды ер сабазды.
Түнде көрген нәрселер ойдан кетпей,
Халифа қайғыланып өле жазды.

Таң атқан соң патшаға келді Қасым,
— Аман-есен тұрдың ба, замандасым.
Қалағаның бар болса алып кеткін,
Аямаймын жолыңда мал мен басым.

— Бір күн, бір түн, Қасымжан, болдық қонақ,
Бәрімізден өтеді дүние шолақ.
Қызық қызмет ісіңе разы болдым,
Һеш нәрсеңді алмаймын тіпті қалап.

Сарайда, Қасымжан, жолдасым бар,
Бір көруге жүзіңді болдым іңкәр.
Қызық қызмет біз сізден көрдік, жаным,
Неңді қалап аламын сенің бекер.

Рұқсат берсең, жолдасқа баралық біз,
Бізді сөкпей, Қасымжан, қалыңыз сіз.
Сіздерге Алла Тағала разы болсын,
Қызметіңе біз сіздің разымыз.

Халифа жүремін деп тысқа шықты,
Қасымжан әдеппенен тағзым етті.
Алтынды ер жабдықты ат мінгізді,
Падиша ондай атты көрген жоқ-ты.

— Ей, мейманым, сізге берген бар мәзірім,
Һәрқашан біздікіне келіп жүргін.
Жақсы қызмет біз сізге қыла алмадық,
Һеш келгенің жоқ еді мұнан бұрын.

Мұнан соң әлгі атқа мініп кетті,
Патша ойлап келеді талай кепті.
«Бұл Қасым жомарт емес, мақтаншақ қой,
Мақтанып һәр нәрсесін бір көрсетті.

Талай нәрсе көрсетті Қасым маған,
Мұның несін мақтады уәзір надан.
Жомарт болса, біреуін берер еді,
Көрсетіп алып кетті бәрін тамам».

Ойлай-ойлай падиша жүріп кетті,
Жолдасы қалған сарайға барып жетті.
Сарайды төңіректеп көп жандар тұр,
Бұларды көріп патша тамаша етті.

Он түйе тұр үстеріне жүктер артқан,
Жібектен һәрқайсысына арқан тартқан.
Он түйеге артқаны — ділда жамбы,
Жібек масаты үстіне кілем жапқан.

Он қыз тұр, бәрі сұлу, хұсни жамал,
Мінгені топшақ ат, бәрі камал.
Қолдарында бәрінің алтын шатыр,
Көрген жанның бұларға көзі талар.

Падиша мұнан өтіп үйге кірді,
Үй алдында бірталай істер көрді.
Қасымның үйіндегі өзі көрген
Тамашалы істердің бәрін көрді.

Бұлбұл қонып бағында ол сайрап тұр,
Тоты құс өз бағында о да ойнап тұр.
Қасымның үйінде көрген істің,
Бәрі сонда түп-түгел бек жайнап тұр.

Домбырашы ұғыл, әнші қыз ойнасып тұр,
Құты мен ләуте алған қыз о да тұр.
Баяғы алтын терек, бұлбұл құстар,
Алдында халифаның сайрасып тұр.

Әнші қыз келді дағы бір хат берді,
Халифа алды дағы ашып көрді.
Һәмма көрген істерін инғам қылған,
Халифа қайран болып оқып тұрды.

Жазыпты ол хатында: «Қарарым сол,
Мейманым, өкпелемей разы бол.
Бұған разы болмасаң тағы бір кел,
Сізді разы қылайын ендігі жол.

Мейманым, сізді бүгін танымадым,
Көп сөз сұрап сол үшін жанымадым.
Алыңыз назырқанбай разы болып,
Не қажетің бар-жоғын біле алмадым.

Жоқ еді сізді бұрын көргеніміз,
Алыңыз разы болып бергеніміз.
Керегіңді сыртқа айтсаң өзіме айтпай,
Онан соң біздің тірі өлгеніміз.

Көрдіңіз ақық, жақұт, лағыл, шарап,
Гауһар ағаш басында бұлбұл сайрап.
Тоты құс, алтын ағаш, қызметкерлер,
Бәріне тамашалап тұрдың қарап.

Қанша ойын тамашалар келді бәрі,
Анық тыңдап, көзіңмен көрдің оны.
Сарайдың маңайында тұрған жандар
Сіздің мүлкің болады һәммалары.

Өзің көріп һәммасын тамаша еткен,
Сол уақытта біздің мүліктен шығып кеткен.
Кім мейман ұнатқанын өзі алар,
Ісім сол бұрыннан-ақ әдет еткен.

Әдетім, қанша мейман келуші еді,
Ғажайып тамашалар көруші еді.
Қай нәрсемді таң қалып көрген адам,
Соны өзі қайтадан алушы еді.»

Бұлайша деп жазылған хатты көрді,
Тамаша қылды патша Қасым ерді.
«Қасымның жомарттығы рас екен, — деп
Мен ойлаған істерім бекер», — деді.

Патша ойлады: «Бұл Қасым неткен адам,
Мұндай жомарт тумайды тірі жаннан.
Патшамын деп бекер-ақ мақтанамыз,
Бұ Қасымға тең келмес падиша, хан.

Ойлаушы ем менен артық адам жоқ деп,
Өзім патша, артықша жомартпын деп.
Тәкаппарлық қылып мен үйде отырып,
Кісісіне жолықпай жүріппін тек.

Рас екен Жағыпарымның айтқан сөзі,
Шын жомарт адам екен мұның өзі.
Қисапсыз малын шашқан неткен адам,
Өзімнің қол астымда тағы да өзі.

Мұның жайын сұрайын қайтып барып,
Қандай адам дүниесін қылған сарып?
Жалғыз маған бергені бұ Қасымның,
Бір патшаның мүлкіне олар шәрип».

Қайта жүрді өзінен сұрайын деп,
Бекер алып кетуді көрмеді еп.
«Мендей болып үйіне келген жанға,
Бәріне де осындай береді-ау», — деп.

Қасымға енді патша келді қайтып,
Бұған мен кетейін деп ақыл айтып.
Орнына қойып әлгі бергендерін,
Қасымға сөз сөйлейді жауап қатып:

— Ей, менің махбүб достым, Әбілқасым,
Құлақ сал бұ сөзіме, замандасым.
Жіберген нәрсеңізге бек шаттандым,
Қалай болар соларды өзің алсаң.

Ей, Қасым, сіздей жомарт еш адам жоқ,
Жіберген нәрсеңізге шаттандым көп.
Жұрттан асқан жомарттық байлығыңды
Бағдатта барша жұртқа мақтайын бек.

Әбілқасым қайғырды мұны естіп,
«Өзің ал деп айтқаны бұ несі? — деп.
Қайтармас еді егер разы болса,
Бір қасұр уақиға бізден болды ма?» — деп.

— Разы болсаң, — деді, — мейман, қайтармаңыз,
Аз болды ма бұ берген хадиеміз.
Егер разы болсаңыз, жан мейманым,
Айдап кетіп көңілімді хош қылыңыз.

Патша айтты: — Ей, Қасым, сіз тыңдап тұр,
Құлақ салып сөзіме, мойныңды бұр.
Көңілімде еш шүбәсіз разылығым,
Құдай ләм иәзал біздерге әшкере-дүр.

Маған берген нәрсеңіз биқисап көп,
Артық қимат нәрселер бердіңіз бек.
Бүйте берсең малың тез ада болар,
Жаным ашып айтып ем алыңыз деп.

Қасым айтты: — Мейманым, алдым сырың,
Ешкімнен нәрсе алып па ең, мұнан бұрын?
Патшаның бұ сөзіне күлді Қасым:
— Енді менің сөзімді тыңдап тұрың.

Құдай айдап келтірді бізге сізді,
Қападан құтқардыңыз құлыңызды.
Мұндай малды әр күнде он берсем де,
Ешкім біздің түгеспес пұлымызды.

Падиша мына сөзге қайран қалды,
— Баян қылғыл басында болған халді.
Күнде мұндай он берсең ада болмас,
Қайдан таптың қисапсыз мұнша малды?

Мейманын Қасым жомарт разы қылды,
Патшаны бір сарайға алып келді.
Патша көрсе бұ үй алты бөлме,
Бұ дүниенің малына баға қылды.

Алты үйдің біреуінен біреуі артық,
Дүр, гауһар, інжу, маржан, лағыл, ақық.
Мафрушат уа тазинат уд ғанбар,
Патша көріп таң қалды ішін тартып.

Үйінде гауһар қанділ тұрған жанып,
Үйдің ішін бір жақсы иіс кеткен алып.
Патша алтын саты басқышпенен
Жоғары бір тақытқа мінді барып.

Қасында бір тақытқа Қасым мінді,
Қандай жан қайран қалмас бұған енді.
«Өзімнен ұлық патшаның үйі ме?» — деп,
Патшаның ішінде күмән қалды.

Тақытқа жайланысып мініп алды,
Қасым сонда сөйлейді өткен халді.
Қасым жомарт сөйлейді әңгімесін,
Падиша сонда тыңдап құлақ салды.

Қасым айтты: — Абулфатах — атам аты,
Байлығы, артық екен салтанаты.
Мекені Мысыр екен сол уақытта,
Жайылған әрбір елге шүһрәті.

Байлығы сол уақытта жаннан асқан,
Алтын-күміс үй салған асыл тастан.
Қисапсыз байлығына күншілік қып,
Падишасы Мысырдың болды дұшпан.

Падиша хасадлық қып көре алмады,
Бір-біріне жақсы сөз бере алмады.
Атама Мысыр шаһы дұшпан болғаш,
Мысырда сабыр қылып тұра алмады.

«Бұ шаһарда тұрман, — деді, — малымды ұстап»,
Әр іске жүрген шығар Құдай бастап.
Атам байғұс патшадан қорыққан соң,
Мысырдағы мекенін кетті тастап.

Мал-мүлкін жиып алып көшіп кетті,
Басыра шаһарына барып жетті.
Басырада бір байдың қызын алып,
Атамыз сол шаһарды мекен етті.

Екеуінен біз келдік бұ дүниеге,
Сірә көңіл бермеңіз қу дүниеге.
Ата-анамыз жасымда дүние салды,
Қандай істер көрмедім, уа, дариға.

Жасымда жетім қалдым мұңлық басым,
Жетімдікте ақты ғой көзден жасым.
Ер жетіп ақыл-есім кіргеннен соң,
Арақ пен шарап болды ішкен асым.

Ойын ойнап сарп қылдым барлық малым,
Атамның қанша жиған мүкәммалын.
Қисабы жоқ үйімде алтын-күміс,
Ақымақтықпен тауыстым соның бәрін.

Айырылдым ата малдан ие болмай,
Ойын мен тамаша іздеп, тәубе қылмай.
Ақырында кедей боп қаңғып кеттім,
Үш жылда тамам болды бір пұл қалмай.

Қолымда малым қалмай кедей болдым,
Тағы берер Құдай деп үміт қылдым.
Бұрынғы байлығымды көрген жанға
Көрінуге арланып бек ұялдым.

Неге ақымақ болдым деп көп ойландым,
Кедейлік қорлық екен, бек ойландым.
Мұнда жүрсем болармын елге мазақ,
Басқа жұртқа кетейін деп ойладым.

Үйімді саттым бір күн біраз пұлға,
Керуендерге қосылып түстім жолға.
Мосыл менен аралап Шам шаһарын,
Азырақ қызмет қылып жүрдім сонда.

Шамнан көшіп Арыш қарай бардық,
Баяғы жолдастардан айырылмадық.
Онан көшіп жол жүріп неше мүддет,
Бір күн Мысыр, Қаһираға келіп қалдық.

Бір күн жалғыз базарды араладым,
Көп ой ойлап көңілімді жараладым.
Атам Абулфатахтың мекенін
Көрген соң қасірет ұрып зар жыладым.

Дедім мен: «Әуел атам мұнда тұрдың,
Бай болып жақсы болып дәурен сүрдің.
Кедей болып қайғырдым мен бұл күнде,
Бір медет қылсаңшы», — деп жылап жүрдім.

Ніл дарияның ол Мысыр жағасы екен,
Атам әуел Мысырды қылған мекен.
Ол шаһарда ешкімді танымаймын,
Ойладым «енді қайда кетсем екен?»

Бір көшемен тік жүріп Нілге келдім,
Дарияның жағасында таһарат қылдым.
Оң жағыма қарасам бір сарай тұр,
Төрт қабат, биік екен, қайран қалдым.

Мысырдың патшасының сарайы екен,
Мен көргенім сарайдың сырт жағы екен.
Биіктік сипатына қарап тұрсам,
Бір сұлу қыз көрінді терезеден.

Әлқисса, Қасымның ол қыздың сипатын патшаға баян қылғаны

Жоғары алтын әйнектен,
Қыз жан-жаққа қарады.
Нәзік белі бұралып,
Аққудай мойнын тарады.
Екі көзі жалтылдап,
Наркескен асыл қанжардай,
Ішімді жарып барады.
Ақ жүзіне қарап ем,
Көңіліме салды жараны.

Қыз сипатын қарасам,
Ақ бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай,
Екі көзі жарқырап,
Патшаның алтын туындай.
Сөйлеген сөзі мазалы,
Аб зәмзәм суындай.
Аузынан шыққан лебізі,
Сары алтынның буындай.

Есімнен кетті кедейлік,
Қызды көзім теседі.
Көрген адам дидарын,
Шыбын жаннан кешеді.
Ғашықтық түсіп ішіме,
Босатты қыз буынды-ай.
Хорлығайын секілді,
Әлгі қыздың порымы.
Решеткесі әйнектің,
Отырған сонда орыны.
Гауһар тастай жарқырап,
Мықынына түсіп тұр
Алтын айдар тұлымы.
Бағаладым он қызға,
Шашының жалғыз қылыны.
Миуалы дарақ секілді,

Көрдім оның түріні.
Дидарына қарасам,
Шашы сүмбіл секілді,
Қоғалы көлдің құрағы.
Бой-нұсқасын қарасам,
Бектердің мінген пырағы.
Алтыннан соққан түймедей,
Бас порымы — нұсқасы.
Мұрынына қарасам,
Астраханның пістесі.
Қас порымына қарасам,
Қия жонған қаламға
Шам шарифтің ысқасы.
Сымға тартқан күмістей,
Он саусақтың саласы.
Тізген меруерт секілді,
Отыз тістің қаласы.

Айта беріп қайтейін,
Сондай-ақ болып туар-ды
Мұсылманның баласы.
Мақсатыма жете алмай,
Көңілімнен әлі кетпейді
Ғашықтықтың сәнасы.
Осынша бай болсам да,
Сәнамен жүзім сарғайып,
Қайғымен көңілім қарайып,
Есімнен кетпей мағшұғым,
Болмады дертім дауасы.

Сол қызға қарап тұрдым қайран болып,
Ғашықтық дерті кетті іште толып.
Мен бетіне қадалып қараған соң,
Терезеден кетті әрмен қыз тартылып.

Пақырың қызды көріп дертті болды,
Бұрынғы дерттен бұ дерт артық болды.
Ақшамғаша отырып сол арада,
Отырсам да көрінбес уақыт болды.

Онан кейін бір жерге жаттым барып,
Тәнім рахат тапса да, көңілім ғаріп.
Қашан жүзін көрем деп отырғанда,
Дүния раушан болды сабах жарып.

Көрем ғой деп қуандым тағы бүгін,
Сіркедей ақылым жоқ баста бүтін.
Жетіп келіп кешегі көрген жерге,
Терезеге қарадым ұзынды күн.

Терезеге қарадым кешке дейін,
Көре алмай зар жыладым, мен не дейін.
Бұ күні махбүб жүзін көре алмадым,
Орныма қайтып бардым онан кейін.

Таң атқанша отырдым ұйқы көрмей,
Өз жаныма қайғымен рахат бермей.
Таң атқан соң тұсына тағы бардым,
Кәсіп қылған жандардың біріне ермей.

Отырдым көрінер деп үміт етіп,
Келемін дегендей-ақ жолын күтіп.
Бір заман түстен кейін болып еді,
Жарқ еткенде ақылым қалды кетіп.

Мені көріп қыз сонда жауап қылды:
— Неге тұрсың, бұ жерден кеткіл, — деді.
Патшаның жігітінің бірі көрсе,
Өлерсің, тез жөніңді тапқыл, — деді.

Бұ сөзден қорықпады көңілім, сірә,
Жүрегім қуанғаннан болды пара.
Біреу келіп басымды кескенінше,
Сонда қызға сөйлеймін мен бейшара.

— Терезеден жүзіңді көрдім сенің,
Ғашық отың ақылымды алды менің.
Бастан ақылым, көңілімнен сабыр кетіп,
Қанжардай тілді бағырым құп жамалың.

Күйдірді жаным-тәнім ғашық отың,
Махбүбім, бар ма маған махаббатың?
Жамалыңды көрген соң ғашық болдым,
Күн бар ма көрер маған сән-сияпатың.

— Ей, сорлы, ғаріп байғұс, мені сүйме,
Мені сүйіп кешеде бекер күйме.
Енді мен хабар берсем, өлесің сен,
Өз обалың өзіңе, менен көрме.

Бұ сөзді айтып тартылып кетті әрмен,
Қыз кеткен соң қалмады менде дәрмен.
Маған қыз ашуланып кеткеннен соң,
Өлмекті мойынға алып болдым қайран.

Ақылым қайран болды, ділім ләрзан,
Жалладтар келеді деп қылса пәрман.
Енді өлімге отырдым басты байлап,
Келмеді ақшамғаша һешбір адам.

Һеш адам келмеген соң күйіндім бек,
Тірліктен өлім маған жақсы еді деп.
Орныма қайтып бара жатқанымда,
Кісідей қалтыраймын бейне безгек.

Бір кішкене ұйықтап, бір түс көрдім,
Түсімнен қатты сасып қорқып тұрдым.
Таң атқан соң орнымнан түрегеліп,
Терезенің тұсына тағы жүрдім.

Жүріп келе жатырмын тәлтіректеп,
Тағы да үміт етіп көрінер деп.
Мендей ақымақ жаһанда жан бар ма екен,
Кәсібімді қылсамшы онан да ептеп.

Баяғы жерге тағы тұрдым келіп,
Терезеге қараймын көзім салып.
Қыз бір уақытта терезені ашты дағы,
Қорқытып сөз сөйледі ашуланып.

— Ей, байғұс, неге керек құр қарағаң,
Кет деп саған неше айттым бұ арадан.
Қанша аяп айтып ем, енді өлдің,
Іс қылдың өз басыңа жарамағаң.

Хабар бердім, жалладтар келе жатыр,
Басыңа енді түсті заманақыр.
Бұ араға жабысып қалдың неге,
Ажалыңа асыққан байғұс пақыр?

— Бұ сөзің, — дедім, — әсер қылмас маған,
Бар Құдай ғашық қылды мені саған.
Сіз — бір жанған шамсыз, мен — пәруана,
Тез өлтір, енді мені қойма аман.

Шұғыла шам жамалың бәшарыңды көргеш рауан,
Жаннан пәруана .....* кештім һаман.
Ыстық тидің жүзіме құяш кәби,
Ғашық оттан сарғайып болдым саман.

Жолыңда қайран болды ғазиз басым,
Кеше-күндіз ағады көзден жасым.
Тамақ, киім таба алмай қаңғып жүріп,
Мендей әуре Құдайым һеш қылмасын.

Ішіме түсті менің ғашық отың,
Қасіретте қайран қылды мені дертің.
Сіздің үшін жанымнан кештім бүгін,
Махбүбім, осы менің, аһ, сертім.

Қыз білді ғашық отымен күйгенімді,
Шын жұмсап бойым балқып игенімді.
Мархабатты көңілі, мейірі келіп,
Қыз да маған білдірді сүйгеніні.

— Ей! — деді, — қазір мұнан кеткін, — деді,
Бұрынғы ұрысқанымды ұққын, — деді.

* Бір сөз түсіп қалған.

Күзетші шықпай тұрып, ақшамнан соң
Тереземнің тұсына жеткін, — деді.

Мұны айтып қыз сонда ғайып болды,
Қыздың айтқан сөзіне көңілім толды.
Махбүбтің ілтипатын көңіліме алып,
Пақырыңыз ол жерден жөнелді енді.

Һәрбір ойды ойлаймын сонда өзім,
Бұ қызға жауаптассам келіп кезім.
Жапа көрдім демес ем онан кейін,
Естісем махбүбімнің шырын сөзін.

Моншаға кірдім сонда базар барып,
Шаш, мұртымды түзеттім, тазаланып.
Жылдай болды батуы жарым күннің,
Күн батпай кейіп жүрмін назаланып.

Уақтында терезеге жетіп келдім,
Келдім де салбыраған бір жіп көрдім.
Менің үшін әдейі қойған жіп деп,
Жіптен ұстап өрмелеп үйге кірдім.

Жіп ұстап терезеден үйге кірдім,
Ол үйде һеш адам жоқ, шамын көрдім.
Ар жағында бір есік көрінген соң,
Сол есікті ашпаққа тағы жүрдім.

Ол үйге кіріп келдім есік ашып,
Көрмекке махбүбімді болып ғашық.
Ол үйдің ар жағында екі есік тұр,
Қарасам, бірі — берік, бірі — ашық.

Ашық тұрған есікке кіріп бардым,
Жамалын көрдім сонда асыл жардың.
Күміс сәрир үстінде отыр екен,
Жүзін көріп, ла йағқал бола жаздым.

Қасына махбүбімнің жетіп келдім,
Зейнеті бір өзіңде тамам елдің.
Мағшұғымның жамалын көргеннен соң,
«Мың шүкірлік, әлхамдулла», — дедім.

Сонда екеуіміз көрістік құшақтасып,
Құшақтап біраз тұрдым мауқым басып.
Қасына күміс тақытқа отырғызып,
Мәні-жайымды сұрады ақылдасып.

Сонда мен қызға айттым оқиғамды
Басымнан жақсы-жаман өткен күнді.
Асылы, нәсілім, һәммасын баян қылдым,
Менің айтқан сөзімді құп тыңдады.

— Сенің ғашығың күйдірді, — дедім, — жаным,
Мағшұғым, көрдім жүзіңді, мейірбаным.
Арманым жоқ дүниеде, — дедім, — сонда,
Ұжудымнан бұ сағат шықса жаным.

Қарасам, қыз сипаты бір бейне хор,
Жүзінен жәннат нұры төгіліп тұр.
Сипатын айтып тамам қыла алмаймын,
Лисан латафат рисани-дүр.

Қыз естіп жылады менің сөзім,
«Ah» деп басын шайқап, жұмды көзін.
— Ғашық оты әуел түсер мағшұққа, одан ғашыққа,
Шам көркі жайымнан жандарын пәруана
болдың өзің.

Терезенің қанатын тұрдым ашып,
Сонда көріп сіз маған болдың ғашық.
Меніменен жұптанып жүре алмайсың,
Ғұмырың өтеді ғой бекер жасып.

Сіздің маған махаббатың қандай түсті,
Екі үлеш менің ғашығым онан күшті.

Сізді көріп ақылым кетті менің,
Құдай басқа салмасын мұндай істі.

Сіз маған білдірдіңіз кім екенің,
Ата-жұрт, ұрық-туған, һәм мекенің.
Мен де жайымды айтайын, тыңдаңыз, — деп,
Баян қылды о дағы сыры-халін.

— Біліңіз, Дүрдана-дүр — менің есімім,
Атам мүлкі көп жаннан болған үстін.
Шам Шариф-дүр — мен өзім туған жерім,
Құданың құдіретімен мұнда түстім.

Шам шаһының уәзірі еді атамыз,
Хош табиат уә назахат бехруз.
Атам шаһтың сүйікті кісісі еді,
Бастан-аяқ баршасын айталық біз.

Атамды патша жақсы көруші еді,
Не тілегі болса да беруші еді.
Патшаны осы билеп кетті ғой деп,
Басқа жұрт күндей-күндей жүруші еді.

Патшаға шақты атамды көп жұрт күндеп,
Уәкилдік айта берді күндіз-түндеп.
Уәзірліктен қалдырды атамды жұрт,
Бірталай ел жабылып қылып еңбек.

Онан шығып атамыз үйге келді,
Мені күтіп тәрбие, тахсил қылды.
Мені өсіріп жете алмай мақсұдына,
Азим кешен-сарай — жәннат болды.

Жас күнімде пәдарым рихлат етті,
Мен өсіп мақсатына жетпей кетті.
Анам бір күн үй-жай, малын сатып,
Бір құл сатушыға жариам деп мені де елітті.

Жариам деп сатты мені жеті жаста,
Кетті анам мені құлдыққа атқылашта.
Өзі жолдас боп жүрген бір жігітпен
Үндістан тарапына кетті басқа.

Жас күнімде айырылдым ата-анамнан,
Жүрегім қайғыменен қапаланған.
Енді менің ғұмырыма ізгілік бер,
Тәуекел қылдым, — дедім, — Қадір, Маннан.

Құл сатушы мені алып түсті жолға,
Мені де бірге қосты көп жариаға.
Біздерді Мысыр, Қаһираға алып келіп,
Киіндіріп ап келді падишаға.

Патша алдынан өткізді бәрімізді,
Бәріміздің қарады әрімізді.
Ішінде мені көріп осы патша,
Артық беріп ап қалды жалғыз бізді.

Нәдіратул әмсәл екен мұның өзі,
Гауһардай жалтылдайды екі көзі.
«Бұ гөзәлге һеш әйел тең келмес», — деп,
Падиша бек ұнатты пендеңізді.

Патша мені көп пұлға сатып алды,
Бас ағаны жанына шақырып алды.
— Сақыпжамал бұл гөзәл махбұбаны
Құрмет етіңіз, — деп жарлық салды.

Бас аға мені әкелді бір сарайға,
Маған қызмет қылады неше жариа.
Ләуте, скрипка, саздарменен,
Келіп күнде ойнады құзырыма.

— Бізді патша жіберді сізге, — дейді,
Қызмет қылып тұрғын деп сізге, — дейді.
Бес жыл болды бұ жерде мен тұрғалы,
Бір күні патша келіп «сөйле» дейді.

Падиша махаббаттық сөздер айтты,
Ұялдым падишадан бек қатты.
Төмен қарап патшаға жауап бердім,
«Мұны, тақсыр, айтпаңыз,» — дедім тіпті.

Сонда ашулана жаздады патша маған,
«Тартынып сөз айтасың, — деді, — маған».
Сонан кейін осы үйге алып келді,
«Керек емес, — деп, — ол жерде тұру саған».

Патша маған ұрсуға қия алмады,
Көңілінің махаббатын тыя алмады.
Өзге жариа һәммасы күншілік қып,
Патшадан мені, сірә, жоя алмады.

Жамандайды патшаға мені бәрі,
Һеш сөзіне падиша сенбейді әлі.
Үш жылдан бері мені жамандасып,
Әбден енді шаршады баршалары.

Сонда-дағы менің бұ іждағатым,
Иқрар болып патшаны һеш сүймедім.
Өз көңілім патшаны сүймеген соң,
Қылған қызмет һәммасы «лә шәй» дедім.

Падиша маған үкім қыла алмады,
Үкіммен ықтиярсыз ала алмады.
Жариалар мені шақса қуанамын,
Сөзіне патша олардың ере алмады.

Бұлайша деп қыз маған айтты сырын,
«Еріккенімнен тигем жоқ, — деді, — бұрын».
Мәслихатпен екеуміз рахаттанып,
Төсекке құшақтасып жаттық қырын.

Төсекке жатып біздер қылдық сұхбат,
Көңілім қарар, жан-тәнім тапты рахат.
Мен байғұстың ашылған қайда бақытым,
Түннен аман шықпадым сау-саламат.

Жақсы ұлпат, сұхбат пен махаббатта,
Құшақтасып жаттық біз жан рахатта.
Бір машақат ұстамақ айласы екен,
Жатқаным мен байғұстың бұ ғишратта.

Екеуіміз құшақтасып жатыр едік,
Уайымсыз һеш нәрседен ғапыл едік.
Есікті қатты-қатты ұрды біреу,
Сасқалақтап төсектен түрегелдік.

Ойладық: «біреу бізді көрген екен,
Патшаға барып хабар берген екен.
Қас жарианың біреуі айтқаннан соң,
Көргелі патша өзі келген екен».

Дүрдана тітіреп кетті қорыққаннан,
Бейшара үміт үзіп ғаріп жаннан.
Шығайын деп қамдансам мен далаға,
Ұрып тұрған есігі — келген бөлмем.

Енді мен шыға алмадым, не-дүр шара,
Аяғын баса алмады қыз бейшара.
Күміс тақыт астына кіріп жаттым,
Жасырынар таба алмай һешбір пана.

Дүрдана тітіреп барып есік ашты,
Патша ашуланып қаһар шашты.
Неше панар көтерген көп кісілер,
Үйге кіріп баршасы жабырласты.

Құдай біздің ақылды алған екен,
Басымызға машақат салған екен,
Ашылмаған бақытыма себеп болып,
Жіп салбырау күйінше қалған екен.

Патша айтты: — Ей, ақымақ, кім бар мұнда?
Іс бітір деп қойып па ем сені осында.
Терезеде бір жіп тұр салбыраған,
Тимеймін деп айтушы ең патша-ханға.

Дүрдана қорыққан соң сөйлемеді,
Патша: — Айт жөніңді, сөйле! — деді.
Жасауыл ақтарып қарап жүріп,
Мені сәрир астынан сүйреп алды.

Мені көріп падиша ашуланды,
Ашуынан шыдамай оттай жанды.
— Екеуін екі шауып өлтірейін,
Үйден тысқа алып шық шапшаң! — деді.

Жігіттер бізді тысқа сүйреледі,
«Шешін, кел» деп үстіме үймеледі.
Шешіндіріп жатқанда алып шығып,
Бір уәзір: — Тақсыр, тоқта, тиме, — деді.

Ешкімге опа қылмас дүние боқ,
Хан қаһары — күйдірер жайнаған шоқ.
Хан алдында отырдым тізем шөгіп,
Тырнақтай ғаріп жаннан үмітім жоқ.

Уәзір айтты: — Тақсыр хан, тыңда сөзім,
Бір істі ойлап тұрмын менің өзім.
Ақымақтың мүрдәр қанын жер көрмесін,
Бұларды Нілге тастап жоғалт көзін.

Хан уәзірдің бұл сөзін мақұл көрді,
«Нілге ат!...» деп жалладына әмір қылды.
Жалладтар қазір бізді алып келіп,
Ніл дарияның үстіне лақтырды.

Нілге атып жіберді бізді жаллад,
Басыма әлі салмаған ажал саяд.
Сүңгіп барып бір жерден бас көтеріп,
Дариямен аға бердім төмен қарап.

Дарияның шықтым барып ар жағына,
Есім жинап қарадым жан-жағыма.
Өзім өлер халімде ұмытып ем,
Есіме ғашық жарым түсті және.

Жарымды іздеп қарадым мойным созып,
Тастаған жерге келдім қайта жүзіп.
Кешке дейін дарияны қарап едім,
Түн болған соң жыладым күдер үзіп.

Дарияны жүзіп жүріп араладым,
Сүйегін бейшараның таба алмадым.
Ажалына мен себеп болғаннан соң,
Мұнда қайдан келдім деп зар жыладым.

Әуелі бұл шаһарға келмесемші,
Терезеден бұ қызды көрмесемші.
Ажалына мен себеп болдым-ау деп,
Көзімнен қан аралас ақты тамшы.

Қарарымды білмеймін қайсы жолды,
Сарғайып зағыпырандай жүзім солды.
Жүсіп үшін жылаған Жақыптайын,
Пендеңіз қайғыменен іші толды.

Көзімнің тыя алмаймын аққан жасын,
Һәркімнің айырмасын жар-жолдасын.
Үш күн бірге тұрмадым тым болмаса,
Мендей ғаріп Құдайым һеш қылмасын.

Дүниенің бәрі маған болды қараң,
Күндіз-түні жылаймын қылмай ирам.
Бағдатқа барайын деп жүріп кеттім,
«Бұ Мысыр енді маған, — дедім, — харам».

Бағдатқа жүріп кеттім жолға түсіп,
Дүрдана зар жылаймын еске түсіп.
Неше күндей жол жүріп ұйқы көрмей,
Он бес күнде жығылдым ұйқы қысып.

Бір ағын су жанына жаттым келіп,
Бір кішкене шаһарды тұрмын көріп.
Жақын жерде шыңғырған дауыс шықты,
Құлақ салып тыңдадым естіп тұрып.

Бір әйелдің дауысы — құлақ салсам,
Қайтеді деп ойладым бұған барсам.
Кетпенменен бір адам жер қазады,
Жақын келіп жанына абайласам.

Жақын келіп жанына бұғып тұрдым,
Жерді қазып жатқанын көріп тұрдым.
Қазып болып бір нәрсе көмді дағы,
Кетіп қалды жөніне, көріп тұрдым.

Ол кеткен соң тұрдым да қадам бастым,
Келдім де, көміп кеткен шұқырды аштым.
Қанды зәнбіл ішінде бір қыз жатыр,
Көргеннен соң ол қызды жаман састым.

Ол қыздың қып-қызыл қан тұла бойы,
Өлтіруге байқасам қылған ойы.
Мен кішкене кешіксем, қыз байғұстың
Шығып қала жаздапты шыбын жаны.

Өкпесіне қол созсам соғып жатыр,
Шала-жансар өлімші болып жатыр.
Қарасам, нұсқасының бәрі жақсы,
Залымға түссін дедім заманақыр.

«Ah» ұрдым жаным ашып ол байғұсқа,
Қан аралас толады көзім жасқа.
«Жазасын бұл залымның Хақ берсін,» — деп,
Осынша тауқымет қылған ғаріп басқа.

Есін жиып сөйледі бейшара қыз,
Сөзімді құлақ салып естіңіз сіз.
Есін жиып, күрсініп айтты маған:
–Ей, мұсылман, маған бір су беріңіз!

Өзеннен су әкелдім мәсім шешіп,
Сауап үшін жүгірдім жаннан кешіп.
Көзін ашып қарады ақырын ғана,
Жаны рақат тапқан соң суды ішіп.

Қыз: — Менің байла, — деді, — жараларым,
Көр, — деді, — Құдай үшін тәналарым.
Бұл жерден өлмеспін деп ойлаймын,
Шын қаза жібермесе бір Құдайым.

Ей, жігіт, баққын, — деді, — мені таза,
Мұнан өлмен, жетпесе тура қаза.
Иншалла, жазылсам қайтарармын,
Сізді мен ренжітіп қылман наза.

Бұлай дегеш қызды мен баға бердім,
Жарасына дәрілер жаға бердім.
Үсті-басы сасиын дегеннен соң,
Баққын деп бір дәрігерге алып келдім.

Ол дәрігер баға берді қызды емдеп,
Һеш адам сұрамайды «мұның кім?» деп.
Пышақпен алты жерден сұққан екен,
Бәрі де сахат болды Құдай жөндеп.

Бір күн айтты қыз маған «мұнда кел» деп,
Сұрады «қалам, қағаз тауып бер» деп.
Алып келіп қолына беріп едім,
Алғыс берді: «рақмет, жақсы ер», — деп.

Хат берді маған: — Базарға енді барып кел, — деп,
Бұл базардың адамын танып кел, — деп.
Маһияр атты кісіні тауып бер де,
Не берсе де сіз мұнда алып кел, — деп.

Құп болар деп қағазды қолыма алдым,
Саудагерлер жиылған жерге бардым.
Маһияр атты кісіні тауып алып,
Айтқанындай қағазды оған бердім.

Қағазды әбден ашып оқып көрді,
Қағазды өбіп қойнына салып тұрды.
Жекмишенің аузын ашты дағы,
Қазір маған жүз тілла санап берді.

Қайтып келдім мен қызға тілланы алып,
Қыз санады тілланы қолына алып.
«Енді бір жақсы пәтер алғын» деді,
Көшіп бардық бір жақсы пәтер алып.

Бір күн тағы хат берді, қолыма алдым,
Маһиярға ол хатты тағы бердім.
Төрт жүз тілла Маһияр берді бұл күн,
Оны дағы өзіне әкеп бердім.

Қыз айтты: — Бұл тілланы алғын тамам,
Өзімізге не керек, алғын һаман.
Базардан керек нәрсе бәрін алдым,
Көрпе, жастық әкелдім, кілем, шапан.

Бір туған деп ойлайды бізді көрген,
Құдай маған осындай дәулет берген.
Хұсни жамал әлгі қыз ғаят көрікті,
Һеш немедей көзіме көрінбеген.

Менің ақылым, пікірім сол Дүрдана,
Жолында қайран болған мен диуана.
Көңілімнен күндіз-түні бір кетпейді,
Құдайым бір ғайыпқа қылды әуре.

Тастап кеткім келеді осы қызды,
Жібергісі келмейді бұл қыз бізді.
Қыз мені жақсы көргеннен соң:
— Баян қылғыл, — дедім мен, — өзіңізді.

Өтінді сабыр қыл деп әлденеше,
«Жолыңда жаным пида күндіз-кеше.
Мені айырып алдыңыз бір өлімнен,
Қызметіңнен құтылман өле-өлгенше».

Бір күні қыз айтады пендеңізге:
— Бір қызмет бұйырамын, — деді, — сізге.
Саудаласпай құмашар алып келгін,
Намахрам деген сатушыны табыңыз да.

Дүкенінде Намахрамды іздеп таптым,
Келдім де сәлем беріп жауап қаттым.
Не айтса саудаласпай бердім дағы
Үш топ құмаш айырып алып қайттым.

Бір күні тағы да айтты Мәзбұра қыз:
— Намахрамға тағы бір іс қылыңыз.
Саудаласпай ақшасын бергін дағы,
Жаратқан бұлды, — деді, — ап келіңіз.

Осындай бір қиялды бастады қыз,
Қыздың айтқан сөзінен аспадық біз.
Тажірге тағы барып құмаш алып,
Ақшаны карманымен тастадық біз.

Мақтадым: — Құмашыңыз жараттым бек,
Бағасын не болса да өзің ал, — деп.
Карманымды өзіме қайтып берді,
Керектісін өзінің алған соң тек.

Тажір менің ісіме қайран болды,
— Бекер жүрген жарамас енді, — деді.
Тамыр болып жүрелік біз екеуміз,
Біздің үйге қонақ болғын, — деді.

Пұлымды алып үйіме қайтып кеттім,
Ертең қонақ болам деп айтып кеттім.
Мәзбұраға келдім де пұлды беріп,
Тажірдің шақырғанын баян еттім.

Мәзбұра қыз бұл сөзді мақұл деді,
— Мен де сізге саламын ақыл, — деді.
Үй-жай көргеннен соң ұнатсаңыз,
Қонаққа өзін дағы шақыр, — деді.

Ертеңгі күн қонаққа бардым өзім,
Уағда қылып бар еді айтқан сөзім.
Көп зияпат әйлады тажір маған,
Қонақ бол деп шақырып қайттым өзін.

Намахрам келіп маған қонақ болды,
Отырып дастарқанға ойнап-күлді.
— Намахрамды жібермей жатқызғын, — деп,
Мәзбұра маған келіп көп жалынды.

Намахрамға Мәзбұра көрінбейді,
Тыстан қызмет қылуға ерінбейді.
«Қонып жат» деп өтіндім, жатпақ болды,
Қуанып Мәзбұра қыз күлімдейді.

Төрт бутылка арақты даяр қылдық,
Түн ортасы болған соң мәжіліс құрдық.
Кезек-кезек нош етіп күшті хамыр,
Екеуіміз де әбден-ақ маст болдық.

Қонағымызды жатқыздық қонақ үйге,
Біз де барып онан соң жаттық үйге.
Тәтті ұйқыға барғанда Мәзбұра қыз:
— Қонағың кетті, — деді, — о дүниеге.

Қанды қанжар қолында Мәзбұраның,
Маған айтты: — Қонақты құп турадым.
Жүгіріп келіп қарасам Намахрамды,
Басы жатыр бөлініп бейшараның.

— Өшіңді алмақ бар екен кегің, — дедім,
Себеп қылдың қанына мені, — дедім.
— Бұған себеп болдым деп, кейіме, — деп,
Айтқан сөзі маған кеп Мәзбұраның:

— Бұған себеп болдым деп кейімеңіз,
Кесапатын залымның айталық біз.
Маған дұға қыларсыз рақмет айтып,
Егер оның қылғанын естісеңіз.

Мәзбұра сөз бастады бұлайша деп,
Көңілсіз тыңдап тұрдым «айтыңыз» деп.
— Бұл шаһардың ханының қызы едім,
Бұл тажір Намахрамда кесапат көп.

Моншаға бара жатып көрдім мұны,
Қарасам дүкенінде отыр еді.
Көңіліме махаббаты түсіп кетіп,
Суреті көз алдымнан кетпес болды.

Ғашықтық қасіреті болды ғалиб,
Көңіліме алсам кетемін естен танып.
Ішкен асым өтпейді тамағымнан,
Ғашықтық дертіменен ішім жанып.

Өлер халге ақыры жеттім өзім,
Дүниені көрмес болды екі көзім.
Көп дәрігерлер һеш дауа қыла алмады,
Зағыпырандай сарғайды қызыл жүзім.

Атамыз бір тәбипті алып келді,
Ол тәбип ғашықтықты қазір білді.
«Мен білсем қызыңдікі ғашық оты»,
Атамды бұл жауаппен сендіреді.

Онан соң менен жауап сұрады атам:
— Сырыңды баян қыл, — деп, — жаным, ботам.
Һеш адамға білдірмей айт сырыңды,
Айтпасаң сенің үшін қайғы жұтам.

Сонан соң мен сөйледім білгенімді,
Ғашықтық дертіменен күйгенімді.
Намахрам тажірді айтып едім,
— Құп, балам, табам, — деді, — сүйгеніңді.

Атам мұны есітіп, қалды кетіп,
Мен тұрдым бұ жауапқа көңілім бітіп.
Қай күні ғаріп атам табады деп,
Екі көзім төрт болып жолын күтіп.

Әкелді хатын қылып бір күн түнде,
Жаным тәнге кіргендей тап сол күнде.
Есім мен түсім кіріп, қайғым кетіп,
Біраз күн ойынменен тұрдық бірге.

Жазылдым кеселімнен, қайғы кетіп,
Ара-тұра кеп жүрді тамаша етіп.
Екі көңіл ғашықтық жарасқан соң,
Өзім де барсам дедім ниет етіп.

Бір күні барайын деп келдім іздеп,
Қақпа қағып, сөйледім жауап бер деп.
Бір жариасы келді де жауап берді:
— Қақпада есік қағып тұрған кім? — деп.

Мен айттым жариаға: — Ғаріп қызбын,
Ілесіп мен барамын өзіңізбен.
Намахрам достымды іздеп келдім,
Ғашықты мағшұқ тартар деген сөзбен.

Жариа айтты: — Бүгін сіз қайтқыл, — деді,
Тыныш барып үйіңізге жатқыл, — деді.
Қасында Намахрамның бір досты бар,
Ертең келіп жұмысыңды айтқыл, — деді.

Сол жерде мұны естіп күйдім оттай,
Бір іс қылып кетсем деп үйге қайтпай.
Ашуым кеп қақпадан қарғып түстім,
Өлімнен үйге кірдім басым тартпай.

Келсем отыр Намахрам күліп-ойнап,
Қасында біреу отыр гүл-гүл жайнап.
Ашуланып үстіне қарғып мініп,
Ол қызды ұрып-ұрып шықтым айдап.

Мен ұрған соң ол байғұс кетті қашып,
Намахрам сөйлемеді аузын ашып.
Өзін де біраз ұрдым Намахрамның,
Көп жалынғаш отырдым ашу басып.

Намахрам қол қусырып жалынды көп,
— Мұндай іс екеуімізге болмайды еп.
Ант етті: екіншідей үстіңізге,
Патша қызы болса да сүймейін, — деп.

Сонан соң мен отырдым ашу басып,
Баяғыдай отырдық құшақтасып.
Байқаусызда қолына қанжар алып,
Қасыма кеп отырды түсі қашып.

Тұрды дағы қанжармен сұққылады,
Есі ауып пақырың тік құладым.
Арқалап алып барып, жерді қазып,
Өзің алған орынға тықққылады.

Көмейін деп жатқанда есім кірді,
Жалынып мен шақырдым [ол] шомбадты.
Ол хайуан дауысымды ести тұрып,
Шұқырға көміп тастап жүре берді.

Піркәшік еді біздің алтын берген,
Хатымды менің жазған оқып көрген.
Ақшаның неге керек болғандығын,
Хатпенен бәрін тамам айтып бергем.

Ол сырымды айтпадым бұрын сізге,
Өшімді алғызбас деп айтсам бізге.
Бастан кешкен сырымды айтып болдым,
Кейін айтам деп едім өзіңізге.

Атама апарамын енді сізді,
Махбүбім, қабыл көрсең, — деді, — бізді.
Осындай қызметіңді атама айтсам,
Қосады неке оқып екеумізді.

Ішімде бұ сөздерін қаламадым,
Бұ сөзінің ақырына қарамадым.
«Бұ қыздан һешбір опа таппаспын», — деп,
Үйінде сабыр қылып тұра алмадым.

Сол түнде қызды тастап жүріп кеттім,
Бағдатқа барайын деп ниет еттім.
Бара жатқан ілесіп бір керуенмен,
Бағдаттың шаһарына барып жеттім.

Шаһардың кірдім барып аяғынан,
Тиісті орын қарадым қай жағынан.
Он бес тіллам жағамда жүруші еді,
Бекітіп тігіп қойған баяғыдан.

Сауда қылып сонымды қылдым ермек,
Жарамас деп ойлаймын бекер жүрмек.
Кәрзеңкемен көтеріп миуа саттым,
Құдайдан деп не болса алмақ-бермек.

Күндік ауқат айырдым өз басыма,
Бір адамды ертпеймін өз қасыма.
Күнде сатып бітіріп әдет қылдым
Көп саудагер жиналған ортасына.

Әдетімше бір күні тағы келдім,
Алдына қойып көрсеттім һәр адамның.
Шеткерек отыр еді кәрі кісі,
Сол айтты: — Маған неге ап келмедің?

Қария: — Мұнда кел, — деді, — балам,
Күнде сенің миуаңнан құры қалам.
Тартып алар деймісің маған келсең,
Мен де, — деді, — пұл беріп сатып алам.

— Ұялдым, — дедім, — баба, бұ сөзіңнен,
Ұялғаннан от шықты ақ жүзімнен.
Ұялған соң: — Алғын, — деп айттым, — бәрін,
Бір тиын алман, — дедім, — енді өзіңнен.

Бір тұтам жүзім алды қолын салып,
Мені де отырғызды қасына алып.
Қария менің жөнімді сұрап енді,
Мен мұңайдым көзіме жасым алып.

— Дүниеде мен бір ғаріп дертті болған,
Көзіме жас, көкірегіме қайғы толған.
Жөнімді сұрап дертімді қозғамаңыз,
Шермендемін Құдайым қайғы салған.

Бұ сөзді естіп ол баба тұра қалды,
Жан қалтаға бұрылып қолын салды.
Он тілла маған алып берді дағы,
Өзі тұрып орнынан кетіп қалды.

Он тілланы берген соң алып қалдым,
Бабаның бұл ісіне қайран қалдым.
Өзге байлар бір тілла берген емес,
Қызметі өтіп кетті мына шалдың.

Ол жерге екінші күн келдім тағы,
Орнында отыр екен шал баяғы.
Әуел оның алдына қойдым ап кеп,
Өзге жанға бұрылмай келдім дағы.

Бір тұтам жүзім алды зәнбілімнен,
— Жайыңды айт? — деп сұрады баба менен.
«Айтайын уақиғамды, — деп ойладым, —
Енді сырды жасырып болмас мұнан».

Өзіме жақын көрдім ықтиярды,
Баян қылдым басымнан өткен халді.
Аты-жөнім, мекенім бәрін айттым,
Баба менің сөзіме құлақ салды.

Шал айтты: — Ұқтым сөзің сенің, — деді,
Шаһарым Басыра-дүр менің, — деді.
Дүниеде мұқтаж едім бір перзентке,
Сіз менің жауабыма көнің, — деді.

Менің малым атаңнан артық, көп-ті,
Тыңда, — деді, — мен айтқан таза кепті.
Жасым тоқсан алтыда, перзентім жоқ,
Сізді перзент қылуға көрдім епті.

Қайғыңды ұмытарсыз көрсең мақұл,
Ей, балам, менің сөзім бәрі ақыл.
Байлығым өсірмейім, фәрауан-дүр,
Енді, балам, өлгенше мені бақ қыл.

Пендеңіз бұл жауапты мақұл көрді,
Мұнда кел деп қасына ертіп жүрді.
Кәрзеңкемді ішінде миуасымен
Бір көшеге келген соң тастаттырды.

Ертіп келіп көрсетті пәтер үйін,
Кидірді түрлі алуан асыл киім.
Ата-анам өлмегендей болып қалды,
Естен кетіп бұрынғы жүрген күйім.

Үш күннен соң Бағдаттан көшіп кеттік,
Басыра шаһарына келіп жеттік.
Сау-саламат Басыраға келгеннен соң,
Құдайға мың мәртебе шүкір еттік.

Сарайға әкеп түсірдік малымызды,
Тәңірі есен сақтады жанымызды.
Байқасам ол ықтияр ғаріп атам
Өз жанындай сүйеді пендеңізді.

Мен де разы атамның һиммәтіне,
Күні-түні жүгірдім қызметіне.
Ғаріп атам бір күні хаста болып,
Алланың мойынсұнды сүннетіне.

Бір күні өз жанынан үміт үзді,
Қасына шақырып алды атам бізді.
Үйден жанның бәрін де айдап шығып,
Жанына жақынырақ отырғызды.

— Айтайын, — деді, — балам, бір насихат,
Тыңда, — деді, — сөзімді бек қабағат.
Жер астында менің бар қазынамның
Ұшқынындай бұ тұрған мал мен мүлкәт.

Өзім атам көрсеткен өлмес бұрын,
Сізге мен де айтайын үшбу сырым.
Өзімменен жеті ата ие болдық,
Білмеймін, — деді, — онан арғы жерін.

Жалғыз-ақ саған айтқан өсиетім,
Жомарттыққа өзіңнің бар ниетің.
Балалықпен қазынаңды білгізіп ап,
Көріп жүрме хандардың хүкіметін.

Балам, менің сөзімді ұқсаң егер,
Қазынаңнан һешкімге берме хабар.
Хан, уәзірлер білген соң көндірер сені,
Машақатқа ұшырарсыз көріп зарар.

Мақұл көрдім атамның айтқан сөзін,
Құп тыңдап құлақ салдым менің өзім.
Қазынаның есігін, жолын айтып,
Және айтты өзінің қисапсызын.

Мұны айтып ғаріп атам етті рихлат,
Енді атам ісін маған қылды минат.
Артында мирасқоры болғаннан соң,
Һәммасын бижай қылдым парыз, сүннет.

Онан кейін қазынаны көрдім барып,
Аралап кете бердім жерді жарып.
Қазынаның ішіне кіргеннен соң,
Қарадым жан-жағыма көзім салып.

Қисабы жоқ көрінді бұ қазайын,
Һеш ада болар емес уа дафайын.
Оны егер тауысу керек болса,
Нұх пайғамбар ғұмырындай ғұмыр лазым.

Көңліме көргеннен соң бір іс кірді,
Пендеңіз жұртқа ақша үлестірді.
«Пайдасын һәркім көрсін» деп ойладым,
Жерде бұрын жатқанмен не бітірді?

Мұны ойлап жомарттық аштым аузын,
Жұрт пайдасын көрсін деп бұ жиһазым.
Солай мені зан қылды бұ халайық,
«Кедей қылар Қасым, — деп, — тағы да өзін».

Жұрт өсек қылды менің жомарттығым,
Тіптен ерсі болған соң бұ қылуым.
«Ата малын түгесіп қаңғып еді,
Жігіттіктің қоймапты әлі буын».

«Тағы кедей болар» деп қылды өсек,
Онан әрі жұмсаймын кесек-кесек.
«Малы мұның неткен көп, — десіпті жұрт, —
Жап-жалаңаш бір күні қалар десек».

Жұрт кеңесіп айтыпты ханға бір күн:
«Қасым малды шығарды дүркін-дүркін,
Жерден бір қазына тауып алса керек,
Мұның жайын сұратып құп білдіргін».

Хан сонда жіберіпті бір жасауыл,
Жүрген жері жасауыл — бәрі дауыл.
«Маған шапшаң қазынаңды көрсет!» — дейді,
Басыма кеп орнатты менің зауыл.

Қысылдым жасауылдан сонда қатты,
Жасауыл ашуланып жауап айтты.
«Қинамай кетейін, не бересің?» — деп,
Жасауыл бұлайша деп жүз жұмсатты.

Қуанғаннан мен айттым: — Не аласың? — деп,
Ол айтты: — Айға жүз сом саласың, — деп.
Бір айына жүз тілла алмақ болып,
Жасауыл қайтып кетті парасын жеп.

Мұнан соң бір жыл тұрдым есен-аман,
Тағы біреу бір күні келді маған:
«Ханның атқосшысы Абулфатах,
Алып кел деп бұйырды сені маған».

Мен бардым Абулфатах шақырған соң,
Барғаннан-ақ ол уәзір айтпады оң:
— Сенің қазына тапқаның мағлұм болды,
Бестен бірін қазынаға әкеп салың.

Бейтүлмәлға сал, — деді, — бестен бірін,
Сен неге айтпай жүрсің, — деді, — сырың?
Бестен бірін қазынаға әкеліп сал,
Отырма, — деді маған, — шапшаң тұрғын.

— Малым жоқ деп өтірік тайсалмаймын,
Үкім қылсаң бетіңді қайтармаймын.
Құдайға ант етемін өлтірсең де,
Қазынамды мен сізге айта алмаймын.

Бұ сырымды айтпаймын өлтірсең де,
Басқа шауып, қанымды келтірсең де.
Мен өлсем жалғыз тиын ала алмайсың,
Онан да ақша ал, — дедім, — осы күнде.

Онан да жүз алтын ал күнде, — дедім,
Бұған риза болайын мен де, — дедім.
Бір айда үш мың тілла аласыз ғой,
Разы болып тұрғыл сен де, — дедім.

Бұ сөзге Абулфатах разы болды,
— Үш мың алтын тез бүгін жібер, — деді.
Бір кісісін ертіп үйге келіп,
Үш мың тілла жібердім оған енді.

Абулфатах мұны алып ойлайды ойды,
«Хан естісе бұл сырды ұят», — дейді.
Ханына Абулфатах айтқан екен,
«Мұнда қазір Қасымды шақыр», — дейді.

Хан «Қасымды шақыр» деп әмір қылды,
Шақырғалы бір жігіт жетіп келді.
Қайыр беріп тұр едім ғаріптерге,
— Хан шақырды, ей, Қасым, жүргін, — деді.

Шақырған соң ханға мен жетіп келдім,
Иіліп тағзым етіп сәлем бердім.
Падиша айтты маған отырған соң,
— Неге тапқан қазынаңды айтпай жүрдің?

Сен маған қазынаңды көрсет, — деді,
Жасырып айтпағаның — фұрдат, — деді.
Тартып алар дейсің ғой көрсеткен соң,
Бір сөзге ақылыңды тоқтат, — деді.

— Көрсет деп бұған, тақсыр, қинамаңыз,
Көрсетпесем ашуды жинамаңыз.
Мұны жанға айтуға халім келмес,
Бұл туралы үкіміңе наразымыз.

Айтпаймын мұны, тақсыр, тілге сенсең,
Сүйегімнің қалғаны — егер өлсем.
Тілла беріп тұрайын күнінде мың,
Бұл айтқан жауабымды мақұл көрсең.

Хан менің бұл сөзіме қарап тұрды,
Абулфатах уәзірден жауап сұрды.
— Бұ сөзге сіз не дейсіз, ей, уәзірім,
Әбілқасым бұлайша жауап берді.

Уәзір айтты: — Айтайын мен бір жауап,
Бұған да болсын дедім біраз сауап.
Өзі де ада болар сонымен,
Күніне мың алтыннан алсаң санап.

Разы болса сізге, дұға қылар,
Зорлық көрсе бейшара зар-зар жылар.
Хан уәзірдің бұ сөзін мақұл көрді,
Менен сол ақшаларды алып тұрар.

Хан менен қайым мақам қапу жаушы*,
Осындай уағдаменен ақша алушы.
Үй-жай сізге берген, түздегі мал олар алған,
Қазынамның бес жүз мыңда бір үлеші.

Мейманым, осылайша менің жайым,
Бұ сырды сізден аяп не қылайын.

* Түпнұсқада осылай берілген.

Падиша қайран болып мына сөзге,
Білмекке кетті көңілі мұның жайын.

Патша айтты: — Бұ сөзге сенсем екен,
Сіз де менің сөзіме көнсең екен.
Дүниеде бар болса бұ қазына,
Рас па екен, көзім білән көрсем екен.

Қасым айтты: — Қазынамды көргіземін,
Көрем десең сертіме көнгіземін.
Патша айтты: — Сертіңе разымын,
Ол уағдаңа қасаммен сенгіземін.

Қасым айтты: — Мен жүрем қылыш алып,
Жеткенше сіздің көзді байлап алып.
Мен аш демей көзіңді ашар болсаң,
Өлтіремін қылышпен бір-ақ салып.

Падиша қасам беріп аһыд қылды,
Қасымды қасам беріп сендіреді.
— Көрсетпей жіберейін десем дағы,
Мейманым ренжісең қиын, — деді.

Түнде барып көрсетем, қонғын, — деді,
Асығатын пиғылдан кет, — деді.
Мейманхана үйіне алып келіп,
Неше түрлі қызметтер қылады енді.

Кешегіден асырды бүгінгісін,
Патша есінен шығарды ол күнгісін.
Падиша бүгін көрген зияпатқа,
Салыстырып ойлайды кешегісін.

Ел жатқан соң ер Қасым келді кіріп,
«Айтпасқа серт қыл» дейді Қасым тұрып.
Қасымды патша әбден сендіреді,
«Ешкімге айтпаймын» деп қасам беріп.

— Байқаймын, жақсы адамсыз, — дейді Қасым,
Дұшпаннан көп қорқамын байғұс басым.
Көрсетпесем тағы да ренжірсіз,
Сертіме разы бол, замандасым.

— Мұныңа разымын, — деді патша,
Мен де тахсин қыламын сізге қанша.
Өзіңнің сертіңменен іс қыла бер,
Хатирым бұзылмайды менің аслан.

Патшаның көзін байлап алып жүрді,
Басқышпен бір бақшаға келіп кірді.
Көрмеген жан дүниеде табар емес,
Қазынаның аузына келіп тұрды.

Енді тағы басқышпен төмен жүрді,
Жетелеп падишаны ілестірді.
Көп жерге енді тағы түзу жүріп,
Есік ашып бір үйге келіп кірді.

Падишаның ол үйде көзін шешті,
Патша көзін шешкен соң жаннан кешті.
Күндізгідей қылып тұр үйдің ішін,
Шөккен нардай көреді жақұт тасты.

Әлқисса, патшаның ошал қазынада көрген нәрселері бұ тұрұр:

Жақұт тас жанып тұрған шамдай болып,
Бұ жартас көрінеді таудай болып.
Тау дегені гауһар тас, алтын, күміс,
Падиша қарап тұрды қайран болып.

Оң жағында бір үй тұр жасыл жауһар,
Кірпіші лағыл, жақұт, үсті гауһар.
Іші толы үйілген өңкей тілла,
Айналасы алты жүз қадамдай бар.

Ақ мәрмәрдан жасалған бір дуал тұр,
Ішінде алтын терек, бес-алты құр.

Айналасы дуалдың бес жүз қадам,
Ішінде алтын-күміс лық толып тұр.

Қасым айтты патшаға: — Сөзімді ұқ,
Он төрт жыл дәурен сүрдім жомарттық қып.
Сонан бері жұмсауым осы дуал,
Әлі күнге бір елі кеміген жоқ.

Патша айтты: — Мұны сен көпсінесің,
Жұмсауың түрі бұзық — бітіресің.
«Мұны азсынсаң, мінеки, мұны көр», — деп,
Және бір үйге ертіп келді Қасым.

Ол үйдің кірпіші бар зүбәржаттан,
Үсті алтын, мәтшесі шын жақұттан.
Інжу-жауһар, зүбәржат, алтын-күміс,
Әлгіден көрінді артық жүз қабаттан.

Көрді патша хауызда малдарыны,
«Түс көрдім бе?» — деді өзі халдарыны.
Гауһар тас пен алтын ақық тақыттар тұр,
Падиша кешіп тұрды жандарыны.

Іші жауһар, сырты алтын, ағла сарай,
Патшаның көзі талды қарай-қарай.
Өзінен-өзі түңіліп айтты патша:
— Менде осылар болсашы, уа, дариға-ай!

Аралап ғажайыптар көрді патша,
Ақылы кетіп басынан тұрды патша.
— Иесін көр бұл малдың, — деді Қасым,
Көргелі оған таман жүрді патша.

Үстінде екеу жатыр алтын тақтың,
Падиша көрді мұның салтанатын.
Ол алтыннан жасаған екі сурет,
Қараса, бірі — еркек, бірі — қатын.

Тәжі бар бастарында жауһар, алмас,
Көргеннің көзі талып есі қалмас.
Олар жатқан үйдегі асылдарды
Ауызбен мыңнан бірін айтып болмас.

Тірі адам сипатты, жүзін көрсе,
Дүниесін ада болмас айта берсе.
Асыл тастан істелген бір лаух тұр,
Лаухта хат жазулы патша көрсе.

Ол хатта жазған екен: «Дүние фани,
Кейінгі жан, ғибрат ал, көріп мұны.
Жанға ара түспеді һешбірісі,
Жинап едім қисапсыз көп дүниені.

Мен өзім патша едім тірі уақта,
Қанша жыл пәрмен қылдым алтын тақта.
Дұшпанды қорқытып едім қаһарменен,
Қарамай әділ болдым жақын-жатқа.

Бізден соң бұ қазынаны көрген адам,
Бұ жерге Құдай айдап келген адам,
Қажетіңе жұмсай бер өлгеніңше,
Һеш қорықпа алсаң дағы бәрін тамам.

Құлақ сал бұ сөзіме, әйуһа нас,
Бұ малды алудан һеш тартпағын бас.
Бізден бұрын біреудің мүлкі еді,
Қанша сарп қылсаң да ада болмас».

Патша оқыды бұлайша жазған хатын,
Дүниенің көрдім деген сиясатын.
Падиша айтты: — Бірақ қылған тарлық,
Жазбапты кім екенін өзі атын.

Бір үйге тағы әкелді падишаны,
Ол үйде тағы көрді тамашаны.
Бұрынғы көргендерден он мың есе
Мұндағы артық көрді ашияны.

Падишаның өзіне берген ағаш,
Тоты иләи сайраған һәм сандуғаш.
Неше мың, неше миллион һәрқайсынан,
Падиша көргеннен соң болды шықпас.

Қызыққа батты патша бәрін көріп,
Гауһардан, алма, анар, жүзім, өрік.
Көз көрген-естігендер, бәрі де тұр,
Қайсыбірін айтайын бәрін теріп.

Миуасы алтын, жапырағы гауһар, күміс дарақ,
Неше сауыт толулы лағыл шарап.
Жел ескен райхан гүлдер жайқалып тұр,
Ілулі сауыт-сайман, қару-жарақ.

Патшаның қараймын деп талды көзі,
Адасып білмей тұрды өзін-өзі.
Падишаның шыққысы келер емес,
Қасымның сонда келіп айтқан сөзі.

— Ей, мейманым, шығалық, мақұл десең,
Таң атып ел оянар тұра берсең.
Көзіңізді байлайын, келгін бері,
Екі күнге бітпейді бәрін көрсең.

Бұ сөзді айтып патшаның көзін таңды,
Өзі және қолына қылыш алды.
Босағаға қыстырып кеткен екен,
Шығарында қайтып кеп шамын алды.

Таңнан бұрын орнына келді қайтып,
Уағада әуелгідей сертін айтып.
Қайтып үйге келген соң көзін шешті,
Намаздарын оқыды азан айтып.

Мәслихатпен жарасты бұ сөздері,
Келген соң Құдай айдап бір кездері.
— Бізге берген сұлуға қарағанда,
Махбүбтің сізде шығар абзалдары.

— Бізде толып жатыр мұнан да артық,
Дүрдана көз алдымнан кетпес қалқып.
Әлі күнге ашығымнан мағшұғымның,
Қараман һешбіріне мейілім тартып.

Ішімде Дүрдананың махаббаты,
Жандырар жүрегімді ғашық дерті.
Дүниеде енді тірі көрер ме екем,
Көңілімнің кетер еді қасіреті.

Ойласам, Дүрдананы келмес күлкім,
Көзіме көрінбейді жиған мүлкім.
Дүрдана ғашық жарым қасіретінен,
Көзім жасты, қайғылы ғаріп көңілім.

Бұ қайғы өлгенімнен болды қиын,
Мұнша мал көрінбейді жиған бұйым.
Дүрдана махбүб жарым еске түссе,
Дүниеден өткім келер осы күйім.

Мұны айтып Қасым көзден төкті жасын,
«Аһ, мағшұғым» деп жастыққа қойды басын.
Падиша қайран қалып дұға қылды,
«Иләһи, нәсіп қыл, — деп, — махбүбасын».

Падиша көп насихат ақыл айтты,
— Өткенге өкінбеңіз, — деді, — қатты.
Нәсіп қылса тірлікте көрерсіз, — деп,
Падиша қош айтысып үйге қайтты.

Қасымға көп тамаша етті патша,
Малы тұрған сарайға жетті патша.
Өз мүлкіне барабар олжаменен,
Бағдатқа бек шаттанып кетті патша.

Білдірмей патша екенін һеш адамға,
Жайылды Қасым ісі талай жанға.
Келген жанға осындай бергендерін,
Естігендер һәммасы қалды таңға.

Хан, уәзір, жасауыл тұр құлақ салып,
Күншілдігі қозғалды көп қызғанып.
Қазынасын көруге кеңес қылды,
Ай сайын тұрса дағы ақшаны алып.

Абулфатах уәзірдің бір қызы бар,
Өзі көркем бек, ғаят хұсни жамал.
Абулфатах уәзірдің сол қызына
Не қылғанын, жігіттер, құлағың сал.

Абулфатах ханына сүйеу екен,
Ақылдас уәзірдің біреуі екен.
Ханының ағасының жалғыз ұлы–
Әлибек атты бекзада күйеу екен.

Абулфатах сол қызын киіндірді,
— Қасымға барып кел, — деп түйіндірді.
Қасымның қазынасын көріп кел, — деп,
Абулфатах уәзірді Құдай ұрды.

Мұны естіп Балқыс қыз қатты ұялды,
Бұ не деген сұмдық деп қайран қалды.
— Ей, ата, елге қайтіп көрінемін,
Бұ сөзді қойыңыз, — деп айтып салды.

Ей, ата, мақұл емес бұл ісіңіз,
Мұнан өзге жоқ па еді жұмысыңыз.
Бекзадаға айтасыз не деп жауап,
Кетпей ме өзіңіздің намысыңыз.

Балқыстың тыңдамады мына сөзін,
Хирс, тамиғ басқан соң екі көзін.
— Көп сөйлемей шапшаң бар! — деді атасы,
Бәдбахттың атқаннан соң Құдай өзін.

Жылады мұны естіп Балқыс ғаріп,
«Келемін жат үйге, — деп, — қайтіп барып?»
Бейшара қатты ұялды ел-жұртынан,
Жалынды «қой, ата!» деп қатты зар қып.

— Шапшаң бар, — деп қызына ашуланды,
Өзі жаһіл болған соң көңілі қанды. —
Көрмей келсең бауыздап өлтірем, — деп,
Қасымның көшесіне әкеп салды.

Не қылсын, жүре берді қыз бейшара,
Атасы үкім қылды жүзіқара.
Түнде келіп қақпаға есік қақты,
— Кімсің? — деп жетіп келді бір жариа.

Балқыс айтты: — Ісім бар байыңызда,
Тұрмаймын онан өзге жайыңызда.
Қасымға айтатұғын қажетім бар,
Басшы болып жүріңіз алдымызда.

Бұлай дегеш Балқысты ертіп жүрді,
Қасым жомарт отырған үйге кірді.
Асыл шәлі бүркенген бір сұлу қыз,
Қасым бұған қайран боп қарап тұрды.

Тамаша қылды Қасым сұлу қызды,
Бір кереует үстіне отырғызды.
«Өзі жас бұ сұлу қыз не мақсатқа,
Ойлады: іздеп түнде келді бізді?»

Сұрады Қасым қыздан: — Жөніңді айт? — деп,
Бар болса не қажетің алып қайт, — деп.
Балқыс айтты: — Сіздердей жомарт ермен
Қылғалы келдім, — деді, — әңгіме-кеп.

Бүркеншігін тастады, мұны айтып,
— Кетпеймін, — дейді, — үйіңнен қазір қайтып.
Қасым жомарт қызметін қыла берді,
Неше түрлі тағамын әзірлетіп.

Балқысты Қасым жомарт құрмет етті,
Махаббат жамалына ғашық кетті.
— Малы-басым һәммасы сіздікі, — деп,
Балқыстың Қасым жомарт қолын тұтты.

Балқыстың өзі бүгін тәуекел еді,
Көңіліне ұят пенен қорқу келді.
Күйеуі Әлибекке не деймін деп,
Түсі неше бұзылып жылай берді.

Қасым сонда ұялды Балқыс қыздан,
— Жылаған ұялдым, жаным, сізден.
Жылауыңның мәнісін баян қылғын,
Бір қате іс көрдің бе, жаным, бізден?

Балқыс айтты: — Естідім бұрын сені,
Бір бекке уағда қылған атам мені.
Намысымды жоюға қатты қорқам,
Неке қылар уақыты жақын еді.

Мен мұнда өз еркіммен келгенім жоқ,
Зорға келдім, әйтеуір өлгенім жоқ.
«Өлтіремін» деген соң жаннан қорықтым,
Көнбей-ақ тұрып едім келмеймін деп.

Сіздің мүлікте қазына бар, — деді атам,
Сол қазынаны көріп кел, — деді атам.
Екі жақтан ұялдым бірдей қорқып,
Ей, Қасым, көңлімдегі осы қапам.

Мінеки, Қасым менің келген ісім,
Намыс үшін кетіп тұр есі-түсім.
Күйеуімнен қорыққаным болмаса егер,
Атамның бітірер ем бұ жұмысын.

Әбілқасым сөйледі сонда тұрып:
— Ғашық болдым, Балқысжан,сізді көріп.
Сіздің бұл әдепті ойлауыңа,
Бек қатты сабыр қылдым разы болып.

Балқысжан, үйге келіп мейман болдың,
Көңілім сүйінгендей жауап қылдың.
Сізге мен қазынамды көрсетемін,
Дүние, ахиретте қардаш болдың.

Жіберсе мұндай іске атаң сенің,
Зәрредей қауіп қылма, ей, мейманым.
Түнде келдім «тиер» деп ойламағын,
Күнәлі істен тыйылған көңлім менің.

Қасымның бұ сөзіне қуанды бек,
Бір асқан кісі екен деп ақылы көп.
Балқысжан әдеппенен жауап берді:
— Ахиреттік қарындас боламын, — деп.

Тағамнан соң отырысты күліп-ойнап,
Ғаріп қыз шүкір қылды «иә, Құдайлап».
Патшаға қылған шарттың бәрін айтып,
Балқыстың жетеледі көзін байлап.

Көзін шешті сарайға кіргеннен соң,
«Міне, — деді, — қазынам, қарағын сен».
Алтын, күміс, дүр, гауһар, жақұттарды
Балқыс қайран болады көргеннен соң.

Екі сурет тақытта жатыр еді,
Гауһар алқа қатында жатқан көрді.
Үлкендігі көгершін тұқымындай,
Балқыс қатын мойнына қарай берді.

Балқыс көрді не түрлі кереметті,
«Қыздың көзі қызылда» деген қані.
Жансыз қатын мойнынан шығарды да,
Балқыстың мойнына салды оны.

Жансыз төннен алқаны алып берді,
«Қалаған нәрсең бар ма тағы?» — деді.
Асыл тастан азырақ тағы да алды,
Өзі көріп жақтырған нәрселерді.

Қайтадан алып шықты таңнан бұрын,
— Атаңа айтқын, — деді, — көрген сырың.
Күн шыққанша отырды Балқыс мұнда,
Қасымның көріп кетті барлық түрін.

«Қызымды жақтырды ма көріп Қасым,
Қызым жақса көрсетер қазынасын.»
Бұлай деп Абулфатах ой ойлайды:
«Бекер келсе қор болды менің басым».

Мұны ойлап отырғанда Балқыс келді,
Жауһар алқа мойнына салып келді.
Атасының алдына қойып еді,
Абулфатах шаттанып қолына алды.

— Қазынаны көрдің бе, қызым? — деді,
Қызы айтты: — Мен көрдім өзім, — деді, —
Өз қолыммен қазынадан бұларды алдым,
Рас, ата, бұ айтқан сөзім, — деді.

Қазынаның Балқыс айтты қисапсызын,
Қасымның һәм мақтады һәр мінездерін.
Қазынаны Балқыс қыз көрсе дағы,
Жолының және айтты мағлұмсызын.

Жауһарлар әкелгенде бек сүйінді,
Балқыс қыз алып келді көп бұйымды.
Қызы ұят пердесін жыртса дағы,
Жолын білмей келгенге көп күйінді.

Қылса да болмап едім қызым парһиз,
Бекер кетті-ау көре алмай намысымыз.
Абулфатах қайғырды өзі ұялып,
Жұрттан ұят болды-ау деп осы ісіміз.

Дүниеде жаннан асқан Қасым жомарт,
Абулфатах қор болды хирс, нәмәрт.
Һарон Рашид патшадан сөз айтайын,
Құлақ салып тыңдаңыз, көп жамағат.

Бағдатқа Һарон Рашид қайтып барды,
Көрген қызық қызметін айтып барды.
Патшалық тақытына отырған соң,
Шақыртып уәзірін қасына алды.

Уәзірді зынданнан алып келді,
Ғаріп жаннан көңілі қалып келді.
«Тік сөзімнен зынданға салып еді,
Қаһары қатты патша, өлдім», — деді.

Патша тұрып уәзірге сәлем берді:
— Бір сөзіңнен мен көрдім талай жерді.
Бейкүнә сізді азапқа салыппын деп,
Кеш күнәм, — деп падиша ғұзыр қылды.

Мен көрдім бұ дүниеде көп адамды,
Бұ дүниеде көрмедім ондай жанды.
Мал мен жанын мейманға пида қылған
Тең көрмеймін Қасымға патша, ханды.

Падишадан кем емес салтанаты,
Қасым емес, хас патша — оның аты.
Маған өзі көп нәрсе инғам қылды,
Һеш ақылым жетпеді басым қатты.

Уәзірім, кеш күнәһім, разы бол,
Сіздің сөзбен көрдім мен бірталай жол.
Оны мақтап дүниеде бітіре алман,
Дүниеде шын жомартты көргенім сол.

— Сен де разы бола гөр, тақсыр, маған,
Мен де разы болайын, тақсыр, саған.
Өз көзіңмен көріпсіз оны, тақсыр,
Үйіңізге келіпсіз есен-аман.

Патша айтты: — Көп инғам қылды маған,
Оларды көрсетейін енді саған.
Уәзірді өз қасына ертіп келіп,
Әкелгенін көрсетті бәрін тамам.

Уәзір бәрін аралап көрді дейді,
— Қасым маған осыны берді, — дейді.
Уәзірім, біз Қасымға не береміз,
Қасымдай мен көрмедім ерді, — дейді.

Қасымға біз де инғам қылалық та,
Қазынамнан бір нәрсе лайықта.
— Оған лайық инғамды таптым, тақсыр,
Мұнан артық инғам жоқ халайықта.

Ей, падиша, айтайын мен бір кепті,
Патшалыққа ол Қасым өзі епті.
Басыраның уәлиін түсіріңіз,
Онан артық инғам жоқ, сірә, тіпті.

Падиша бұ кеңесті мақұл деді,
— Уәзірім, бұ айтқаның ақыл, — деді.
Хат жазып, мөһір басып жіберелік,
Қазыны, келсін мұнда, шақыр, — деді.

Хат жаздырып падиша мөһір басты,
Падиша пәрмен қылса тоқтамас-ты.
«Өзің түсіп Қасымға орның бер», — деп,
Патша қылмақ Қасымды болды қасты.

Бір жасауыл хатты алып жүріп кетті,
Бес күнде Басыраға барып жетті.
Хатты берді ханына алып барып,
Халифаның жарлығын арди етті.

Жарлығын халифаның оқып тұрды,
Бір сұмдықтың болғанын енді білді.
Жасауылға ат пенен шапан беріп,
Жасауылды жөнелтіп жіберді енді.

Хан сонда мұны естіп қапа болды,
Сарғайып зағыпырандай жүзі солды.
Халифаның жарлығын бұза алмайды,
Шарам не-дүр, һәр істі Құдай салды.

Абулфатах сол уақта кіріп келді,
Алдында уәлисінің аттай желді.
— Не болды сізге, тақсыр, түсің қашып,
Тірлікте билеуші едің талай елді?

Уәзірінің сөзіне жауап берді:
— Халифадан хат білән кісі келді,
Хандығыңнан түс дағы Қасымға бер,
Халифа хан қылыпты Қасым ерді.

Уәзірім, соған қапа болып тұрмын,
Хандығымнан мен түсіп өліп тұрмын.
Хандығымнан айырылып қара болып,
Халифадан қорлықты көріп тұрмын.

— Бұл істі білдірмеңіз тірі жанға,
Басыра — кәпір, орыс, мұсылманға.
Қасымды бір айламен өлтіремін,
Дүниеде білдірмейін тірі жанға.

— Олай қылсаң тілегің бердім саған,
Бір жақсылық қыла гөр, уәзір, маған.
Бастан-аяқ берейін алтын киім,
Бір амал қыла көрші, жаным, соған.

Қасым жаққа ол уәзір жөнеп кетті,
Айласы мол ол уәзір тым-ақ епті.
«Қонақпын» деп Қасымға барды жетіп,
Естіңіз уәзірден қызық кепті.

Қонақ болып Қасымға қонды барып,
Атын ұстап кіргізді үйге алып.
— Хош келіпсіз, мейманым, ғазизім, — деп,
Төріне отырғызды көрпе салып.

Һәр түрліден қонаққа ас жегізді,
Үстіне әр түрліден тон кигізді.
Дұшпандықты ойына алып отыр,
Қасымға уәзір залым у жегізді.

— Қасымжан, бір асаңыз, мінеки ас,
Қасымға берген асы у аралас.
Бір жұма есі кірмей жатады екен,
Сондай уды беріпті ол мұндар қас.

Ісіп шықты үйіне Қасым батыр,
Өлген кісі сияқты сұлап жатыр.
Тамам жұрт улап-шулап жыласады,
— Мейманға көргізелік, шапшаң шақыр.

Шақырған соң, ол уәзір жетіп келді,
— Жылама, — деп тоқтатты тамам елді.
Мен азырақ тамырды білуші едім деп,
Қасымның тамырын кеп ұстай алды.

Тамырын ұстап айтты: — Өткен екен,
Алладан тағдыр — ажал келген екен.
Өкпесі де соқпайды бейшараның,
Бір сұмдық бұл байғұсқа болған екен.

Бұл байғұс тағдыр жетіп өліп қалды,
Мұндай істі басына Құдай салды.
Тез арулап көміңіз мұны жерге,
Жаназаға шақыртып тірі жанды.

Жылап-еңіреп үй-іші қалды бұлар,
Шын өлді деп сенді ол бейшаралар.
Тез арулап кебіндеп, тамам жұртқа
«Жаназаға келсін» деп берді хабар.

Жаназа оқып тамам жұрт көрге салды,
Көр ішінде бейшара жатып қалды.
Бір дұшпанның қас болған қастығымен,
Тастап кетті артына мал мен жанды.

Мұны естіп уәзірі ханға келді,
Қасымға қылған ісін баян қылды.
Хандығынан түсірмей қойғанына,
Уәзіріменен екеуі бек шаттанды.

Отырды бұл екеуі ойнап-күліп,
Уәзір қызмет қылады аттай желіп.
«Хан бола алмай Қасым ер өлді ғой», — деп,
Хат жазды халифаға сәлем қылып.

«Патшамның бұрмам пәрманына,
Ер Қасым жетпей кетті арманына.
Қасым жомарт дүниеден көшіп кетті,
Лаж не-дүр Алланың салғанына.

Бұйрық алып хат бірлән келді кісі,
Қасымның артық еді мәртебесі.
Дүниеден сапар шекті Қасым жомарт,
Әй, тақсыр, мұндай болды Құдай ісі».

Мұны айтып хат жазды хан мен уәзір,
Жібермекке бір кісі қылды әзір.
Бірталай құлдық қылып тарту білән,
«Тақсыр-ау, осы, — деді, — бізден мәзір».

Бұларды алып бір кісі жүрді дейді,
Тартумен нама жазып берді дейді.
Алдынан бұ кісінің уәзір Жағыпар
Ұшырап жауап сұрап тұрды дейді.

Уәзір айтты: — Жөніңді айтшы маған,
Хат-хабар тасушы едің бұл арадан?
— Ханымыз халифаға қағаз берген,
Жазған хатын апарам, — деді, — соған.

— Хатыңды бере тұршы, мен көрейін,
Не деп жазған хат екен, мен білейін.
Онан басқа сөзіңді тағы да айт,
Жақсы жігіт екенсіз, есітейін.

— Халифадан хат білән кісі келген,
«Қасым жомарт уәли болсын» деген.
Бұ хабарды есітіп тұрған шақта,
Ер Қасым сапар қылды бұ дүниеден.

Ол Қасым ажал жетіп өлді, — дейді,
Дәулеті ер Қасымның мол-ды, — дейді.
Өлгенін мағлұм қылып нама жазған,
Халифаға апарам енді, — дейді.

Уәзір мұны есітіп қайғы тартты,
Қапа боп жылап тұрды жаман қатты.
Бекер енді не іске барамын деп,
Сол жерден уәзір Жағыпар кейін қайтты.

«Хан бол» деген қағазды жазған өзі,
Жас ағып қарап тұрды екі көзі.
Патшалықтың рәсімін үйретуге,
Осы екен бұл Жағыпардың шыққан кезі.

Сол жерде естіген соң қайтты дейді,
Өкініп атының басын тартты дейді.
Халифаға келді де уәзір Жағыпар,
«Қасым ер өліпті» деп айтты дейді.

Халифа хатты көрді қолына алып,
Есітіп іші кетті оттай жанып.
«Өлді Қасым ер » деп естіген соң,
Падиша тақытынан түсті талып.

Хакимдер тез тұрғызды дәру қылып,
Патша басын көтерді қайран болып.
Көзінен жасы ағып, «уа, дариға» деп,
Көңілін тыйып отырды ақылы келіп.

Хатты тағы оқыды көзі жайнап,
Ашуы халифаның келді қайнап.
«Бір хикмет бұл арада бар шығар», — деп,
Уәзірден басқа жұртты шықты айдап.

Екеуі оңаша үйде қалды жалғыз,
Қасымның өлгенінде бар шығар сөз.
«Қас еді уәзірі мен хан екеуі,
Түбінде хақиқатын есітерміз».

— Уәлисі біздің хатты көрген шығар,
Залымдықпен хасад қып жүрген шығар.
Уәлисі уәзірімен дұшпан еді,
Екеуінің қасадымен өлген шығар.

Жағыпар айтты: — Рас шығар осы сөзің,
Бір істі естіп едім менің өзім.
Менің айтқан сөзімді қабыл көрсең,
Екеуін алып келсем сізге өзім.

Уәзір сөзін халифа мақұл көрді,
Уәзірге бес жүз әскер қосып берді.
Хан мен уәзір екеуін ап келмекке,
Уәзір Жағыпар бас болып іздеп жүрді.

Ол уәзір Басыраға жүріп кетті,
Хан, уәзірді ап келмекке ниет етті.
Уәзір Жағыпар аттанып бара тұрсын,
Ер Қасымнан сөйлелік енді кепті.

* * *

Сағана сарай қылған көрін оның,
Құдай аман сақтаған жанын оның.
Қырық қарақшы жол түсіп керуен тілеп,
Жиып айдап келіпті барлық малын.

Малын алып қарақшы жөнеп кетті,
Сол моланың түбіне келіп жетті.
«Бұ малдарды қай жерде бөлеміз?» — деп,
Жиылып сол молада кеңес етті.

— Шам жағып бұ күмбезде болсақ нетті,
Кісі көрмес жер екен өзі епті.
Шам алып күмбезге кірген екен,
Қасымнан есітіңіз қызық кепті.

Сол жерде Қасым жатып есі кірді,
Кебініні сүйретіп түрегелді.
Қырық қарақшы сол жерде қайран қалып,
Түрегелген Қасымды бәрі көрді.

Сол жерде ол Қасымнан жауап сұрды,
Ер Қасым жігіттерге сәлем берді.

Кебінін үстіндегі жұлып алып,
Қасымның қырық кісіні көзі көрді.

Қырық кісі қарап тұрды аң-таң қалып,
Кейбірі қорыққанынан талып қалып.
— Өлген кісі, тіріліп түрегелдің,
Өлгеннен соң тірілдің, жаным, нағып?

— Сірә, мен тағдыр жетіп өлгенім жоқ,
У беріпті бір қонақ, білгенім жоқ.
У бергенін қонақтың білген болсам,
Ол асты ішпес едім, дүние боқ.

Жата-жата өзіме есім кірді,
«Ал, құлым» деп, Құдайым медет берді.
Қанша от, тататын дәм, қанша су бар,
Сіздерді патша Құдай кез келтірді.

Мені жолдас қылыңдар қасыңызға,
Құдайым қуат бергей басыңызға.
Бір өлімнен құтылдым Құдай оңдап,
Ұзақ ғұмыр бер, Алла, басымызға.

Құдайым ерге берсін таудай талап,
Қырық кісіні мен тұрмын мыңға балап.
Мені осы өлімнен құтқарсаңдар,
Не алсаң да беремін менен қалап.

Қырық жігіт оны алып жүрмек болды,
Алланың не салғанын көрмек болды.
Осы өлімнен құтқарса бұ байғұсты,
Не тілегі болса да бермек болды.

Қырық жігіт бұ Қасымды алып кетті,
Бір үлкен тау бар екен оған жетті.
Бір тынығып бұ жерде алалық деп,
Сол тауда бір-екі күн сабыр етті.

Алты күнде уәзірі көрге келді,
Уәзір шіркін Қасымға қастық қылды.
Өлтірейін деп келсе, ол Қасым жоқ,
Қайтып келіп іздеді тамам елді.

Көр алдында қырық аттың ізі жатыр,
Не деріні білмейді уәзір батыр.
«Осылармен тіріліп кеткен шығар,
Қай жаққа кетті екен?» деп іздеді ақыр.

Сол ізді көрді дағы қайтып келді,
Әңгімесін патшаға айтып келді.
— Тіріліп ол көрінен кеткен екен,
Ұстамасақ бүлдірер тамам елді.

Атқа мініп Қасымды қуалық біз,
Бірге мініп қуыңыз, ей, тақсыр, сіз.
Осыдан қолға түспей, кетіп қалса,
Жаныңыздан, ей, тақсыр, күдеріңді үз.

Хан сонда мың кісімен іздеп кетті,
Үш күннен соң ол тауға барып жетті.
Шұңқыр қоймай, тінтіңіз саяның бәрін,
Осы тауда жатпасын бұлар, — депті.

Жетіп келсе, бір сайда бәрі жатыр,
Ішінде бірге жатыр Қасым батыр.
Қырық кісімен Қасымды ұстап алып,
Шаһарға патша, уәзір келе жатыр.

— Бір арыз айта келдім, тақсыр, сізге,
Тілегімді бере көр, тақсыр, бізге.
Қасымды тамам жұрттың бәрі таныр,
Ұят болып жүрмесін өзіңізге.

Ей, тақсыр, Қасымды мен әкетейін,
Енді өлтірмей қоймасқа серт етейін.
Бақ-шарбаққа Қасымды алып барып,
Кісі көрмес бір жерге жөнелтейін.

Қырық жігітті, ей, тақсыр, сен байлап ал,
Алып барып оларды зынданға сал.
Қасымды біз көрдік деп жанға айтпасын,
Жігіттердің аузына тыю сал.

«Құп болар» деп Қасымды алып кетті,
Бір заманда шарбаққа барып жетті.
Бақ-шарбақта бар екен терең құдық,
Сол құдыққа салмаққа апарыпты.

Тоғыз құлаш бір құдық heш суы жоқ,
Құдыққа салар болды, дүние боқ.
«Бұ құдықта мен енді өлемін», — деп,
Қасымның шыбын жаннан үміті жоқ.

Бар екен уәзір ұғлы бақ-шарбақта,
Жетіп келді атасын көрген шақта.
Екеулеп ол құдыққа тастадылар,
Қасым айтты: «Құдай-а, өзің сақта!»

Қасым байғұс құдыққа түсіп кетті,
Бір заманда түбіне барып жетті.
Құдай өзі сақтаса heш пәле жоқ,
Сүйегі күл-күл болып өлсе нетті.

Баласына бұйырды тас таста деп,
Қас сағынған кісіге бола ма еп.
Таспен көміп тастады бұ зынданға,
Дүниеге енді Қасым шықпасын деп.

Ол Қасым тас тиер деп қорғанады,
Үңгір қазып жатарға ой қылады.
Құдықтың кемерінде бір тас жатыр,
Ол тастың төңірегін тырналайды.

Тырнай-тырнай ол тасты қопарады,
Ол тастың орынынан су шығады.
Бейне дария суындай тасып кетіп,
Қасымды жоғарыға шығарады.

Су шығып тас орнынан тасып кетті,
Құдықтың аузына Қасым шықты.
Су көтеріп аузына келгеннен соң,
«Иә, Ахад» деп құдықтан шыға кепті.

Қасым шықса ұйықтап бала жатыр,
Тасты тастап ұйықтапты бала көпір.
Таспен ұрып баланы өлтірді де,
Құдыққа салып кетті Қасым батыр.

Баланы өлтірді де қашып кетті,
Бір бұлақтың басына келіп жетті.
Бірталай керуен келді ол бұлаққа,
«Бұл керуенге тілдессем қайтер?» — депті.

Керуен жаққа ол Қасым бір-бір басты,
Керуен де ол бұлаққа жақындасты.
Алдында келе жатқан керуенбасы
Келді де, ол Қасыммен амандасты.

— Жаяу жүрген бейшарасың неткен жан,
Жөніңді айта көрші, жарқын, маған.
Бейне азап көргендей түсің қашып,
Не болды мұнша жүдеп, жаным, саған?

— Мен бір жүрген бейшара ғаріп құлың,
Кедейліктен көңілімде бар-ды мұңым.
Мен бір байға қызметкер болар едім,
Жүрер ме едім мен жаяу болса пұлым.

— Олай болса қызметкер болшы маған,
Жүремісің бес тілла берсем саған.
Өзің жақсы мүләйім көрінесің,
Қызмет қылсаң бір жылға есен-аман.

Бес тіллаға ол Қасым жүрмек болды,
Һәрне ойлап көңіліне қайғы толды.
Һәр сөйлеген сөздері балдан тәтті,
Қызмет қыла біледі һәрбір жолды.

Жүрсе-тұрса біледі бір-бір жолды,
Қызметіне ол байдың көңілі толды.
Қызметкерге жарымай жүрген екен,
Сол Қасымды алды да жолы болды.

Қасымды алып ол керуен жөнеп кетті,
Һәрне қылса Қасымның қолы епті.
Бір күннен соң ол керуен көшіп келіп,
Бір бақ-шарбақ жанына келіп жетті.

Қасымменен қас ханның шарбағы екен,
Ол шарбақты хан қызы қылған мекен.
Алыс көшіп талықсып сол керуен,
Ол шарбақтың тұсына қонған екен.

Ол шарбақта бар екен ханның қызы,
Қапалықтан дертті екен оның өзі.
Бақ-шарбақта сейіл қып жүрсе ол қыз,
Қонып жатқан керуенге түсті көзі.

— Біреуің сол керуенге барып келші,
Асыл бұйым бар болса алып келші.
Бастан-аяқ аралап сол керуенді,
Қандай адам бар екен, біліп келші.

Айтқан соң бір-екі қыз жүріп кетті,
Бір уақта керуенге барып жетті.
— Асыл бұйым ханшамыз алмақ еді,
Сіздерде асыл киім бар ма? — депті.

— Бізде бар гауһар, жақұт, не асыл тас,
Маңлұқ, торғын, қазына тон аралас.
Жаратқанын пұл беріп ала берсін,
Ханшаға сәлем де, алдияр бас!

«Бағасын кім біледі асыл тасты,
Қайсыңыз барасыз?» — деп көп қарасты.–
Бір білсе, Қасым білер бұл бағасын,
«Барғын» деп Қасымға бай ақылдасты.

Бұйрық қылсаң барайын оған депті,
Мал бағасын біледі өзі епті.
Қасымды өзгесінен епті көріп,
Қасым барып саудалап келсін депті.

Қасым бұлды арқалап жүріп кетті,
Бақта отырған ханшаға барып жетті.
Бұлды арқалап алдына келіп еді,
Қасымды көріп ханшаның есі кетті.

Көргеннен соң Қасымға болды ғашық,
Қасына жетіп келді бір-бір басып.
Алдына жетіп келіп қолын ұстап,
Ханыша Қасыммен тұр жауаптасып.

Ханыша ашып көрді бұлдың бәрін,
Аралап көрген болды бұйымдарын.
Бұйым алмақ есінен шығып кетті,
Білмей тұр сол Қасымға не қыларын.

Қасымдай жігіт болмас қыз қылықты,
Өзі сұлу ол Қасым, сөзге епті.
Қасымнан һеш айырмас екі көзін,
— Сіз не қылған жігітсіз, жаным? — депті.

— Мен өзім бұ керуеннің қызметкері,
Келмейді керуенбасы, өзі кәрі.
Менен артық болмаған соң өзге жігіт,
«Барып сатып кел», — деді баршалары.

— Келмейді керуенбасы болса кәрі,
Біреудің сен болсаң да қызметкері,
Һеш армансыз дүниеден өтер еді,
Сендей болса һәр қыздың алған жары.

Мен жібермен, біреуге ұл болсаң да,
Егер де сатып алған құл болсаң да.
Сірә, сенен айрылман, қалқа жарым,
Сіз осында тұрасыз не болсаң да.

— Ай жүзді, шырын сөзді, асыл тасым,
Мені бекер алып қалма, замандасым!
Сізге қарсы сөйлеуге халім бар ма,
Керек болса кесіңіз менің басым.

— Өзің көркем жігітсіз, қасың қара,
Ақ бетіңнен сүйдірші бірер пара.
Енді сізден айрылсам өлемін ғой,
Ғашық болған жүзіңе мен бейшара.

— Кедей жүрген дүниеде мен бейшара,
Маған ғашық сен болсаң, не-дүр шара?
Бір патшаның баласы айттырып алар,
Біразырақ сабырлық қылып қара.

— Жүзіңді көргеннен соң болдым ғашық,
Жүре алман ғашықтықпен қадам басып.
Дертіне ғашықтықтың шыдай алмай,
Ішім толып өлермін жанталасып.

— Патшазада ақсүйек мен емеспін,
Сені алуға, ханыша, тең емеспін.
Азар болса кедей жасып жүрген,
Ақылым һеш адамнан кем емеспін.

— Һеш патшадан сені мен кем көрмеймін,
Патшаларға сені мен тең көрмеймін.
Не болса да, ей, жігіт, жанымда тұр,
Мен сені керуенге жібермеймін.

— Жібермесең не лаж болар маған,
Ұят келіп жүрмесін, қалқам, саған.
Қолымнан бар бұйымын тапсырайын,
Амандасып келейін барып оған.

— Пәруана боп тұрамын мен басыңнан,
Жібермеймін сені мен өз қасымнан.
Бұйым үшін уайым жеме, қалқам,
Бұйымды жіберемін жолдасымнан.

— Жіберіңіз, жолдасқа мен кетейін,
Қайтып сізге келуге серт етейін.
Амандасып келейін ризаласып,
Керуенді өз қолымнан жөнелтейін.

— Жібермеймін, қылсаң да он қайта серт,
Болады сіз келгенше бір үлкен дерт.
Болмай-ақ кетемісің, қалқа, жарым,
Мені сен қылышпенен өлтіріп кет.

Қыз көріп ғашық болды қызыл жүзін,
Қасым да қимай отыр қыздың сөзін.
Бір қыздан бұйымдарын жіберді де,
Тоқтатып алып қалды мұнда өзін.

Тұрды да қыз Қасымға құлдық қылды,
Бір қызбен жөнелтеді келген бұлды.
Алуа, шекер, шай, палау, ет келтіріп,
Алдында ол Қасымның ойнап-күлді.

Қыз күлсе де, күлмейді Қасым жігіт,
Қыздан, сірә, heш уақта қылмас үміт.
Бетін сүйіп, мойнына асылса да,
Үйден қашып кетеді тысқа шығып.

— Айналайын мен сенің келбетіңнен,
Бір сүйдіріп қауышсаң ақ бетіңнен.
Аманатың сақтаулы өзімде тұр,
Оны алып, сен құтқар бұ дертімнен.

Қыз бен жігіт екеуі ақылдасты,
Ақылдасып екеуі жақындасты.
Әкесінің қысасын қайырмаққа,
Лақтай бақыртып бір-ақ басты.

Бұл Қасым жігіт десең жігіт сынды,
Бойын алғаш ол қыздың көңілі тынды.
Неше түрлі тамаша қызықпенен
Екеуі ғишрат қылып жүреді енді.

Керуенбасыға тапсырды қыздар бұлын,
— Қайда, — деді, — жіберген менің ұғлым?
Қыздар айтты: — Ханыша алып қалды,
Басшы қып тапсырам деп барлық бұлын.

Шама жоқ ол жігітті жоқтайтұғын,
Ашу қылып ханшаны боқтайтұғын.
Жүгін артып керуендер жөнеп кетті,
Лаж жоқ Қасым үшін тоқтайтұғын.

Ертеде — ойын-тамаша, кеште — ойын,
Түн болғанда жатқаны — жылы қойын.
Ішкені — арақ-шарап, ойын-күлкі,
Қасымның қызметіне қойды мойын.

Ғейіш-ғишрат қылдылар күндіз-кеше,
Күн өтті бұ арада әлденеше.
Қасымға қыз болады бек мейірбан,
Жанын пида қылады Қасым десе.

Уәзірден біз айталық аз ғана сөз,
Сөзіме құлақ салып есітіңіз.
Уәзірдің соры қайнап ұғлын көрсін,
Қызықта жата тұрсын Қасым мен қыз.

* * *

Уәзір келді құдыққа ұйықтап тұрып,
Жылады өліп қалған ұғлын көріп.
Су толған аузы білән ол құдықта,
Көреді өлтіргенін ұрып-ұрып.

Ол баласын құдықтан тартып алды,
Алланың құдіретіне қайран қалды.
Баласын тез жуып көрге көміп,
Айтайын деп патшаға қайта салды.

Атқа мініп патшаға жүріп кетті,
Аз заманда патшаға барып жетті.

— Тағы айырылдық, әй, тақсыр, ол Қасымнан,
Екеуімізді Құдайым ұрды, — депті.

Іздеп тауып келелік елде болса,
Өзіміз тауып алар жерде болса.
Бір бүлік салар бізге осы Қасым,
Таптырмай бұ дүниеде тірі жүрсе.

Мың кісі атқа мініп жүріп кетті,
Тау-тасты қоймай оны іздетіпті.
Сол жүргенде мың кісі бір ай жүрді,
Таба алмай ол Қасымды есі кетті.

Таба алмай бір айдан соң қайтып келді,
Таппадық деп падишаға айтып келді.
— Қайталық елімізге, тақсыр ханым,
Аралап әбден болдық тамам елді.

— Бұл Қасым пәле болды енді бізге,
Сіздер тарқап кетіңіз еліңізге.
Бақ сарайда бір қызым ауру еді,
Амандасып келейін барып қызға.

Жалғыз кетті падиша бақ-шарбаққа,
Қызының көңілін барып сұрамаққа.
Анадайдан ол қыздар көріп тұтып,
Қарсы шықты патшаны көрген шақта.

Қызы менен әкесі амандасты,
Амандасып сөздерін тамамдасты.
Қараса, қызы тәуір болған екен,
Жазылғанын көрген соң көңілі тасты.

— Шырағым, оңалдың ба тәуір болып,
Жүрмісің көңілің шат ойнап-күліп.
Әдейі сенің үшін келіп едім,
Кетейін деп мен келдім халің біліп.

— Шүкір Алла, тәуірмін, көңілім жай,
Ішкенім күндіз-түні қант пенен шай.
Кеселімнен жазылдым осы күнде,
Мұнда тұрып қайтамын енді бір ай.

Әкесіне жегізді түрлі асын,
Амандығын сұрады мал мен басын.
— Әке, сіз рұқсат берсең, қайтар едім,
Ұйқым келіп ауырды тағы басым.

Әкесі рұқсат берді көңілі еріп,
Төсегін әкесінің салып беріп,
Әкесінің рұқсатын алғаннан соң,
Өзінің ордасына келді кіріп.

Ханыша қайтып келді ордасына,
Қасым айтты: — Кел, отыр өз қасыма.
Сен кеткелі бірталай заман болды,
Ынтызар болып тұрмын дәл басыңа.

Қасым сонда тұрды да намаз қылды,
Қызын және көргелі патша келді.
Терезеден хан келіп сығаласа,
Намаз қылған Қасымды көзі көрді.

Намазын оқып тұрды Қасым батыр,
Сығалап көріп тұрды патша уа ақыр.
«Іздеп жүрген дұшпаным мұнда екен», — деп,
Ойына талай ойды алып жатыр.

«Мұны кіріп ұстасам қашып кетер,
Жазаласам өзімді тек өлтірер.
Құлып салып кетейін есігіне,
Жіберсем жасауылдар ұстап келер.

Ұстатып бұл Қасымды өлтірейін,
Үкімімді жеріне келтірейін.
Шапшаң барып, жіберіп палуандар,
Өлтіріп көз көрмеске жіберейін».

Есігіне құлыбын салып кетті,
Шапқылатып шаһарға барып жетті.
Күзетші кемпір мұның бәрін біліп,
— Сіздерді хан көрді, — деп хабар етті.

Сіздерді патша көріп үйге кетті,
Кідірмей қайтып келер сізге де енді.
Терезені бұз дағы далаға шық,
Қашпасақ біз көрерміз үлкен кепті.

Үшеумізді өлтірер ұстап алып,
Бір жерге біз жетелік қашып барып.
Өлтірмес деп ойлама қызды дағы,
Біздерді өлтірмегі тым-ақ анық.

Хан көрді дегеннен соң есі кеткен,
Жалғыз жаным қалса деп үміт еткен.
Аялдаса хан келіп ұстайды деп,
Һеш нәрсе ала алмастан қашып кеткен.

Әйнекті бұзды дағы қашып кетті,
Он күн, он түн жол жүріп тауға жетті.
Тау ішінде бар екен бір жалғыз үй,
Ол үйге бұл үшеуі қонам депті.

Бір кемпір бар екен, қон деп айтты,
Бұйрықты кемпір берген дәмін татты.
Үшеуі төсек салып жатып қалды,
Шаршапты бейшаралар жаман қатты.

— Біздерді қонақ қылдың, кемпірім, — дер,
Бұл таулар не деген тау, не деген жер?
Бұл жерде қандай шаһар, қай патша бар,
Кемпір шеше, біздерге жауабың бер?!

— Бұл жерде бір шаһар бар Бағдат атты,
Патшасы Һарон Рашид салтанатты.
Егін, тары — анлары болады арзан,
Барғандар пайда табар жаман қатты.

Бір арқа отын бірталай ұн болады,
Сатып алсаң екі пұт ұн болады.
Жаяуға ат, жарлыға тамақ болар,
Сол шаһарға барғаның жөн болады.

Ол жерден бұл үш пақыр жүріп кетті,
Екі күнде Бағдатқа барып жетті.
Жақын жерде бар екен біраз қыстақ,
Бұл жартаста жаталық біздер депті.

Ешкімге көрсетпейді қыздың жүзін,
Пайда қып асырады өзі-өзін.
Жартаста бұл үшеуі жата тұрсын,
Сөйлелік қыз әкесі ханның сөзін.

Хан жүріп Басыраға барды жетіп,
Мың кісіні аттандырды жарлық етіп.
«Ұстап алып мұндарды өлтірелік,
Сыртынан кетіп едім тас бекітіп».

Келселер бау-шарбаққа Қасым, қыз жоқ,
Кемпір де бірге кеткен, дүние боқ.
Тау-тастан іздеп-іздеп таба алмады,
Еш хабарын білмейді, көргені жоқ.

Таба алмай мың кісілер елге қайтты,
Таба алмай ол Қасымды басы қатты.
«Бір сұмдық енді бізге болды ғой», — деп
Патшаменен ол уәзір көп жылапты.

Таба алмай іздеп-іздеп жата тұрсын,
Әуре болып бастары қата тұрсын.
Ер Қасым отын алып Бағдат барып,
Отынын ол базарда сата тұрсын.

Қасым барып даладан отын алды,
Кемпір мен қыз жартаста жатып қалды.
Шаршап терлеп базарға барғаннан соң,
Отынын Қасым байғұс жерге салды.

Отынын ол базарға салады екен,
Пұлына екі пұт ұн алады екен.
Жарымын өздеріне ауқат қылып,
Жарымын «риза-и Ахад» қылады екен.

«Өзім ішіп тамаққа тоймайын, — деп,
Әйтеуір кәсібімді жоймайын, — деп.
Жаныма ахиретте пайда болар,
Жомарттық әдетімді қоймайын», — деп.

Жаяулап отын сатып қылдым кәсіп,
Құдай-а, халалдықтан бергін нәсіп.
Отынға арқа сүйеп ой ойлайды,
«Алланың жазғанына шарам нешік?»

«Байлық кетіп бейшара болды бір құл,
Отын сатпай табылмас бір жалғыз пұл.
Неше өлімнен құтылдың, байғұс Қасым,
Жаныңның қалғанына шүкірлік қыл.

Отын алып келгені бірталай жер,
Жаяу жүріп арқадан ағыпты тер.
Дәулетің Құдай оңдап тағы келер,
Жарымын тапқаныңның қайырға бер».

Отырды осылайша қиял ойлап,
Қарайды жан-жағына бойлап-бойлап.
Басырада өзіме қонақ болған,
Кез қылғай сол кісіні Құдай айдап.

Отынын жерге қойып отыр нағып,
Ән салған қыз әйнектен көрді бағып.
Осы отырған Қасымның тап өзі деп,
Көзінен кетті жасы тыймай ағып.

Ол жарианы таныды Қасым көріп,
Патшаның сарайына келді жүріп.
«Мейманға инғам қылған жариам ба?» — деп,
Қасым сонда қарады тоқтап тұрып.

Үйден шығып Қасымға ол қыз келді,
Көрген соң бірін-бірі таныды енді.
Қасымды анық өзі таныған соң,
Жығылып аяғына басын қойды.

— Тұр, — деді Қасым қызға, — көтер басың,
Сен патшаның сарайында нағып жүрсің?
Шыдамай бірін-бірі таныған соң,
Көзінің екеуі де төкті жасын.

— Көргелі барған екен патша сізді,
Жомарт деп естіген соң өзіңізді.
Сырын айтпай мейман боп қонғаннан соң,
Хадие қылып едің сонда бізді.

Жақсы көріп падиша кеткен қайтып,
«Хан болсын» деген сізді бұйрық айтып.
Өлді деп сізді патша естіген соң,
Жаман қатты қайғырды қапа тартып.

Мен бұ жерде алданып тұрмайын көп,
Сізді патшаға айтайын тірі екен деп.
Сіздің тірі екеніңді патша білсе,
Жаман қатты шаттанып, қуанар бек.

Жүгіріп барып ханымға хабар берді:
— Жүріп көрші, таныдым Қасым ерді.
Өлді деген Қасым ер міне тұр, — деп,
Өкіріп-өкіріп қыз байғұс жылай берді.

Ханымменен екеуі қарап тұрған,
Қасымға бұл екеуі мойын бұрған.
Патша артынан бұларға жетіп келіп,
— Кімге қарап тұрсыз? — дер Құдай ұрған.

Патшаға құлдық қылды сонда бұ қыз:
— Біздер қарап Қасымды танып тұрмыз.
Өлген Қасым дәл бүгін тіріліпті,
Сол ма екен деп көңілге алып тұрмыз.

—Қане? — деп ол падиша көзін салды,
Көрді де ол Қасымды тани қалды.
Мен көрген Қасым жомарт осы ғой деп,
Шақырып бір уәзірді қасына алды.

Бір жасауыл барды дағы алып келді,
Жетіп келіп ол Қасым сәлем берді.
Падиша түрегеліп құшақтасып,
Өзі сөзге келместен жылай берді.

Падишамен көрісті құшақтасып,
Көңілі ер Қасымның қалған жасып.
«Өлді деген Қасым ер сенбісің?» — деп,
Падиша көріседі амандасып.

Сонда Қасым таниды падишасын,
Өзіне қонақ болған замандасын.
Анықтап падишаны таныған соң,
Жығылып аяғына қойды басын.

Патша айтты: — Һәрне іс бір Құдайдан,
Басың көтер, сөйлегіл халі-жайдан.
Өлді деп, Қасым, сені естіген ем,
Мағынасын айт, тіріліп келдің қайдан?

Патша айтты: — Сөйлеші, Қасым, сырың,
Дүниеде сайыпқыран жомарт ерім.
Саған жетер дәулетті жан жоқ еді,
Нағып тастап жүрсіңіз қазына жерің?

Мен саған Басырада қонақ болдым,
Алдымда қызмет қылып аттай желдің.
Қанша көп зияпаттап икрам бірлән,
Қисапсыз көп малдарды инғам қылдың.

Қасым ерім, бұ күйге түстің нағып?
Қазынаңды көріп ем таңғажайып.
Сонша мал-мүлкіңнің бәрін тастап,
Жүдеп жүрсіз неліктен қапаланып?

Сонда Қасым патшаға сырын айтты,
Көргенінің қалдырмай бәрін айтты.
Ханы менен уәзірдің қас болғанын,
У беріп көрге көмген жерін айтты.

Сөйледі Қасым жомарт өткен халді,
Падиша таза тыңдап құлақ салды.
Бастан кешкен сөйледі уақиғасын,
Естіген барша жұрттар қайран қалды.

— Нәсіп қылды хан қызын Құдай маған,
Сол қызбен қасымда бар кемпір анам.
Бір қыстақта қалған-ды ол екеуі,
Бірін қоймай сөйледім, тақсыр, саған!

Халифа тыңдап тұрды Қасым сөзін,
Отыртты алтын таққа патша өзін.
Халифа айтты: — Болысқан саған Құдай,
Қастық қылған алыпсыз ханның қызын.

Бұйрық жазып, сізді хан болсын деп ем,
Сізді уәли қылудың қамын жеп ем.
Сол себептен өлтірген хан мен уәзір,
Дұшпандығын олардың енді білдім.

Көп жақсылық көрерсіз енді бізден,
Өлгенше разымын, Қасым, сізден.
Сізді өлтірген Басыраның хан, уәзірі
Обалдан қорықпаған, діннен безген.

Ол Қасым кедей еді, байлық тапты,
Үстіне асыл жібек шапан жапты.
Қыз, кемпірді алдырып ол падиша,
Үшеуін сарайға ап кеп құп сыйлапты.

Үшеуіне һәр түрлі тон кигізді,
Алуа, шекер, палау мен бал жегізді.
Бақ-шарбаққа Қасымды ертіп келіп,
Түрлі алуан тамаша іс көргізді.

Патша айтты: — Сөзімді есітіңіз,
Келеді асықпасаң дұшпаныңыз.
Сізді өлді дегенде-ақ бұрын ойлап,
Басыраға көп кісі жібердік біз.

Қасым мұны есітіп шүкір қылды,
Патшаға қол қусырып тағзым қылды.
Падиша тамашалар көргізем деп,
Қасымды бір жақсы үйге алып келді.

Ол үйде көрді қызық алуан-алуан,
Жаюлы тұр өңі алтын бір дастарқан.
Биқисап көп тағам тұр дастарқанда,
Ішіп-жеп тысқа шықты ол бөлмеден.

Зұбайдаға келеді онан шығып,
Көргелі тамашалар таққа отырып.
Қасым менен падиша таққа отырды,
Зұбайда жүгіреді мұны көріп.

Алтын таққа Қасым мен патша отырды,
Жариалардың патшаға бәрі жүрді.
Өзге қыздың бәрінен артық сұлу,
Шарқи оқитын бір ақылды қыз бар еді.

Зұбайда айтты: — Есіткіл енді, қыздар,
Патша келді сарайға, тұрыңыздар.
Әдеп бірлән тауадұғ тағзым қылып,
Патшаға жақсы ойын қылыңыздар.

Ішіндегі жырлаған ол сұлу қыз,
Ол қыздың тамашасын есітіңіз.
Сылқ жығылды Қасымды көрген жерде,
Есін білмей жатады болып хошсыз.

Қайран болып тұрады қыздар оған,
Жылады өзге қыздар қылып фаған.
Зұбайда патшаменен бір-бір басып,
Бір-бір басып келеді қызға таман.

Жығылған қыз көтеріп алды басын,
Оны көріп сылқ түсті Әбілқасым.
Падиша сасқалақтап жетіп келіп,
Өзі сүйеп Қасымның тұрды басын.

Бір уақта Қасым айтты есін жиып:
— Қанша жыл ғашық отымен жүрдім күйіп.
Есіңізде бар ма екен, падишаһым,
Мен айтқан ғашық жарым жаннан сүйік.

Оның мен қасіретіне болғам душар,
Дидарын бір көруге болғам іңкәр.
Дүрдана махбүб жарым анау тұрған,
Жанатып қасіреттігін мәслүб қарар.

Нілге тастап жіберген екеумізді,
Сау-саламат сақтаған Тәңірім бізді.
Мағшұғымның уасафын баян қылып,
Көп қайран қылып едім өзіңізді.

Дүрдана халифаға қарсы жүрді,
Падиша: — Келме мұнда, тек тұр! — деді.
Нілден нағып саламат шықтыңыз? — деп,
Халифа Дүрданадан жауап сұрды.

Дүрдана падишаға берді жауап,
Еңкейіп басқан ізін қылды тауап.
— Жалладтар Нілге атып жібергенде,
Тұншығып аға бердім суды сабап.

Бір уақта суға баттым халім кетіп,
Әбден ішім лық толды суды жұтып.
Тірліктен үмітім үзген шақта,
Тоқтадым бір нәрсеге іліне кетіп.

Ілінгенім — қауғасы балықшының,
Айтайын, тақсыр, сізге барлық шыным.
Балық деп ол балықшы тартып алды,
Судан шығып бірқатар талықсыдым.

Ажалсыз адам һәр кез өлмейді екен,
Біреудің дұшпандығы болмайды екен.
Тұғры ажал келмесе Құдіретінен,
Пендесін бір себеппен қорғайды екен.

Біраз жатып бір заман есім кірді,
Ес кірген соң үйіне алып жүрді.
Үйіне алып келген соң ол балықшы,
«Кімсіз?» деп сонда менен жауап сұрды.

Көп құсып, есім жиып, көзімді аштым,
Сөйледім балықшыға сәргөзәштім.
Бастан-аяқ сырымды баян қылдым,
Зәресі кетті онан соң ол байғұстың.

Балықшы қорықты «патша өлтірер» деп,
Мені сатып жіберді жариам деп
Бағдатқа баратұғын бір құлшыға,
Мені ұстап тұруды көрмеді еп.

Ол құлшы мені сатып алып кетті,
Бағдатқа неше күнде келіп жетті.
Мені мұнда ол құлшы алып келіп,
Сеида Зүбайдаға каби етті.

Ажалдан қалдым сөйтіп, шаһым, — деді,
Көңлімде көп-дүр менің аһым, — деді.
Көрмеген екен бұрын патша мұны,
— Рас екен сұлулығы, Қасым, — деді.

Дүрдананы падиша көрді қарап,
Бәйгі атындай бауырынан тұрған жарап.
Өзге қыздың бәрінен он есе артық,
Һеш пендең тең келмейді оған тарап.

— Рас екен, — деді патша, — Қасым, сөзің
Һеш мұны көрмегенмін бұрын өзін.
Құлдықтан Дүрдананы азат қылдым,
Патша айтты Зүбайдаға: — Тыңда сөзім.

Бір-бірін бұл екеуі сүйген екен,
Наренің ..... * күйген екен.
Ғашықты мағшұғына қауыштырсақ,
Біздерге бір сауап болар ма екен?!

Екеуін қосты сонда некаһ қиып,
Патша үш күн той қылды жұртын жиып.
Жетеді мұратына екі ғашық,
Жылап жүрген көзінің жасын тыйып.

Қосылды мағшұғына жомарт Қасым,
Патшаның аяғына қойды басын.
Қасым сонда патшаға арыз қылды:
— Мен сізге тапсырдым, — деп қазынасын.

Патша айтты: — Бұ сөзді қылман қабыл,
Өзің тасрафында жомарттық қыл.
Қуанышпен кешіріп ғұмырыңды,
Үлкен-кіші өзіңіз рахат көргіл.

Қасымға патша бұлай жауап берді,
Халифа құрмет етіп Қасым ерді.
Басыраға жіберген Жағыпар фазыл,
Қасымды о да келіп көзі көрді.

Ол Жағыпар Басыраға барып келді,
Ханы менен уәзірін алып келді.
«Енді бізді халифа өлтірер», — деп,
Жандарынан көңілі қалып келді.

Кілем салды Басыраның хандарына,
Халифа бірге отырды жандарына.
Халифа енді ханды тергей берді,
Машақат қайғы салып халдеріне.

— Мен хат жаздым Қасымды хан болсын деп,
Хан қылмаған сіздерге бола ма еп.

* Бір сөз танылмады.

Менің айтқан әмірімді тыңдамаған,
Не деген іс бұл өзі, не деген кеп!

— Жазған хатың біздерге, тақсыр, барды,
Ғаріп құлың ол хатты қабыл алды.
Жарлығыңды біз қабыл алып едік,
Хан болғанша Қасым ер өліп қалды.

Халифа: — Қасымды алып келші! — депті,
Шақырғалы Қасымға бір құл кетті.
Сәлем беріп ол Қасым кірген екен,
Бұлардың көргеннен соң есі кетті.

Есі ауып ол ханы жығылыпты,
Қарап отыр ол уәзір тым-ақ мықты.
— Өлді деп тірі адамды, әй, залымдар,
Өлген кісі бұ жерде тірі шықты.

Ұялмай не деп айттың жалған кепті,
Тірі адамды «өлді» деп айттың, — депті.
Сондай қызық мен саған көрсетейін,
Өлтірмей мен қоймаспын сізді, — депті.

Ұялмай маған айттың жалған сөзді,
Буыңа теңгермедің, сірә, бізді.
Бетіңе күйе жағып, ел кездіріп,
Жүзіқара шерменде қылсам сізді.

У бергендей не қылды Қасым саған,
Не мүшкіл қылып еді, айтшы маған.
Көп азапты екеуің көрсетіпсің,
Қызыңды бұйрық қылды Құдай оған.

Хан айтты: — Бұйрығыңды бұзғаным жоқ,
Орнымды бермек едім, дүние боқ.
Абулфатах азғырды шайтан болып,
Бұ сөзім сізге күмән, Құдайға анық.

Өлтірмек боп у берді уәзір оған,
Өлтірем деп серт қылды, тақсыр, маған.
«Ісі аққа Құдай жақ» дегендейін,
Қызымды алып келіпті Қасым саған.

Неше жылдай хан болып, ойнап күлдім,
Өлерімді, ей, тақсыр, енді білдім.
Уәзірдің тіліменен жолдан шығып,
Бұ күні алдыңа кеп пенде болдым.

Патша айтты: — Теріңді тілдірейін,
Иегіңнен істікке ілдірейін.
Өзімнен кейінгіге болсын сәнат,
Өзімнің патшалығым білдірейін.

Бұйырған соң жалладтар ұстап алды,
Аяқ-қолын екісін байлап салды.
Екеуінің қылғанын жұрт естіп,
Естіген жұрт һәммасы қайран қалды.

Қасым айтты: — Жаһанға халифасың,
Мен тіледім, бұлардың кеш күнәсін.
Абулфатахты өлтірсең кегім бітер,
Атам болған уәлиді не қыласың.

Мен тіледім, ей, тақсыр, атамды бер,
Ол өлгенмен һеш тоймас бұл қара жер.
Уәзірдің тіліменен азған екен,
Өз көңліммен ол атам қылмадым дер.

Патша айтты: — Бұл ханның байлауын шеш,
Мұнан былай харамдық қылмасын һеш.
Қызын алып Қасымның кегі бітті,
Уәзірді дарға асып, басыны кес.

Тәубе қылсын, кешейін күнәсін мен,
Тілімді алса нанайын о басынан.
Уәзірді дарға асып кескілеңіз,
Басын жүдә қылыңыз денесінен.

Сонда хан халифаға қылды құлдық:
— Ей, тақсыр, қадіріңді жаңа білдік,
Қасымға құл қылыңыз, тақсыр шаһым,
Не бұйырсаң ісіңе разы болдық.

— Қасым болсын Басыраға бір үлкен хан,
Тыңдап тұр бұл сөзімді, жиылған жан.
Олай-бұлай Қасымға қас қылғаның,
Тұқымыңмен құрырсың, сөзге илан.

Уәзірді шапқылатып дарға асты,
Дұшпаны өліп Қасымның көңілі тасты.
Уәзірді шапқылатып өлтірген соң,
Қорыққаннан уәлидің түсі қашты.

Халифа айтты: — Қасымжан, рахат жетті,
Рахат жетіп, басыңнан мехнат кетті.
Ханың байғұс өзіңе ата болды,
Атаңды уәзір қылып тұрсаң, — депті.

Ол Қасымға атасы уәзір болды,
Баяғы ауыр дәулет қайта қонды.
Басыраға уәли болды Қасым,
Дұшпанынан кек алып, көңілі толды.

Жаннан қорқып басында елден қашты,
Жаяу жүріп зар жылап қарны ашты.
Дүрдана мен хан қызын қабат алып,
Бақ-дәулеттің Құдайым есік ашты.

Мехнаттан құтылып, рахат тапты,
Халифа күтіп тұрды жаман қатты.
Он түйеге һәр түрлі қазына артып,
Қасымға мінгізіпті арғымақты.

Амандасып ол Қасым жүріп кетті,
Он күнде Басыраға барып жетті.
Үш күн бұрын еліне хабар беріп,
«Алдымнан тамам жұртым шықсын», — депті.

Алдынан жұрты шықты атты-жаяу,
Хан атасы уәзір боп келді таяу.
Екі жағында келеді екі жұфұты,
Көңілінде жоқ Қасымның біттей қаяу.

Жұртыменен ол Қасым амандасты,
Шаттандырды бай-пақыр, кәрі-жасты.
Бастан кешкен сөйледі бар көргенін,
Аяғында барша жұрт көп жыласты.

Ол Қасым Басыраның ханы болды,
Дәулетке бақытпенен бірдей толды.
Пендеге Құдай берсе қиын емес,
Хан атасы өзіне уәзір болды.

Ажалсыз адам һәр кез өлмейді екен,
Ажалсызды Құдайым қорғайды екен.
Тура ажал келмесе тағдыр жетіп,
Кісі өлтірем десе де, болмайды екен.

Ол Қасым хан болыпты көп жыл әділ,
Таһир мұның перзенті, мұны да біл.
Сол орнына ер Таһир ие болды,
Олардың рухына бір дұға қыл.

Қасым хан боп биледі тамам елді,
Баяғы қырық қарақшыны алып келді.
Қырқына ат мінгізіп, шапан жауып,
Ол қырқын жақсы сыйлап қоя берді.

Ақыры бұ дүниеден олар да өтті,
Бір-бірлеп кейінгіге нәубет жетті.
Арасында көп жұмыс қабат болып,
Шүкір Алла, бұ Қасым енді бітті.

Маған берді Ахметкәрім екі кітап,
Бұларды беріңіз деп өлең жасап.
Өзі күйсіз, нәсір сөз өлең қылсаң,
Қазанға жіберем деп поштаға сап.

Онан соң өлең қылдым бұ қиссасын,
«Хикаят Сәлімжан» мен «Әбілқасым».
Дінін раушан, көңілін тауфиқты ғып,
Құдайым мұсылманды жарылқасын.

Құлақ сал бұ сөзіме, дін мұсылман,
Дұға қыл Құдай үшін, оқыған жан.
Өзі күйсіз кітаптан өлең қылдым,
Аяғы осылайша болды тамам.

Жарандар, айып қылма қата болса,
Әйтеуір тамам болды не де болса.
Қатасыз бір Алладан басқа жан жоқ,
Рахмет айтқыл сөзіме көңлің толса.

Ахметкәрім ол өзі жақсы ноғай,
Өлең деген біздерге тіпті оңай.
Неше қисса шығардық өлең қылып,
Көңліме илһам берген соң Жаппар Құдай.

Өзім өлсем, артымда сөзім қалсын,
Тыңдаған жан құлағы құрышы қансын.
Құдай-а, кеш күнәһім фазылың бірлән,
Құлыңа ата-анадан мейірбансың.

Жарандар, құлағың сал мына кепке,
Сөзімде қата болса айып етпе.
Біз пақырға, жарандар, дұға қылғыл,
Шайхыслам ұғылы Жүсіпбекке.



ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ХАТЫМТАЙ ЖОМАРТҚА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР

Қазақтың кең-байтақ даласында ел қоныстарының бір-бірінен қашық болуы жолаушыға қонақжайлылық пен кеңпейілділік көрсетуді талап етті. Сол себептен адамзат қоғамының алғашқы кезінде пайда болып, барлық халықтарға тән жолаушыны құрметтеп, қонақ қылу дәстүрі көшпенділер үшін заң болып қабылданып, ұлттық қасиетке айналды. Бұған халқымыздың бүкіл тарихы мен жерімізді байырғы заманнан осы күнге дейін жолаушы, қонақ, ғалым ретінде аралап зерттегендердің жазбалары және XX ғасырда бізге қоныс аударуға мәжбүр болған көптеген халықтардың миллиондаған өкілдерінің қазақ жерін өзінің отаны ретінде тануы айғақ. Ол туралы белгілі этнограф Л.Ф.Баллюзек көп бұрын, өзінің 1871 жылы жарық көрген «Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона» атты кітабында жазған. Осы кітаптың «Адамгершілікті сүю мен қайырымдылық дәстүрі туралы» атты тараушасында зерттеуші қазақ халқының қонақжайлылығын, кеңпейілділігін, меймандостығын, мейірімділігін анық та нақты баяндаған.

Шынында да қазақтарда «қонақасы» деген терминнің бар екені белгілі. Бұл туралы Л.Ф.Баллюзек жоғарыда аталған кітапта былай дейді: «Тек шақырылған қонақ түгіл, өтіп бара жатқан жолаушыға қонақасы беру қазақтарда нық қалыптасқаны сонша, оны /рәсімді/ бұзған адам ат-тон айып төлеп, қоғамда қатты айыпталған[1]».

Сондықтан арабтардың Тай руынан шыққан Хатымтай жомарт бейнесін далалықтар рухани жақын көріп жылы қабылдады. Нәтижесінде ол халқымыздың сүйікті кейіпкерінің бірі, әрі

[1] *Баллюзек Л.Ф.* Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона: отдел шестой. Глава IV. Обычаи относительно правил человеколюбия и благотворительности //Материалы по казахскому обычному праву. — Алматы, 1948. — С.210-212.

жомарттық пен қонақжайлылықтың символына айналды. Оны қазақтар Атымтай, Әтімтай деп атап кеткен.

Арабтарда Хатымтай туралы аңыздар феодалдық қатынастардың дамыған тұсында туған. Ғалымдардың пікірі бойынша Хатымтай Ислам дініне дейінгі дәуірде, бесінші ғасырдың аяғы мен алтыншы ғасырдың басында өмір сүрген ақын, батыр, өте бай әрі мырза адам болған-мыс.

Мазмұны жағынан Хатымтай туралы шығармаларды [ертегі, аңыз, қарасөз үлгісіндегі хикаяттар мен дастандар] үш топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жататын қиял-ғажайып сипаттағы шығармаларда Хатымтай жомарттығымен аты шыққан бай адам болып көрінсе, екіншілерінде оның адамгершілігі мен рақымшылығы сөз болады. Ол көп жағдайда тақыр кедей, бірақ жомарт, яғни ол рухани жомарт адам тұлғасында бейнеленеді. Үшінші топқа Хатымтайдың өмірін баяндайтын аңыздар мен дастандар жатады. Мұнда оның жомарт болу себебі тек оның байлығынан емес, сонымен бірге ақылдылығы мен мейірбандылығынан екендігі ашылады.

Сюжеттерінің әр түрлілігіне қарамастан бұлар негізінде бір мақсатты көздейді. Ол — кейіпкердің жомарттығын дәріптеу. Аңыздағы Хатымтай бейнесі туралы түрікмен зерттеушісі М.А.Сакали жазғандай, «...шығыс эпосы ғана емес, әлем фольклорында да оған қайырымдылығы мен рухани жомарттығы жағынан тең келетін ешкім жоқ»[2].

Араб аңызы мен әңгімелерін негіз еткен қазақ дастандары адамгершілікке бай, жомарт, рухани дүниесі кең адам бейнесін толық сақтап қалды.

Хатымтай — тарихта болған адам. Бірақ та бұл дастандар тарихи шығарма емес. Себебі, Хатымтай образы фольклорландырылып типтелген, сондай-ақ оған арналған шығармалардың фабулалық негізін әдеттен тыс, күтпеген жерден болған оқиғалар құрайды. Бұлар бір жағдайда қиял-ғажайып, шын мәніндегі фантастикалық рухта болып келсе, енді бірде хикаялық сипат алады. Басқа сөзбен айтқанда, осындай оқиға болды ма, әлде бұл шындық пен аңыз араласқан оқиға ма деген сұрақтар туады.

Хатымтай жомарт есіміне байланысты туған ертегі, аңыз, дастандар халық арасында кең тараған. Олардың біразы ауыз-

[2] *Сакали М. А.* Туркменский сказочный эпос. — Ашхабад, 1956. — С.69.

ша айтылып, халық жадында сақталса, кейбіреулері қолжазба күйінде, ал тағы біразы Қазан төңкерісіне дейін кітап болып жарияланды. Хатымтай жомартқа арналған шығармалар, негізінде, ертегі, дастан үлгісінде боп келеді.

Ертегілер, көбінесе, ауызша айтылып, халық жадында сақталып, XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың басында қағаз бетіне түсіп, бізге қолжазба күйінде жетіп отыр. Олар ОҒК мен ӘӨИ-дің қолжазба қорларында сақтаулы — ӘӨИ: Ш.365, ОҒК: Ш.80, Ш.88, Ш.219, Ш.60, Ш.282, Ш.306, Ш.338, т.б.

Ал дастандар болса, олардың біразы кітап түрінде, біразы қолжазба күйінде сақтаулы.

Хатымтай туралы дастандардың кітаби нұсқалары

1. Хатымтай жомарт. Қазан, 1848 жылы жарияланған, араб әрпінде. Жырлаушысы мен бастырушысы белгісіз.

2. Дастан Хатымтай. Қазан, 1891 жылы басылған, араб әрпінде. Жырлаушысы мен бастырушысы белгісіз.

3. Қисса Хатымтай жомарт. Жариялаған Шahмарданұлы Кашафудин. Қазан, 1897, араб әрпінде, 8 бет.

4. Хикаят дастан Хатымтай. Қазан, 1913, араб әрпінде, Нұрбаев Есжан Сарымбайұлы жариялаған.

Қолжазба нұсқалар:

1. Атымтай жомарт. ӘӨИ: Ш.365. Жинаған Құсниев Мұрат. Көлемі — 2 бет [машинкаға басылған].

2. Атымтай жомарт. ӘӨИ: Ш.481., кирилл әрпінде. Жырлаған Көлдейбекұлы Ерімбет шайыр. Дастанды ел аузынан жинап қағазға түсірген Байжанов Тұрмахан.

Өкінішке орай, 1917 жылға дейін басылып шыққан кейбір кітаптар туралы деректер болғанымен, олар (мысалы 1848 жылғы және 1891 жылғы басылымдар) табылмай отыр.

Қолда бар нұсқаларды сұрыптай отырып, осы томға Хатымтай жомартқа арналған екі шығарма ұсынылып отыр. Олардың атаулары мен тақырыптары ұқсас болғанымен, фабулалық құрылымы мен мазмұны бір-бірінен алшақ, стильдік және тілдік айырмашылықтары айтарлықтай мол.

ТОМҒА ЕНГЕН ШЫҒАРМАЛАР

Қисса Хатымтай жомарт

Бұл нұсқа 1897, 1898 ж. Кашафудин Шаһмарданұлы атымен Қазан қаласында басылып шыққан. Көлемі — 8 бет, араб әрпінде.

Көлемі жағынан өте шағын бұл нұсқа үш тараушадан тұрады. Оларда Хатымтайдың өмірінде болды-мыс деген хикаялық сипаттағы кейіпкердің жомарттығы мен қонақжайлылығы сынға түсетін оқиғалар баяндалады.

Нұсқаның тілдік ерекшеліктері ретінде араб, парсы сөздерінің молдығын атауға болады. Сонымен бірге мәтінде біраз сөздердің көне түркі пішіндері сақталған: қылғаш, көргеш, болғаш, таң атқаш, тірік, мұндан соң, лайық-дүр, абзал-дүр, тілей-дүрмін, т.б.

Кашафудин Шаһмарданұлы 1897, 1898 ж. бастырған кітаптың бірнеше данасы ОҒК-ның қолжазба қорында сақтаулы тұр (Ш.420, РМ 533, т.б.).

Жүз жылдан астам уақыт баспа бетін көрмеген бұл мәтін түпнұсқадан дайындалды.

Хикаят дастан Хатымтай

Дастан 1913 жылы Қазан қаласында араб әрпінде жарық көрген.

Шығарма композициялық құрылымы жағынан бірнеше аралық әңгімеден тұрады. Демек, бір әңгімеден екінші әңгіме өрбиді. Сол әңгімелердің өзегі дастанның негізгі арқауымен шендесе бермейді. Дей тұрғанмен, дастан өзегінен әңгімелер өрбіп, тұтастық танытады. Яғни, алғашқы сюжеттің өзегі — шығарманың тақырыбын саралап, әңгіме сюжеттерінің іштей тұтастануына себепші болған. Сонымен қатар оларды тұтастандырып тұрған тағы бір жайт — дастанның бас қаһарманы Хатымтай аралық әңгімелердің кейіпкері болмаса да, олардың айтылуына негізгі себепші болады. Шығыс әдебиетінде мұндай әдіс [обрамленная повесть, рамочная композиция] жиі кездеседі[3]. Дәлірек айтқанда «Хикаят дася

[3] *Гринцер П.А.* Древнеиндийская проза [обрамленная повесть]. — М., 1963. — С.3.

тан Хатымтайда» бұл тәсілдің таза моделі сақталған, сондықтан шығарманың композициясы өте тартымды, жинақы, оқуға, тыңдауға жеңіл, ұғымды.

Бұл мәтін мазмұны, композициялық құрылымы жөнінен «Қисса Хатымтай жомартқа» ұқсамайды. Әрине, мұнда да негізгі мақсат — Хатымтайдың жомарттығын, кеңпейілділігін, рақымдылығын паш ету. Бірақ ол шығарманың басында жомарттықтың, мейірімділіктің абсолюттік үлгісі ретінде баянт далмайды. Керісінше, Хатымтай астамшылдық білдіреді, өзін асқан жомартпын деп санайды. Бір күні Рей шаһарындағы асқан жомарт қыздың хабарын естіп, қатты таңғалып, сенбей, өз көзімен көріп, құлағымен естимін деп, патшалығын, ел-жұртын тастап алыс, қиын сапарға шығады. Ұзақ уақыт жол жүріп, мехнат шегіп, көптеген адамдармен жүздесіп, өмірлік тәжірибе жинап, қиын сапардың соңында ғана бұ дүниенің сыр-құпияларын түсініп, оның түбіне жету мүмкін еместігін, әрбір пенденің өз жолы, өз тағдыры бар екенін түсінеді.

Яғни, бұл дастан өмірбаяндық шығарма емес. Мұнда Хатымм тай тұлғасы салыстырмалы түрде сомдалады. Шығарманың өн бойында кейіпкерге шығыстық даналықпен «Шынында да сен жомартсың ба?» деген сұрақ қойылып отырғандай.

Дастанның тағы бір ерекшелігі — ғибраттылығы мен өнегелігі. Белгілі бір ой, моральды насихаттау үшін дастан құрамына әр түрлі көне аңыз, әңгіме, мысалдар енгізілген. Мысалы, үш балықтың тарихын әңгімелейтін сюжет IX-X ғасырларда жазылған үнділердің «Хитопадеша» атты жинағынан алынған[4].

Ал өлген әйелінің соңынан екі жыл үзіліссіз жылап, Иса пайғамбардың дұғасы арқылы әйелін тірілтіп алып, оған киім алып келуге кеткенде әйелі басқа бір еркекке көңілі ауып, сонымен бірігіп қайтып келген күйеуін өлтіруге барған сатқын әйел туралы хикаялық әңгіменің түпнұсқа сюжеті б.д.д. IV ғасырда құрастырылған джатака кітабынан белгілі[5].

«Хикаят дастан Хатымтай» Қазан төңкерісіне дейін бір рет — 1913 жылы Қазан қаласында орналасқан Домбровский баспа-

[4] Индийская средневековая повествовательная проза. Перевод с санскрита. Составление и предисловие *П. А. Гринцера.* — М., 1982. — С.131-132.

[5] *Гринцер П. А.* Классическая литература. Литература второй половины I тысячелетия до н. э. //История всемирной литературы. I том. — М., 1983. — С.234.

ханасынан кітап болып жарияланған. Бастырған Шәмсәдин Хұсайынов балалары. Түпнұсқада жазылғандай қағаз бетіне түсіруші Есжан Сарымбайұлы. Ол мәтінді 1909 жылдың шілде айында көшіріп, баспаға жібереді. Бірақ та кітап 1913 жылы ғана араб әрпінде баспа бетін көреді.

Шығарманың көркемдігі төуір, тілі жатық. Әйтсе де, араб және парсы сөздері, сөз тіркестері өте жиі кездеседі. Ондай түсініксіз сөздер мен тіркестер қазақ тіліне аударылып томның соңында арнайы сөздікте топтастырылды. Сондай-ақ, түпнұсқада кейбір қате жазылған сөздер контекске сәйкес түзетілді.

Томға енген мәтін 1913 жылғы кітаптан еш өзгеріссіз даа йындалып, кирилл әрпінде оқырман қауымға алғаш ұсынылып отыр.

Қисса Қасым жомарт

Жомарттық пен қонақжайлылықты жырлайтын шығармалар қатарына «Қасым жомарт» дастанын да жатқызуға болады. Мұнда кейіпкер басқа атпен аталғанмен, шығарма тақырыбы, идеясы, рухы және жалпы стилі жағынан жомарттық, рақымшылдық туралы жырлайтын шығармалар қатарына жататыны сөзсіз.

«Қасым жомарт» сюжеті шығыс әдебиеті үлгілерін қамтитын жинақтарда жиі кездеседі. Мысалы «Плутовка из Багдада» жинағында оның «О Харуне ар-Рашиде и Абу-ль-Касеме Басри» деп аталған прозамен баяндалған варианты жарияланған[6].

Бұл дастан Қазақ төңкерісінен бұрын бірнеше рет баспадан шығып, жалпы таралымы 25000 данаға жеткен. Ең алғаш 1896 жылы Қазанда басылып шыққан. Кейіннен дәл осы нұсқа 1901, 1903, 1906, 1910, 1912, 1913 жылдары қайталанып басылған. Халық арасында айтылып жүрген дастан мәтінін жинап, жөндеп, алғаш кітап етіп жарыққа шығарған белгілі кіи таби ақын — Жүсіпбек Шайхысламұлы. Оған дастанның соңғы 2878-2906 жолдары дәлел.

Дастанның қолмен көшірілген нұсқалары да бар. Ол кезінде басылған кітаптардың тапшы болуы себепті қисса, дастандарды есте сақтап қалып, кейінгі ұрпаққа жеткізу үшін оларды

[6] Плутовка из Багдада. — М., 1963. — С.475-491.

дереу көшіріп, қолдан-қолға таратып жіберу дәстүрі қалыптасқан. Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында «Қасым жомарт» дастанының осындай қолмен көшірілген алғашқы нұсқаларының бірі сақтаулы. Оны Ташмұхамет Баймұхаметұғлы Көженов деген жас жігіт 1896 жылы көшіріпті. Бұл көшірме қатты қағазға араб әрпімен, әдемі жазумен жазылған. Дастан мазмұны аздап қысқартылған, кейбір сөздері мен жолдарының орны ауыстырылған. Көшіруші соңында:

— Осылайша Қасымды тамамдадым,
Он тоғызға келді міне менің жасым.
Түнделетіп жазып едім асығыста,
Оқуға айып етпе, замандасым, —

деп аяқтайды. Бұл нұсқа 885-папкада сақтаулы.

1986 жылы Пекинде «Ұлттар» баспасынан шыққан «Қазақ қиссаларының» 3-томында «Қасым жомарт» дастаны жарияланыпты. Мазмұны Ж.Шайхысламұлының нұсқасымен дәл келеді. Дегенмен, редакциялық өңделгені байқалып тұр.

Дастан 1990 жылы ғылыми-көпшілікке арналған жинақта жарық көрген: Дастандар. 2-том. — Алматы: Жазушы. — 241-310 б. Бұл басылымда дастанның басында бес шумақ, аяғында алты шумақ алынып тасталған. Сонымен бірге, кейбір сөз, сөз тіркестерінің мәні дұрыс танылмай қате басылған, редакцияға ұшыраған жайттер де кездеседі.

Ұсынылып отырған мәтін ОҒК-ның қолжазба қорында сақтаулы тұрған дастанның 1896 жылғы басылымынан еш өзгеріссіз дайындалды.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаh)— бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет-қайымды жаратушы, Ислам дінінің баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: Алла — жалғыз, Алла — мәңгілік, ол тумайды да, туылмаған, әрі оған ешкім тең емес*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәниде істеген қылықтарын таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Атап айтқанда, Мұса (Моисей) мен Иса (Иисус) осындай өкілдер болды. Мұхаммед — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен 23 жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба болып саналады: онда аспаннан Алла жіберіпті деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. басқа өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз тамаша есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафур (кешірімді), т.б.

---

* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі Әлхамдулилəһи, Сұбхан Аллаһ, Аллаһу Акбар деген мадақ сөздерді отыз үш реттен іштей күбірлеп, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата — діни аңыздар бойынша Алла Тағала топырақтан жаратқан алғашқы адам. Балшық-мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала оған жан кіргізеді. Содан соң адамның қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында «беделді», «құрметті» орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп, тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, Көктен Жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Әбубәкір — Мұхаммед (ә.с.)* қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халиф. Ол Құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (ә.с.) Исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды.

Әбубәкір — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серік, жолдастарының бірі. Мұхаммед (ә.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (ә.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әзәзіл — діни аңыздар бойынша «Адамға сәжде қылыңдар» деген Алла Тағаланың бұйрығын орындамаған Ібілістің бұрынғы есімі; азғырушы, жолдан тайдырушы.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халиф. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар,

*Ә.С. — Әләйһиссалам /а/ — оны Алла жарылқасын! Пайғамбарлардың атына жалғаса айтылатын сөз.

қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әсіресе, Әли зұлпықарын сілтегенде бірнеше жүз көпірді шауып түсіреді. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді.

Хазірет Әлидің атына Шаһимардан, Қайдар, Арыслан, Шері, Мұртаза сияқты бірнеше теңеу, эпитет тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ аттың нышанына айналған.

Жәбірейіл — Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар араларында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (ә.с.) Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жақып — пайғамбар, Жүсіптің әкесі, Інжілдегі Иаков. Құран Кәрімде Ыбраһым ұрпағы ретінде Ысқақпен қатар аталады. Оның тақуалығы мен болжау қабілеті Алла Тағаланың бүкіл Ыбраһым (Авраам) руына ризашылығын білдіру ретінде суреттелген. Құран Кәрімде Жақыптың екінші есімі — Ысрайыл. Ал оның ұрпағы бәни Ысрайыл деп аталады.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Зүбайда—аңыздарда Һарон Рашид патшаның сүйікті әйелі, әрі ақылшысы сипатында суреттелетін ертегі, аңыз кейіпкері.

Иса (Иусус, Ғайса, Ғиса, Айса) — Иса Мәсіхтің есімі христиан дініндегі сияқты Исламда да ілтипатпен еске алынады. Құранда Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы

Мәрия хазіретке арналған сүре бар. Алайда, Ислам қағидасы бойынша, Иса (ә.с.) — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шариғат зерттеушілері болса, Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл Пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Қарынбай — қазақ фольклорындағы көзі тоймайтын тойымсыз, сараң, қарау байдың бейнесі. Ол Құрандағы жетімжесірге қайыр-садақасы жоқ, қолда бар байлығын нысап етіп пейтін Харун туралы аңызға байланысты қалыптасқан. Қазақ аңыздарында Харун есімі Қарынбай болып өзгерген.

Қожа Ахмет Иасауи — Ахмет бин Ибраһим бин Әли — атақты сопы, түркілік суфизмнің негізін салушы, философ, ақын. Шамамен 1093 жылы Түркістан шаһарының маңындағы Сайрам (Исфиджаб) қаласында туып, XII ғасырдың аяқ кезінде қайтыс болған. Оның есімі Түркістанның «Кіші Мекке» деп аталуына тікелей қатысты. Қожа Ахмет Иасауидің мол мұрасынан бізге жеткен негізгі шығармасы — «Диуани хикмет».

Қорқыт — тарихи жазба мәліметтер мен аңыздар, халық шежірелері бойынша Қарақожа ұлы Қорқыт Ата қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағасында, Жаңакент (Ианикент) қаласында (VIII-IX ғ.ғ.) өмір сүрген. Өз халқының бақыты үшін «Жер ұйығын» іздеп, көптің мүддесін көздеген Қорқыт Ата — ақын, жырау, композитор, әнші, күйші, қобызшы, өз дәуірінің ойшылы болған адам.

Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қыдыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе,

кейбір ғалымдар оны тек Ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қыдыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қыдыр баба — ел аралап жүрген ақ киімді, адам бейнелі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Мәжнүн — Ләйлі — Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Шығыс, Орталық Азия халықтарының «Ләйлі — Мәжнүн» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Мәжнүн өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген араб ақыны. Ләйлі мен Мәжнүн қазақ фольклорында таза, өшпес махаббат, әділ ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

Мұхаммед — ең соңғы пайғамбардың аты, ұғымы — мақтаулы, мақталған. Ислам дінінің негізін салушы, бүкіл мұсылман дүниесінің Алла Тағаладан кейінгі рухани көсемі. Мұхаммед (ә.с.) біздің дәуіріміздің 570 жылы Араб түбегіндегі Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал, анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың назарына ілігіп, ізгі нұрына бөленген Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — Исламды уағыздай бастайды.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Бұл Алладан өзінің Елшісіне келген алғашқы әмірі еді.

Мұхаммед (ә.с.) Ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар Пайғамбардың дінін бірден қабыл алмай, қайта оған қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады.

Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударады. Бұл

---

* Расул Алла — [Расул (а) — елші] — Алланың елшісі.

жыл Ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «Хижра», яғни «Қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед пайғамбар (ә.с.) 633 жылы Мәдина қаласында, сүйікті жары Айшаның үйінде қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), «хазірет Мұхаммед» (дін басы, көсем, мәртебелі), т.б. эпитет есімдерімен қоса Махмұд, Ахмед деген қосалқы аттары бар. Пайғамбардың Қасым, Ыбраһым атты ұлдары жастай қайтыс болған. Перзентінің құрметіне оны Әбул-Қасым, яғни Қасымның әкесі деп те атаған.

Намруд — аңыз бойынша, көне Бабыл (Вавилон) патшалығын құрушы, Ыбраһым пайғамбарды отқа жақпақ болған патша.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді, осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Платон Афиналық (б.д.д. 427-347) — ежелгі грек [иунан] философы, идеализмнің негізін салушы. 407 жылы Сократпен танысып, оның ең сүйікті шәкіртінің бірі болды. Өмірінің соңғы жылдарын Афинада өткізіп, көптеген еңбектер жазып, лекция оқыған. Платон жөнінде оның өз шәкірттері мен Аристотельдің атақты шәкірті Аристоксен көп жазған.

Қазақтар оны көбінесе «Аплатон» деп атаған.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт (ә.с.) еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған

Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен (ә.с.) мұсылман елдерінің ертегі дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Төрт жар — шаһариарлар [шаһар /п/ — төрт, йар /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-Хулафа ар-Рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халиф — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және Ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Хұсайын — Хұсайын ибн Әли — Мұхаммедтің қызы Фатима дан туған Әли ибн Әбу Тәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хаһ санмен бірге аталады. 669 жылы Хасан өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді. 680 жылдың 10-шы қазанында Кербала шөлінде күші басым жаумен ерлікпен шайқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Һарон Рашид [763–809] — Аббас әулетінен шыққан бесінші халиф. Һарон Рашид тұсында арабтардың ұзақ уақытқа созылған Византияға қарсы күресі одан әрі жалғастырылды, сонымен бірге халифатта ауыл шаруашылығы, қолөнер, сауда және мәдениет едәуір дамыды. Сондықтан болар тарихи тұлға — Һарон Рашид есімі халық аузында аңыз-әңгіме мен ертегі-жырға айналып кетті. Көптеген ертегі мен аңыздарда ол әділ билеуші, халық қамқоршысы бейнесінде суреттеледі.

Шаддад — оңтүстік Араб елдерінің жартылай аңыздық, жартылай тарихи билеушісі. Құран хикаяларының бірінде айтылғандай, ол жер бетінде жұмақ орнату мақсатын көздеп, Ирамбақ деп аталатын керемет бау-бақшалар мен сарайлар салған. Құдіреті күшті Алла оны қиратты, себебі, жер бетінде жұмақ болмайды, жұмақ Алланың иелігінде ғана. Шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде Ирамбағы ғажайып бақтың символы ретінде айтылады.

Ібіліс — діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Алланың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшыратын перінің есімі. Құран бойынша, Ібіліс Алланың тілін алмаған, Адам атаның алдында тізе бүгуден бас тартып, «Мен одан артықпын; Сен мені оттан, оны топырақтан жаратқансың» деп қарсы шыққан. Міне, осы әрекеті үшін ол көктен қуылып, тозақ отына түсуге ұйғарылды. Ібіліс өзінің Адамнан жоғары екендігін дәлелдеу үшін алғашқы пенде — Адам атаны да азғырған және Мұхаммедтің оқуына да үнемі кедергі жасап отырған. Ібілісті басқаша — шайтан, «Алланың жауы» немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды. Әдетте мұсылмандардың дұғалары шайтанға қарсы сөздерден басталады, олар Құранның соңғы сүрелерінде келтірілген.

СӨЗДІК*

Аб зәмзәм [аб /п/ — су; зәмзәм — Меккедегі қасиетті құдық] — зәмзәм құдығының киелі, шарапатты суы.

Абид /а/ — Құдайға сиынушы, табынушы

Абхаят[аб /п/ — су, хаят /а/ — өмір, тіршілік] — өмір суы, мәңгілік су

Агаз /п/ — бастау

Агзам /а/ — ұлы мәртебелі

Агла /а/ — биік, жоғары

Ада—азаю; жоқ болу

Адамқор — адам жегіш

Ажырай — орындаушы

Азан — намаз уақытының болғандығын хабарлау

Азар /п/ — азап, қорлық

Азим /а/ — жол жүрген, сапарға шыққан

Ақық /а/ — әшекей үшін пайдаланылатын түсі ақшыл бағалы тас

Алейка /а/ — саған

Амал тәркиб /а/ — жасалған

Андан соңыра — содан кейін

Андарке /п/ — сонда, сол жаққа

Анлар /т/ — олар

Аптап /п/ — күн

Арди ету /а/ — көрсету, түсіндіру

Арзу /п/ — арман, тілек, мақсат, үміт

Асад /а/ — арыстан

---

* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін. Олар кейде ауыспалы мағынада да қолданылған. Сондықтан біз ұсынып отырған дастандарда кездесетін осындай сөздердің мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Асан /а/ — жеңіл

Асир /а/ — тұтқын; құл; күң

Асла /а/ — мүлде, еш

Аслан /а/ — негізінде, шын мәнінде

Астағыпар /а/ — астапыралла сөзінің қысқартылған түрі; мәні: Алла Тағала, кешір мені.

Асхаб, сахаба, ас-сахаба /а/—серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге Ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға атсалысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтуы бойынша жазылып алынған.

Асы /а/ — күнәһар

Асыл /а/ — себеп; шығу төркіні; негізі, мәні

Ауаз — әуез

Ауара /п/ — әуре, нәтижесіз іс, бос әрекет

Аулад /а/ — бала; ұрпақ

Аурат /а/ — әйел; зайып; хор қызы

Афарин /п/ — мақтау; «жарайсың »

Ахад /а/ — бір, жалғыз; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ахирет, ақырет /а/ — ақырет күні — бұл күні қияметтің болуы, Алладан басқаның жоқ болатындығы, өлгеннен кейінө гі сұрақтың қойылатындығы, тірі кезінде істеген күнәларыңа жауап берілетіндігі анық сезіледі; күнәларың жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы

Аһ, аһы—ah ұру, өкіну

Аһыд ету /а/ — уәде ету, сөз беру; ант ету

Аһл /а/ — ел, қауым, жұрт; мәтіндерде Мұхаммед пайғамбар үмбеті мағынасында қолданылған

Аһл диуан /а/ — уәзірлер, үкімет адамдары

Аһл сүннет /а/ — сүнна мазһабын ұстаушы елдер

Аша—мұң, қайғы

Ашия /а/ — заттар, бұйымдар

Ашына — тамыр-таныс, сырлас; ғашықтық; құмарлық

Әгар — егер

Әгарша /п/ — әйтсе де

Әзел /а/ — мәңгілік, бақилық

Әзиз, газиз /а/ — ардақты, қымбат, қымбатты; аяулы

Әйла /т/ — жасау, істеу

Әйуһа нас /а/ — иә, халайық!

Әли /а/ — жоғары мәртебелі, беделді, аса құрметті; адам аты

Әлм /а/ — қайғы, қасірет, шер

Әлхамдулла, әлхамдуллила /а/ — Даңқтың бәрі Аллаға! Бұл сөз тіркесі «Аллаға шүкір» деген мағынада да қолданылады

Әлейһи алина /а/ — қарғыс атқыр

Әлейһи ма йастахақ /а/ — оған лайық, оның құқы бар

Әлхамдулилла, Раббил аламин /а/ — әлемнің жаратушысы (қожайыны) Аллаға мадақ

Әлік алды — сәлемін қабыл алды

Әмма, әммеше /а/ — және, тағы да; әрі; бірақ

Әнбие /а/ — пайғамбарлар

Әндиша /п/ — ой, пікір

Әпенді — мырза

Әтказ /о/ — бас тарту

Әуали /а/ — бірінші

Әфсүн /а/—арбау, дуа, сиқыр

Әшкере-дүр /т/ — жария болған, құпиясы ашылған

Бағда /а/ — кейін, сосын

Бағыр /т/ — бауыр; көне және орта ғасырдағы түркі әдебиеті мен фольклорында «бағырым езілді», «бағырым пара болды» және тағы басқа сол сияқты сөз тіркестері қайғылы, қасіретті жағдайды білдіреді; кейде жүрек мағынасында қолданылады.

Бад /п/ — жаман

Бадан /а/ — дене; тұлға

Баж, бажы—алым-салық

Базаркен /п/ — кент, қала; мәтінде: үлкен базар, жәрмеңке мағынасында қолданылған

Базарқан /п/ — базар басы

Бакамид /п.а/ — мұң-қайғымен

Бақал /а/ — саудагер, сатушы

Бақи /а/ — мәңгілік

Балант /п/ — биік, жоғары

Бану /п/ — сұлу, ханым

Бауар /п/ — сену

Бахил /а/ — сараң, қызғаншақ

Баһар /п/—көктем

Баһшат /п/ — жұмақ

Башар /а/ — адамзат; ибн башар — адам баласы, адамдар

Баяд /а/ — ақ; баяд кәби — қардай аппақ деген мағынада
Баян әйла /т/ — әңгімелеу, баяндау
Бәдбахт /п/ — бақытсыз
Бәйіт /а/ — қос тармақты өлең шумағы
Бәлаун /а/ — табандылық; іс-әрекет, жұмыс
Бәлки — мүмкін
Бән /т/ — мен
Бәнд /п/ — жабу, бекіту; байлану, байлаулы; арқан, бау
Бәни /а/ — ел-жұрт, ру
Бәрәк Алла /а/ — Алланың жақсылығы, нұры түссін
Бәшар—түр, жүз, бет
Бейәдеп—әдепсіз; тәрбиесіз
Бейкүнә /п,а/ — күнәсіз, күнәлі емес
Бейнамаз—намаз оқымайтын, намазы жоқ
Бейтүлмәл /а/ — қазына үйі
Бейхал /п.а/ — нашар; көңілсіз
Бек — тым, өте
Бехруз /п/ — бақытты, құтты
Биабан /п/ — шөл дала, жапан түз.
Биад /а/ — ақ
Биғат /а/ — бағыну
Биқисап — есепсіз, өлшеусіз
Бина /а/—құрылыс, ғимарат
Биназир—керемет
Биөлшеу—өлшеусіз
Бисар /п/ — қамсыз, уайым-қайғысыз
Бисмилла /а/ — Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды.
Битап, бейтап /п/ — әлсіз, сырқат, көңілсіз
Бихамдулла /а/ — Аллаға шүкір, Алланың көмегімен
Бихүзыр—ессіз
Бихүш /п/ — көңілсіз; ессіз, естен танып қалған
Буриян /п/ — қуыру
Буруж /а/ — бекініс; қамал
Бүл — кездеме, мата; бұйым, зат
Бүстан, бустан /п/ — бақ, бау-бақша
Бүһтан /п/ — жала
Білән, бірлән, бірлә, илә, илән /т/ — мен, пен, бен, менен, бенен (көмектес септігінің жалғауы)

Бірадар /п/ — аға; бауыр

Гиаһ /п/ — шөп, өсімдік

Гоя замин уа заман шарқ аспан—жер мен заман, аспан айналған секілді (дүние астаң-кестең болды)

Гөзәл /т/ — көрікті, әдемі, сүйікті

Гөзәшт /п/ — өту, артта қалу; бұрынғы, баяғы, бастан өткен

Гөриан /п/ — қайғыру, жылау

Гуя /п/ — шешен; айтушы; сияқты

Гүлзар — гүл егілген алаң

Гүлстан /п/ — гүлденген жер

Ғадаб /а/ — ашу, ыза; күш көрсету, қысым жасау

Ғазал — шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең.

Ғазиз /а/ — қымбатты, ардақты, аяулы

Ғайыр /а/—басқа, бөтен; қызғаншақ

Ғалат /а/ — өтірік, қате,қателік, адасу

Ғаләб /а/ — көп, мол

Ғалбе /а/—бейшара, кедей; мазасыздық туғызу

Ғалиб /а/ — артық; жеңімпаз

Ғам /а/ — қайғы, уайым

Ғамкін /п/ — көңілсіз, жабырқау, қайғылы, дертті

Ғани /а/ — бай

Ғапыл /а/ — қапы қалу, білмеу, байқамау, сезбеу, аңқаулық

Ғарық /а/ — бату, суға кету; суда жүзу

Ғаріп, кәріп /а/ — бейшара, мүсәпір, мүскін

Ғасы /а/ — күнәлі, шариғатқа қайшы істер жасаған кісі

Ғасылық /а/ — күнәһар болушылық, астамшылық

Ғаят /а/ — өте, аса, тым

Ғибадат /а/ — Құдайға құлшылық, дінге бойұсынушылық

Ғибрат /а/ — тәжірибе, өнеге, үлгі

Ғинаят /а/ — Құдай мейірімі, жарылқау, мейірімділік

Ғишрат, ғейіш-ғишрат /а/ — сауық-сайран

Ғұзыр /а/ — өтініш, тілек; *Ғұзыр ету* — тілек, өтініш айту; кешірім сұрау; ақталу

Ғұлам /а/ — бала, бозбала

Ғұләба /а/ — көп бөлігі

Ғұрұрлық /а/ — көрмеушілік; тәкаппарлық; мансапқұмарлық

Ғұсыл ету /а/ — жуу, жуыну, суға түсу

Дайыг /а/ — жоқ болған, рәсуа болған; шашылған; жоғалған, жоғалтылған, ұмыт болған

Далил /а/ — жолбасшы

Дарақ /п/ — оңаша өскен ағаш, терек

Дарбаза—қораның, мекен-жайдың сыртқы үлкен қақпасы

Дарун-діл /п/ — жан-діл

Дауами /п/ — әрдайым

Дафайын /а/ — қазына, кеніш

Дахи — жасырын

Дахил /а/ — ішке кіру

Дәрбанд /п/ — асу

Дәрткеме — құмар ойыны

Дәруіш /а/ — суфизм ағымын ұстанушы; дүние қызығынан безген адам

Дәсмая, дәсмия /п/ — байлық, қор; сайман, құрал; күш-қуат

Дәст /п/ — қол

Дәфін /а/ — жерлеу

Делдал—екі адамның арасын келістіру үшін жүретін кісі

Дертмене—дерт сөзінің көпше түрі

Дертменде—дертті

Дерхем /а/ — күміс ақша

Диар /а/ — өлке, уалаят

Диуан, деван /а/ — жинақ, жиын, топ, мәжіліс, кеңес

Диуана, дуана — ризығын көктен тілеп, кәсіпсіз жүретін адам; дәруіш

Дүрд /п/ — сәлем

Діл /п/ — жүрек

Ділауар /п/ — батыр

Ділбар /п/ — ару,сұлу

Ділда, тілла—алтын ақша; кейде алтын, зер мағынасында қолданылады

Есім ағзам — маңызды, ұлы есім

Есім шариф—маңызды, құрметті, қадірлі, ұлық есім

Жаду, жәду /а/ — жәдігөй, залым, сұрқия; сиқыршы

Жақұт /а/ — асыл тас

Жаллад, желлет /а/ — жендет, бас алғыш

Жам /а/ — ыдыстың аты; жайбарақат; жинау, жинақтау

Жамал /а/ — сұлулық, әдемілік, көріктілік

Жамиғ /а/ — жинақ, шежіре; барлық, бәрі, түгел
Жан тәсілім — дүние салу, қайтыс болу
Жаннан /а/ — жан; жүрек
Жаңғыр—жаңбыр
Жариа /а/ — нөкер; күтуші; күң
Жауһар фаруш /п/ — гауһар сатушы
Жаһид /а/ — ыждағат, ынта
Жаһіл /а/ — надан, топас, қараңғы адам; ұятсыз, мейірімсіз
Жәду /а/ — жәдігөй, сиқыршы; залым, сұрқия
Жәм /а/ — дайындау, жинақтау
Жәһд /а/ — тырысу, ұмтылу
Жекмише — ақша салатын қобди
Жеті иқлим—мұсылман елдерінің орта ғасырлық фәлсапасы бойынша жер жаһан жеті қабаттан тұрады деген географиялық түсінік болған. Бұл жерде патшаға бүкіл әлем бағынды деген мағынада қолданылған.
Жиһан /п/ — әлем, дүние
Жұриат—жұрт сөзінің көпше түрі
Жұфұт /п/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай
Жүгірік /т/ — жүйрік
Жүдә /п/—өте, тым, тіпті; бөлек; өзге
Жұмла, жұмлә /а/ — бәрі, барлығы, түгел
Забут /а/ — тұтқындау, төркілеу, кәмпескелеу
Зағиф /а/ — әлсіз; нашар; дертті, ауру
Заде, зада /п/ — зад, зат; бала, сәби
Зан қылу /а/ — ойлау, болжау; күмәндану
Зап—тік
Зарар /а/ — зиян; шығын; зақым
Зауық /а/ — көңіл-күй, шабыт
Захмат /а/ — қиындық; іс-қимыл
Заһар /а/ — у
Заһид /а/ — сопы, діндар
Заһир /а/ — ашық, айқын, анық
Зәнбіл—үлкен себет
Зәңгі—зор, үлкен; қара түсті адам; дастандық шығармаларда қаһарманға қарсы тұратын сүйкімсіз кейіпкерлер көп жағдайда зәңгі аталады.
Зәрра, зәрре /а/ — кішкене, кішкентай ғана

Зейнет /а/ — көрікті, әсем, көркем, әдемі; әдемілік, сұлулық

Зейіл /а/ — ашу, ыза, кек

Зекет /а/ — мал-мүліктің қырықтан бірін алатын салық

Зияда /а/ — өте, тым, қатты

Зина /а/ — нәпсіқұмарлық, жезөкшелік; неке бұзушылық

Зиһар айту /п/ — ашық, жасырмай айту

Зират /а/ — бейіт, мола

Зияпат /а/ — қонақжайлылық; қошемет, біреудің немесе бір нәрсенің құрметіне берілетін қонақасы, салтанатты кеш

Зиярат /а/ — көрісу, зират ету, сәлем беру, қол беру, құлшылық

Зұлмат /а/ — қараңғылық; қиыншылық, жамандық, кесапат

Зұбәржат /п/ — жасыл түсті асыл тас

Зұмрад — изумруд

Зікір салу /а/ — ес, жад; Алланы еске алу

Зінжір — шынжыр

Ибн /а/ — бала, ұл

Ижтиһаддин /а/ — ынта, талапты

Изн /а/ — рұқсат

Изһар /а/ — таныту, көрсету

Икрам /а/ — құрмет

Иқрар /а/ — мойындау, ықтияр болу

Илану /т/ — инану

Илаһ /а/ — Құдай; Иләһи — Құдайым

Илһам /а/ — шабыт, жігер, рух

Иман арди /а/ — бұл жерде: имандылық көрсет, я кешір деген мағынада

Инғам /а/ — садақа, сыйлық; тарту; жақсылық

Инкар /а/ — мойындамау, бас тарту

Инсап /а/ — әділеттілік

Иншалла /а/ — Алла қаласа

Ирада /а/ — ниет, ықылас, ықтияр; шешім; бұйрық

Ирақ—шешім

Ирам /п/ — байсалдылық

Ирсал ету /а/ — жіберу

Итағат /а/ — мойынсұну, бағыну, тәртіп

Иттифақ /а/ — ынтымақ, бірлік, келісім, бір ауыздылық
Ифрит /а/ — дүлей күш, шайтан
Ихраж /а/ — салық
Ихсан /а/ — қайыр-садақа, қайырымдылық; жақсылық
Йамин /а/ — ант
Каби /а/ — ұсынылған, сыйлық ретінде берілген
Казар /п/ — көше; жол, өткел
Камал /а/ — кемел, толық
Кардаш /к.т./ — қарындас, бауыр
Карман /о/ — әмиян
Карра /а/ — жүз мың
Карраша—жүз мыңдай
Кә, кәби—сияқты, секілді
Кәбап — көуап: істікке түйреп, шоқтың қызуына қақтап пісіретін ет
Кәззап /а/ — өтірікші
Кәлима, кәлим /а/ — сөз; әңгіме
Кәллә — бас
Кәманд /а/ — шынжыр, арқан
Кән /п/ — асыл қазына
Кәпір /а/ — пұтқа табынған; шындықты мойындамаған; Ислам дінін ұстанушылар Аллаға сенбеген бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған
Кәрре /а/ — рет, мәрте; шабуыл
Кәтта—үлкен
Кенді /т/ — өзі; өзінің
Кеп, гәп—сөз, әңгіме
Кеше/т/ — түн
Кешеде /а/ — айқындалған, анықталған
Кисе /а/ — дорба, қапшық
Көк күлтіреу — көк күркірегендей
Көһ /п/ — тау
Край /о/ — өлке, өңір
Крилса /о/ — есік алды
Күмет /о/ — бөлме
Күрре /а/ — шығыста белгілі өлшем бірлігі
Кіре — жалдамалы күш көлігі
Қабағат /п/ — орасан, керемет; өте; ірі, үлкен, мол
Қабде /а/ — бір уыс

Қабила /а/ — жақ, тұс, беталыс, бағыт

Қабила Тай /а/ — Тай руы [тайпасы] орналасқан, мекендеген өңірге бет алу

Қадар /а/ — өлшем, мөлшер; көп, мол

Қадар базарқан—түрлі саудагер

Қадиса /а/ — сыр; кездейсоқ болған оқиға

Қадыр /а/ — тағдыр, жазмыш

Қадір /а/ — құдіретті; күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қаж, қажылық /а/ — мұсылманның бес парызының бірі: Меккеге барып Алла Тағалаға құлшылық етіп, Қағбаны жеті рет айналу, т.б.

Қазайын /а/—қазыналар

Қайым болу /а/ — тұру; бір нәрсені істеу, шұғылдану

Қалға /а/ — қамал, қорған

Қанділ /а/ — шырағдан

Қапу /п/ — қақпа

Қарар /а/—шешім, тыныштық; тоқтаған жер, тұрғын жай

Қардаш /т/ — туыс, бауыр

Қас сағынған /т/ — қастық ету, дұшпандық тілеу

Қасад /а/ — арам ой, қара ниет

Қасам /а/ — ант, серт

Қасат болу /п/ — зиянға ұшырау

Қаст /а/ — мақсат; ниет; дұшпандық

Қасұр /а/ — кемеліне жетпеген, орынсыз, ұнамаған

Қата — қате; өтірік, жалған; қата ету — адасу, қателесу

Қатир /а/ — түйе

Қатыл ету /а/ — өлтіру

Қаһқаһа әйла—шек-сілесі қата күлу

Қаһуа, қаһуахана /а/ — кофе, кофейня

Қилап, хилаф /а/ — қарама-қайшылық, келіспеушілік, бүлдіру, бұзу

Қимат /п/ — қымбат

Қисса /а/ — әңгіме, тарих

Қитар—түйелердің тізбегі

Қияпат—түр, пішін, ұсқын, кескін-келбет

Қияс /а/ — қате тұжырым; шамалау

Құббе /а/ — ұра, үңгір; күмбез, шатыр; үлкен ғимарат

Құжыра /а/ — бөлме

Құзыр /а/ — алдында; билік, қожалық
Құмаш, құмашар—мата
Құрға /а/ — жеребе
Құсыр /а/ — кемістік
Құяш /ө/ — күн
Лағыл — қызыл түсті асыл тас (рубин); қызыл түсті (зат)
Лазым /а/ — жөн, дұрыс, лайық, керек, керекті
Лала—гауһар сатушы
Лалагүл — дара жарнақты көп жылдық қызыл гүл
Ла йағқал /а/ — есі кеткен, ақылынан адасқан
Латафат /а/ — мейірім, әдептілік, іземттілік
Латиф /а/ — жұмсақ, мейірімді, нәзік, ілтипатты
Лаух /а/ — тақта
Лә шәй /а/ — ештеңе; түкке тұрмайды
Ләб /п/ — ерін
Ләкин /а/ — бірақ, дегенмен
Ләм иәзал /а/ — кемшіліксіз
Ләрзан /п/ — дірілдеген, қалтыраған
Ләуте /а/ — көне музыка аспабы
Либас /а/ — киім
Лисан /а/ — тіл
Лүғат /а/ — тіл, сөз
Магқүл /а/ — тиімді
Маглүм /а/ — белгілі, анық
Магмүр /а/ — қоныстанған
Маграби /а/ — Мағриб (Батыс) тұрғыны; мароккалық
Магриф /а/ — жақсылық, қайырымдылық, сыпайылық
Магшүқ /а/ — ғашық, сүйікті
Магфу әйла /а/ — кешіру, кешірім ету
Мажал /а/ — мүмкіндік
Мажара /а/ — таңғажайып оқиға
Мазар ислами—әулие мұсылманның мазары
Мазһап /а/ — саяси, идеологиялық, діни ағым
Маймүн /а/ — маймыл
Маккара /а/ — айлакер, қу
Мақам /а/ — тұрғылықты жер, орын
Мақлүқат — жаратылған пенделер, күллі жанды мақлұқтар

Маннан /а/ — мархабатты, мейірбан; жомарт, рақымды; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Мард /п/ — ер адам, ер жүрек, батыр

Мархабат /а/ — қайырымдылық, мейірімділік

Маст болу, масат болу — мәтіндерде көбінесе бірдемеңге қуанып, я қайғырып есінен айырылып, естен танып деген мағынада қолданылады.

Матам /п/ — қайғы, шер

Маужуд /а/ — бар болу

Маусыл /а/ — жол көрсетуші, жолсерік

Мафрушат уа тазинат уд ғанбар /а/ — амбра ағашымен безендірілген

Махалла, махал /а/ — квартал; орын, жер

Махбуб, махбуба /а/ — ғашық, сүйікті

Махкам /а/—берік, мекем

Махфуз /а/ — тағдыр, жазмыш, пешене

Маһар, маһарат /а/ — өнерпаздық, шеберлік

Маһир /а/ — білгір,көріпкел; өнерлі; шебер, маман

Машайық /а/ — (шайх, шайық сөзінің көпше түрі) ақсақалдар, қариялар; ғалымдар; тайпаның, рудың ақсақалы; Арабиядағы тайпа басшысының лауазымы

Машақат /а/ — көп әуре, әбігер, азап, бейнет

Машғалә /а/ — іс

Мая /п/ — қаржы, байлық

Мәгас /п/ — шыбын

Мәжнун /а/ — есі ауысқан, есуас

Мәжіліс /а/ — отырыс, жиналыс

Мәкур /а/ — қу, айлакер

Мәлік /а/ — меншік иесі, қожайын; періште

Мәнзил /а/ — тұрғын үй, бөлме; уақыт өлшемі

Мәриан — залым; қатыгез

Мәсжид /а/ — мешіт

Мәсли /а/ — сондай, секілді

Мәслихат /а/ — кеңес, әңгіме, сұхбат

Мәслуб /а/—тоналған; есі ауысқан

Мәтше—үйдің төбесін жабу үшін көлденеңінен салынатын мықты белағаш

Мәшһур /а/ — белгілі

Мекер /а/—сиқыршы, алдамшы, аяр, ғаяр

Мехнат /а/ — қиындық, бейнет, еңбек

Мизан /а/ — таразы, өлшеуіш

Миқдар /а/ — өлшем, мөлшер

Милади /а/ — Иса пайғамбардың туғанынан бастап есептелетін жыл санағы

Минат /а/ — ізет, қайыр; шүкірлік; міндет, борыш

Мисли /а/ — сияқты,тәрізді

Миян /п/ — бел

Миясар /а/ — нәтиже, табыс, қол жету; лайықты

Мом—балауыз шам

Моуж /п/ — толқын

Мөһір—мөр

Муаззам /а/ — ұлы, атақты; белгілі, үлкен

Муазин /а/ — азаншы

Муамала /а/ — қарым-қатынас

Муәли /а/ — вассал; тәуелді, бағынышты

Муәккіл періште /а/ — бір нәрсеге жауапты, өкілетті періште

Мұғамле /а/ — қарым-қатынас; іс, сауда

Мұжаби /а/ — себеп; қажеттілік; бойынша, байланысты

Мұзайан /а/ — әшекейленген

Мұқаддам /а/ — бұрын, ілгеріде, өткенде

Мұқдұр /а/ — белгілі, анықталған, мүмкін; лайықты

Мұқид /а/ — істеген ісіне өкіну, күю

Мұнақышты /а/ — нақышталған, әшекейленген

Мұнафиқ /а/ — сырты мұсылман, ішінен Ислам дініне қарсы екі жүзді адам

Мұрассиғ /а/ — асыл тастармен безендірілген

Мұстағриқ /а/—түрлі киім киінген

Мұбәрәк /а/ — құтты; берекелі

Мұддет /а/ — уақыт

Мұдіуәр /а/ — басы айналу; біреуге тәуелді болу

Мұкәммал /а/ — дүние-мүлік, қазына, байлық

Мұлкәт /а/ — байлық, мүліктер

Мұптала—пәлеге жолығу, кіріптар болу

Мұрдәр /п/ — лас, былғаныш; арамдалған; жемтік, өлімтік; жансыз тән

Мұрид /а/ — шәкірт, оқушы

Мүшкүл /а/ — қажеттілік, мұқтаж

Мінкар /а/ — масқара, ұятты зат

Міскін /а/ — бейшара, мүсәпір, мүскін

Набікар—күнәһар

Нағмат /а/ — саз, әуен

Нағра, нағыра /п/ — барабан тәрізді музыка аспабы; дауыс, айғай

Надамат /а/ — өкініш

Назарат /а/ — сурет, көрініс

Назахат /а/ — шынайылық, адалдық, әділдік, туралық

Назнин—сыпайы; әдемі, көркем; сұлу; ерке,

Назым /а/ — өлең, поэзия; нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі.

Назырқанбай — азырқанбай

Найып /а/ — орынбасар

Накаһ /а/ — некелеу, неке қию

Нала — қайғы-қасірет, мұң-шер, қ апа

Налан-гөриан /п/ — қайғы, зар; қайғылы, зарлы

Нам /п/ — кісі аты, есім; нама /п/ — хат; кітап; қағазға жазылған мәтін

Намазшам—жұрт орынға отырып, ымырт жабылған уақыт

Намаян /п/ — айқын, белгілі, анық

Намахрам — бөтен, басқа; тыйым салынған

Нар, наре /а/ — от; мәтіндерде: ғашықтықтың, махаббаттың оты, қайғысы деген мағынада қолданылған.

Нардбан /п/ — саты

Насрат, нүсрат /а/ — көмек, жәрдем

Нау—дәу, денелі, ірі

Наубаһар /п/ — ерте көктем

Наужуан /п/ — ересек, бозбала

Науки /п/ — тұмсық

Нәби /а/ — пайғамбар

Нәдіратул әмсәл /а/ — ерекше сұлу

Нәкаһ /п/ — кенеттен, кенет, аяқ астынан

Нәмәрт /а/ — тексіз, нашар

Нәпәс һауа /а/ — нәпсіқұмарлық

Нәсір /а/ — қара сөз, проза

Нәубет /а/ — ретімен келген кезек; апат; өлім

Нәумиз—өкпелі, қапалы

Нида /а/ — үндеу; нида ету—жар шақыру
Нисбат /а/ — қатынас, байланыс
Ниһаят /а/ — шек, шекара
Нияз /п/ — қажет, қажеттілік; өтініш
Нош ету /п/—ішу
Нұқұд /а/ — ақша
Нығмет /а/ — бақыт; шапағат; сыйлық; ырыс, игілік
Ошал /т/ — осы
Пағпұр — көне дәуірлерден қытайда жасалатын әдемі ыдыс
Панар—шам
Паришан, пәришан /п/ — қапалы, қайғылы, қасіретті
Парияд /п/ — зарлау, зар еңіреу
Паруаз /п/ — әуез
Парһиз, парһизкар /п/ — ұстамды, салмақты, тәрбиелі
Пәдар /п/ — әке
Пәнже /п/ — саусақ
Пәре — рет; бөлік
Пәрмен, пәрман /а/ — әмір, бұйрық, жарлық; қарқында екқ пін; күш, қуат
Пәруана /п/ — түнде ұшатын көбелек. Шығыс әдебиетінде пәруана бейнесі поэтикалық образ ретінде қолданылады
Перғауын (фараон) — көне Мысыр патшаларының атағы, титулы
Песет /п/ — төмен; сұмырай
Пимана /п/—өлшем
Порым /о/ — пішін, форма
Пота—алтын жалатқан қымбат белбеу
Пұл — ақша
Пұшайман /п/ — бейшара, сорлы
Піркәшік /о/ — приказчик
Пішпан—пұшайман
Рабб /а/ — тақсыр; ие, еге, қожа; патша; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі
Рағад /а/ — күннің күркіреуі
Рағадат /а/ — байлық, салауаттық
Расул /а/ — елші
Раст /п/ — оң, тура; шыншыл
Рауа /а/ — орынды, жөн

Рауаи /а/ — әңгімеші, ертекші
Рауана—тең, пара-пара
Рауаят, риуаят /а/ — әңгіме
Раушан /п/—жарық, айқын, ашық
Рәд /а/ — қарсылық
Решетке /о/ — тор
Риза-и Ахад /а/ — Алланың разылығы үшін
Ризасилә — өз ықтиярымен
Риса, рисани /п/ — лайық, лайықты, сай
Рихлат ету /а/ — қайтыс болу; жол жүру
Рия—екі жүзділік, қара ниеттілік, сиқырлық
Ромал /а/ — балгер, көріпкел
Русие /п/ — ұятсыз; алдамшы
Сабах /а/ — таң, рауан
Сада—бөгет, кедергі, қиындық
Саде—мата
Садық /а/ — шыншыл, әділетті; қасиетті
Саида, сеида /а/ — ханым
Сақи /а/ — жомарт, қолы ашық; ақ көңіл, ақ пейіл, қайырымды
Сақып жамал /а/ — өте сұлу, әдемі
Салаб қылу— ағашқа керу
Салауат /а/ — дұға ету, рақым ету; мадақ
Салих /а/ — жақсы, мейірімді, қайырымды
Сандал /а/ — орындық
Сапа /тат/ — сау
Сапира /а/ — бос болу
Саргардан /п/ — сергелдең
Сарғардан — сергелдең
Саума /а/ — ораза
Сафа /а/ — пәктік, тазалық; шынайылық; сау-саламат
Сахар /а/ — сәресі, таң атып келе жатқан мезгіл
Сахат /а/ — шынайылық, ақиқат; деннің саулығы; дұрыстық
Сахи /а/ — шарап құюшы
Сахиб /а/ — дос, жолдас; ие, қожайын
Саяд /а/ — ау; аңшылық
Саяды—аңшы; балықшы
Саях /а/ — жолаушы

Сәжде /а/ — мойынсұну, табыну; Құдайға құлшылық етіп, намаз оқығанда жерге басын қою.

Сәйір /а/ — саяхат; сапар; жол

Сәлле /п/ — кесек

Сәна /а/ — жыл [уақыт өлшемі]; қайғы; қапа; алғыс,мадақ; тілек-өтініш білдіретін -шы, -ші орнына қолданылатын жұрнақ: бар-сәна (баршы)

Сәнат /а/ — мысал, үлгі

Сәргөзашт /а/ — оқиға

Сәрир /а/ — төсек

Сәрше /п/ — жирен

Симианша — сиамдық

Сират /а/ — жол, сапар; діни ұғым бойынша күнәһарлар мен күнәсіздерді ажырататын қиямет-қайымның қыл көпірі

Сифа /а/ — диван, төсек

Сиясат—салтанат; алаң, ашық жер; өнер; кейде үкімет орны деген мағынада да қолданылады

Сиях /п/ — қайғы, қиындық; қайғылы

Сомға /п/ — үй, лашық; шіркеу

Суда /а/ — уайым, мұң, шер; құмарлық, құштарлық

Суфра /а/ — дастархан

Сүннет /а/ — Мұхаммед пайғамбардың істеген іс-әрекеттері және ол құптаған жағымды қасиеттер; жол; дәстүр; әдет-ғұрып.

Сүрік /т/ — заман, дәуір

Табиғ /а/ — мінез-құлық; ізінен жүру

Тағала /а/ — бәрінен жоғары, ұлық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Тағин /а/ — тағайындау; анықтау

Тағир ету /а/ — ұялту, кінә тағу; ауысу; өзгеру

Тағриф /а/ — мән, мағына; түсінік; анықтама

Тажір /а/ — саудагер

Тазруғ—бағыныштылық; өкініш

Тайбат /а/ — қайырымдылық

Тақдым /а/ — сыйлық

Тақуа /а/ — діндар, құдайдан қорқу

Тақыт, тахты /а/ — ою өрнектеліп безендірілген, арқасы және жақтауы бар мүлік (қазіргі диван тектес); патшалар отыратын орын, тақ

Талақ /а/ — ажырау, ажырасу; әйелін тастау және дүниеден, тіршіліктен безу деген мағынаны береді; жоқ болу, қирау

Талиғ /а/ — тағдыр

Таммат тамам /а/ — соңы, аяқталды

Тамиғ, тамиғкәрлік—қиял, арман; ашкөздік, сараңдық; қызғаншақтық.

Таң атқаш /т/ — таң атқан соң

Тарадыт /а/ — дайындық; тәртіп

Тасраф /а/ — билеу; өз еркімен, ықтиярымен

Тасфун /а/ — мұң, уайым, қапа, өкініш

Тауадуғ /а/ — қарапайымдылық, кішіпейілдік

Тауарих /а/ — тарих сөзінің көпше түрі

Тауфиқ, таупих /а/ — жәрдем, көмек; табыс, бақыт

Тахсил /а/ — ілім, оқу

Тахсин /а/ — мадақ, жақсы сөз; жақсылық, қайырымдылық

Таһажуд /а/ — намаз

Таһат — таһарат сөзінің қысқартылған түрі

Таһарат /а/ — жуыну, тазару

Тәбип /а/—тәуіп, емші

Тәкрар /а/ — бірнеше рет қайталау

Тәмизлі /а/ — ерекше

Тәнбурә—музыкалық аспап

Тәржіме /а/ — аударма

Тәрк, тәрік /а/ — безу, құтылу, қалдыру, тастап кету, бас тарту

Тәрк әдеп /а/ — әдепсіздік, көргенсіздік

Тәркиб қылу /а/ — құру, жасау

Тәріз /а/ — мықты, берік; әдіс; үлгі, түр

Тәсәил /а/ — ағыл-тегіл ағу

Тәсбих, тәсбі /а/ — 33 моншақ тастан тұратын тізбек. Тәсбих тарту — моншақ тастарды тере отырып 34 рет «Аллаһу Ақбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдуллила» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну. Бұл ерекше көркем сөздерді Мұхаммед пайғамбарымыз (ә.с.) қызы Фатимаға үйреткен; кейіннен мұсылман әлемінде нұр сәулелі Фатиманың зікірі деп аталып, әр намаз сайын айтылатын болған.

Тәсілім ету — тапсыру

Тәфсіл /а/ — жан-жақты мазмұндау; бір заттың бүге-шігесі

Тезкире /а/ — құнды қағаз; вексель

Темжид ету /а/ — дәріптеу, мадақтау

Тиғ /п/ — өткір; алмас қылыш

Топы—жан-жағы тік, төбесі шошақ, жеңіл тақия

Төрік /о/ — сауда, саудалау

Туман /п/ — Иран ақшасы; әскер

Тұғры /т/ — тура

Тұһмат /а/ — жала, өсек, жалған айыптау

Тылсым /а/ — меңіреу, адам баласының қолы тимеген, белгісіз тың, сиқыр; тұмар; құпия хат.

Тірік /т/ — тірі

Уа /а/ — және

Уағда, уағада /а/ — уәде

Уалаят /а/ — мемлекет, өлке, өңір

Уасаф /а/ — сипат, түр

Уасиғ /а/ — кең, сыйымды

Уасуаса /а/ — азғырушы, тура жолдан тайдырушы, құлаққа сыбырлап «түртіп» тұратын шайтан; шайтанның көңілге күдік салуы, іштей азғыруы, делсалдық.

Уәжіп /а/ — міндет, парыз

Уәкилдік /а/ — шағым, арыз

Уәлад зина /а/ — некесіз, жеңіл жүрістен туған бала

Уәлаят /а/ — аймақ, өлке, өңір

Уәли /а/ — әмірші; ұлық; әкім

Уәлхасыл /а/ — бір сөзбен, қысқаша айтқанда; әлқисса

Уәсил /а/ — келу, жету; бару, қол жеткізу; мақсат

Уәһім /а/ — қорқыныш, қатер

Уисал /а/ — көңілдестік; сұраған, мақсат еткен нәрсе

Уқабат /а/ — салдар, нәтиже, сонымен

Уқуф /а/ — алдын-ала білу

Уқұбат /а/ — жаза, өш алу; қиындық, машақат

Улула /п/ — үлкен

Урот /о/ — зиян қылу

Ұғыры /т/ — ұры

Ұжуд /а/—дене

Ұлпат /а/ — бірлік, ынтымақ; достық; махаббат; жақындық

Үлеш /т/ — үлес; пай; сыбаға

Үшбу /т/ — осы

Фаған, паған /а/ — айқай, зар; қайғы-қасірет

Фағфұр шыны—фарфор; шыны

Фазыл /а/—көрегенді, өнегелі, абзал; артық, ең жақсы; жор март; адам аты

Фалшы /о/ — өтірік, жасанды

Фани /а/ — пани — жалған, опасыз, тұрақсыз, баянсыз; осы дүние

Фариад /п/ — жылау, айқай

Фарқатлә /а/ — бөлек

Фаруш /п/ — саудагер

Фарық болу /а/ — қорқу; алыстау, айырылу

Фаһим /а/ — ақыл-ой, зейін

Фаһимді /а/ — ақылды, парасатты

Фәлак /а/ — аспан, көк

Фәрауан /а/ — көп, мол, сансыз

Фұрдат /а/ — салық

Хадара илейна /а/ — бізге келген

Хадд /а/ — шек

Хадие /а/ — сыйлық

Хадис /а/ — әңгіме, хикая

Хазірет /а/ — жоғары мәртебелі. Пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі әулиелердің есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ.

Хаким /а/ — дәрігер, оқымысты,ғұлама

Хақ /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Хақ Тағала /а/ [Тағала — бәрінен жоғары, ұлық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі] — ең жоғары, мәртебелі, Ұлық Алла.

Халал /а/ — адал, таза

Халалдық /а/ — таза, ұлықсат берілген; неке; жұптылық

Халас болу /а/ — құтылу, арылу, азат болу

Халастық /а/ — адалдық; тазалық; жан қиярлық

Хале тон — құрметті шапан, тон

Халифа, халиф /а/ — орта ғасырлардағы мұсылман елдердің мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы; патша, сұлтан

Халқа /а/ — жүзік; шынжыр

Хамд, хамду /а/ — Аллаға мадақ

Хамле болу /а/ — жүкті болу, аяғы ауыр болу

***Хамлә ету*—**шабуыл жасау

Хамҗш /п/ — үнсіз, тұйық; өшу, қараңғылану; тыныштық

Хамыр /а/ — шарап

Хана /п/ — үй, мекен-жай

Хар /п/ — есек

Хараж /а/ — шығын, төлем, қаражат; садақа

Харам /а/ — шариғат бойынша тыйым салынған; арам, таза емес

Харами /а/ — күнәһар; таза емес; арам

Харап /а/ — талқандау, бұлдіру

Харидар /п/ — сатып алушы

Хариф /а/ — есуас, жынды

Харуш /п/ — айқай, шу, қиқу

Хасад /а/ — іштарлық, қызғаныш; қызғаншақ адам

Хасие /а/ — құйрық

Хаста /п/ — науқас, ауру болу

Хасыл /а/ — нәтиже; жүзеге асу, мақсатқа қол жеткізу

Хатаб /а/ — шешен; уағыздаушы

Хатар /а/—қатер

Хатир /а/—жан; ақыл; көңіл-күй

Хатым /а/ — соңғы

Хаубан /п/ — сұлу

Хауыз /а/ — бассейн,су

Хашие /а/ — қорқыныш

Хәд /а/ — шек, шекара

Хәсте /п/ — әсте, ақырын

Хикая /а/ — оқиға, бастан өткен іс, болған жағдай

Хикаят /а/ — алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы жазылған әдеби шығарма.

Хикмет /а/ — керемет, ғажайып; сұмдық

Хирс /а/ — тілеу, құмарту; сараңдық, іштарлық; іші тар, сараң

Хитап /а/ — сөз, сөз сөйлеу

Хош табиат /а/ — адамның жақсы қасиеттері; мінезі жақсы

Хошсыз — көңілсіз; ессіз

Хошы кетер — есі кетер

Хусус /а/ — ерекшелік; қарым-қатынас, байланыс

Хүдүр /а/ — қатысу; келу, көріну; қонақ болу

Хұнхар /п/ — қанішер, қатыгез

Хұп латиф—әдемі, сұлу

Хұсни /а/ — әдемі

Хүкімет /а/ — «Қисса Қасым жомарт» дастанында зорлық-зомбылық, озбырлық мағынасында қолданылған.

Һамадан—ойлаған, белгілі бір

Һаман /п/ — әрқашан, үнемі, әрдайым; дәл сол; барлығы

Һауа /а/ — махаббат, құштарлық

Һауралық—қауіп-қатер; өлім

Һәлак болу /а/ — өлу, өлім; күйреу, құрып біту

Һәмма — бәрі

Һида /а/ — жүр

Һиммат, һиммәт /а/ — талап; ынта; әрекет, назар; көңіл

Һиммат қылу—тапсыру

Һуа дост /а/ — ол дос

Һүжүм /а/ — шабуыл

Чон—үлкен, ірі; зор; көп

Шаа Алла /а/ — Алла қалады, Алланың қалауымен

Шайқы, шайхы /а/ — шейх, қария, ақсақал; тайпаның, рудың ақсақалы; Арабиядағы тайпа басшысының лауазымы.

Шайыр /а/ — ақын, суырып салма ақын

Шамашуршы /а/ — азаншы

Шам көркі—мәтінде асқан сұлу, нәзік деген мағынада

Шан-шәукат — сән-салтанат

Шариғат /а/ — заң; Исламның негізгі заңдар жинағы

Шариф /а/ — құрметті, ұлы, қадірлі; ақсүйек, текті; Пайғамбардың ұрпақтарына берілген атақ.

Шарқи /а/ — шығыс, шығыстық (мысалы шығыс өлеңдері)

Шарх /а/ — түсіндіру, суреттеу

Шарық /п/ — теріден, тал қабығынан және т.б. арзан заттан мекерлеп жасалған аяқ киім.

Шәлби /тат./ — бала; жас жігіт

Шәр /а/ — зұлымдық, жамандық

Шәрип /а/ — лайық

Шекел /а/—бой, түр-пішін

Шикаят /а/ — арыз

Шиманзар — көкорай шалғын жер

Шиуә /п/ — тәсіл, әдіс; әуен; сөз

Шомбад /п/ — жауыз, қанішер

Шомлық /п/ — тағдыр
Шоуал /п/ — батыр, ер, сері
Шөп /п/ — таяқ, асатаяқ
Шүбһа /а/ — күмән, шәк
Шүһрәт /а/ — атақ, даңқ
Шырын—тәтті
Ыждаһатдин — ынталы, талапты
Ықрар /а/ — шешім; мойындау
Ынсап /а/—нысап (көңіл тоқтатудағы қанағат)
Іждағат /а/ — ынта, талап
Ікаят — хикаят

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Арабстан — мәтіндерде жиі кездесетін араб елдерінің жалпы атауы.

Бабыл—Құран Кәрім, тарихи және ғылыми еңбектерден аты белгілі көне Вавилон қаласының арабша атауы.

Багдат — (кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага» — Құдай, «дад»– берген, яғни «Құдай сыйы» сөздерінен шыққан) — 1921 жылдан қазіргі Ирак астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халиф Мансур 762 жылы салдырған. Багдат орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насреддин Туси, Әл-Фараби, т.б.] оқып, білім алған.

Басыра (Басра)—Ирактің оңтүстігіндегі қала, ірі порт, жол торабы. Басыраны б. д. жетінші ғасырында халиф Омар салдырған.

Бұхара (санскритше вихара— монастырь) — б. з. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Дағыстан — Ресей Федерациясының құрамындағы автономиялық республика. Солтүстік Кавказдың шығыс жағында, Каспий теңізінің жағалауында орналасқан. Астанасы — Махачкала.

Димашық — Сирия астанасы. Орта ғасырлардағы сауда, мәдениет ерекше дамыған араб қалаларының бірі.

Ирамбағы, Ерамбағы, Ирамбақ, бағы Ирам — Шығыс халықтарының әдебиеті мен фолькорында кереметтей, ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз

бойынша, Ирамбақ — оңтүстік Арабия әмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Йемен, Емин—Оңтүстік-батыс Арабияда орналасқан мемлекет. Шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында Йемен (Емин) мол байлықтың елі деп суреттеледі.

Кандалусия *(Андалусия)* — Испанияның оңтүстік және оңтүстік шығысында орналасқан таулы провинция.

Қазан — Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиясының орталығы, Еділдің сол жағасында орналасқан қала.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын иәжуж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр күн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Қаһира — Каир. Египет мемлекетінің астанасы.

Құддыс — Қазіргі Израиль мемлекетінің астанасы Иерусалимнің ежелгі аты. Бұл шаһар әлемдік діндердің шығу тарихымен байланысты зор құрметке ие болған. Онда иудей, христиан және Ислам діндерінің қатар табынатын қадірлі діни ескерткіштері баршылық. Осы арада мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі — «Әл-Ақса» (Бәйтул Мұқаддас) мешіті бар. Құран Кәрімдегі «Миғраж» сүресінде және басқа да діни аңыздарда баяндалатын Мұхаммед (ә.с) пайғамбардың «Көкке көтерілу» (Алла Тағаламен дидарласу, яки оның құзырында болу) сапары осынау мешіттен бастау алады делінеді.

Мағруп — арабша Мағриб, яғни батыс деген сөз.

Машын — Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырларда Қытайдың оңтүстік уәлаяттарын, Шығыс Түркістанды осылай атаған.

Мәдина — арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед

пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдина оның алғашқы астанасы болды.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Масжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (ә.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (ә.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинадағы жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету Исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мосыл (Мосул)—Ирак қаласы, б.д. VI ғасырында салынған.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл өзені — Африканың ірі өзені. Арабтар Нілді «Құдайдың сыйы» деп атап, негізінен осы өзенді жағалай қоныстанған.

Османия — Османимпериясы. Сұлтандарбилеген Түркияның ресми атауы. XV-XVI ғасырларда түріктердің Азиядағы, Еуроҳ па мен Африкадағы басқыншылығы нәтижесінде пайда болд ды. 1258-1324 ж.ж. өмір сүрген түрік сұлтаны Осман I негізін салған. Осман I басқарған түріктің Қайы тайпасын, кейінірек Осман мемлекетінде билік құрған халықты құрайтын басқа түріктерді де «османдар», дәлірек айтқанда «османдықтар» деп атаған. Бұл мемлекет 1924 жылы 3 наурызға дейін өмір сүрді.

Рей—Ирандағы қала, Тегеранның оңтүстік-шығысында сегіз шақырым жерде орналасқан. «Авеста» мен Бехистун жазбаларында аталады. X ғасырдағы Иранның ірі қалаларының бірі және кітапханасы бар маңызды сауда-қолөнер орталығы болған. XI ғасырдың басында ғазнауилерге, 1042 жылдан бастап селжүктерге, XII ғ. соңы XIII ғ. басында хорезмшаһтарға бағынған. 1220 жылы монғолдар талқандаған.

Рұм, Үрім—шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-

фольклорлық туындыларында Рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен.

Самарқан — IV ғасырда Марақанда деген атпен белгілі болған, Зеравшан өзенінің аңғарында орналасқан Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Үндістан—Азияның оңтүстік шығысында орналасқан ірі мемлекет.

Фердаус *(п)* — дәл мағынасы: жұмақ бағы. Құранның айтуы бойынша жұмақ бірнеше бөліктен тұрады. Біреуінің атауы — Фердаус. Мұсылман елдерінің фольклоры мен әдебиетінде «Фердаус» мәңгі гүлдеп тұратын мәуе бақтың символы ретінде қолданылады.

Хилаф *(Халап, Халеб, Қалаб, Қаллап)* — Шам еліндегі қаланың аталуы, қазіргі Сириядағы Алеппо қаласы.

Хорасан — Иранның солтүстік шығысындағы провинция, шығысында Ауғанстанмен шектеседі.

Хорезм — Орта Азиядағы ертедегі мемлекет. Хорезм туралы алғаш Дарийдің Бехистун жазбасымен «Авестада» айтылаА ды. Қазір Өзбекстан Республикасының құрамындағы аймақ. Хорезм — Орта Азиядағы егіншілік мәдениеті жоғары дамыған ежелгі аймақтардың бірі.

Хотан—Шығыс Түркістанда орналасқан көне қала.

Чин, Шын—Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырда Қытайды «Чин» деп атаған. Бұл — біздің дәуірімізге дейінгі 221 жылдан бастап Қытай елін билеген Цинь династиясының өзгертілген атауы.

Шам — Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде шариф сөзі қосылып, көбінесе «Шам шариф» делінеді. «Шариф» арабша құрметті, қадірлі, ұлы дәрежелі деген мағынаны береді.

Бұлармен қатар мәтіндерде басқа да географиялық атаулар кездеседі, мысалы: Табарстан, Көһістан, т.б. Олардың кейбіреулері тарихтан белгілі шығыс елдерінде орналасқан қалалардың, мемлекеттердің аттары болса, кейбіреулері жартылай мифтік, ертегілік атаулар.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ЬӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Нұрбаев Есжан Сарымбайұлы — өз заманының сауатты, мәдениетті азаматтарының бірі, араб, парсы тілдерін меңгерген, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап насихаттаушы. Өте көлемді 5016 жолдан тұратын «Хикаят дастан Хатымтай» дастанын 1906 жылы Қазан қаласына бастыруға жібереді, ол кітап болып 1913 жылы жарияланған.

Шайхысламұлы Жүсіпбек (1857-1937) — ақын, ауыз әдебиетін жинаушы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай аулында, қожа әулетінде дүниеге келген. Нағашылары — Ұлы жүз, Албан руынан. Жасында мұсылманша оқып, білім алған. Жүсіпбек қожа Жетісуда тұрып, ел арасынан жырдастандарды, айтыстарды, т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасына жіберіп отырған. Оның қазақ фольклоры шығармаларын жинап, бастырудағы еңбегі ерекше. Өмірінің соңғы жылдарын Шығыс Түркістанның Іле аймағында өткізіп, сонда қайтыс болды.

Шаһмарданұлы Кашафудин — XIX-XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жөндеп жариялаушы. «Қисса Хатымтай жомарт» дастанын Қазан қаласында 1897 жылы жарыққа шығарған және «Қисса Бәдір» (Бадра түбіндегі соғыс), «Қисса Үхүд», «Қисса халуа фаруш», «Қисса әдепті бала», т.б. дастандарды баспаға дайындаған. Қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында мұғалім болған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
ОҒҚ — Орталық Ғылыми кітапхана
Қ — Қазан қаласы
ҚҚ — Қолжазба қоры
Ш — шифр
дәп — дәптер
а — араб
о — орыс
п — парсы
т — түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Атымтай жомарт. ӘӨИ: Ш.481., кирилл әрпінде. Жырлаған *Ерімбет Көлдейбекұлы*. Жинаушысы — *Тұрмахан Байжанов*.
2. Хикаят дастан Хатымтай. Қ.,1913, араб әрпінде. Жариялаған *Есжан Сарымбайұлы Нұрбаев*.
3. Қисса Хатымтай жомарт. Қ.,1897, араб әрпінде. Жариялаған *Кашафудин Шаһмарданұлы*.
4. Қисса Қасым жомарт. Қ., 1896, араб әрпінде. Жөндеп, редакциялап жарыққа шығарған *Жүсіпбек Шайхысламұлы*.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. *Азибаева Б. У.* Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1990.
2. *Баллюзек Л. Ф.* Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона //Материщ алы по казахскому обычному праву. — Алматы, 1948.
3. *Гринцер П. А.* Древнеиндийская проза. (Обрамленная повесть). — М., 1963.
4. *Гринцер П. А.* Классическая литература. Литература второй половины I тысячелетия до н.э. // История всемирной литературы. 1-том. — М.,1983.
5. Индийская средневековая повествовательная проза. Перевод с санскрита. Составление и предисловие *П. А. Гринцера*. — М.,1982.

6. Ислам: Энциклопедия. Бас ред. *Р. Н. Нұрғалиев.* — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.

7. Плутовка из Багдада. [Сборник персидских хикаятов]. Переводы, составление и комментарии *Ю. Е. Борщевского.* — М., 1963.

8. *Сакали М. А.* Туркменский сказочный эпос. — Ашхабад, 1956.

9. *Фильштинский И. М., Шидфар Б. Я.* Очерк арабо-мусульманской культуры. — М., 1971.

10. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов.* — М., 1968.

11. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.

12. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

13. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, И. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдеринова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

14. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК продолжает работу по подготовке томов стотомной серии «Бабалар сөзі», издаваемой в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Четвертый том серии включает в себя дастаны новеллистического содержания, это: «Қисса Хатымтай жомарт», «Хикаят дастан Хатымтай», «Қисса Қасым жомарт».

Произведения дастанного жанра, бывшие очень популярны и востребованы в досоветский период истории Казахстана, дошли до наших дней в рукописной форме и в печатных изданиях XIX - начала XX века, причем увидевших свет произведений было больше чем неизданных, то есть хранящихся в рукописях. Рукописи эти написаны, а книги напечатаны арабским шрифтом.

В условиях больших расстояний казахской земли гостеприимство и милосердие по отношению к путникам, присущие всем народам, приобретают особое значение и становятся правилом, законом, национальной чертой. Об этом проникновенно, с большим знанием жизни и обычаев народа писал Баллюзек Л.Ф., военный губернатор Тургайской области в своей книге «Народные обычаи имевшие место, а отчасти и ныне имеющие, в Малой Киргизской орде силу закона», увидевшей свет в 1871 г.: «Обычай о кунак-асе — о даровом, бесплатном угощении и приюте на полуденный отдых или ночлег не только званому гостю, но и всякому путнику или проезжающему, до того обязателен у казахов, что отказ в оном, наказываясь ат-тон аипом, бывает кроме того поводом общественного презрения к отказавшему». Поэтому рассказы о Хатымтае, кото-

рый по одной из легенд заколол для случайного путника своего, прославленного на весь Аравийский полуостров, скакуна пришлись по душе степнякам, а герой их становится символом щедрости и душевного великодушия.

Основу дастанов «Қисса Хатымтай жомарт» и «Хикаят дастан Хатымтай» составляют предания и легенды, повествующие о щедрости и благородстве Хатыма из арабского племени Тай, который, по мнению многих исследователей, был исторической личностью, жил на рубеже шестых-седьмых веков н.э. и обладал поэтическим талантом. Однако в дастанах образ Хатымтая типизирован и опоэтизирован, он носитель определенных, заранее заданных качеств. Стиль и языковые особенности публикуемых в пятом томе произведений характерны для книжных форм дастанного эпоса в целом. В частности, в текстах отмечается наличие большого удела слов, заимствованных из персидского и арабского языков. Также немало древнетюркских лексем и грамматических форм.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Небольшой «Қисса Хатымтай жомарт» и объемный «Хикаят дастан Хатымтай», изданные в Казани соответственно в 1897 и 1913 гг. на арабской графике, впервые предлагаются вниманию читателей. «Қисса Қасым жомарт» публиковался один раз в 1990 г. в научно-популярном сборнике фольклорных текстов с сокращениями и редакторской правкой.

Все тексты, вошедшие в данный том, подготовлены с первоисточников.

Объем тома — 20,5 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts under Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of multi-volume series «Babalar sozy».

The second volume of the series «Babalar sozi» includes dastans of novelistic content such as: «Kissa Hatymtai jomart», «Hikayat dastan Hatymtai», «Kissa Kasym jomart».

The works of the mentioned themes were popular and in demand during pre-Soviet period of the history of Kazakhstan, they reached nowadays in manuscript form and in printed editions of XIX-XX centuries and there were more published editions then unpublished i.e. kept in manuscripts. Those manuscripts are written and books are typed in Arabic script.

All works about Hatymtai included into this volume are based on the legends about generosity and spiritual magnanimity of Hatymtai who originated from Arabic tribe Tai and according to the researchers' opinion was a historical personality who lived on the edge of the sixth-seventh centuries B.C. and had poetic talent. However in dastans the type of Hatymtai was typified and poetized, he possessed certain beforehand given features.

Multi volume code «Babalar sozy» is a scientific publication. The published texts are presented in the way that is original, adequate to the original source i.e. that any intervention into the text is excluded.

The volume is supplied by scientific annexes that include data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are present in the texts; dictionary of old Turkic , Arabic and Persian words, terms and ideas of the religious

character and geographic names; data on narrators, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Small «Kissa Hatymtai jomart» and voluminous «Hikayat dastan Hatymtai» published in Kazan relatively in 1897 and 1913 in Arabic script ere offered for the readers attention for the first time.

The rest works of this volume were published in XX century only once- in the scientific-popular edition of dastan texts (Almaty: Jazushy, 1990).

All texts included into this volume have been prepared from the original sources.

Volume is 20,5 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан 5

Мәтіндер
Қисса Хатымтай жомарт 9
Хикаят дастан Хатымтай 19
Қисса Қасым жомарт 181

Ғылыми қосымшалар
Томға енген мәтіндерге түсініктеме 275
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 282
Сөздік 290
Жер-су атаулары 313
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
һәм жинаушылар туралы мәлімет 317
Шартты қысқартулар 318
Пайдаланылған әдебиеттер 319
Резюме 321
Summary 323

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

4 том

НОВЕЛЛИСТИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Г. Сапаргалиева*
Компьютерде беттеген *М. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы
ИБ № 1596

Теруге 28.06.04 жіберілді. Басуға 12.08.04 қол қойылды. Пішіні 60x90$^{1}/_{16}$.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 20,5. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №427.

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ — Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-619-75-1

